Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Мәдениет комитеті

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК

ӘОЖ 902(4/9)

Мемлекеттік тіркеу № 0124РК00709

Инв. №

БЕКІТЕМІН
«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
Директорының м.а.

_____ А.Т. Сарбасов
_____ 10 _____ 2025 ж.

«ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТТЕРІНДЕГІ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ

ЕСЕБІ

(корытынды)

Ғылыми жетекші, PhD _____ С.К. Самашев

Катонкарағай ауылы, 2025

ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Жетекші ғылыми қызметкер, PhD докторы	28.10.25ж.	С.Қ. Самашев (кіріспе, негізгі бөлім, корытынды, қосымша В)
	қолы, уақыты	
Бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымының докторы, профессор	Самашев 28.10.25ж.	З. Самашев (негізгі бөлім)
	қолы, уақыты	
Жетекші ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты	28.10.25ж.	О.С. Сапашев (негізгі бөлім)
	қолы, уақыты	
Аға ғылыми қызметкер, PhD докторанты	28.10.2025ж.	Ә. Әбілбекұлы (негізгі бөлім, қосымша В)
	қолы, уақыты	
Ғылыми қызметкер	28.10.25ж.	А.Т. Сарбасов (негізгі бөлім)
	қолы, уақыты	
Ғылыми қызметкер	28.10.25ж.	Ж.Қ. Елемесова (негізгі бөлім)
	қолы, уақыты	
Ғылыми қызметкер		Ж.М. Сегизбаева (негізгі бөлім)
	қолы, уақыты	
Кіші ғылыми қызметкер	28.10.25ж.	Б.А. Сиражева (қосымша А, Ә, Б, Г)
	қолы, уақыты	

Нормоконтролер Ж.К. Елемесова

РЕФЕРАТ

Есеп 305 б., 1 кітап, 115 сурет, 65 дереккөз, 5 қосымша

АРХЕОЛОГИЯ, ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ, ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ, ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕР МӘДЕНИЕТІ, БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІ

Бағдарлама Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілерінен қалған таңба-белгілерді кешенді және пәнаралық тұрғыда зерттеуге бағытталған. Зерттеудің басты мақсаты – Шығыс Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерде бейнеленген визуалды-белгілік формаларды анықтау, жіктеу және интерпретациялау, сондай-ақ оларды зерттеу мен сандық тіркеудің әдістемелік тәсілдерін әзірлеу болды. Бұл бағыт көне дәуірлердің мәдени мұрасын жаңа деңгейде түсіндіруге мүмкіндік берді.

Бағдарлама шеңберінде толық ғылыми-зерттеу циклі жүзеге асырылды. Біріншіден, таңба-белгілері бар археологиялық нысандарға барлау және құжаттау жұмыстары жүргізілді. Екіншіден, барлық ескерткіштер WGS-84 жүйесіндегі географиялық координаттарымен белгіленіп, олардың 3D-үлгілері жасалды. Үшіншіден, таңбалар морфологиясы мен семантикасы еуразиялық ұқсастықтар мәнмәтінінде салыстырмалы түрде талданды. Төртіншіден, көне символдарды тіркеу, жүйелеу және интерпретациялауға арналған әдістемелік ұсыным әзірленді.

Зерттеу нәтижесінде Қазақ Алтайы аумағындағы көне таңбалық жүйелердің хронологиялық дамуы, олардың сакралды және әлеуметтік мағынасы айқындалды. Белгілердің қалыптасуы мен эволюциясы тарихи-мәдени процестердің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, көне көшпелілердің дүниетанымдық құрылымын айқындайтын маңызды деректермен толықты.

Бағдарламаның ғылыми жаңалығы – өңірде алғаш рет археологиялық, иконографиялық және семиотикалық деректер кешенін біріктіре отырып, Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріне тән белгілер жүйесінің тұтас сандық үлгісі жасалды. Зерттеу барысында архаикалық элементтер (ойықтар, геометриялық символдар) мен кейінгі кезеңдерде қалыптасқан таңбалық кешендер (таңбалар, пиктограммалар, сакралды эмблемалар) арасындағы тарихи және семантикалық сабақтастық анықталды. Бұл нәтижелер ежелгі көшпелілердің визуалды-белгілік тілінің қалыптасу эволюциясын ғылыми тұрғыдан қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Алынған материалдар археология, музей ісі және мәдени мұраны қорғау салаларында кеңінен қолдануға жарамды. Олар аймақтық археологиялық зерттеулердің ақпараттық базасын толықтырып қана қоймай, Алтай өңірінің көне мәдениетін сандық және ғылыми тұрғыдан жаңғыртудың маңызды қадамы болып табылады.

РЕФЕРАТ

Отчет 305 с., 1 кн., 115 рис., 65 источн., 5 прил.

АРХЕОЛОГИЯ, КАЗАХСКИЙ АЛТАЙ, РАННИЙ ЖЕЛЕЗНЫЙ ВЕК, КУЛЬТУРА ДРЕВНИХ КОЧЕВНИКОВ, ЗНАКОВАЯ СИСТЕМА

Программа была направлена на комплексное и междисциплинарное исследование знаков и символов, оставленных древними кочевниками Казахского Алтая. Основная цель заключалась в выявлении, классификации и интерпретации визуально-знаковых форм, зафиксированных на археологических памятниках Восточного Казахстана, а также в разработке методических подходов к их изучению и цифровой фиксации. Реализация данного направления позволила по-новому осмыслить культурное наследие древних эпох и расширить представления о визуально-коммуникативных системах ранних кочевников.

В рамках программы осуществлён полный научно-исследовательский цикл. Проведены разведочные и документационные работы на археологических объектах с изображениями знаков, все памятники нанесены на карту с использованием системы географических координат WGS-84 и снабжены 3D-моделями. Морфология и семантика знаков подвергнуты сравнительному анализу в контексте евразийских аналогий. На основе полученных данных разработаны методические рекомендации по фиксации, систематизации и интерпретации древних символов.

Результаты исследования позволили определить хронологическую динамику, сакральное и социальное значение древних знаковых систем Казахского Алтая. Формирование и эволюция визуальных знаков рассмотрены как неотъемлемая часть историко-культурных процессов, отражающая мировоззренческую структуру древних кочевников и механизмы символической коммуникации в их обществе.

Научная новизна программы заключается в том, что впервые для региона создана целостная цифровая модель знаковой системы раннего железного века Казахского Алтая, интегрирующая археологические, иконографические и семиотические данные. В ходе исследования установлена историческая и семантическая преемственность между архаическими элементами (лунки, геометрические символы) и более поздними знаковыми комплексами (тамги, пиктограммы, сакральные эмблемы).

Эти результаты позволили реконструировать эволюцию визуально-знакового языка древних кочевников в научной плоскости. Полученные материалы обладают высокой практической значимостью для археологии, музееведения и охраны культурного наследия. Они не только обогащают информационную базу региональных археологических исследований, но и представляют собой важный шаг в направлении цифрового и научного обновления древней культуры Алтая.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің (бұрынғы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі) 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы жүзеге асырылды. Ұлттық ғылыми кеңес тарапынан үш жылға мақұлданған бағдарлама іс жүзінде екі жылда, яғни 2024 жылы 2024 жылғы 15 мамырдағы № 11-КК шарттың негізінде, ал 2025 жылы – 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 4-КК шарттың негізінде атқарылды.

Қаржыландыру мерзімі (сәйкесінше қаржысы да) бір жылға қысқарғанымен бағдарламаның үш жылдық іс-шаралар жоспарында белгіленген барлық жұмыстар уақытылы және толығымен орындалды. Былтырғы, 2024 жылғы атқарылған жұмыстар бойынша 2025 жылғы 25-26 тамыз аралығында мониторинг жүргізіліп актісі жасалған және әрі қарай қаржыландыруға ұсынылған.

Есептік 2025 жылы да күнтізбелік жоспарда көрсетілген барлық жұмыстар толығымен іске асырылды.

Тақырыптың өзектілігі Алтай өңірі көне көшпелілерінің мәдени және рухани мұрасын кешенді түрде зерделеудің қажеттілігімен айқындалады. Мұндағы визуалды белгілер – қарапайым ойықтардан бастап күрделі таңбатәрізді нышандарға дейін – ежелгі қоғамдардың дүниетанымдық жүйесін, сакралды ұғымдарын және әлеуметтік құрылымын бейнелейді. Олар символикалық коммуникацияның алғашқы формалары ретінде танылып, материалдық және рухани мәдениеттің тоғысқан көрінісі болып табылады. Қазіргі археология ғылымында мұндай белгілерді зерттеу жаңа әдістерді қажет етеді, сондықтан бағдарлама аясында сандық технологиялар (3D-фотограмметрия, ортофотожоспарлау, ГИС-картография) мен пәнаралық әдістер (археология, семиотика, техно-трасология, мәдени антропология) кешенді түрде қолданылды. Бұндағы негізгі мақсат – ежелгі көшпелілердің визуалды-коммуникативтік жүйесін археологиялық, типологиялық және семиотикалық тұрғыдан зерделеу, сондай-ақ нысандарды жоғары дәлдікті сандық әдістермен тіркеу мен картографиялау болды.

Жоба шеңберінде Шығыс Қазақстанның Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандарындағы таңбалық-символдық элементтері бар археологиялық ескерткіштер кешенді түрде зерттелді.

Әдістемелік негіз ретінде визуалды антропология мен семиотика бағыттарының қағидалары, сондай-ақ трасологиялық, мәнмәтіндік және салыстырмалы-типологиялық археологиялық әдістер қолданылды. Дереккөздер ретінде далалық зерттеу нәтижелері, петроглифтер, ағаштан, қыштан, алтыннан, қоладан, сүйектен және т.б. жасалған

бұйымдар және К.А. Ақышев, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, А.З. Бисеновтердің сақтардың «патша» қорғандары мен бекзадалық жерлеу орындарынан анықтаған жәдігерлері пайдаланылды. Далалық зерттеулер нәтижесінде ерте темір дәуіріне жататын 36 археологиялық нысан зерттеліп, олардың морфологиялық, семантикалық және кеңістіктік сипаттамалары анықталды. Таңбалық белгілердің пішіндері мен элементтері (шеңбер, айқыш, ирек, антропо- және зооморфтық бейнелер, ойықтар және прототаңбалар) көне қауымдардың дүниетанымдық және ғұрыптық тәжірибесін бейнелейтін күрделі жүйе ретінде қарастырылды.

Есептік жылда «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным» дайындалып, авторлық куәлікпен тіркелді және көпшілікке қолжетімді етілді. Сонымен қатар, зерттеу материалдарын біріктіретін үш тілдегі электрондық деректер базасы құрылып, музейдің ресми сайтына (https://berel-museum.kz) жүктелді.

Бағдарламаның зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейде апробация жасалып, Түркияның Ыстамбұл қаласында өткен 17-ші Халықаралық ғылыми зерттеулер конгресінде, Трабзон қаласында өткен «Қара теңіз жағалауы елдерінің 12-ші халықаралық ғылыми-зерттеу конгресінде» баяндалды. Сондай-ақ Ресей Федерациясының Барнаул және Кемерово қалаларындағы ғылыми архивтермен салыстырмалы талдау жүргізіліп, жаңа деректер енгізілді.

Бағдарлама нәтижелері бойынша ғылыми мақалалар Scopus және ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда жарияланып, «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгі жүйесі» атты монографияның қолжазбасы әзірленді.

Жоба нәтижесінде ерте темір дәуірінің таңбалық жүйесі Еуразия көшпелілерінің ортақ семиотикалық кеңістігі аясында қарастырылып, прототаңбалардан түркі дәуірінің таңбалық дәстүріне дейінгі мәдени сабақтастық дәлелденді.

Бағдарламаның әлеуметтік маңызы – ұлттық мәдени мұраны сақтау мен танытуға, жастардың отансүйгіштік санасын қалыптастыруға және өңірдің ғылыми, мәдени әрі туристік әлеуетін арттыруға бағытталған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1 Бағдарламаның 2025 жылға жоспарланған зерттеу жұмыстарының орындалу есебі

1.1 Б.д.д. I м.ж. басындағы Қазақ Алтайының таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша библиографиялық және мұрағаттық жиналған деректерді жүйелеу

Есептік кезеңде б.з.д. I м.ж. басындағы Қазақ Алтайының таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша негізгі деректер базасы толық қалыптастырылды.

Мәліметтер базасы музейдің ресми сайтында орналастырылған (Сурет 1) және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сәйкесінше «Мәліметтер базасы», «База данных» және «Data base» атауларымен қолжетімді.



Сурет 1 – «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ресми сайтындағы мәліметтер базасы

База құрамына Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандары аумағында анықталған, таңба тәрізді белгілер бейнеленген жылжымайтын археологиялық нысандардың (петроглифтердің) географиялық орналасуы мен визуалды сипаттамалары туралы мәліметтер енгізілген.

Сонымен қатар археологиялық нысандарды заманауи әдістермен (фотограмметрия, трасологиялық талдау және өзге де визуализациялау технологиялары) бекіту нәтижесінде алынған бейнелердің ғылыми сандық көшірмелері де ұсынылған. Мәліметтер базасы

визуалды-белгілер материалдарын кейінгі талдау мен интерпретациялаудың негізіне айналды.

Тарихи-мәдени мәнмәтін және бейнелік жүйені интерпретациялау. Б.з.д. I м.ж. бірінші жартысында Далалық Еуразия кеңістігінде көшпелі мал шаруашылығына көшу, ерте мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы және қоғамның милитаризацияланған құрылымының дамуы сияқты кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер орын алды. Бұл үдерістер дүниетанымдық қағидалардың түрленуіне, соның ішінде визуалды тіл мен белгілер жүйесінің жаңаруына алып келді.

Көркемдік репертуардың орталық бейнесі – қарулы жауынгер, яғни әулеттің немесе рудың киелі әрі әлеуметтік тұлғасын бейнелейтін архаикалық «батыр баба» образы болды.

Маңыздылығы жағынан одан кем түспейтін бейне – күнмен және аралық әлеммен байланысты, қозғалыс, құрбандық және әлемдер арасындағы өткел идеясын білдіретін жылқы бейнесі.

Ерекше мәнге ие бейне – ол бұғы бейнесі. Бұғы – ғарыштың, тәртіп пен тазалықтың тотемдік символы. Оның тармақты мүйіздері әлемдік ағаш пен киелі инициация мифтеріне қатысы бар күн-ғарыштық атрибут ретінде түсіндіріледі. Мұндай мотивтер жерлеу инвентарьларында, культтік атрибуттарда, шамандық бетперделерде, ат әбзелдерінің әшекейінде, зергерлік көмкермелер мен қолданбалы бұйымдарда кең таралған.

Визуалды жүйенің маңызды компоненттерінің бірі – аңдардың арпалысу көріністері мен жыртқыштардың шабуылы. Күші тең жануарлардың (қабан, аю, түйе және т.б.) жекпе-жек бейнелері дүниенің жаратылысы, жаңару және маусымдық циклдер туралы мифтердің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Композициялар спираль, ирек, күн шеңбері сияқты таңбалық элементтермен толықтырылып, мифопоэтикалық ойлау жүйесінің көпқабаттылығын және тотемдік, аспандық және күндік культтермен байланысын паш етеді.

Реалистік және тотемдік бейнелермен қатар, бейнелік жүйеде құс, тұяқты, жылан және жыртқыш сипаттарын біріктірген қиял-ғажайып мақұлықтардың суреттері жиі кездеседі. Бұл гибридтік бейнелер шекаралық, өтпелі күйлерді, әлемдер арасындағы шекараларды және киелі кеңістіктің тік-иерархиялық құрылымын белгілейді.

Негізгі ғылыми нәтижелер:

- б.з.д. I м.ж. басындағы Қазақ Алтайы археологиялық ескерткіштеріндегі бейнелер кеңістікті киелі тұрғыда белгілеу, әлеуметтік стратификация мен билікті көрсету құралы

ретінде қызмет атқарған тұтас визуалды-коммуникативтік жүйені қалыптастырғаны анықталды;

- типологиялық талдау барысында тұрақты таңбалар топтары айқындалды: күн шеңберлері, прототаңбалар, жәукемдеу көріністері, тотемдік жануарлар бейнелері, ойықтар және рулық белгілердің ерте нұсқалары;

- бейнелердің орналасу орындары (жартас шыңдары, үңгірлер, киелі аймақтар) олардың культтік мәнін дәлелдейді; орындалу техникасы бойынша – шекпе, сызу, тегістеу және т.б. тәсілдер қолданылған;

- визуалды тіл мифологиялық сюжеттерді (аң аулау, жәукемдеу, шамандық рәсімдер) қамтып, уақыт, киелі иерархия және космологиялық құрылым жөніндегі ұжымдық түсініктерді ашып көрсетеді;

- пиктографиялық бейнелерден прототаңбаларға, одан әрі рулық таңбаларға өту бірізділігі тұрақты визуалды кодтың қалыптасу процесін, яғни түркі дәуірінің белгілер жүйесіне бастау болғанын айғақтайды.

Сонымен қатар, алынған деректер негізінде жобаның зерттеушілер тобының бірлескен авторлығымен бірнеше ғылыми мақалалар дайындалып, басылып шықты.

1.2 Түрлі символдық белгілері бар жылжымайтын және жылжымалы ескерткіштерді зерттеу бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау үшін, ежелгі көшпелілердің таңбақолдануына қатысты деректерді жалпылап, түйіндеу жұмыстарын аяқтау

Есептік кезеңде ежелгі көшпелілердің таңба қолдану дәстүріне қатысты жинақталған деректер жүйеленіп, ғылыми тұрғыда талданды. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы ретінде әртүрлі таңба бейнеленген жылжымайтын және жылжымалы ескерткіштерді зерттеу әдістерін қамтитын «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным» әзірленіп жарық көрді және 23 шілде 2025 жылғы №60978 нөмірлі авторлық куәлікпен тіркелді. Сонымен қатар, ол «Берел» музей-қорығының ресми сайтында көпшілік қолданысқа ашық жарияланды.

Ұсынымның негізгі мақсаты – Қазақ Алтайы аумағындағы көне көшпелілердің таңбалық жүйесін ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыда тиімді зерттеу тәсілдерімен қамтамасыз ету. Ұсыным отандық және шетелдік археологиялық тәжірибелерге, сонымен қатар соңғы жылдары осы өңірде жүргізілген далалық және камералдық зерттеулердің нақты нәтижелеріне сүйеніп әзірленген.

Құжатта таңба-белгілерді анықтау, тіркеу, жіктеу және талдау үдерістерін қамтитын ғылыми-әдістемелік қағидаттар жүйеленген. Негізгі назар далалық және

камералдық тіркеу әдістеріне, белгілердің семантикасын, тарихи және мәдени мәнмәтінін ашуға, типологиялық және құрылымдық саралауға аударылған.

Таңба-белгілерді түсіндіру мен топтастыруда бір-бірін өзара толықтыратын үш ғылыми тәсіл ұсынылады:

- құрылымдық-семиотикалық, яғни таңба-белгінің ішкі логикасын және жүйелік байланыстарын айқындау;

- мәнмәтіндік, яғни таңба-белгінің мәдени және археологиялық ортадағы қызметін талдау;

- салыстырмалы-типологиялық, яғни ұқсас белгілерді аймақтық және хронологиялық тұрғыдан салыстыру.

Бұл әдістердің үйлестірілуі таңбалық жүйенің ішкі құрылымын, олардың тарихи-мәдени эволюциясын және семантикалық мазмұнын терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымның маңызды бөлігі – таңба-белгілерді далалық және камералдық тіркеудің стандартталған алгоритмі. Онда фототіркеу, GPS-координаттау, 3D-фотограмметрия, трассировка және электрондық хаттама толтырудың нақты талаптары келтірілген. Сонымен қатар, зерттеу нысандарына қатысты этикалық нормалар мен сақталу қауіпсіздігіне қойылатын талаптар берілген.

Құжаттың соңғы бөлімінде таңбаларды каталогтау және сандық деректер базасын құрудың құрылымы сипатталып, QGIS, Access, FileMaker, Zotero сияқты платформаларда деректермен жұмыс істеудің заманауи тәсілдері ұсынылады. Бұл шешімдер таңба-белгілер жөніндегі мәліметтерді бірыңғай ғылыми форматқа келтіріп, өңірлік және халықаралық салыстырмалы зерттеулерге мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсыным археология, тарих және этнология салаларындағы мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің мәдени мұрасы мен таңбалық жүйелерін зерттеушілерге арналған. Оның қолданбалы маңызы – археологиялық материалдарды тіркеудің сапасын арттыру, пәнаралық әдістерді үйлестіру және ғылыми деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету.

Жалпы алғанда, дайындалған әдістемелік ұсыным көне көшпелілердің визуалды-коммуникативтік жүйесін зерттеу ісіне жүйелі ғылыми негіз қалап, Қазақ Алтайының таңбалық мәдениетін зерттеудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік берді.

1.3 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің символикалық белгілері мен таңбаларын жинастыру мақсатында далалық зерттеулер жүргізу

Бағдарлама аясында Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандарындағы жартас өнері нысандарына кешенді сандық

зерттеу жүргізілді (Сурет 2). Зерттеу нәтижесінде ерте темір дәуіріне жататын 36 ескерткіш анықталып, олардың морфологиялық, иконографиялық және кеңістіктік сипаттамалары зерттелді.



Сурет 2 – Бағдарлама аясында зерттелген аумақ

Бұл ескерткіштер жартас суреттерінен, жеке тас мүсіндерден, қорған ансамбльдерінен және ғұрыптық әрекеттермен (құрбан шалатын орындар, ғұрыптық тастар, ойықтар мен таңбалар) байланысты нысандардан тұрады. Ескерткіштерді таңдау кезінде келесі өлшемдер басшылыққа алынды:

– белгілер мен символдық бейнелердің болуы;

– жарияланған немесе авторлық далалық деректердің бар болуы;

– географиялық репрезентативтілік пен хронологиялық сәйкестік.

Жұмыстың негізгі ерекшелігі – белгілер мен символдар табылған жартас беттерін жоғары дәлдікті сандық әдіспен тіркеу және құжаттау. Осы мақсатта 68 тас беті жоғары айқындықтағы фотограмметриялық түсірілім арқылы цифрланды. Заманауи технологияларды қолдану нәтижесінде деректерді жазу мен құжаттау дәлдігі артты, бұл өз кезегінде жартас өнерінің мәдени және семиотикалық мәнмәтінін терең талдауға мүмкіндік берді.

Зерттелген кешендер өз бойындағы бейнелерінің морфологиялық құрамымен және мазмұнының сан алуандығымен ерекшеленеді. Белгілердің пішіндері мен элементтері

геометриялық және символдық формаларды қамтиды: шеңберлер, айқыштар, иректер, антропоморфтық және зооморфтық бейнелер, ойықтар (cupules) және таңбатәріздес нышандар/белгілер. Бұл элементтер ежелгі қауымдардың дүниетанымдық және ғұрыптық тәжірибесін бейнелейтін күрделі белгілер жүйесін құрайды.

Бейнелердің тақырыптық аясы негізінен күнге табыну символикасы, жәукемдеу көрінісі, тотемдік бейнелер мен шамандық сипаттағы композициялардан тұрады. Мұндай мотивтер Еуразия далалық кеңістігіндегі ерте темір дәуірінің сакралды өнеріне тән мифологиялық және ғұрыптық дүниетаныммен сабақтасып жатыр.

Суреттердің орындалу техникасы да алуан түрлі: олардың басым бөлігі тас бетіне қашау және сызу әдістерімен түсірілген, кейбір үлгілерде гравировка мен бояу іздері байқалады. Бұл әртүрлі техника бейнелердің көпқабатты семиотикалық қызметін – көркемдік пен ғұрыптық мәннің бірлігін көрсетеді.

Белгілер көбіне тақтатас пен гранит тәрізді тау жыныстарында қашалғанымен, олардың ұқсастары ерте көшпелілердің алтын, қола, ағаш, сүйек және т.б. бұйымдарының бойынан да кездеседі. Мұндай материалдық әркелкілік таңбалардың қолданылу аясы мен әлеуметтік маңызын айқындайды.

Кеңістіктік тұрғыда белгілер жартастарда, үңгірлерде, қорғандар мен киелі орындарда, сондай-ақ құрбандық аймақтарында шоғырланған. Бұл олардың сакралды және мемориалдық функция атқарғанын дәлелдейді. Функционалдық тұрғыда бұл белгілер ғұрыптық, мемориалдық және ру-тайпалық сипаттағы сакралды кешендермен байланысты болып, белгілі бір әлеуметтік топтардың символдық тілі ретінде қызмет еткен және табиғи-рухани кеңістікті белгілеу құралы болған.

Хронологиялық тұрғыда анықталған белгілер мен бейнелердің басым бөлігі б.з.д. I м.ж. алғашқы жартысына жатады. Бұл мерзім археологиялық мәнмәтін, көршілес аймақтардағы ұқсастықтар және петроглифтік стильдердің салыстырмалы талдауы арқылы нақтыланды. Осылайша, таңбалық және петроглифтік бейнелер жүйесі ерте темір дәуіріндегі көшпелі қоғамдардың визуалды-коммуникативтік және сакралды тәжірибесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Айта кетерлік жайт, зерттеу жобасы әзірленіп жатқан кезеңде Шимайлы ескерткіші әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Тарбағатай ауданының құрамына енген болатын. Қазіргі таңда бұл аумақ Абай облысына берілген. Дегенмен, аталмыш ескерткіш Алтай-Тарбағатай мәдени-тарихи белдеуінің құрамында орналасқандықтан, зерттеу мәнмәтінінің тұтастығын сақтау мақсатында ол нысандар тізімінен алынып тасталмай, бұрынғыша бағдарлама шеңберінде қарастырылды.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері осы есептің 4-тарауына кеңінен баяндалған.

1.4 Жоба тақырыбы бойынша ғылыми семинар өткізу

Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша 2025 жылғы 4 тамызда музей-қорық қабырғасында «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбалары мен нышандары» атты ғылыми семинар өтті (Сурет 3-5). Іс-шараның мақсаты – ерте көшпелі қоғамдардың визуалды-коммуникативтік тәжірибелерін заманауи археологиялық деректер мен семиотикалық тәсілдер негізінде қайта пайымдау болды. Бағдарламаның жүзеге асырылуы жөнінде есепті жоба жетекшісі ұсынды.

Сурет 3 – Халықаралық ғылыми семинар барысы

Талқылауға Қазақстан, Түркия және Моңғолия ғалымдарының қатысуы семинарға халықаралық сипат берді. Жиын қорытындысы ежелгі көшпелілердің таңбалық-символдық жүйесін кешенді зерттеудің маңыздылығын және археология мен мәдени антропологиядағы одан арғы ізденістердің болашағын айқындады.

Сурет 4 – Семинардың модераторы Ыстанбұл университетінің профессоры О.С. Сапашев

Негізгі баяндамалар:

1. «BR22082478 – Қазақ Алтайы ерте темір дәуірі мәдениеттеріндегі белгілер жүйесі» ғылыми бағдарламасының орындалуы жайлы қысқаша есеп – Самашев Самат Қайроллаұлы, PhD докторы, археолог. «Берел» мемлекеттік мәдени-тарихи музей-қорығы, Катонқарағай ауданы, Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан;

2. «Анадолыдағы түркі таңбаларына қатысты зерттеулерді пайымдау» – доцент доктор Мехмет Кутлу, Йозгат Бозок университеті, Йозгат, Түркия;

3. «Көне дәуірдің стационарлық археологиялық ескерткіштеріндегі таңбалар мен нышандарды зерттеудің заманауи әдістері» – Максим Юрьевич Половцев, археолог. «Бестерек» ғылыми-зерттеу археологиялық орталығы, Өскемен, Қазақстан;

4. «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбаларын зерттеудің ғылыми мәселелері» – Самашев Зайнолла Самашұлы, т.ғ.д., профессор. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Астана, Қазақстан;

5. «Тотемдік жануарлар бейнелерін семиотика мәнмәтінінде қарастыру» – филология ғылымдарының кандидаты, Сапашев Ораз Сапашұлы, Ыстанбұл университеті, Еуразиялық зерттеулер орталығы, Ыстанбұл, Түркия;

6. «Қаратау өңірі сақ кешендеріндегі белгілер жүйесі» – Мұрғабаев Сағынбай Серікбайұлы, PhD докторы, археолог. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан;

7. «Моңғолиядағы таңбалары бар археологиялық кешендерді зерттеудің қазіргі жай-күйі» – Шынарбек Сейітханұлы, PhD докторы, таңбатанушы. Моңғолия Ғылым академиясының Тарих және этнология институты, Ұланбатыр қ., Моңғолия.

Сурет 5 – Ғылыми семинарға қатысушылар

1.5. Қазақстаннан тыс жерлердегі таңбақолдану ескерткіштеріне қатысты деректерді жинақтау мақсатында РФ Барнаул, Кемерово қалаларына іс-сапар

Іс-сапар жүзеге асырылды, сапар барысында Кемерово мемлекеттік университеті Археология кафедрасының профессорларымен және КемМУ жанындағы Сібір археологиясы, этнологиясы және экологиясы музейінің мамандарымен, яғни Кемерованың жетекші археологтарымен кездесулер өткізілді.

Кемерово мемлекеттік университетінің жанындағы Сібір археология, этнология және экология мұражайының ғылыми мұрағаты 900-ден астам томнан тұрады. Онда КемМУ археология кафедрасының қызметкерлері 1960-жылдардан бастап жүргізген археологиялық экспедициялардың есептері, археологиялық нысандардың сызбалары мен фотосуреттері, археологиялық ескерткіштердің паспорттары, археологтардың далалық күнделіктері, археология кафедрасы отырыстарының хаттамалары және өзге де материалдар қамтылған.

Іссапар барысында бүкіл архивті қарау мүмкін болмағандықтан, талдау үшін КемМУ-дың әр жылдары ұйымдастырылған петроглифтік экспедицияларының материалдары іріктелді. Бұл материалдар Саян-Алтай, Орталық Азия және Солтүстік Тянь-Шань өңірлерінде жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижелерін көрсетеді.

Архивтік қорлар ішінде 1970-2000 жж. Оңтүстік Сібір, Қазақстан және Қырғызстан аумақтарында жүргізілген петроглифтік экспедициялардың жинақтары ерекше қызығушылық тудырады. Олар географиялық ауқымы кең және Кемерово археологиялық мектебінің ғылыми сабақтастығын айқын бейнелейді.

Архивте Е.А. Миклашевичтің 1987-1989 жылдары Қырғызстанның Ыстықкөл облысында (Ақ-Шыйрақ, Барсқауын, Чолпон-Ата ескерткіштері), сондай-ақ Ресей Федерациясының Алтай Республикасында (Төргүн, Қара-Туу, Туэкта, Қарақол ескерткіштері) жүргізген далалық зерттеулерінің есептері, сызбалары мен фотоматериалдары сақталған. Бұл жинақтар (архивтік нөмірлері – № 30-33, 37, 40-41, 49-50) 700-ден астам сақтау бірлігін қамтиды және ірі ғибадат орындары мен шағын петроглиф шоғыры бар аймақтарды құжаттайды.

Мұражай қорының елеулі бөлігін Б.Н. Пяткиннің материалдары құрайды. Онда 1970-1980 жылдары Хакасия мен Краснояр өлкесінде жүргізілген жүйелі зерттеулер нәтижелері жинақталған. Атап айтқанда, Бычиха, Оглахты, Суханиха, Шалаболино, Тепсей ескерткіштері, сондай-ақ хакас тағарлық қорғандары мен қабірлерінен алынған тас тақталардың көшірмелері қамтылған. Бұл топтамаларда темір дәуірінің ерте кезеңіне тән сюжеттердің дамуын көрсететін тағар және таштық кезеңдерінің бай иконографиясын бейнелейтін 900-ден астам графикалық көшірме мен фотосурет бар.

Я.А. Шердің материалдары да ерекше орын алады. Олар Жалтырак-Таш (Талас облысы, Қырғызстан) және Қызыл-Мажалық (Тыва Республикасы) ескерткіштеріне арналған коллекцияларды қамтиды. Бұл материалдар 1980-жылдардың соңында Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір петроглифтерін салыстырмалы тұрғыда зерттеуге бағытталған экспедициялық маршруттарды көрсетеді. Архивте аңшылық көріністер мен абстрактілі-символдық мотивтер бейнеленген 120-дан астам композицияның графикалық калькалары, фотосуреттері мен сипаттамалары бар.

Сондай-ақ мұрағаттың маңызды бөлігін «Хакасия, Тыва, Қазақстан және Қырғызстан республикаларының петроглифтері бар тас тақталар» атты жинақ құрайды. Бұл материалдар 1980–2000 жылдары Б.Н. Пяткин, В.Ф. Капелько, Я.А. Шер және Е.А. Миклашевич тарапынан дайындалған. Олар өңірлер арасындағы петроглифтерді зерттеудегі кешенді тәсілді көрсетеді және түрлі археологиялық аймақтар арасындағы типологиялық және стильдік ұқсастықтарды айқындауға мүмкіндік беретін жүзден астам сақтау бірлігін қамтиды.

Осылайша, музейдің ғылыми мұрағаты Саян-Алтай, Орталық Азия және Солтүстік Тянь-Шань петроглифтеріне қатысты бірегей деректер корпусын жинақтаған. Бұл коллекциялар бейнелеу техникасы мен иконографияның аймақтық ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ ежелгі қауымдардың дүниетанымдық және символдық ойлау жүйесінің ортақ белгілерін айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай мәліметтер Шығыс Қазақстандағы петроглифтік кешендердің материалдарымен салыстырмалы талдау жасау тұрғысынан да ерекше ғылыми құндылыққа ие.

Іс-сапар Барнаул қаласындағы Алтай мемлекеттік университетінің Археология кафедрасында және аталмыш университет жанындағы Алтай археологиясы мен этнографиясы музейінде жалғасты. Сапар барысында кафедра және музей қызметкерлерімен жұмыс кездесулері өтті.

Осы орайда, аталмыш музей қоры Алтай өңірінің көне және ортағасырлық тарихына қатысты мол материалдарға ие екендігін атай кеткен жөн. Негізгі назар қор және мұрағаттық материалдарды зерделеуге, сондай-ақ АлтМУ жүзеге асырып отырған жобалар, соның ішінде «Ұлы Алтайдың түркі әлемі» бағдарламасы аясында жүргізілген далалық зерттеулердің нәтижелері жөнінде ақпарат алмасуға аударылды.

Нәтижесінде, Ресей Федерациясының Алтай Республикасында және оған іргелес өңірлерде таңбалық элементтері бар археологиялық кешендер – тас қоршаулар, жерлеу құрылыстары, петроглиф топтары мен таңба бейнеленген жекелеген артефактілер анықталғаны нақтыланды. Бұл материалдар, әсіресе, ежелгі көшпелілердің белгілер мен

визуалды-коммуникативтік дәстүрлерінің сабақтастығын зерттеу кезінде Қазақ Алтайында табылған олжалармен салыстыру үшін ерекше маңызды.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор А.А. Тишкинмен кездесу барысында Күршім ауданы (Шығыс Қазақстан облысы) аумағындағы Айнабұлақ археологиялық микроауданы бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар музей директоры Я.В. Фроловпен әңгіме өткізіліп, соңғы жылдары АлтМУ-дың далалық зерттеулері нәтижесінде толықтырылған коллекциялардың құрамы жөнінде нақты мәліметтер алынды (Сурет 6).

Сурет 6 – Ғылыми қызметкер Б.А. Сиражеваның Алтай мемлекеттік университеті Археология кафедрасының меңгерушісі А.А. Тишкинмен және Алтай археологиясы мен этнографиясы музейінің директоры Я.В. Фроловпен кездесу-кеңесу сәттері

Сапар нәтижесінде жаңа ғылыми ақпарат жиналып, ежелгі көшпелілердің белгілер жүйесін одан әрі зерттеу үшін маңызды архивтер мен қорлар айқындалды. Сондай-ақ алдағы уақытта далалық материалдармен, басылымдармен және әдістемелік әзірлемелермен алмасу бойынша ынтымақтастықты жалғастыру жөнінде келісімге қол жеткізілді.

Сондай-ақ, бұл іс-сапар VII Бүкілресейлік археологиялық археологиялық съездің өтуімен тұспа-тұс келгендіктен Красноярскте өткен осы іс-шараға қатысып, баяндама жасаудың да сәті түсті.

1.6 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүрін археологтардың халықаралық конгресінде апробациялау мақсатында Түркияның Стамбул қаласына іс-сапар

Іс-сапар сәтті жүзеге асырылды. 2025 жылдың 28-30 қыркүйек аралығында Ыстанбұл қаласында өткен «17-ші Халықаралық Ыстамбұл ғылыми зерттеулер конгресінде» (17th International Istanbul Scientific Studies Congress) «Қазақ Алтайының ерте темір дәуірі мәдениеттеріндегі белгілер жүйесі» (Sign system in the cultures of the Early Iron Age of the Kazakh Altai) тақырыбында баяндама жасалды (Сурет 7).

Сурет 7 – Жоба орындаушысының Ыстанбұлда өткен ғылыми конгреске қатысу сертификаты

Баяндамада Қазақ Алтайы аумағындағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінде кездесетін таңбалық жүйенің ерекшеліктері, олардың археологиялық және семиотикалық тұрғыдан зерттелу әдістері мен нәтижелері ұсынылды. Зерттеу бағдарламасының басты мақсаты – ежелгі көшпелілердің белгілер жүйесін кешенді түрде талдап, оны Орталық Еуразия кеңістігіндегі мәдени мұраның құрамдас бөлігі ретінде таныту болып табылады.

Сондай-ақ, жоба жетекшісі С.Қ. Самашев және жетекші ғылыми қызметкер О.С. Сапашев зерттеулер нәтижесі бойынша 2025 жылғы 26–28 қыркүйек аралығында Трабзон қаласында өткен «Қара теңіз жағалауы елдерінің 12-ші халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясында» (12. Uluslararası Karadenize Kıyısı Olan Ülkeler Bilimsel Araştırmalar Kongresi) Алтай ерте көшпелілерінің ғалам түсінігін бейнелейтін символдық жүйесі (Altay'daki erken dönem göçebelerinin evreni tanımlama aracı olarak kullandığı sembolik sistemi) тақырыбында онлайн түрде бірлескен баяндама жасады (Сурет 8).

Соңғы жылдары Түркия мен Қазақстан президенттері тарих, мәдениет және ғылым салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше мән беріп келеді. Осы бағыттағы ғылыми жобалар туралы ақпарат алмасу екі ел арасындағы мәдени-ғылыми

байланыстарды тереңдетуге мүмкіндік береді. «Түркі әлемінің алтын бесігі» саналатын Алтайдың көне тарихы бүкіл түркі қауымдастығының ортақ тарихи және мәдени мұрасы саналады.

Сурет 8 – Жоба орындаушыларының халықаралық конференцияға қатысу сертификаттары

Осы тұрғыдан алғанда, аталған баяндамалар тек зерттеу бағдарламасының нәтижелерін халықаралық деңгейде апробациялау тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан да ерекше маңызға ие болды.

1.7 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің қолжазбасын әзірлеу

Бұл еңбек – Қазақ Алтайының ежелгі және ерте темір дәуірі көшпелілерінің таңба-белгі жүйесін кешенді түрде зерттеуге арналған алғашқы іргелі басылымдардың бірі. Кітапта таңбалардың тарихи қалыптасуы, олардың семантикалық, құқықтық және

сакралды қызметтері, сондай-ақ түркі халықтарының мәдени бірегейлігін айқындайтын көрнекі-белгілік жүйе ретіндегі рөлі жан-жақты қарастырылады.

Зерттеу барысында археологиялық, этнографиялық, иконографиялық және семиотикалық әдістер тоғыстырылып, таңбаларды типологиялық жіктеу, олардың географиялық таралуы мен тарихи-мәдени эволюциясы талданған. Еңбекте Қазақ Алтайы, Хакасия, Алтай Республикасы, Тува және Батыс Моңғолия аймақтарының таңбалық дәстүрлері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың ортақ түбірі мен өңірлік ерекшеліктері анықталады.

Авторлар ежелгі таңбалардың пайда болу көздерін, Орхон-Енисей руникалық жазуымен және Еуразия далаларының тотемдік-мифологиялық дәстүрлерімен байланысын дәлелді түрде көрсетеді. Таңбалардың шығу тегі жөніндегі әртүрлі гипотезалар (автохтондық, соғдылық, семит-пехлевилік және басқалары) сараланып, түркілік таңбалық жүйенің өзіндік ішкі логикасы мен дербес даму сипаты айқындалған.

Кітапта XVIII–XX ғасырлардағы шығыстанушылар мен этнографтардың еңбектеріне (Аристов, Ефименко, Востров, Мұқанов, Тынышпаев және т.б.) терең талдау жасалып, қазіргі кезеңдегі далалық және цифрлық археология жетістіктері негізінде жаңа ғылыми пайымдар ұсынылады. Соңғы зерттеулер нәтижесінде таңба қолданудың жаңа нысандары – петроглифтер, ескерткіштердегі таңба-бейнелер және этнографиялық заттардағы таңбалар ғылыми айналымға енгізілген.

Еңбектің ғылыми жаңалығы – таңба мәдениетін археологиялық контексте қарастырумен қатар, оны көне көшпелілердің дүниетанымдық коды мен әлеуметтік коммуникация құралы ретінде түсіндіруінде. Қазақ таңбаларының морфологиялық, семантикалық және аймақтық ерекшеліктері алғаш рет кең ауқымда жүйеленіп, олардың тарихи сабақтастығы мен Еуразиялық мәдени кеңістіктегі орны айқындалған.

Кітап археологтар, этнологтар, өнертанушылар, тарихшылар, мәдениеттанушылар және түркі өркениетінің таңбалық-символдық мұрасын зерттеушілерге арналған.

1.8 Бағдарламаны жүзеге асырудың алдын-ала жинақталған аралық нәтижелерін ғылыми апробациялау

Бағдарламаның күнтізбелік жоспарына сәйкес, Scopus деректер базасына кіретін халықаралық журналда 1 (бір) мақала, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала, халықаралық конференция материалында 3 (үш), оның ішінде 2 (екеуі) шетелдік конференция материалында жарияланды.

1.9 Жоба бойынша жылдық есепті дайындау және тапсыру

Жобаның барысы жайлы аралық (жарты жылдық) есеп даярланып 2025 жылдың шілде айында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетіне өткізілді, сондай-ақ 2025 жылғы 25-26 тамыз аралығында бағдарламаның жүзеге асырылу барысына ҰМҒТСО тарапынан мониторинг жүргізіліп актісі жасалды.

Ал жобаның қорытындысы ретінде осы есеп беріліп отыр.

2 Қазақ Алтайы ерте көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері

2.1 «Белгілер жүйесі» ұғымының археологиялық мәнмәтінде қарастырылуы

Археологиядағы «белгілер жүйесі» ұғымы көне қоғамдардың ақпаратты жеткізу, сәйкестендіру және коммуникация мақсатында пайдаланған тұрақты визуалды немесе материалдық пішіндер жиынтығын білдіреді. Мұндай жүйеге символдар, пиктограммалар, өрнектер, глифтер, сондай-ақ ойықтар мен солярлық бейнелер сияқты элементтер кіреді. Археологиялық белгі ұғымы тек меншіктік немесе қызметтік сипаттағы элементтермен шектелмейді; ол сонымен бірге абстрактылы немесе сакралды мағынасы бар, қоғамның дүниетанымдық құрылымын бейнелейтін күрделі символикалық көріністерді де қамтиды. Бұған тотемдік жануарлар бейнелері, жәукемдеу көріністері, солярлық розеткалар немесе ғұрыптық айқыштар сияқты нышандар жатады. Көптеген археологиялық белгілер прототаңбалық сипатқа ие, яғни олар толық мағыналық кодқа ие болмаса да, ұжымдық тәжірибе мен мифологиялық сана аясында қалыптасқан және сол дәуірдің визуалды мәдениетінің ажырамас бөлігі болған. Мұндай прототаңбалар бейнелі коммуникацияның бастапқы сатыларының бірі ретінде адамзаттың таңбалық ойлау эволюциясын көрсетеді.

Белгілерді зерттеу пәнаралық әдістердің тоғысында жүзеге асады. Семиотикалық тәсіл (Ч. Пирс, Ю. Лотман) белгілерді мәдени контекске ендірілген ақпараттық кодтар жүйесі ретінде қарастырып, археологиялық бейнелерді өзіндік «мәтін» ретінде талдауға мүмкіндік береді [1; 2]. Құрылымдық талдау (К. Леви-Стросс) бейнелер астарында мифтік бинарлық оппозициялар мен архетиптік құрылымдардың бар екенін көрсетеді [3]. Визуалды антропология белгілерді әлеуметтік мағынасы бар репрезентациялар ретінде түсіндіріп, билік, сакралдылық және тән туралы түсініктердің көрінісін зерттейді. Ал мәнмәтіндік археологиялық талдау белгілердің ескерткіш құрылымындағы орнын, олардың кеңістіктегі таралуын, техникасын және бірге табылған артефакттармен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Трасологиялық зерттеу тәсілі арқылы белгілердің орындалу техникасы мен қолданылған құралдарды анықтауға болады. Салыстырмалы-типологиялық әдіс аймақтық және хронологиялық деңгейде белгілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырып, мәдени сабақтастықты айқындауға бағытталған. Осы әдістердің барлығы біріге отырып, археологиялық белгілердің семиотикалық мәнін, олардың қоғамдағы функциясын және дүниетанымдық жүйемен байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Белгілердің функционалдық сипатына қарай олар бірнеше топқа бөлінеді. Біріншісі – идентификациялық белгілер, олар рулық, тайпалық немесе жеке сәйкестендірудің көрінісі ретінде қызмет атқарған. Екінші сакралды белгілер тобына күн бейнелері,

шеңберлер, айқыштар мен ғұрыптық нышандар жатады, олар астральды немесе киелі мағынаға ие болған. Үшінші, коммуникативтік белгілер кеңістіктегі бағытты, шекараны немесе қозғалыс жолдарын көрсеткен. Төртінші, мифтік және идеологиялық белгілер жәукемдеу көріністері, антропоморфтар мен тотемдік жануарлар бейнелері арқылы қоғамның мифологиялық және діни нанымдарын бейнелеген. Ал бесінші, техникалық және шаруашылық белгілер өндірістік, шеберлік немесе тұрмыстық қызмет атқарған. Бұл топтардың барлығы мәдени жүйенің ішкі бірлігін көрсетеді және визуалды кодтардың әлеуметтік, сакралды және технологиялық функцияларын ашып береді.

Белгілер жүйесін зерттегенде терминологиялық дәлдік ерекше маңызды. Белгі – мағынасы бар тұрақты визуалды пішін; символ – абстрактылы немесе сакралды мазмұнды белгі; пиктограмма – көрер көзге бірден түсінікті бейне; прототаңбалар – толық мағына қалыптаспаса да, ақпарат жеткізу функциясы бар элементарлық пішіндер; ал таңба – меншіктік немесе рулық сәйкестікті білдіретін белгі. Осы ұғымдарды нақты ажырату археологиялық материалды интерпретациялауда қателіктерге жол бермеуге мүмкіндік береді.

Археологиялық талдаулардың өзіндік қиындықтары да бар. Біріншіден, жазбаша деректердің жоқтығы және белгілердің бастапқы мәдени ортасының жойылуы талдауды күрделендіреді. Екіншіден, бір белгі бірнеше мағынаны – сакралды, рулық және техникалық – қатар иеленуі мүмкін. Үшіншіден, кейінгі кезеңдердің түсініктерін архаикалық материалдарға телу қаупі бар, мысалы, түркі дәуірінің таңбаларын скиф заманына жатқызу сияқты анахронистік көзқарастар жиі кездеседі. Сондықтан археологиялық белгілерді талдау мәнмәтіндік дәлдікті, морфологиялық сипаттаманы және салыстырмалы негізді талап етеді.

Далалық зерттеу әдістемесі де осы талаптарға сай жетілдірілуде. Белгілерді фотофиксациялау, координаттарын анықтау, стратиграфиялық мәліметтерді жинау, трасологиялық талдау жүргізу, бейнелерді 3D фотограмметриялық үлгілеу, сондай-ақ олардың қайталануын мен вариативтілігін талдау – бұл кешенді тәсілдің негізгі құрамдас бөліктері. Осындай әдістердің нәтижесінде Ақбауыр, Сартынбет, Доланалы, Майемір, Шимайлы, Шердаяқ секілді күрделі ескерткіштердегі бейнелердің кеңістіктік және семантикалық құрылымы анықталып, олардың мәдени мәні нақтыланады.

Қазақ Алтайы аймағы ерте көшпелі мәдениеттердің тоғысқан және түрленген кеңістігі болды. Бұл өңір Ертістің жоғарғы ағысын, Тарбағатай сілемдерін, Қалба жоталарын қамтиды. Мұндағы табиғи орта – далалық, орманды-дала және таулы аймақтардың түйіскен белдеуі – әртүрлі этномәдени топтар арасындағы байланыстардың дамуына жағдай жасаған. Ерте замандарда осы аймақ арқылы сауда және көші-қон

жолдары өткен, бұл өз кезегінде материалдық және рухани мәдениеттердің алмасуын күшейтті. Табиғи ландшафттардың күрделілігі халықтың дүниетанымына да әсер етіп, кеңістікті тек шаруашылық аймақ емес, сакралды құрылым ретінде қабылдауға негіз болды.

Б.з.д. I м.ж. басында Алтай өңірінде өмір сүрген қауымдарда көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы әлеуметтік және идеологиялық жүйеде түбегейлі өзгерістерге әкелді. Әскери және діни элита пайда болып, билік сакралды сипатқа ие болды. Кеңістік енді иеленудің нысаны емес, қозғалыс пен бағыттың динамикалық өрісі ретінде қабылданды. Бұрынғы аналық бастау мен құнарлылық рәміздерінің орнына аңшылық, шайқас және жыртқыштық көріністер келіп, бұл өзгеріс таңбалық жүйенің де бағытын өзгертті. Егер неолит пен қола дәуірінің таңбалары көбіне горизонталь-аграрлық сипатта болса, ерте темір дәуірінде олар вертикаль-иерархиялық және әскери рәміздерге айналды.

Таулар мен шыңдар көне көшпелілердің дүниетанымында жоғары әлеммен байланыстырушы киелі нүктелер ретінде қабылданды. Мұндай космогониялық түсініктер «дүниенің өзегі» – axis mundi – ұғымымен ұштасып, сакралды орталық концепциясын қалыптастырды [4, с. 20–23, 72]. Ақбауыр мен Сартынбет ескерткіштерінің биік және визуалды үстем аймақтарда орналасуы олардың ғұрыптық мәнін дәлелдейді. Тастарға қашалған таңбалар бұл кеңістіктерді қасиетті ету мен әлеммен ритуалды байланыс орнату актісін білдірген. Яғни таңба қою – бұл әлемге ықпал етудің, тәртіп орнатудың және киелі кеңістікті шектеудің бір түрі болған.

Қазақ Алтайындағы мифологиялық жүйе тотемдік бейнелер мен аңдық стиль арқылы көрініс тапқан. Бұғы, таутеке, грифон, бүркіт, қасқыр сияқты бейнелер тек жануарлар әлемін бейнелемей, рухани және әлеуметтік мәнге ие сакралды кейіпкерлерді бейнелеген. Скиф-сақ аң стилі осы мифтер мен нанымдардың көркем тілін қалыптастырып, бейнелер арқылы қоғамның дүниетанымдық құрылымын жеткізді. Жәукемдеу көріністері – жыртқыш аңның құрбандығын жұлмалау сахналары – билік пен құрбандық, өлім мен қайта туу идеяларын бейнелейтін күрделі символдық код болды. Бұл бейнелер арқылы қирату арқылы жаңғыру ұғымы көрініс тапты.

Қорғандар мен элиталық заттарда көрініс тапқан әлеуметтік стратификация белгілер жүйесінде де байқалады. Белгілі бір символдар мен композициялар билік иелерін немесе діни топтарды бейнелеген мәртебелік нышандар ретінде қызмет атқарды. Сүйектен жасалған оюлы бұйымдар мен қола белдіктердегі өрнектер, қос бұғы немесе жыртқыш аңдардың шайқасы бейнеленген көріністер әлеуметтік иерархия мен билікті

заңдастырудың визуалды тетігіне айналды. Мұндай белгілер қоғамның құрылымдық ретін сакралды деңгейде нығайтты [5, с. 318–323].

Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріндегі дүниетанымында кеңістік үш деңгейлі космологиялық құрылым түрінде бейнеленді [6, с. 38]. Жоғарғы әлем аспанмен және күн символдарымен байланысты, ортаңғы әлемде адамдар мен аңдар өмір сүрсе, төменгі әлем жыртқыштар мен жыландармен, сондай-ақ «ойық» типті белгілермен ассоциацияланды. Бұл құрылым петроглифтердің кеңістіктегі орналасуынан, композициялық шешімдерінен көрініс тапқан. Белгілер мен бейнелер арасындағы иерархиялық байланыс дүниенің тәртібін бейнелейтін архетиптік жүйеге айналды.

Ескерткіштерде бейнеленген белгілер мен көріністер кездейсоқ емес, керісінше, дүниетанымдық және идеологиялық кодқа бағынған күрделі визуалды-коммуникативтік жүйені құрайды. Мысалы, күн бейнелері нүктелі шеңберлер, сәулелі розеткалар түрінде бейнеленіп, астральды немесе күнтізбелік мағына берген; ойықтар мен нүктелі шұңқырлар құрбандық пен есептік функция атқарған; жәукемдеу сахналары билік пен құрбандықтың символикасын көрсеткен; тотемдік жануарлар – бұғы, бүркіт, қасқыр – рулық сәйкестендіру мен рухани қорғаныш қызметін атқарған; ал мүйізді антропоморфтар шамандық тәжірибені бейнелеген. Геометриялық пішіндер – ромб, үштаған, айқыш – кеңістік пен уақыттың символикасын көрсетсе, қарапайым белгілер ерте рулық таңбалардың бастауын көрсетеді. Бұл белгілер бір-бірінен бөлек емес, өзара байланысқан, мағыналық жүктемесі бар композициялық жүйелер түзеді.

Петроглифтердегі мифтік сюжеттер бейнелі эпос түрінде көрініс табады. Жәукемдеу көріністері құрбандық пен қайта туу идеясын бейнелесе, бұғы мен марал бейнесі күн рухының немесе әлемдік делдалдың символы ретінде түсіндіріледі. Бүркіт пен гриф аспан күштері мен ата-баба рухының бейнесі болса, мүйізді адам шамандық түрлену мен рухани байланыс белгісі ретінде көрінеді. Осы сюжеттердің барлығы жазбаша емес, бейнелік коммуникация арқылы мифологиялық мазмұнды жеткізудің көрінісі болды.

Белгілер тек сакралды немесе эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, билікті заңдастырудың да құралы болған. Киелі орындардағы немесе ғибадат аймақтарындағы тастарға қашалған символдар сол кеңістіктің шекарасын айқындап, қорғаушы қызмет атқарған. Сүйек пен қола бұйымдардағы оюлар шамандар мен әскери ақсүйектердің регалиясы іспетті болған. Қару ұстаған антропоморфтар харизматикалық көсемдік пен билік рәмізін бейнелеген [7, с. 189–207]. Осылайша, визуалды белгілер жүйесі қоғамдағы мәртебе мен иерархияны бекітетін әлеуметтік-коммуникативтік құрал қызметін атқарды.

Кеңістік пен уақыт ұғымдары да белгілер жүйесінде көрініс тапқан. Шеңберлер мен айқыштар дүниенің төрт бұрышын, орталық пен периферия арасындағы қатынасты

бейнелесе, сызықтық композициялар қозғалыс, шеру немесе өтпелі кезеңдердің символикасын көрсетті. Шеңбер бойынша орналасқан ойықтар күнтізбелік есепке немесе ритуалдық рәсімге қатысты болған. Осы белгілер арқылы көшпелілер әлемді көрнекі үлгіде реттеп, космологиялық тәртіппен сәйкестендіруге тырысқан.

Қазақ Алтайының археологиялық материалдары белгілер жүйесінің эволюциясын айқын көрсетеді. Ерте кезеңдегі бейберекет пиктограммалар біртіндеп реттелген композицияларға айналып, қайталанатын элементтер тұрақты таңбаға ұласты. Ойықтар, сәулелі шеңберлер мен үштаған тәрізді прототаңбалар кейінгі дәуірлердегі түркілік таңба дәстүрінің бастауы болды. Осы тұрғыдан алғанда, таңба тек рудың белгісі емес, ғарыштық құрылыммен және ритуалдық тәжірибемен сабақтасқан терең тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Белгілер жүйесі көне көшпелілердің дүниені тану, реттеу және бейнелеу тәсілінің көрінісі болып, олардың рухани мұрасының ажырамас бөлігіне айналды.

Тағы бір арнайы тоқталатын мәселе – *ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесіндегі түстердің символикасы.* Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілер мәдениетінде түс ерекше рөл атқарған. Ол сакралды-символикалық түсініктер жүйесінің маңызды бөлігі ретінде дүниетанымдық, идеологиялық және визуалды-коммуникативтік қызмет атқарды. Жерлеу рәсімдерінде, киім-кешекте, әшекей бұйымдар мен билік нышандарында қолданылған түстер әлемнің құрылымы мен киелі мағыналар иерархиясын бейнеледі [4, с. 127–145; 6, с. 156].

Қызыл мен алтын: өмір мен биліктің, күннің түстері. Есік кешеніндегідей, Қазақ Алтайының Шілікті, Берел және Елеке сазы сияқты негізгі ескерткіштері – сақ ақсүйектері мен билеушілерінің «патшалық» қорғандары – қызыл, алтын және сары реңктердің басымдығымен ерекшеленеді. Қызыл түс – ежелден өмір қуатының, қан мен күннің жылуының символы. Жерлеу барысында охра немесе киноварь себу, қару-жарақ пен ат әбзелдерін қызғылт түспен бояу эстетикалық емес, ритуалдық мәнге ие болған: қызыл түс тірілер мен рухтар әлемін жалғаушы, қайта туу мен қорғау нышаны саналған.

Алтын түс қызылдың мағынасын күшейтіп, биліктің күндік табиғатын бейнелеген. Шілікті мен Берел ескерткіштеріндегі алтынмен қапталған әбзелдер, ат әшекейлері мен қару-жарақ бөлшектері – аспаннан дарыған нұр мен күштің белгісі. Қызыл мен алтынның үйлесімі жер мен көктің, өмір мен өлімнің, материалдық пен киелінің тепе-теңдігін көрсеткен.

Көк пен көгілдір: аспан мен руханилықтың белгілері. Сакралды түстер қатарында көк және көгілдір реңктердің орны ерекше. Берел мен Елеке сазы ескерткіштеріндегі әшекейлер мен сәндік бұйымдарда кездесетін ақық тастар мен эмальдар аспанмен, сумен

және рухани тазарумен байланысты болған. Көшпелілердің мифтік дүниетанымында көк аспан – ата-бабалар мен тәңірлік рухтардың мекені. Сондықтан көгілдір түс билеушінің көктен жаратылған тектілігін және оның руының киелі мәртебесін білдірген.

Сары және күміс түстер: жарық пен тазалықтың нышандары. Сары түс – алтынның «інісі», күн сәулесінің, береке мен қуаттың символы. Күміс пен ақ түстер ай жарығын, биік таулардың тазалығын және «жарық әлемге» тән киелі тазалықты бейнелеген. Берел қорғандарында күміс және ақшыл металл инкрустациялар мен әбзел бөліктері кездеседі, олар аспандық және қорғаушы сипатта болған.

Түс – белгілер жүйесінің элементі. Осылайша, түс ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениетінде тек сәндік емес, мағыналық белгінің қызметін атқарған.

- Қызыл мен алтын – күндік өмір күші мен биліктің нышаны;
- Көк пен ақық түстес – аспан мен рухани әлемнің көрінісі;
- Сары мен күміс – жарық, тазалық және үйлесім идеяларының бейнесі.

Бұл түстер жүйесі дүниенің тік құрылымын бейнелеген: қызыл мен алтын – жер мен күндік өмір саласы; көк пен көгілдір – аспандық кеңістік; ақ пен күміс – аралық, сакралды деңгей. Шілікті, Берел және Елеке сазы материалдарындағы осындай түстік үйлесім ежелгі көшпелілердің космологиялық моделінің бар екенін көрсетеді, мұнда түс дүниенің тәртібін, биліктің заңдылығын және адам мен киелі әлемнің байланысын білдіретін коммуникативтік құралға айналған.

Жалпы алғанда, бұл түстік код – ерте темір дәуіріндегі белгілер жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол бір жағынан Еуразия кеңістігіне ортақ, екінші жағынан Қазақ Алтайының мәдени дәстүріне тән бірегей символдық жүйені қалыптастырған.

2.2 Темір дәуірінің бейнелеу өнеріндегі образдық жүйені талдау: символика, мифология және идеологиялық кодтар

Б.з.д. I м.ж. бірінші жартысында Еуразия далаларында көшпелі мал шаруашылығына көшу, ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы мен әскери өмір салтына көшкен әлеуметтік құрылымдардың дамуына байланысты терең әлеуметтік-экономикалық және мәдени түрленістер орын алады. Бұл өзгерістер дүниетанымның негіздерін қозғайды және жаңа әлеуметтік рөлдер, діни түсініктер мен ұжымдық мифтер көрініс тапқан мәдениеттің визуалды тіліне әсер етеді.

Бұл дәуірдің негізгі визуалды образдары отырықшы-егіншілік өмір салтының архаикалық модельдерінен көшпелі, мобилді, жауынгерлік қауымның мәдениетіне қарай идеологиялық қайта бағдарлану аясында қалыптасады. Бұрынғы таңбалық жүйелердің орнына жаңа бейнелер келеді: эротика, құнарлылық пен күнге табыну сюжеттері

жойылып, олардың орнын қақтығыстар, зорлық-зомбылық және қозғалыс көріністері басады [8, с. 148]. Визуалды репертуар батыр жауынгерлердің, жыртқыштардың, қуатты әрі шапшаң жануарлардың және әртүрлі жануарлардың қасиеттерін біріктіретін синкреттік тіршілік иелерінің бейнелерінен тұрады. Бұл образдар – күш, жеңіс, билік пен рухани медиативтіліктің кодталған символдары.

Жаңа мәдени парадигмада *жауынгер тұлғасы* – қаруланған, қорғалған, идеалданған қауым өкілі – ерекше маңызға ие болады. Бұл бейне батыр-баба идеясының көрінісіне айналып, баяндаудың өзегіне айналады. Сонымен қатар жылқы образы да айрықша семантикалық жүк арқалайды. Ол шапшаңдықтың, құрбандықтың және әлемдер арасындағы делдалдықтың символы – күнмен байланысқан қасиетті жануар ретінде қабылданады. Алайда, қоғамдағы маңызды рөліне қарамастан, салт аттыға табыну зооморфтық бейнелермен салыстырғанда екінші дәрежелі сипатқа ие болады, себебі жануарлар символикасы ұжымдық мифологияда әлдеқайда терең әрі көпқабатты мәнге ие [9, с. 7-31].

Көшпелі әлемнің өзіндік эмблемасына айналған ақбөкен мен марал бейнесі визуалды символдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл бейне құрбандық, тазалық, жарық және әлемдік тәртіп идеяларымен байланыстырылады. Оның мүйізі тек күш пен биліктің белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар әлем ағашы, көкке шығатын саты және абыздық инициациямен байланысты күн-ғарыштық символ ретінде де түсіндіріледі. Бұл элементтер культтік атрибутикада – бақсылардың бас киімдерінде, жылқы бетперделерінде, жерлеу әшекейлерінде және басқа да сакралды нысандарда кеңінен қолданылады. Бұл бейне сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі салаларына – көмкеру, аппликация, шекіме, ою арқылы еніп, тек эстетикалық емес, сакралды міндет атқарған [10, с. 252].

Жануарлардың шайқас мотивтері, жыртқыштардың шөпқоректі аңдарға шабуылы, сондай-ақ тең дәрежелі жануарлардың символикалық жекпе-жегі (мысалы, түйелер, қабандар, аюлар) кең таралып, дуализм, табиғат айналымы, мезгілдердің алмасуы, өмір мен өлімнің күресі секілді тұжырымдамаларды бейнелейді [11 , с. 355]. Мұндай көріністерді мифтік көзқарастар тұрғысынан – жаратылыс туралы космогониялық акт, немесе құрбандық шалу рәсімі ретінде түсіндіруге болады. Бұл мәнмәтінде жыртқыш тек зорлық символы ғана емес, сонымен бірге киелі құбылыстың құралы – өту, қайта туу және әлемдік тәртіпті қалпына келтіру құралы ретінде көрінеді.

Кейбір көркем композициялар символдық мәннің өте жоғары деңгейімен ерекшеленеді: жануарлар бейнелерімен қатар бұрамалар, шиыршықтар мен басқа да белгілер кездесіп, олар аспанмен байланыс немесе таңдаулылықтың белгілері ретінде

түсіндіріледі [12, с. 62]. Тотемизмнен бастап күнге табыну мен аспан күнтізбелеріне дейінгі әртүрлі интерпретациялар мифопоэтикалық ойлаудың көпқабаттылығы мен иконографиялық жүйелердің күрделілігін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер «жәукемдеу» сюжеттерін көктемгі күн мен түн теңелуінің метафорасы немесе зодиак дәуірлерінің ауысуы ретінде түсіндіре отырып, Таяу Шығыс дәстүрлерінің ықпалы туралы да айтады [13, с. 129–130].

Құс, тұяқты, жыртқыш және жорғалаушылардың қасиеттерін біріктіретін қиял-ғажайып тіршілік иелері бейнесі мифтік шиеленісті арттырып, мағыналық белгісіздік аймақтарын – әлемдердің түйісуін, күй-кешулердің өзгеруін, өтпелі пішіндерді бейнелейді. Бұл бейнелер абыздар мен бақсылар культімен байланысты, олардың киімдері мен рәсімдері әлем құрылымын шағын түрде қайталап, ғарыш деңгейлері арасында тік қозғалысты білдіреді.

Осылайша, ерте темір дәуірінің визуалды мұрасы көшпелі қоғамдағы социомәдени өзгерістерден туындаған көзбен түйсінудің терең түрленісін көрсетеді. Ол дүниенің, биліктің, уақыттың, өмір мен өлімнің мәнін бейнелейтін, символдық мазмұнға бай, көпқабатты образдар жүйесін қалыптастырды. Бұл визуалды конструкциялар тек сәндік элемент немесе баяндау құралы ғана емес, сонымен бірге қасиетті білімді, ұжымдық жадыны және этномәдени бірегейлікті кодтаудың және жеткізудің құралы ретінде қызмет етті.

Терминологиялық анықтамалар мәселесі. Қазақ Алтайы ерте көшпелілеріне тән таңба-белгілерді зерттеуді бастамас бұрын, алдымен ұғымдық шекараларды нақты айқындап, негізгі терминдерді анықтап алу қажет болды. Жалпы, таңба – көпқырлы мәдени құбылыс. Ол «белгі», «символ», «өрнек» және «стиль» ұғымдарының тоғысында орналасқан. Осы әдістемелік ұсыным шеңберінде біз негізгі түсініктерді пәнаралық тәсіл негізінде айқындауды мақсат етеміз.

Белгі мен символ. Белгі – бұл басқа бір нысанды, оның қасиетін немесе арақатынасын алмастыратын не білдіретін, сезіммен қабылданатын объект. Белгі – ақпаратты (білімді, хабарды, бейнені) қабылдау, сақтау, өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын құрал.

Белгі мынадай сипаттарда көрініс табуы мүмкін: өзге бір нысанның, құбылыстың немесе ұғымның орнына қолданылатын материалдық нысан (жәдігер); адамдардың жеке немесе қоғамдық мәні бар ақпаратты белгілеп, бағалап және жеткізетін мәдениеттің негізгі құралы; символ, көркем бейне, мәдени код сияқты күрделі жүйелердің құрылымдық элементі.

Семиотикада белгі – нақты бір мәнмен (денотатпен) байланысты материалдық тасымалдаушы. Ол сөз, бейне, зат немесе графикалық таңба түрінде көрінуі мүмкін және ақпарат жеткізу құралы ретінде қызмет етеді [19].

Символ (грек. symbolon – белгі, нышан) – әлеуметтік-мәдени таңба, оның мазмұны тікелей логикалық тәсілмен емес, интуиция арқылы ұғынылатын идеяны білдіреді және толыққанды вербалды (сөздік) жолмен жеткізілуі мүмкін емес.

Символ – мәдениеттегі әмбебап категория, ол заттық бейне мен оның терең мағыналық мазмұнының арасындағы сәйкестік арқылы ашылады.

Символ ұғымы бірнеше мағынада қолданылады: қандай да бір ұғымды, идеяны немесе бейнені шартты түрде білдіретін зат, әрекет және т.б.; белгілі бір идеяны бейнелі түрде жеткізетін көркем образ; нақты бір әлеуметтік топтың мүшелеріне тән танымдық белгіні білдіретін шартты материалдық таңба.

Жасанды формальданған тілдерде символ – таңбамен баламалас ұғым ретінде қарастырылады.

Мәдениеттегі символ түсінігі күрделі және қосарлы сипатқа ие, ол оның белгіден айырмашылығынан көрінеді.

Негізгі айырмашылығы – символ нысанды тікелей көрсетпейді. Белгі заттың өзіне емес, әдетте онымен байланысты абстрактылы мағынаға (немесе бірнеше мағынаға) жалпы реакция тудырғанда таңбаға айналады.

Таңба – ерекше белгілер жүйесі. Таңба – көшпелі қоғамдарда ру-тайпалық тектестікті, меншікті, құқықтық мәртебені және кейде діни-ғұрыптық мағына-мазмұнды білдіретін графикалық белгі. Археологиялық деректерде таңбалар келесі материалдарда кездеседі:

- тас мүсіндер мен ескерткіш тақталарда;
- жартастарда (петроглифтер түрінде);
- қола және темір бұйымдарда (қару-жарақ, әшекейлер, тұрмыстық заттар);
- қыш және сүйек заттарда; малға салынған таңбаларда;
- қоса жерлеу заттарында.

Таңба бірнеше қызметті қатар атқарады: идентификациялық (ру, тайпа), ақпараттық (жер иелігі, меншік), коммуникациялық (одақтар, келісімдер), ғұрыптық (билік нышандары, құрбандық белгілері) және құқықтық (жайылым иелену, мұрагерлік, некелік құқықтар) [20].

Өрнек пен таңбаның арақатынасы. Таңбалар өрнектік элементтермен жиі ұштасып отырады, ол әсіресе сәндік-қолданбалы өнерде орын алатын жағдай. Дегенмен олардың арасында түбегейлі айырмашылық бар:

Өрнек – эстетикалық мақсатта қолданылатын, қайталанатын композициялық құрылым.

Таңба – жеке, мағыналық жүктемесі бар ақпараттық таңба. Ол әдетте даралана қолданылады және өрнек жолағына кіріктірілмейді.

Алайда екі құрылымның өзара әсері де жоқ емес: кейбір таңбалар өрнекке ұқсастырылып, сәндік мәнге ие болады, ал өрнектер құрамында таңба пішіндес элементтер қайталанып отыруы мүмкін (мысалы, тоқыма немесе зергерлік бұйымдарда).

Стиль және таңбалар жүйесі. Көшпелілер мәдениетіндегі стиль ұғымы – көркемдік-композициялық және семиотикалық белгілердің тұрақты жиынтығын білдіреді. Осы мәнмәтінде аң стилі мен таңбалар жүйесі – бір-біріне параллель дамыған, өзара ықпалдасқан таңбалық құрылымдар.

Аң стилі көбінесе көркемдік-ғұрыптық функцияларды атқарса, таңбалар әлеуметтік-құқықтық және саяси коммуникацияда шешуші рөл ойнады.

2.3 Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесі: аң стилі мен петроглифтік бейнелердің визуалды-коммуникативтік мәні

Еуразия далаларының тарихындағы бір жарым мыңжылдықты қамтыған кең кезең – б.з.д. I м.ж. б.з. I м.ж. басына дейін – бірегей көркемдік жүйенің өркендеуімен ерекшеленеді. Бұл жүйе ғылымда «аң стилі» деген атауға ие болды. Ол тек сәндік-әшекейлік бағыт қана емес, көшпелілердің дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын, сакралды және тұрмыстық болмысты бейнелейтін визуалды тілдің ерекше түрі ретінде қызмет атқарды. Көшпелі халықтардың көпшілігінде жазу болмаған жағдайда бұл стиль эстетикалық қана емес, ақпараттық, идентификациялық, тіпті құқықтық құралға айналды. Археологиялық, тарихи-мәдени және семиотикалық деректер аң стилінің далалық қоғамдардың күнделікті және ғұрыптық өміріне терең енгенін көрсетеді. Әшекейлерде, қару-жарақта, ат әбзелдерінде, бас киімдер мен ғұрыптық бұйымдарда, әсіресе жартастағы бейнелер мен тас мүсіндерде (оның ішінде атақты бұғытастарда) бұл стиль кеңінен көрініс тапты. Осы жәдігерлерде зооморфтық кодтар арқылы әлемді жүйелеудің көрінісі байқалады [10, с. 137].

Аң стилінің басты мотивтеріне жыртқыштар, тұяқтылар, құстар және мифтік тіршілік иелерінің бейнелері жатады. Бұл бейнелерде ерекше атрибуттар – тырнақ, мүйіз, тұмсық, көз және бұлшық еттер – айрықша бөлініп көрсетіледі. Зооморфтық кескіндер қалыптасқан канондарға сай стильдендірілген: денесін дөңгелек етіп бүккен аң, «ұшып бара жатқан» бұғы, қанатын жайған құс. Мұндай бейнелер – мағынасы орныққан

символдардан құралған өзіндік визуалды мәтіндер, күш пен киенің, әлеуметтік дәреженің таңбалары, бойтұмарлар ретінде қарастырылады [10, с. 137–138].

Бұл таңбалық-коммуникативтік жүйенің өзегінде мифопоэтикалық дүниетанымдағы әлемдік ағаш ұғымы негізінде қалыптасқан үш әлем туралы түсінік жатыр. Жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлемдер символикалық тұрғыдан тиісінше құстар, шөпқоректілер мен жыртқыштар арқылы бейнеленеді. Бұл үштік жүйе тек мифологиядан емес, нақты жәдігерлерден – бас киімдерден, қару-жарақтың сабынан, белдіктерден, жартастағы композициялардан да көрінеді.

Өнердің осы таңбалық-символдық табиғатын түсіну біртіндеп қалыптасты. XX ғасырдың ортасында-ақ С.И. Руденко Пазырық қорғандарын зерттей отырып, жануарлар айқасы көріністері өмір мен өлімнің, жарық пен түнектің қарама-қарсылығын бейнелейтінін, ал зооморфтық бейнелер апотропейлік және тотемдік қызмет атқаратынын атап өтті. Оның пайымдауынша, Алтай өнері жай әшекей емес, әрбір аң қасиетті күштің иесі саналатын дуалистік дүниетанымның көрінісі еді [14, с. 77]. М.И. Артамонов пен А.И. Мартынов бұл тұжырымды дамыта келе, аң стилін ғалам мен әлеуметтік иерархия туралы түсініктерді бейнелейтін әмбебап символдық жүйе ретінде қарастырды [15, с. 235; 16, с. 294–301].

Ғылыми түсініктің дамуына ерекше үлес қосқан Д.С. Раевский аң стилін ғарыш құрылымын бейнелейтін көрнекі тәсіл деп таныды. Онда жыртқыш, тұяқты және құс бейнелері үш әлем деңгейін – жерасты, жер және аспан кеңістіктерін – білдіреді. Скиф өнеріне тән «жәукемдеу» көріністерін ол құрбандық пен ғарыштық жаңару идеясын бейнелейтін символ ретінде қарастырды, ал жануарлардың тұрақты қимыл-позалары мифологиялық заңдылықтарға бағынған таңбалар жүйесі ретінде түсіндірілді [17, с. 739–761]. Е.В. Переводчикова бұл көзқарасты тереңдетіп, аң стилін «жануарлар бейнелерінің тілі» деп атады – онда композицияның әрбір элементі, сызық пен қалыптың өзі таңба қызметін атқарады. Ол бұл өнердің өзіндік «лексикасы» мен «грамматикасы» бар екенін, мифологиялық идеялар формалар мен ырғақ арқылы жеткізілетінін атап көрсетті [18, с. 16, 26, 65].

А.К. Ақышев пен А.Ю. Алексеев еңбектерінде бұл жүйенің билік құрылымымен және сакралды дүниетаныммен байланысы айқындалды. Патшалық регалиялар мен элитаға тән бұйымдардағы зооморфтық бейнелер діни нанымдармен қатар биліктің заңдастырылуын да бейнелеп, қоғамның космологиялық иерархиясын көрсетеді [4, с. 147; 19, с. 27–28].

А.В. Круглова мен В. Шильц сынды зерттеушілер – аң стилін семиотикалық жүйенің ішкі заңдылықтарына бағынған визуалды-коммуникативтік код ретінде

сипаттайды. В. Шильцтің пікірінше, дала өнері тілдің барлық белгілеріне ие: өзіндік «сөздігі» бар пішіндер, «синтаксисі» бар қалыптар және композицияның қатаң заңдары, олардың барлығы мағыналық тұтастықты қамтамасыз етеді [20, с. 508–516; 21, с. 3–81].

Н.В. Тютюгина бұл тұжырымға жаңа космологиялық қыр қосты: ол бұғы бейнесін Поляр жұлдызымен және Үлкен мен Кіші Аю шоқжұлдыздарымен байланыстырды. Оның пайымдауынша, бұғы – аспан осін және мәңгі қозғалысты бейнелейтін астральды символ, яғни ғалам құрылымының көрінісі. Бұл тұрғыда аң стилі одан да терең мағынаға ие болады: ол жерлік дүниені ғана емес, ғарыш ырғақтарын өнер арқылы бейнелеудің тәсіліне айналады [22, с. 68–87].

Осылайша, тарихи-археологиялық ғылымда аң стилінің эстетикалық, сакралды және космологиялық бастауларды біріктіретін таңбалық жүйе ретіндегі тұтас түсінігі қалыптасты. Мұнда көркем пішін адам, табиғат және құдайлар әлемі арасындағы коммуникация құралына айналады. Бұл өнер Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілері үшін әлемді түсінудің ерекше тәсілі болды – сөзсіз тіл, онда жануар бейнелері өмір мен өлімді, билік пен қамқорлықты, жер мен аспанды, адам мен ғаламды бейнелейтін әмбебап ұғымдарды жеткізді.

Шығыс Қазақстандағы өтпелі кезең мен ерте сақ дәуіріне жататын петроглифтер – Мойнақ, Зевакино, Майемер сынды кешендері – аңдық стильдің осы зооморфтық жүйесін бейнелейтін маңызды дереккөздер болып табылады. Осы ескерткіштерде жиі кездесетін «құс тәрізді» немесе «тұмсықты бұғы» бейнесі зерттеушілер тарапынан жоғарғы әлемнің эмблемасы әрі үш әлем арасындағы байланысты жүзеге асыратын шамандық рух иесі ретінде қарастырылады. Мүйізсіздігі, мойын мен тұмсықтың ұзартылып берілуі, көздің орнитоморфтық бейнеленуі – бұл бейненің сакралдық сипатын көрсетеді. Жыртқыш аңдардың шөпқоректілерді бас салып шайнап жатқан көріністері әлемнің космогоникалық құрылымы мен дуалистік табиғатын бейнелейді: бұл – тәртіп пен хаостың, жақсылық пен зұлымдықтың мәңгілік күресі. Мұндай бинарлық оппозиция тек жартастағы бейнелерде ғана емес, қолданбалы өнерде – қола мен темірден жасалған ақинақтарда, гориттерде, ауыздық әшекейлерінде және төс әшекейлерінде де кездеседі [10, с. 252–255].

Берел мәдениетінің орта кезеңіне (б.з.д. IV–III ғғ.) жататын реалистік және өрнектелген-стильдендірілген жануар бейнелері символикалықтан ғұрыптық-көркемдік функцияға өту процесін көрсетеді. Бұл кезеңде бейнелердің сыртқы пішіні қарапайымдалып, композициялар қолданбалы сипат ала бастағанымен, кодтық мән-мағынасы сақталып қалады. Спиральды бұраулар, жолақтар, үшбұрышты өрнектер көшпелілер мәдени шеңберінде ұғынылатын танымал элементтер болып қала береді [23, с. 53–55].

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, қару-жарақтардағы бейнелерді кешенді түрде талдау аса маңызды. Қанжарда, балтада, шекпенде және горитте бейнеленген зооморфтық фигуралар – жыртқыш құстар, грифондар, мысық тектестер – затқа магиялық сипат дарытып, иесіне күш, ептілік, шабуылшылдық қасиеттерін телиді. Сағырдан табылған соғыс көрінісі бейнеленген ерекше композиция қару асыну тәсілдерін, қалқан пішінін және жаяу жауынгерлердің шайқас тактикасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жауынгердің бейнесін және әскери салттарды қалпына келтіру үшін жабдық жабдық элементтері – қорамсақ, горит, белдік, мүйізді немесе қауырсынды бас киімдер, тұрмыстық және ғұрыптық әшекейлер де назарда болуы керек. Олардың петроглифтік иконографиялық талдауы арқылы көне салт-дәстүрдің реалистік тәсілден символикалыққа, ал кейін қайтадан нақты сипатқа өту үрдістерін кезең мен аймақ ерекшелігіне байланысты бақылауға болады.

Осылайша, аң стилі – жай ғана көркемдік бағыт емес, тұтас таңбалық-коммуникативтік жүйе. Жазудың жоқтығына қарамастан, бұл жүйе көшпелі қоғамда әлеуметтік, сакралдық, құқықтық ақпаратты тасымалдаудың қуатты құралына айналды. Зооморфтық бейнелер арқылы руға, әскери сословиеге, шамандық культке және киелі білімге қатыстылық білдірілді. Қазақ Алтайы аумағында жұмыс істейтін археолог үшін аң стилі таңбалар жүйесі ретінде ұғыну – бейнелерді сипаттаудан олардың мағынасын ашуға, яғни көшпелілердің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және символикалық бағдарларын қайта құруға мүмкіндік береді. Сондықтан аң стиліне жататын нысандарды зерттеу – тек жәдігерлерді тіркеу ғана емес, бүкіл бір өркениеттің визуалды тілінің құпиясын ашатын үдеріс болып табылады.

3 Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесінің бастаулары мен қалыптасуы

Еуразия белдеуіндегі ежелгі халықтар мәдениетінде таңбалық формалардың пайда болуы мен ерте дамуы археологиялық және мәдени-тарихи ғылымдағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы онжылдықтарда жинақталған материалдар белгінің ақпаратты бекіту мен жеткізудің құралы ретінде ұғынылу үдерістері тас дәуірінен бастау алатынын көрсетеді. Сол кезде адам табиғи нысандарға, тұрмыстық және ғұрыптық заттарға символикалық мағына бере бастаған. Алайда палеолит пен неолит дәуірлерінде қоғамдық институттардың дамымауы, әлеуметтік жіктелудің әлсіздігі және рулық-тайпалық ұйымдардың тұрақты формаларының болмауы бұл құбылыстарды кейінгі әлеуметтік-коммуникативтік мағынадағы «таңба пайдалану» жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді.

Қола дәуірінде таңбалар туралы күрделі әрі тармақталған түсініктер жүйесі қалыптасып, ол сакралды-ритуалдық тәжірибелерден бастап, шаруашылық-құқықтық нысандарға дейінгі кең ауқымды қамтыды. Бұл кезеңде белгілер мен символдар киелі-магиялық салада жетекші рөл атқарды: олармен қасиетті орындар, құрбандық шалу алаңдары, табиғи нысандар, культтік бұйымдар мен жерлеу құрылыстары белгіленді. Таңбалық қызметтің дамуы қоғамдық қатынастардың күрделенуімен, билік пен меншік институттарының қалыптасуымен, қолөнер мен сауда байланыстарының өсуімен, сондай-ақ мәдени-аймақтық қатынастар мен көші-қонның жандануымен тығыз байланысты болды. Осындай алғышарттар тұрақты визуалды-таңбалық тәжірибелердің қалыптасуына, кейінірек ру-тайпалық және аумақтық таңба жүйелерінің — яғни «таңбалардың» — негізін қалауға мүмкіндік берді [24, с. 4–33].

Энеолит дәуірінің Қазақстандағы мәдениеттері бұл үрдістің алғашқы белгілерін байқатады. Мәселен, Ботай мәдениетінің бейнелеу дәстүрінде геометриялық таңбалар – үшбұрыштар, ромбтар, торлар, ирек сызықтар – сүйек пен тас бұйымдарға түсірілген. Мұндай мотивтер Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгіріндегі белгілермен тікелей параллель болады. В. Ф. Зайберттің пікірінше, бұл құбылыс Урал-Ертіс аралығындағы тұрғындардың мифологиялық түсініктерінің ортақтығын және олардың дүниетанымдық кеңістігінің бірлігін дәлелдейді [25, с. 84].

Қола дәуіріне жататын символдық сипаттағы бейнелер қатары жетерлік: кресттер, шеңберлер, спицалы дөңгелектер, свастикалар, шиыршық формалар, торлар мен ойықтар. Олардың таралу аймағы Қазақстандағы жартас суреттерінің барлық дерлік ошақтарын қамтиды. Хронологиялық тұрғыдан күрделі болғанымен, бұл таңбалар жиынтығы күн мен әлемнің үйлесімділігін, циклдік уақыт пен қайта жаңғыру идеяларын бейнелейтін тұрақты

солярлық-космологиялық символизмді көрсетеді. Әсіресе Сарыкөл жазығындағы жерлеу құрылыстарының тақталарында байқалған тор және торкөз түріндегі композициялар ерекше назар аударарлық: олар әлемнің құрылымы мен ғарыштық тәртіп туралы күрделі семантикалық түсініктерді білдіреді [26].

Сонымен қатар, бірқатар қасиетті нысандарда табылған тостағанша тәрізді ойықтар – «ойықтар» (cupules) зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Олардың жүйелі орналасуы мен қайталануы әдейі, ғұрыптық мәнмен қашалғанын аңғартады. Мұндай объектілер Ақбауыр, Доланалы сияқты киелі орындардан да белгілі, бұл олардың киелі мақсатта қолданылған кең мәдени дәстүрге жататынын дәлелдейді [27, с. 106–117].

Қола дәуірінің таңбалық жүйесі контексінде зооморфтық бейнелер де айрықша мәнге ие. Мүйізді жануарлардың үштігі – бұқа, бұғы және ешкі/таутеке – сол кезеңнің көркем әрі символикалық репертуарының семантикалық өзегін құрайды. Бұл бейнелер күш, құнарлылық, өмір мен өлімнің айналымы жайындағы түсініктерді бейнелеген. Сонымен бірге, жыртқыш аңдар мен құстардың суреттері дүниенің космогониялық және мифологиялық бейнесін толықтырды [28, с. 74–85].

Қола дәуіріндегі таңбалық дәстүрдің дамуын айқындайтын маңызды жаңалықтардың бірі – Ақбауыр кешеніне жақын орналасқан Шөже қорымы. Мұндағы жерлеу камераларының бірінің гранит тақталарында ирек сызықты белгілер анықталған. Олар, шамасы, жерлеу рәсімімен және арғы дүниеге өту ритуалымен байланысты болып, сол дәуір халқының кеңістік пен ғарыш жөніндегі түсініктерін білдірген. Мұндай белгілердің ұқсастары Еуразияның басқа аймақтарында да кездеседі, бұл олардың дүниетанымдық жүйесінің ортақ элементтерін айқындайды [29, с. 11–21].

Соңғы жылдардағы аса маңызды табыстардың қатарына Ұлан ауданындағы Сарыжон жерінен табылған ірі ғұрыптық тасты жатқызуға болады. Оның бетінде үш жүзден астам тостағанша тәрізді ойықтар бар. Алдын ала болжам богйынша қола дәуіріне жатқызылатын бұл ерекше ескерткіш өңірдің киелі мәдениетінде прототаңбалық және күнтізбелік-ғұрыптық тәжірибелердің қалыптасқанын дәлелдейді. Ойықтардың жүйелі орналасуы мен олардың Ақбауыр, Доланалы, Жетісу, Алтай және Шығыс Еуропа нұсқаларымен ұқсастығы Сарыжонды Еуразиядағы символдық ойықтарды (cupules) рәсімдік-коммуникативтік мақсатта пайдаланудың маңызды буыны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай кешендер визуалды-таңбалық коммуникацияның қалыптасуының ерте кезеңін көрсетіп, сакралды символдардан кейінгі дәуір көшпелілеріне тән ұйымдасқан белгілік жүйелерге көшу үдерісін бейнелейді.

Осылайша, Қазақ Алтайы аумағынан жиналған археологиялық деректер қола дәуірін нағыз таңбалық жүйенің қалыптасу уақыты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде бейберекет сакралды белгілерден кең мағыналы, саналы түрде ұйымдастырылған таңбалық-коммуникативтік формаларға – кеңістік пен меншікті, қасиетті орынды белгілеу тәсілдеріне көшу жүзеге асты. Мұндай үдерістер ерте темір дәуірі көшпелілерінің таңба пайдалану дәстүрінің алғышартына айналып, ежелгі номадтар мәдениетінің көрнекі іргетасын қалады.

Келесі бөлімдерде 2024 және 2025 жылдары жүргізілген Шөже мен Сарыжон ескерткіштеріндегі далалық зерттеу нәтижелері ұсынылады. Бұл екі нысан Қазақ Алтайының ежелгі халқының сакралды-ритуалдық тәжірибесіндегі абстрактілі және заттық таңбалық формалардың қалыптасу кезеңдерін көрсетіп, ерте темір дәуірі көшпелілерінің таңба пайдалану жүйесіне дейінгі визуалды-коммуникативтік дәстүрдің бастауларын айқындауға мүмкіндік береді.

3.1 Қазақ Алтайы ежелгі тұрғындарының «белгі тәртібі» туралы

Ақбауыр археологиялық кешенінен оңтүстікке қарай 2,53 км жерде, құрамына сақ дәуірінің қоныстар мен қорымдар жүйесін, сондай-ақ әртүрлі дәуірлерге жататын өзге де ескерткіштерді біріктіретін кешенде, Шөже мен Ұранхай өзендерінің тоғысқан жерінде, табиғи-ландшафтық элементтері көркем түйісу нүктесінде орналасқан Шөже қорымы (Сурет 9) жатыр.

Сурет 9 – Шөже қорымы. Ескерткіштің ортофотожоспары

Былтыр, 2024 жылы палеометалл дәуіріне жататын, ірі түйірлі гранит тақталарынан тұрғызылған, екі жерлеу камерасы бар қоршау зерттелді. Камералардың бірінің қабырғаларында, шамамен құрылысты тұрғызу немесе жерлеу-еске алу ғұрыптары кезінде қашалған, «су/толқын» немесе ирек (зигзаг) белгілерін еске түсіретін, көлденең бағытта орналасқан сынық сызықтардан құралған геометриялық таңбалар анықталды. Сол камерадан табылған сынған қыш ыдыстардың сынықтарында да ұқсас ирек түріндегі өрнектер бар. Бұл олардың шығу тегі мен мәні тұрғысынан ортақ (көркемдік, діни-мифологиялық және т.б.) негізі бар екенін көрсетеді. Аталған символдық белгілер болашақта жерлеу-еске алу ғұрыптарының контексінде арнайы зерттеудің нысаны болуы тиіс.

Жерлеу-еске алу құрылыстарының қабырғаларына мифологиялық мазмұндағы түрлі көріністерді, жануарлар мен адамдар бейнелерін, сондай-ақ ирек, тор, үшбұрыш және басқа да геометриялық белгілерді қашау дәстүрі көне дүниенің көптеген мәдениеттерінде белгілі. Мұндай элементтер Орталық Азияның палеометалл дәуірі ескерткіштерінде де кездеседі, мысалы: Алтайдағы Қарақол суреттерінде, Жетісудағы Таңбалы қорымдарында, Қазақстанның шығысындағы Сарыкөл мен Қырықүңгірде және т.б. Олар көне адамдардың мифо-ритуалдық кешендерімен және күнделікті өміріндегі «өтпелі ғұрыптарымен» тығыз байланысты [30, с. 861–888].

Ирек түріндегі абстракциялар жартас суреттерінде де кездеседі және жоғарыда айтылғандай, қола дәуіріндегі қыш ыдыстардың беттерін де безендірген. Бұл ыдыстардың көбі марқұмды о дүниеге жөнелту ғұрыбы үшін арнайы жасалған. Аталған жерлеу камерасының қабырғасындағы иректердің және оның түбінен табылған адам сүйектерінің анықталуы жаңа заманауи деректерді пайдалана отырып, Ақбауыр үңгіріндегі символдық белгілердің мерзімін және мазмұнын нақтылауға мүмкіндік береді. Жерлеу камерасынан табылған адам сүйектеріне палеогенетикалық зерттеу жүргізу және радиокөміртекті (C14) талдау жасау бұл белгілер мен таңбаларды жасаған көне қауымдардың өмірі мен дүниетанымының кейбір қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Ескерткіш құрылымы екі компоненттен тұрады: жоспарда тікбұрышты пішінді қоршау және оның ішіне салынған екі жерлеу камерасы. Қоршау қабырғаларының өлшемдері мынадай: шығысында – 5,38 м; батысында – 5,26 м; солтүстігінде – 4,49 м; оңтүстігінде – 4,84 м. Қоршау тік орнатылған гранит тақталардан тұрғызылған, олардың ішінде екі жерлеу камерасы-жәшік орналасқан. Жерге тереңдетіп орнатылған тікбұрышты жәшіктер өңделген ірі гранит тақталардан құрастырылған және батыстан шығысқа қарай, сәл оңтүстік-шығысқа ауытқып параллель орналасқан (3-сурет). Камералардың арақашықтығы 1,58 м. Тек оңтүстік камерада ғана қалың гранит тақтадан жасалған

жабынның сынығы сақталған. Солтүстік жерлеу камерасының оңтүстікке қарағанда кешірек тұрғызылғанын көрсететін әлсіз белгілер байқалады, бұл сыртқы тік тақталардан жасалған қоршаудың кейін қайта тұрғызылғанын білдіреді.

Солтүстік камераның өлшемі 1,88 × 0,9 м, тереңдігі 0,53 м. Ол ерекше назар аудартады, себебі оның екі қабырғасында ирек түріндегі белгілер бар (Сурет 10), сондай-ақ сол камерадан табылған қыш ыдыстардың сынықтарында да ұқсас өрнектер байқалады.

Сурет 10 – Шөже қорымы, №5 нысан. Жерлеу камерасының қабырғаларындағы ирек таңбалар. Сурет: Андрей Пушкарев

Камера түбінен палеогенетикалық зерттеуге жарамды адам сүйектері алынды. Оңтүстік камера төрт бүтін гранит тақтадан жасалған, олардың барлығы қырынан орнатылған. Камераның өлшемдері: 1,90 × 1,0 м, тереңдігі – 0,8 м. Оның түбінен бүлінген адам сүйектері және бүйір беті тарақ тістес штамппен салынған көлеңкелі үшбұрыштар түріндегі өрнекпен әшекейленген қыш ыдыс сынықтары табылды (Сурет 11).

Сурет 11 - Шөже қорымы, № 5 нысан: 1 – солтүстік камера, ирек ою-өрнек композициясы бар саздан жасалған ыдыстардың сынықтары; 2 – оңтүстік камера, штрихталған үшбұрыштары бар қыш фрагменті. Орындаған: Максим Половцев

Ұзын бүйір қабырғада (ұзындығы 1,57 м) қосарланған иректер он рет қайталанып, көлденең бағытта ұйымдасқан тұтас композиция түзеді. Бұл сынық сызықтардан құралған

ырғақты өрнектер сол камерада жерленген адамның тиесілі болған қауымының күрделі мифопоэтикалық түсініктерін бейнелейді. Бұл бейнелер жерлеу-еске алу рәсімдерінің құрамдас бөлігі болғаны анық. Мұны қысқа қабырғада бейнеленген ұқсас, бірақ ықшам таңба, сондай-ақ қыш ыдыстардың қабырғаларындағы үш еселенген ирек тәрізді композициялар да қуаттайды (Сурет 12).



Сурет 12 – Шөже қорымы, № 5 нысан. Солтүстік жерлеу камерасының қабырғаларындағы ирек таңбалардың фотограмметриялық бейнелері. Орындаған: Сағынбай Мұрғабаев

Ирек түріндегі символдық белгі әр дәуір мен мәдениетте кең тараған әрі көпмағыналы таңбалардың бірі. Мысалы, дольмендерде де осындай бейнелер кездеседі [31, с. 122–123].

Ю.М. Лотманның концепциясы тұрғысынан ирек иректі семиотикалық таңба ретінде қарастыруға болады. Түрлі интерпретацияларға қарамастан, ол тарихи кезеңдер бойы өз мәнін және функциясын сақтап, әртүрлі мәдени дәуірлерді байланыстырып тұрады [2, с. 11–12].

Шөже ескерткішінен табылған белгілерге иконографиялық және семантикалық параллельдер іздегенде алдымен Ақбауыр үңгіріндегі символдық белгілерге назар аударылады (Сурет 13).



Сурет 13 – Ақбауыр үңгірі. Қызыл жосамен салынған қола дәуірінің символдық белгілері. Сурет: Зайнолла Самашев

Бұл белгілер тек синхронды емес, сонымен қатар бір рулық-тайпалық қауым өкілдерімен жасалған болуы әбден мүмкін. Алайда, Ақбауыр иректері храмдық кешеннің ерекше күрделі белгілер жүйесінің құрамына кіреді және сөзсіз, жерлеу-еске алу ғұрпынан әлдеқайда кең мазмұндағы, күнтізбелік-ритуалдық циклге байланысты күрделі дүниетанымдық және ритуалдық мистерияларды бейнелейді [32, с. 184–190].

Осы кең таралған абстракцияның мән-мазмұнына қатысты көптеген батыл әрі ерекше болжамдар бар. Олардың бірі – табиғи құбылыстардың, соның ішінде дыбыстық құбылыстардың визуализациясы, ал енді бірі – басқа әлемге өту актісінің графикалық метафорасы [33, с. 1–21]. Дж. Купердің пікірінше, ирек найзағай мен одан кейінгі отты, сондай-ақ құнарлылықты білдіреді. Бұл таңба дауыл құдайларының атрибуты ретінде де кездеседі, мысалы, вавилондық Адад құдайы қолында ирек немесе жалын шоғымен бейнеленген. Мұнда иректің символикасы трезубец пен найзағайдың нышанымен ұқсас [34, с. 101]. Б.Б. Пиотровский мен Н.Д. Флиттнер иректі көне Шығыс мәдениеттерінде су стихиясымен байланыстырған [35, с. 90–94; 36, с. 153–156]. Мұндай түсіндіру судың өмір мен құнардың бастауы ретіндегі рөлін айқындайды. С.Ж. Пустовалов иректі күнтізбелік символикамен байланыстырып, оны табиғи ырғақтар мен маусымдық циклдерді бейнелеу үшін қолданылған белгі ретінде қарастырады [37, с. 36].

Ерте темір дәуірінде иректер өз мәнін сақтағанымен, жаңа түсіндірмелер пайда болды. Мысалы, скиф мәдениетінде ирек сызықтары от пен күн культімен, сондай-ақ жауынгерлік символдармен байланыстырылған. Осындай өрнектермен безендірілген қару мен әшекей бұйымдар әдетте сакралды сипатқа ие болған. Г.Н. Вольная ирек пен үшбұрышты өрнектерді құстың қауырсыны мен аңның жүнін бейнелейді деп түсіндіреді [38, с. 35]. Ол сондай-ақ құс денесіндегі үшбұрыш, ирек және пуансондық өрнектер суды және өсімдікті бейнелейді, яғни бұл элементтер сол құстың денесінен жаралған табиғи стихиялардың символы деп есептейді [39, с. 96]. Бұл түсіндіру табиғат құбылыстары мен олардың символдық бейнеленуінің терең байланысын айқындайды.

Орта ғасырларда ирек өрнегі сәндік элемент ретінде тоқымада, сәулет өнерінде, қару-жарақта кеңінен қолданыла берді. Ислам өнерінде ирек сызықтары геометриялық өрнектер құрамына кіріп, шексіздік пен өмірдің үздіксіздігін бейнелеген. Түркі халықтарының мәдениетінде ирек су мен жануарлар әлемінің символы ретінде сақталды. А.Х. Марғұлан ирек тәрізді сызықтарды су мен өзен ағысын бейнелейді деп көрсеткен [40, с. 84]. Бұл мотив «су өрнек» деп аталып, қазақтардың сәндік-қолданбалы өнерінде кең тараған. Археологиялық деректер оның түп-төркіні қола дәуірі мәдениеттеріне барып тірелетінін көрсетеді [41, с. 132].

Шөже №5 қоршауы бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері көне қауымдардың абстрактылы белгілер жүйесінің мәні мен қызметін түсінуге зор үлес қосады. Қоршау қабырғасындағы және өзге аймақтардағы ұқсас символдардың табылуы Еуразия кеңістігіндегі мәдени-тарихи байланыстарды зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Жерлеу камераларының қабырғаларындағы ирек түріндегі сынық сызықтар «о дүниеге өту» ғұрпымен тығыз байланысты және көне қоғамның табиғи стихияларға, өмірлік циклдерге қатысты қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдарын бейнелейді. Тік орнатылған гранит тақталардан жасалған қоршау мен оның ішіндегі таңбалы жерлеу камерасы көне мифологиялық дүниетаным тұрғысынан тірілер мен өлілер әлемін байланыстыратын киелі кеңістік ретінде қабылданған. Мұндағы таңбалар екі әлемнің арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етіп, тірілер мен рухтар дүниесінің игілігін сақтауға қызмет еткен.

Шөже қорымының №5 қоршауындағы материалдарды зерттеу қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымын және жерлеу-еске алу ғұрпының мәнін терең түсінумен қатар, Қазақ Алтайы ерте көшпелілері белгі жүйесінің қалыптасу алғышарттарын пайымдауға мүмкіндік береді.

3.2 Символдық бейнеден белгілік жүйеге: Қазақ Алтайының «ойықты» тастары

Ерекше археологиялық нысандардың бірі 2025 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бестерек ауылынан 3 шақырым оңтүстік-батысқа қарай Сарыжон жотасының етегінде жүргізілген далалық зерттеулер барысында анықталды.

Бұл нысан – куб пішінді ірі тас, оның үстінде 300-ден астам тостағанша тәрізді ойық тіркелді. Ойықтар қойтастың жоғарғы бетінде рет-ретімен орналасқан және олардың табиғи жолмен пайда болмағаны анықталды. Керісінше, бұл – қасиетті-символикалық мазмұнға ие, арнайы жасалған бейнелеу туындысы. Ойықтардың композициясы, оларды жалғайтын жүлгелердің болуы, сондай-ақ тастың бетінде байқалған өңдеу іздері бұл ескерткіштің белгілі бір наным-сенімдік рәсімдер аясында пайдаланылғанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер оның қола дәуіріндегі культтік-ғұрыптық жүйеде визуалды код қызметін атқарғанын аңғартады.

Соңғы онжылдықтағы археологиялық зерттеулер көрсеткендей, ойық тәрізді шұңқырлар әлемнің бұрыш-бұрышынан анықталуда. Көлемі әрқилы бұл ойықтардың адам қолымен жасалғаны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Дегенмен, олардың шығу тегі мен қолданылу мақсатына қатысты көзқарастар әртүрлі болып келеді. Зерттеушілердің бір бөлігі бұл құрылымдарды су ресурстарымен, жағалау жүйелерімен, астрономиялық

білімдермен және сұйықтық құю рәсімдерімен байланыстырады [42, с. 159–180; 43, с. 390–416; 44, с. 432–442], ал енді бірқатары оларды ежелгі ойын тақтасы ретінде қарастырады [45, с. 61–80].

Ғылымда ойықтардың ерте кезеңдерге тән екендігі жөнінде орныққан пікір бар. Алайда олардың семантикалық және символикалық жүктемесін тек осы хронологиялық шеңбермен шектеу орынсыз. Оларды көне дәуірден бастау алатын, кейінгі тарихи кезеңдерде – соның ішінде ерте темір дәуірінде де дамып, түрленген, Қазақ Алтайы көшпелілерінің белгілер жүйесінде көрініс тапқан архаикалық визуалды тіл элементтері ретінде қарастыруға негіз бар.

Қазіргі археологияда көне ескерткіштердің осы типін зерттеуге деген қызығушылықтың артып отырғанын ескерсек, Сарыжон ойықтарының маңызы тек қазақстандық археология үшін ғана емес, әлемдік археологиялық ғылым үшін де аса жоғары екендігі даусыз.

Символдық ойықтарды зерттеу Қазақ Алтайы ерте көшпелілерінің визуалды жүйесінің алғашқы белгілерін түсіну үшін археология, технология, семиотика және салыстырмалы-тарих сияқты әртүрлі ғылыми әдістерді біріктіруді қажет етті. Мұндай кешенді тәсіл нысанның табиғатымен байланысты болды: ойықтәрізді шұңқырлар ежелгі адамдар қалдырған қарапайым із ғана емес, сонымен қатар мағыналық жүк арқалаған символдық белгілер еді. Сондықтан оларды тек археологиялық дерек ретінде ғана емес, кең мәдени-рухани мәнмәтінде қарастыру маңызды болды.

Зерттеу барысында мынадай заманауи әдістер қолданылды: GPS-геолокация мен картографиялау арқылы әрбір ойықтың орны белгіленіп, WGS-84 жүйесінде арнайы картаға түсірілді, бұл деректер Қазақ Алтайы ескерткіштерінің бірыңғай сандық базасына енгізілді. Әртүрлі жарық режимінде фототүсірілім, 3D-фотограмметрия, DStretch пен поляризациялық сүзгілерді пайдалану көзге көрінбейтін ұсақ белгілерді анықтауға мүмкіндік берді. Соның арқасында қойтас пен жартас бетінің толық сандық үлгілері жасалып, кейінгі морфометриялық талдауларға жол ашылды. Бұған қоса дәстүрлі әдістер – суретін сызу мен контурын түсіру – ойықтарды петроглифтермен және басқа бейнелермен салыстыруға жағдай жасады.

Ойықтардың орналасқан жері де көп нәрсені аңғартты: Сартынбет пен Ақбауырда олар үңгірлер мен ғұрыптық алаңдардың жанынан табылып, біртұтас семиотикалық кешен құраса, Доланалы мен Тарбағатайда шоқылардың етегінде немесе су көздерінің маңында кездеседі. Бұл табиғи орындардың ежелгі тұрғындар үшін ерекше мәнге ие болғанын көрсетіп, ойықтардың діни-ғұрыптық іс-әрекеттермен тығыз байланысты болғанын дәлелдейді.

Кейде ойықтар топтаса орналасып, сызық, шеңбер немесе топ түрінде көрініп, кеңістікті қабылдауда ырғақтылық пен реттелген құрылым тудырған. Олар күн бейнелерімен, құрбандық көріністерімен және жануар бейнелерімен қатар кездесіп, кеңірек символдық жүйенің бір бөлігі болғанын көрсетті. Ерте кезеңнің өзінде бинарлық, гантельтәрізді немесе көзге ұқсас композициялар байқалып, кейін петроглиф өнерінде жалғасын тапты, бұл символдық кодтардың дамуы мен сабақтастығын аңғартты.

Ойықтар тек физикалық шұңқыр емес, алғашқы визуалды белгілер жүйесін құрайтын элементтер ретінде де қарастырылды. Ю.М. Лотманның «визуалды синтаксис» тұжырымдамасына [2, с. 11–12] сәйкес, қарапайым таңбалар біртіндеп күрделеніп, тұтас мағыналық жүйеге айналады, сондықтан ойықтар қайталанатын, белгілі бір үлгіге бағынған және мағыналық әлеуетке ие алғашқы «дәндер» ретінде қабылданды. Олар діни қызметтен бөлек, күнтізбелік немесе санау құралы ретінде, сондай-ақ оқиғалар мен нысандарды есте сақтаудың таңбасы ретінде қолданылған болуы мүмкін.

Шығыс Қазақстандағы ойықтар Еуразияның басқа өңірлеріндегі ұқсас ескерткіштермен салыстырылды: Алтайдағы Калбак-Таш кешенінде олар петроглифтермен және діни тәжірибемен қатар кездессе, Жетісу мен Тянь-Шаньда ғұрыптық алаңдардан құрбандық заттарымен бірге табылды, ал Шығыс Еуропадағы қола және ерте темір дәуірінің культтік тастарында да осындай ойықтар белгілі. Бұл дәстүрдің ежелден бар екенін және әртүрлі мәдениеттерде ұзақ уақыт сақталғанын дәлелдейді.

Ойықтардың мерзімделуі де анықталды: Ақбауыр III қонысындағы мәдени қабаттардың радиокөміртекті мерзімдемесі (б.з.д. шамамен 1600 ж.) оларды қола дәуірімен байланыстырса, Усть-Нарымнан табылған екі ойығы бар сүйек қанжардың (неолит кезеңі) табылуы бұл дәстүрдің бұдан да ерте басталғанын көрсетті. Демек, ойықтарды жасау дәстүрі неолиттен ерте темір ғасырына дейін жалғасқан, яғни ол ежелгі қауымдардың мәдени-рухани өмірінде маңызды рөл атқарған.

Осындай әртүрлі ғылыми әдістерді қатар қолдану ойықтәрізді шұңқырлардың жай ғана тасқа ойылған із емес, ерте қоғамдардың діни және көрнекі тәжірибесінде маңызды орын алған жүйелі семиотикалық құрылымдар екенін айқындап берді. Сол себепті оларды Қазақ Алтайының ежелгі халқының алғашқы визуалды тілінің негізін құрайтын элементтер деп атауға болады.

Шығыс Қазақстандағы бірқатар ескерткіштерден шұңқыр тәрізді символдық белгілер – ойықтар табылып отыр. Олардың пішіні, орналасуы және мән-мағынасы әртүрлі. Ең танымал орындардың бірі – Өскемен қаласынан 50 шақырым оңтүстікте орналасқан Сартынбет. Бұл – гранит жотадағы табиғи жарық, уақыт өте келе эрозияға ұшыраған. Бірқатар астроархеологтар оны ежелгі бақылау орны деп санаған. Алайда

өлшеулер шығыс–батыс бағыты бойынша шамамен 5° ауытқуды көрсеткен. Сонымен қатар, үңгір қабырғасында кейінгі кезеңге жататын ақ дақтар байқалады. Бұған қарамастан, дәл осы жерде астрономиялық маңызды күндерде бағыттарды [46, с. 209–210].

Ақбауыр үңгірі ежелгі жазбаларымен және минералдық бояумен салынған суреттерімен танымал киелі орын болуымен қатар, мұнда көптеген ойықтар да шоғырланған. Олар тау етегіндегі жұрнақ беттерінде де, жекелеген стелаларда да кездеседі. Мәселен, бірінші тау жұрнағында диаметрі 3–4 см-ге дейін, тереңдігі шамамен 1 см болатын, мұқият қашалып, тегістелген ойықтар сақталған. Олар тік, көлбеу және көлденең беттерде жеке-дара немесе шағын топ түрінде орналасқан. Осы тау жұрнағының жанындағы ірі стелада көлемдірек, тостаған тәріздес ойықтар қашалған. Екінші тау жұрнағында жануар бейнелері бар петроглифтерден бөлек, тегіс шыңында айқын ойықтар да байқалады. Ал оның етегінде қазіргі уақытта зерттеліп жатқан Ақбауыр III қонысы орналасқан. Сондай-ақ осы ескерткіштер кешеніне кварцты қоршаулар да кіреді (Сурет 14).



Сурет 14 – Сарыжон ойықтарының Ақбауыр ескерткіштер жүйесіндегі орналасуы. 1 – Ақбауыр үңгірі; 2 –әр жерінде ойықтары бар бірінші тау жұрнағы; 3 –тостаған тәрізді ірі ойықтар бар ауыр стела; 4 – шыңында ойықтары бар екінші тау жұрнағы; 5 – Ақбауыр III

қонысы; 6 – Сарыжон; 7 – кварцты қоршауы (a – үңгір, b – ойықтары бар тастар, c – қоныстар, d – кварцты қоршау). Орындаған: Максим Половцев

Радиокөміртекті мерзім бойынша бұл қоныс шамамен 3385 ± 31 жыл бұрынғы дәуірге жатады. Бұл дерек ойықтардың бір бөлігін қола дәуірінің соңына жатқызуға мүмкіндік береді. Үңгірдің өз ішінде де бұрын белгісіз бірнеше ойық анықталған. Сондықтан біз петроглифтер мен ойықтарды осы мерзімге сүйене отырып талдап, олардың қола дәуірінің соңғы кезеңінде өмір сүрген адамдардың бейнелеу қызметінің жемісі деген тәуекелді болжам жасаймыз.

Қалжыр өзені бойындағы Доланалы жазығында үш көпфигуралы композиция анықталған. Солардың ішінде ерекше санатқа жататыны – қойтастар мен жартастардағы тостаған пішінді ойықтар. Олар кейде жеке, кейде топтасқан, ал кейбірі жүлгелер арқылы өзара жалғасқан түрде кездеседі. Бұл ойықтарды ғұрыптық-діни тәжірибенің элементтері ретінде түсіндіруге болады. Сонымен қатар, ірі ойықтардың бір бөлігі металл дәуіріне дейін жасалып, кейінгі кезеңдерде де жалғасын тапқан болуы әбден мүмкін.

Тарбағатай өңірінде тостаған пішінді ойықтар ашық қойтастарда да, жартас беттерінде де кездеседі [47, с. 5–22]. Ерекше назар аударатын нысан – Оралбайдағы жартас қырындағы тігінен бағытталған пішіні мінсіз дөңгелек болып келген терең ойық. Бұл ойық аспан денесін немесе аспан күмбезін бейнелеген болуы мүмкін.

Усть-Нарым қонысының неолиттік қабатындағы жерлеуден табылған сүйек қыстырмалы қанжардың саптарында ойылған ойықтардың бейнелерін де осы құбылыс мәнмәтінінде қарастыруға болады [48, с. 7; 49, с. 735–748]. Мұнда екі ойық жүлге арқылы қосылған, бұл шамасы, өмірлік немесе табиғи циклдің басы мен соңын білдірсе керек, сондай-ақ бинарлық оппозициялар жөніндегі мифтік-ғұрыптық түсініктер кешенін бейнелеген деп санаймыз. Бұл сарынның параллельдері Қазақстанның қола дәуіріндегі петроглифтерде кездесетін гантель пішінді және көз пішінді бейнелерде байқалады, олар көбінде құрбандық жануарлары немесе адамдар бейнеленген культтік көріністерге енгізілген. Ұқсас өрнектік элементтер Пеган, Черноозерье II, Оленеостровский ескерткішінен және мезолит пен неолиттің басқа да бірқатар кешендерінен табылған сүйек қанжарлары мен саңылаулы құралдарда тіркелген, оларды зертеушілер өрнектік мәтін ретінде талдаған [50, с. 345–363; 51, с. 273–275; 52, с. 67–68; 53, с. 51].

Биылғы зерттеулер барысында табылған (Сурет 15) осы тектес пішінді тастың беті өңделген, ал жоғарғы қырында ондаған ойық бар (Сурет 16). Олардың орналасу жүйесі «тіркескен ыдыстарды» еске салады. Ойықтардың саны белгілі бір циклдік құбылыстармен немесе сандық мәндермен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан бұл

тасты күнтізбелік-ғұрыптық тәжірибенің бөлігі ретінде қарастырып, құнарлылық және су культімен байланыстыруға негіз бар.

Сурет 15 – Сарыжон жотасының етегіндегі тас бетіндегі ойықтар, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бестерек ауылының маңайы. Сурет: Зайнолла Самашев



Сурет 16 – Сарыжон жотасының етегіндегі ойықтары бар тастың графикалық калькасы. Орындаған: Максим Половцев

Ойықтардың құрбандыққа арналған жануарлардың ерекше бейнелерінің жанында орналасуы, сондай-ақ олардың стелаларда, қойтастарда және жартас беттерінде жүйелі

түрде қолданылуы олардың қасиетті мәнін айқындайды. Зерттеушілердің басым көпшілігі бұл белгілерді құнарлылық культімен, құрбандық шалу идеясымен, ата-бабаларды қастерлеумен, су стихиясымен және өзге де ғұрыптық түсініктермен байланыстырып түсіндіреді [54, с. 68–80; 55, с. 104–109; 56, с. 124; 47, с. 8]. Осылайша, шұңқыр тәрізді символдық ойықтар бейнелеу мен ғұрыптық тәжірибенің маңызды элементін құрайды. Олар ең алдымен қола дәуіріне тән болғанымен, кейінгі кезеңдерде де өз жалғасын тапқан.

Ойықтар ең ежелгі өнер түрлерінің бірі болып саналады. Олар Антарктидадан басқа барлық құрлықтардан табылған және тас дәуірінің үш кезеңінде – палеолитте, мезолитте және неолитте жасалып, тарихи дәуірге дейін жеткен. Қазіргі халықаралық археологиялық жарияланымдарда қолданылып жүрген «cupule» терминін белгілі австриялық археолог Роберт Г. Беднарик 1993 жылы енгізген [57, с. 138–139]. Оның айтуынша ойықтар әлемде кең таралғанына қарамастан ең аз зерттелген және ең түсініксіз петроглиф түрі болып саналады [58, с. 62]. Оларды салудың нақты мақсаты әлі күнге белгісіз дей келе, дегенмен олардың мағынасына қатысты кейбір этнографиялық деректер бар екендігін атап өтеді [59, с. 109–114]. Сондай-ақ ойықтар төрттік кезеңдегі көптеген адамзат қоғамдарының экзограммалық дәстүрлерінде – ең көне мәдениеттерден бастап XX ғасырға дейін тіркелгендігін келтіреді [60, с. 758].

Жалпы мағынада cupule (ағылш. тілінде «кьюпьюл» деп айтылады, «капу́л» емес) термині шағын тостағанша пішінді белгіге, құрылымға немесе ағзаға қатысты қолданылады. Бұл сөз кейінгі латын тіліндегі cūpula – «шағын бөшке» сөзінен шыққан. Ол келесі тілдерде былайша аударылады: французша – cupule, немісше – kupule, итальянша – copella, орысша – чашевидное углубление, испанша – cúpula [58, с. 61–62]. Р.Г. Беднарик пен әріптестерінің пайымдауынша, ойықтың (cupule) анықтамасы мынадай: «перкуссия әдісімен жасалған, көлденең немесе тік бетте кездесетін жартылай шар тәрізді петроглиф [61, с. 274]. Бұл анықтама үш негізгі өлшемді қамтиды. Біріншіден, ойық петроглиф ретінде адам қолымен жасалуы тиіс. Мұны табиғи жолмен пайда болуы мүмкін барлық ықтимал түсіндірулерді жоққа шығару арқылы анықтауға болады. Екіншіден, ол көптеген соққы нәтижесінде пайда болуы қажет. Егер ойықтың беті ауа райының әсерінен қатты бүлінбеген болса, онда жыныс түйіршіктері немесе кристалдары перкуссия іздерін көрсетуі тиіс. Мұндай іздерге сынған немесе уатылған бөлшектер, микроскоппен анықталатын соққы нүктелері бар раковина тәрізді сынықтар, кристалдардың ішкі жарылулары және беттің көгерген іздері жатады. Ал өте жұмсақ жыныстарда өңдеу іздерінің қатарында айқын макроскопиялық құрал таңбалары кездесуі мүмкін. Үшіншіден, ойық петроглиф ретінде әдейі жасалған болуы шарт. Ол утилитарлық емес немесе символикалық қызмет атқаруы тиіс, дегенмен кей жағдайларда оның жасалуында белгілі

бір утилитарлық мақсаттар да қатар жүруі ықтимал [58, с. 70]. Осылайша, ойықтар тек қана техникалық әрекеттің ізі емес, сонымен бірге мәдени және символикалық мәнге ие ерекше белгілер болып саналады.

Роберт Г. Беднарик ойықтарды талдау/түсіндірудің сан алуан нұсқаларын он бір негізгі топқа бөліп, сакралдықтан бастап тұрмыстық мақсаттарға дейінгі деп жүйелеп көрсетеді және бұл құбылысты әмбебап түсіндірудің мүмкін еместігін атап өтеді [62, с. 67–69].

Оның пікірінше, ойықтың шын мәнінде нағыз ойық екенін анықтау үшін алдымен оның табиғи жолмен пайда болу мүмкіндігін жоққа шығару қажет. Табиғатта қолмен жасалғанға ұқсас әртүрлі пішіндер кездеседі: мысалы, шұқыршақтар (potholes) – су мен тас қозғалысының әсерінен пайда болған ойықтар; литологиялық ойықтар – құмтастағы кернеулі деформациялардың нәтижесі; эрозиялық түзілістер – гнамаллар (gnammas) немесе тафондар (tafones); сондай-ақ құмтаста кездесетін көлемді дөңгелек ойықтар (opferkessel, sname). Мұндай табиғи құбылыстар сырттай ойықтарға ұқсайды, бірақ оларды ойықтармен теңестіруге болмайды [58, с. 64].

Тағы да Р.Г. Беднариктің пікіріне сүйенсек, тастың бетінде кездесетін барлық шұңқырларды ойықтар деп санауға болмайды. Олардың ішінде шығу тегі мен қызметі жағынан өзгеше антропогендік пішіндер бар және оларды жеке қарастыру қажет. Бұған тағамды немесе бояуды өңдеуге арналған диірмен тастары мен келілер; ойындармен байланысты ойықтар; дыбыс шығару мақсатында жасалған литофондық тесіктер; қашау және өңдеу іздері; жануарлар мен адамдардың іздерін бейнелейтін ойықтар; сондай-ақ қазіргі замандағы техникалық тесіктер жатады. Мұндай түрлердің барлығы өзіндік қызметі мен мәдени мәніне ие болғандықтан, нағыз ойықтар қатарына енгізілмейді. Ойық толығымен бейшаруашылық (символдық) болуы үшін оның жасалуында ешқандай практикалық мүдде болмауы тиіс [58, с. 62–70].

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ Алтайының ежелгі тұрғындары қалдырған ескерткіштерден, әсіресе Сарыжоннан анықталып отырған ойықтарды, шын мәнінде «cupule» ұғымының анықтамасына толық сәйкес келетін тың археологиялық жаңалық ретінде қарастыруға негіз бар

Шығыс Қазақстан ескерткіштерінде кездесетін шұңқыр тәрізді ойықтар қола дәуірі мәдениетінің киелі элементі ғана емес, сонымен қатар Қазақ Алтайының ерте көшпелілері қолданған бейнелеу тілінің бастауын құрайды. Мұндай ойықтардың белгілі бір ретпен жасалуы, жиі қайталануы және күрделі бейнелермен қатар кездесуі олардың жай ғана әшекей бедер емес, арнайы мағынасы бар таңбалық жүйенің алғашқы нышандары болғанын көрсетеді.

Бұл ойықтар мен кейінгі дәуірлерде қалыптасқан таңбалардың арасындағы ұқсастықтар көшпелілер дүниетанымында тұрақты дәстүр сақталғанын дәлелдейді. Бұл дәстүр киелілік, табиғи циклдер мен қауымдық бірлік идеяларына негізделген. Сол себепті ойықтарды зерттеу ежелгі адамдардың алғашқы жазу, шартты белгі және таңбалық жүйелерді қалай қалыптастырғанын түсінуге мүмкіндік береді.

Осындай ескерткіштердің ішінде айрықша мәнге ие нысан – Сарыжон жотасында орналасқан, бетінде үш жүзден астам ойығы бар қойтас. Оның құрылымына қарағанда ойықтар белгілі бір тәртіппен орналастырылған, ал кейбірін жалғап тұрған жүлгелер бар. Бұл оларды кездейсоқ қашалған бедер емес, нақты мақсатқа арналған құрал болғанын айғақтайды. Зерттеушілер мұндай ойықтарды күнтізбелік-ғұрыптық құрал ретінде түсіндіреді: олар табиғат құбылыстарын, маусымдық өзгерістерді қадағалау үшін және құнарлылық пен ылғалға байланысты рәсімдерде пайдаланылған болуы ықтимал. Сонымен бірге бұл тас қауым үшін қасиетті белгі әрі ұжымдық жадты сақтаушы рөлін де атқарған.

Осыған орай Сарыжондағы ойықтарды қарапайым бейнелер емес, адам мен табиғат және қасиетті кеңістік арасындағы байланысты бейнелеген ерекше таңбалық жүйе ретінде қарастыруға болады. Оның басты қызметі – ғұрыптық әрекеттерді ұйымдастыру, уақыт пен кеңістікті киелі сипатқа бөлеу. Бұл ескерткішті ерте көшпелілердің алғашқы визуалды жүйелерінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды дерек көзі деп есептейміз.

4 Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандарында жүргізілген археологиялық барлау-зерттеу жұмыстары

Ұсынылып отырған есеп – бағдарламалық ғылыми-зерттеу жобасының қорытынды нәтижелерін қамтитын түйінді құжат болып табылады. Есепте соңғы екі жылда жүргізілген далалық барлау және зерттеу жұмыстарының негізгі жетістіктері мен ғылыми нәтижелері біріктіріліп берілді.

4.1 Ұлан ауданындағы зерттеулер

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы аумағында 2024 жылы белгілері мен таңбалары бар ежелгі жартас өнерінің 7 ескерткіші: Шөже қорымы, Сарыжон ойықтары, Қарымсақ, Қызылтас, Майтпас, Ақбауыр-2, Сағыр және Сағыр 3 петроглифтері зерттелген болатын. Биылғы барлау-зерттеу жұмыстары Ұлан ауданында Қызылтас тауының маңында, Сагыр және Бестерек ауылдарының төңірегінде, сондай-ақ Ақбауыр ескерткіші аумағында жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде өңірдің бейнелеу және таңбалық дәстүрлерінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу тұрғысынан айтарлықтай қызығушылық тудыратын бірнеше жартас суреттері шоғыры (Сурет В. 1) анықталды.

Шөже қорымы (Сурет В.2). Ескерткіш Шөже өзенінің жайылмасының үстіндегі екінші террассада, Бестерек ауылынан 2 шақырым жерде, Өскемен – Тарғын тас жолының бойында орналасқан. Кешен 19 нысаннан тұрады. Оның батысында 80 метр жерде Шөже мектебінің қирандылары, ал оңтүстігінде 130 метр жерде мұсылмандар зираты орналасқан. Қорым аумағын көгал басқан, кейбір нысандар террассаның шетінде орналасқан. Ескерткішке 2024 жылы Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізді. Оның №5 қоршауының, солтүстік тас жәшігінің қабырғасына ирек таңбалар түсірілген.

№1 тас жәшіктің екі тақтасында ирек сызықтар анықталды (WGS1984 координаттары: 49°39'40.46"N 82°39'37.52"E). Тастақталар тігінен орналасқандықтан, сәйкесінше таңба-белгілер тік экспозицияда тұр. Оңтүстік-батыс (ОБ) тақтасында сызықтар in situ, текстурасы бар және текстурасыз 3D үлгісінде де көрінді (Сурет В.3). Солтүстік-батыс (СБ) тастақтада сызықтар текстурасы жоқ беттік рельефті көрсетуде дәл 3D үлгісінде табылды (Сурет В.4).

Сарыжон ойықтары. Бұл нысан – куб пішінді ірі тас, оның үстінде 300-ден астам тостағанша тәрізді ойық тіркелді (Сурет В. 5). Ойықтар қойтастың жоғарғы бетінде рет-ретімен орналасқан және олардың табиғи жолмен пайда болмағаны анықталды. Керісінше, бұл – қасиетті-символикалық мазмұнға ие, арнайы жасалған бейнелеу туындысы. Ойықтардың композициясы, оларды жалғайтын жүлгелердің болуы, сондай-ақ тастың

бетінде байқалған өңдеу іздері бұл ескерткіштің белгілі бір наным-сенімдік рәсімдер аясында пайдаланылғанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер оның қола дәуіріндегі культтік-ғұрыптық жүйеде визуалды код қызметін атқарғанын аңғартады.

Қарымсақ петроглифтері (Сурет В. 6). Жартастағы суреттер Бестерек ауылынан батысқа қарай 3,5 шақырым қашықтықтан табылып отыр. Сызбалар үздіксіз бедерлеу техникасы арқылы жасалған және тігінен 1 шақырымға созылып жатқан тау жыныстарына салынған. Бейнелердің тақырыбы алуан түрлі, негізінен тау текелердің бейнелері берілген, сонымен қатар жылқылардың, жыртқыштардың, түйелердің бейнелері де кездеседі. Сюжеттік көріністердің ішінде жабайы аңдарды аулау сахнасы ерекше көзге түседі.

Қарымсақ ескерткішінде белгілер мен белгілер табылған екі бет (тас беті) анықталды. Бірінші бет (WGS1984 координаттары: 49°40'30,88"N 82°37'15,00"E) тік экспозицияда тұр. Екі элемент бедерленген – белгі және адамның бейнесі (Сурет В. 7). Екінші бет те (WGS1984 координаттары: 49°40'34.01"N 82°37'1.19"E) тік экспозицияда. Оның бетінде бейнелер көп, белгілер саны – 3 белгі (Сурет В. 8).

Қызылтас петроглифтері (Сурет В. 9). Қызылтас ауылынан 300 м солтүстік-шығысқа қарай, Ұранқай өзенінің оң жағалауында тік және көлденең жазықтықта 1,5 шақырым қашықтықтан бетінде жартас суреттері бар 50-ге жуық тас табылды. Негізгі бөлігін адамдар мен жануарлар бейнелері құрайды. Көптеген көріністердің ішінде төмен түсірген қолдарында қалыңдау дөңгелек бірдеңелері бар бірнеше адамды бейнелейтін, түсіндірілуі қиын композициялар бар. Адамдардың айналасында жылқы мен ешкі бейнеленген. Бәлкім, бұл көріністерде ғұрыптық киім киген адамдардың культтік әрекеттері бейнеленсе керек, олардың мағынасы қазіргі уақытта түсініксіз.

Бейнелердің екінші тобының орындалу техникасында айырмашылықтар бар екендігін атап өткен жөн. Көп жағдайда бейнелер үздіксіз бедерлеу техникасы арқылы салынған, бірақ бұл топта контурлық түрі басым. Осы контурлық техникада мүйізсіз екі бұқа, адам және мүйіздері тармақталған бұғы бейнеленген. Бұл суреттер ерте темір дәуіріне жатады.

Қызылтас ескерткішінде белгілер мен сиволдары бар бір бет анықталды. Ол көлденең (WGS1984 координаттары: 49°42'40.65"N 82°39'2.12"E) жатыр. Онда бір белгі бар (Сурет В. 10).

Сағыр 3 петроглифтері (Сурет В. 11). Сағыр ауылынан солтүстікке қарай 500 м жерде, аттас өзеннің жағасында, Сағыр шатқалындағы көлденең жазықтықтан жартас суреттері табылған. Бейнелері бар тастар шағын топтарда 3 шақырымды бойлай орналасқан. Олардың ішінде жануарлар мен адамдардың шынайы бейнелерімен

толтырылған бірнеше үлкен «жайма», яғни ірі тақтатастар айрықша көрінеді. Арасындағы ерекше құндысы екі жекпе-жек көрінісі.

Сағыр 3 ескерткішінде белгілер мен символдар салынған үш бет анықталды. Бірінші бет (WGS1984 координаттары: 49°43'30.31"N 82°39'40.13"E) көлденең жатыр. Бетінде әртүрлі белгілер бар (Сурет В 12). Екінші бет те (WGS1984 координаттары: 49°43'30.41"N 82°39'40.10"E) көлденең жатыр. Оның да бетінде тек бір белгі байқалады (Сурет В. 13). Үшінші бет (WGS1984 координаттары: 49°43'27.79"N 82°39'43.98"E) тігінен тұр. Бетінде көптеген суреттер бар (Сурет В. 14).

Майтпас петроглифтері. Майтпас жазығындағы жартас суреттері Бестерек ауылынан шамамен 10 км солтүстік-шығыста орналасқан жартасты сілемдердің тік және көлбеу беттерінде кездеседі (Сурет В. 15). Петроглифтер негізінен тұтас қашау әдісімен орындалған. Тастардың беттерінде жыртқыш аңдар бейнелерін қоса алғанда әртүрлі жануарлар, антропоморфтық пішіндер мен шартты таңбалық мотивтер анықталған. Композициялар қарапайым аз фигуралы көріністерден бастап, күрделі көп құрамды топтарға дейін өзгеріп отырады және олардың мазмұны тақырыптық әрі символикалық тұрғыдан алуан түрлі. Ескерткіш сюжеттер мен белгілердің бай жиынтығымен ерекшеленеді, бұл оны өңірдің ежелгі тұрғындарының дүниетанымдық ұстанымдары мен көркемдік дәстүрлерін зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Белгі 1 (49°38′11.80″ N, 82°44′23.12″ E). Қоңыр-қызғылт түсті, айқын шөл қабықшасы мен қыналардың шоғыры бар тік жартастың бетінде зеңжар (патина) қабатын ішінара кетіру арқылы қашау техникасымен орындалған петроглиф (Сурет В. 16) анықталған. Бейнеде бірнеше түзу және иілген сызықтардың қиылысы көрінеді; негізгі элемент – ұзын диагональ, оны қысқа көлденең сызық кесіп өтіп, айқыш тәрізді пішін түзеді. Сызықтар жіңішке, кей жерлері әркелкі тереңдікте, бұл суретке жеңіл асимметрия береді. Сақталу жағдайы – қанағаттанарлық.

Белгі 2 (49°38′16.63″ N, 82°44′11.27″ E). Майтпас жазығының төбесіндегі тас тақтаның бетінде тырнау әдісімен орындалған таңбалық композициялар топтамасы (Сурет В. 17) тіркелген. Бейнелер бір нүктеден тарайтын, шоғыр түрінде жайылатын параллель сызықтардан тұрады және «шырша» тәрізді өрнекке ұқсайды. Сызбалар әртүрлі күшпен түсірілген: кейбірі айқын, басқалары солғындау. Тастың бетінде өлшемі әртүрлі бірнеше осындай фигуралар бар – екеуі ірі, қалғандары ұсақ. Барлығы бір техника мен стильде орындалған. Тастың бетінде мүжілудің, жарықтардың және биологиялық зақымданудың іздері байқалады, бірақ жалпы сақталу жағдайы қанағаттанарлық.

Ақбауыр-2 петроглифтік ескерткіші. Ақбауыр-2 петроглифтері негізгі Ақбауыр кешенінен шамамен 700 м солтүстікке қарай орналасқан (Сурет В. 18). Бейнелер негізінен тақтатастардың көлбеу беттеріне қашау арқылы түсірілген және мазмұндық тұрғыдан алуан түрлі композицияларды қамтиды. Негізгі топты тұяқты жануарлар бейнелері құрайды, сонымен қатар антропоморфтық және шартты таңбалық мотивтер де кездеседі.

Белгі 1 (49°41′37.27″ N, 82°41′15.79″ E). Зеңжар басқан тақтатас бетінде көлденең сызықпен қиюласқан сопақша пішінді таңба (Сурет В. 19) тіркелген. Петроглиф қашау техникасымен орындалған; сызықтары таяз, бірақ айқын көрінеді. Бетінде қыналар өссе де, жалпы сақталу жағдайы қанағаттанарлық.

Белгі 2 (49°41′30.16″ N, 82°41′22.85″ E). Көлбеу тас бетінде зеңжар түскен қабатқа қашау арқылы түсірілген таңбалық сипаттағы сурет (Сурет В. 20) анықталған. Негізгі элемент – толқынды сызық, ол толтырылған сопақша дақтан басталып, жоғары қарай ииле созылып, тамшы немесе қабырға сызығы қалың ілмек пішінін түзеді. Мүжілулер мен жарықтарға қарамастан, сурет қанағаттанарлық деңгейде сақталған.

Белгі 3 (49°41′22.88″ N, 82°41′25.72″ E). Ақбауыр-2 кешенінің басқа жазықтығында қашау техникасымен орындалған, қатты мүжілген петроглиф (Сурет В. 21) тіркелген. Орталық сызықтың екі жағынан тармақтар тарайды, ал ұштары құс тырнағына ұқсас элементтермен аяқталған. Қоңыр түсті беттің көп бөлігі қыналармен жабылғандықтан, бейнені түсіндіру қиындайды. Нашар сақталған, бейненің бір бөлігі табиғат әсерінен жойылған.

Сағыр ескерткіші өзі аттас ауылдың шығысында, шамамен 1 км оңтүстік-шығыста орналасқан (Сурет В. 22). Кешеннің бастапқы нүктесі ұялы байланыс мұнарасымен түйіскен. Ұзындығы шамамен 500–700 м болатын аумақта жеке жартастарда көптеген петроглифтер анықталған. Бейнелердің негізгі бөлігін жеке жануарлар түрінде берілген зооморфтық фигуралар құрайды; онымен қатар антропоморфтық және шартты таңбалық суреттер кездеседі, бұл кешеннің көпқабатты сипатын айғақтайды.

Белгі 1 (49°42′28.43″ N, 82°39′50.27″ E). Зеңжар басқан тас бетінде қашау техникасымен түсірілген таңбалық сипаттағы петроглиф (Сурет В. 23) анықталған. Негізгі элемент – тік бағытта созылған П-тәрізді контур; жоғарғы сызықтан екі тік сызық түсіп, олардың үстінде иілген ұшы бар ромб пішінді фигура бейнеленген. Жарықтар мен мүжілулерге қарамастан, сурет айқын, сақталу жағдайы қанағаттанарлық.

Белгі 2 (49°42′29.69″ N, 82°39′51.65″ E). Зеңжар басқан қоңыр тас бетінде қашау әдісімен салынған бейне (Сурет В. 24). Негізгі элемент – ұзын көлденең сызық, оның жоғарғы жағынан спираль тәрізді иірім басталып, дөңгелек ілмекке айналады; сызықтың

оң бөлігі иіліп, ұзынша жылан тәрізді пішін түзеді. Мүжілудің және биологиялық зақымданудың іздері байқалғанымен, бейне жақсы сақталған.

Белгі 3 (49°42′31.03″ N, 82°40′07.35″ E). Бұл петроглиф тік бағытта созылған П-тәрізді контурдан және екі қысқа бүйір тармақтардан тұрады (Сурет В. 25). Фигураның ішкі бөлігі бос қалдырылған. Қоңыр түсті тас бетінің әр жерін шөл қабықшасы және қыналар басқан. Табиғи бұзылуларға қарамастан, бейненің контурлары анық көрінеді.

4.2 Тарбағатай ауданындағы зерттеулер

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында 2024 жылы Арғанаты, Маңырақ және Шимайлы петроглифтері зерттелді, 2025 жылы барлау-зерттеу жұмыстары Шимайлы ескерткішінің бұрын қамтылмаған бөліктерінде және Арғанаты тау жотасы аумағында жүргізілді (Сурет В. 26). Арғанаты жотасы – кең аумақты қамтитын тау жүйесі, зерттеу негізінен оның шығыс және оңтүстік беткейлерінде жүзеге асырылды. Далалық жұмыстар барысында бұған дейін есептік материалдарда тіркелмеген бірқатар археологиялық нысандар анықталды. Олардың қатарында – қорғандар тізбегі, қоныс орындары және жартас суреттерінің шоғырланған аймақтары бар.

Арғанаты петроглифтері теңіз деңгейінен 1011 м биіктікте орналасқан. Географиялық координаттары: N 47°27'19.96", E 83°27'22.80". Тарбағатай өңірінде Құйған ауылынан солтүстік-шығысқа қарай шамамен 5–6 шақырым жерде, қыстау маңында және тау етегінен шамамен 300 м жерде тегіс беткейдегі гранитті жартастың батыс жағында петроглифтер қашалған (Сурет В.27-В.30). Суреттер негізінен аңшылық көріністермен байланысты. Мұнда мүйізі спираль тәріздене ширатылған арқар бейнелері, садақпен аң аулау, иттерді жабайы аңдарға салу көріністері бар. Көрші тастарда да антропоморфтық фигуралар, тау ешкілері мен жылқылардың бейнелері бар.

Ескерткіштің орналасқан жері – Ласты өзенінің бойында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан тау сілемі. Бұл аумақ «Жақсы Арғанаты» және «Жаман Арғанаты» болып бөлінеді. Жергілікті тұрғындар оларды «Басқы Арғанаты», «Ортаңғы Арғанаты», «Аяққы Арғанаты» деп те атайды. М. Қашқари сөздігінде Арғанаты тау жотасының атауы «арғу» және «қанат» сөздерінің бірігуінен шыққан [63].

Маңырақ петроглифтері теңіз деңгейінен 872 м биіктікте орналасқан (географиялық координаттары: N 47°24'09,95" E 83°53'20,10"). Маңырақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырымдай жерде Шілікті алқабына апаратын жолдың сол жағында орналасқан төбеден жартастағы суреттер, оның ішінде көне түркі белгілері табылды.

Ерте темір дәуірінің нышандары аң стилінде жасалған жануарлар бейнелерімен, сондай-ақ антропоморфтық фигуралармен және салт аттылар бейнелерімен берілген (Сурет В.31-В.33). Бұл бейнелер сол кездегі көркем мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді.

Археологиялық ескерткіш мерзімделуі бойынша көпқатпарлы. Тастарда эрозия мен тозудың айқын белгілері бар: олардың бетінде жарықтар мен қыналар шөгінділері байқалады. Бұл факторлар петроглифтерді дәл түсіндіруді айтарлықтай қиындатқан табиғи жағдайлардың ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді. Бұл факторлар табиғи жағдайлардың ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді, бұл петроглифтерді дәл түсіндіруді едәуір қиындатады

Шимайлы петроглифтері – тоғыздан астам петрголифтер шоғырланған орыннан және Молдажар шатқалындағы қола дәуірі қорымынан тұратын жартас суреттері кешені. Ықшамаудан аумағында шегінде жоғары патинацияланған негізгі тау жыныстары жақпарланып шығып тұрған бірнеше төбешіктер бар. Жалпы мұндай төбенің тоғыздан астам белгілі, ал кейбірінің өз аты бар. Соның бірі – жергілікті халық арасында Сардоңғал деген атпен белгілі ең биік төбе. Бірегей петроглифтердің ең көп саны осында шоғырланған және бұл кешен Шимайлы-I деп белгіленген (Сурет В.34-В.36).

Шимайлы-I шоқысының биіктігі теңіз деңгейінен 1363 метр, географиялық координаттары: N 47° 41' 49,7"; E 081° 40' 25,2". Жартастағы суреттер кей жағдайда тамырлар түзетін түпкі тау жыныстарының беткейлеріне, сондай-ақ жекелеген жартастарға, әсіресе төбе беткейлеріне салынған. Бұл петроглифтерді бірнеше топқа бөлуге болады. Ерте көшпелілер тарихының ең ерте кезеңі құстұмсық, көздері үлкен және аяқтары қысқа бұғылардың бейнелері арқылы көрініс тапқан. Сондай-ақ, мүйіздері әсем безендірілген, тұяғының ұшымен әдемі тұрғандығымен ерекшеленетін, реалистік аң стилінде жасалған фигуралар да бар. Сонымен қатар, петроглифтер арасында көнетүркілік аналогтарынан стилі жағынан айтарлықтай ерекшеленетін салт атты шабандоздардың бейнелері кездеседі. Бұл бейнелер «ғұн-сармат заманына» жатады [64, с. 301–315]. Бұл жылқы аяқтарының желіс үстінде емес, шабыс кезіндегі бейненлеуімен расталады. Бұл төрт аяғын тең тастаған жорғаның жүрісін еске түсіреді.

Сарысу петроглифтері. Сарысу жазығы аумағында әртүрлі типтегі бірнеше археологиялық нысан анықталды (Сурет В.37). Жер бедері жыралар жүйесінен тұрады. Үшінші жыра аумағында, жергілікті қыстаудан шамамен 500 м оңтүстік-батыс бағытта, тік беткейлерге қашалған екі петроглиф және төбелердің үстінде тізбектеле орналасқан қорғандар тіркелді.

Жартас беттерінің бірінде таутекенің (арқардың) бейнесі айқын көрінеді, ал оның қасында көмескі таңба байқалады. Осы жазықтан жиырма метр оңтүстікте тас үйінділі

қорғандар шоғырланған. Бұдан бөлек, жазығында ежелгі қоныстың іздері байқалады: жер бетіне шыққан тас құрылымдар мен табылған керамика сынығы соны дәлелдейді.

Анықталған таңбаның бейнесі тік сызық түрінде берілген (47°29′12.75″ N, 83°28′36.46″ E), оның жоғарғы жағынан екі иілген және ұштары доғалдалған бұтақ тәрізді элементтер тарайды. Петроглиф қою сұр түсті тығыз гранит бетіне қашау техникасымен түсірілген. Сызықтар таяз, сурет әлсіз көрінгенімен, жалпы пішіні айқын оқылады (Сурет В. 38).

Арғанаты петроглифтері. Петроглифтер Арғанаты тау жүйесінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан (Сурет В. 39). Негізгі шоғыр жыра аумағында, оңтүстік және батыс беткейлерде байқалады. Бейнелер тастардың тік беттеріне де, көлбеу беттеріне де салынған.

Сюжеттердің басым бөлігін таутеке, арқар, жылқы және бұғы бейнелері құрайды – бұл скиф-сақ және кейінгі дәуірлерге тән мотивтер, дала қоғамдарының тұрақты символикалық кешенін көрсетеді. Барлық бейнелер айқын зеңжары бар гранитті жыныстарға түсірілген. Қашау техникасы әлсіз, көпшілігінің контурлары көмескі, бірақ жалпы композиция жақсы қалпына келтіріледі.

Жаман Арғанаты кешені. Бұл петроглифтер аттас тау жотасының оңтүстік бөлігінде орналасқан (Сурет В. 40). Суреттер жыраның оңтүстік және оңтүстік-батыс беткейіндегі екі төбеде кездеседі. Петроглифтер гранитті жыныстардың біркелкі зеңжар басқан тік және көлбеу беттерінде түсірілген.

Негізгі сюжеттер – арқар, таутеке, жылқы және басқа да жануарлар бейнелері. Зооморфтық бейнелермен қатар, таңбалық сипаттағы композициялар да бар. Кешеннен шамамен 50 м оңтүстікте қорғандар тізбегі тіркелді.

Белгі 1 (47°25′42.50″ N, 83°25′19.70″ E). Петроглиф тік сызықпен екіге бөлінген тікбұрыш пішінді. Сурет қою қоңыр гранит бетіне, айқын зеңжарлы қабатқа қашау арқылы түсірілген (Сурет В. 41). Қашау тереңдігі таяз, жартылай мүжілген, бірақ контур айқын оқылады. Құрылымы бойынша бұл таңба геометриялық петроглифтердің таңбалық типіне жатады.

Белгі 2 (47°25′42.50″ N, 83°25′19.70″ E). Петроглифтің ортасында тік сызық бейнеленген, оның жоғарғы жағынан солға қарай үшкір бұтақ тәрізді элемент тарайды. Композиция таутеке не арқар мүйізінің стилизациясын еске салады. Сурет біркелкі зеңжар басқан қою граниттің тік бетіне түсірілген. Қашау тереңдігі аз болғандықтан бейне көмескі, бірақ пішіні тануға болады (Сурет В. 42).

Шимайлы ескерткішінен жаңадан анықталған петроглифтер. Абай облысының Тарбағатай ауданында орналасқан Шимайлы ескерткіші – петроглифтерді,

қорғандарды және басқа да нысандарды қамтитын ірі археологиялық кешен (Сурет В. 43). Мұндағы бейнелердің хронологиялық ауқымы кең – қола дәуірінен ерте орта ғасырға дейін. Сюжеттер қатарында арқарлар, бұғылар, жылқылар, аңшылық және арба сахналары, салт аттылар, антропоморфтық бейнелер, сондай-ақ геометриялық және таңбалық мотивтер бар. Кешен стилдік және тақырыптық байлығымен ерекшеленеді және ежелгі тұрғындардың мифологиялық дүниетанымы мен көркемдік дәстүрін айқын бейнелейді.

Белгі 1 (47°41′41.36″ N, 81°40′27.11″ E). Қалың зеңжар басқан қара гранит бетінде диаметрі 8–10 см екі шеңбер түріндегі геометриялық пішін байқалады. Сол жақтағы шеңбердің ортасы көмескі, ал оң жақтағысы айқын және қиылысқан сызықтармен төрт бөлікке бөлінген. Техникасы – қашау және контурды тегістеу (Сурет В. 44).

Белгі 2. Сол тастың бетінде екі элементтен тұратын композиция бейнеленген: үстінде – кішкене тұйық шеңбер, төменде – иілген сызық үлкен сопақша пішінге ұласқан (Сурет В. 45). Контуры айқын, пішіні жұмсақ, спираль түрінде.

Белгі 3 (47°41′43.34″ N, 81°40′24.85″ E). Үлкен өлшемді бейне қою түсті гранитке қашау арқылы түсірілген (Сурет В. 46). Пішіні сопақша-ұзынша, ішкі бөлігі әркелкі өңделген, кей жері бүлінген. Сыртқы контурлар айқын байқалады.

Белгі 4 (47°41′49.94″ N, 81°40′25.39″ E). Көлденең созылған төртбұрыш пішінді геометриялық петроглиф (Сурет В. 47). Контурлары айқын, бірақ ішкі бөлігі әркелкі және мүжілуден ішінара бүлінген.

Белгі 5 (47°41′43.91″ N, 81°40′22.62″ E). Тастың бетінде әртүрлі стильде орындалған арқар, таутеке, жылқы және өзге де жануарлар бейнелері шоғырланған (Сурет В. 48). Арасында антропоморфтық образдар мен аңшылық немесе ғұрыптық көріністер бар. Осы композициялар ішінде шеңбер пішінді, контуры айқын және ішкі бөлігі түгел қашалған таңба ерекшеленеді.

Белгі 6 (47°41′44.08″ N, 81°40′22.16″ E). Сопақша пішінді петроглиф, контуры айқын қашалған, ішкі бөлігі өңделмеген (Сурет В. 49). Мүжілулерге қарамастан, сызықтары жақсы көрінеді.

Белгі 7 (47°41′44.08″ N, 81°40′22.16″ E). Үш орталық нүктеден тарайтын сызықтары бар шеңбер бейнесі (Сурет В. 50). Контуры айқын, ішкі бөлігі әлсіз қашалған. Техникасы – таяз қашау және бетті тегістеу.

Белгі 8 (47°41′44.08″ N, 81°40′22.16″ E). Диаметрі 4–5 см болатын шеңбер, ішкі бөлігі толық қашалған (Сурет В. 51). Фигура ұқыпты орындалған, тұйық таңбалар тобына жатады.

Белгі 9 (47°41′49.75″ N, 81°40′25.75″ E). Сопақша келген үлкен пішін, ішкі бөлігі төрт тік сызықпен бөлінген (Сурет В. 52). Контуры терең қашалған, айқын көрінеді.

Белгі 10 (47°41′45.33″ N, 81°40′31.00″ E). Ішінде төрт тік сызығы бар төртбұрыш бейнелі петроглиф (Сурет В. 53). Сызықтар түзу, кей жерлері мүжілсе де, контур айқын сақталған.

Белгі 11 (47°41′49.75″ N, 81°40′25.75″ E). Бір-біріне жалғасқан екі шеңберден тұратын, тік бағытта созылған «сегіздік» пішінді таңба (Сурет В. 54). Композиция көлденең сызықпен қиылысып, айқыш тәрізді сипат береді. Контурлары айқын, тереңдігі орташа.

Белгі 12 (47°41′50.63″ N, 81°40′41.29″ E). Шеңбер түріндегі петроглиф қысқа нүктелі соққылар арқылы түсірілген, нәтижесінде пунктирлі контур пайда болған (Сурет В. 55). Ішкі бөлігі өңделмеген. Соққы әдісімен орындалуы бұл бейнені тұтас қашау техникасынан ерекшелендіреді. Ішінара мүжілгеніне қарамастан, шеңбер пішіні айқын оқылады.

4.3 Катонқарағай ауданындағы зерттеулер

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданында 2024 жылы Жамбыл және Майемер ауылдарының маңында орналасқан, бұрыннан белгілі петроглифтер кешеніне қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ал 2025 жылғы барлау-зерттеу жұмыстары ауқымды жерлерді қамтып, бірқатар жергілікті ескерткіштерді шолу-барлау жұмыстары жасалды (Сурет В. 56). Биылғы бағдар барысында Солдатово, Алтынбел, Кансар, Аққайнар, сондай-ақ Коробиха, Согорное, Қызылжұлдыз және басқа елді мекендердің маңайы қарастырылды. Зерттелген нүктелердің бір бөлігінде әртүрлі сипаттағы петроглифтер тіркелді: шартты таңбалық және символикалық мотивтерден бастап, жеке зооморфты бейнелер мен антропоморфтық композицияларға дейінгі таңба-белгілер анықталды.

Жамбыл ауылы маңындағы петроглифтер (N 49º14′47,66″ E 86º18′21,36″) теңіз деңгейінен 1030 метр биіктікте орналасқан. Алдыңғы зерттеушілер оларды Шығыс Қазақстан Қарағай ауданы Жамбыл ауылының солтүстік шетінде деп тіркеген. Олар Жамбыл I қорымына жататын екі үлкен қорғанның жанында орналасқан. Скиф-сақ дәуіріне жататын бұл петроглифтер ірі түйіршікті жартастарға қашалған, бірақ тас бетінің кедір-бұдырлығына байланысты олардың сақталуы айтарлықтай нашарлаған (Сурет В. 57). Бейнелер арасында бұғы фигуралары артқа лақтырылған массивті, тармақталған мүйіздерімен және үлдірлі, кей жерлерінде сақиналанған белгілермен безендірілген

денелерімен ерекшеленеді. Сондай-ақ скиф-сібір аң стилінде жасалған тау ешкілерінің бейнелері де кездеседі.

Майемер петроглифтері – Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданында орналасқан бірегей археологиялық кешен. Ескерткіштер Майемер ауылының шығыс және оңтүстік шетінде орналасқан. Жуырда жүргізілген археологиялық экспедиция кезінде осы кешенге кіретін төрт ескерткіштің координаттары нақтыланды:

1. Майемер-Таңбалытас (координаталары: N 49º 10′ 14,91″, E 85º 01′ 00,64″, биіктігі: 820 м) (Сурет В. 58);

2. Майемер-Тарлау (координаталары: N 49º 09′ 53,38″, E 85º 00′ 27,82″, биіктігі: 886 м) (Сурет В. 59);

3. Майемер (координаталары: N 49º 10′ 26,32″, E 84º 59′ 05,65″, биіктігі: 737 м) (Сурет В. 60);

4. Майемер-заимке (координаталары: N 49º 10′ 38,37″, E 85º 00′ 23,32″, биіктігі: 750 м) (Сурет В. 61).

Майемер кешенінің ескерткіштерін зерттеу 1997 жылдан бері жүргізілуде [65] және бұл археологиялық орын сақ мәдениетін зерттеуде басты рөл атқарады. Кешеннің маңыздылығы ежелгі сақ тайпаларының символдарын, діни нанымдарын және шаруашылық қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін көптеген петроглифтердің және басқа да археологиялық артефактілердің болуымен түсіндіріледі. Майемер ескерткіштерін одан әрі зерттеу Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі мәдени-тарихи бейнесін қалпына келтіру үшін ерекше маңызға ие.

Майемер петроглифтерінің басты ерекшелігі – барлық бейнелер басқа тарихи дәуірлердің қоспаларынсыз тек ерте және дамыған сақ дәуіріне жатады. Әсіресе, Орталық Азияға тән «бұғы тастарының» стилі мен техникасында жасалған құстұмсық тәрізді тұмсығы бар бұғы фигуралары қызықты. Бұл стиль сол кездегі көшпелі халықтардың өнеріне тән.

Әсіресе, Шілікті мен Жалаулыдан табылған алтын әшекейлерде, сондай-ақ Жетісудағы Ешкіөлмес петроглифтерінде кездесетін бейнелерге ұқсас келген, басын артқа қаратқан қыран бейнесі (Сурет В. 62) ерекше назар аудартады. Сонымен қатар, тұяғының ұшымен тұрған, шоқтығы үшбұрыш, көзі дөңгелек және мүйізді әсемделген бұғы фигуралары көркемдік талғампаздығымен ерекшеленеді (Сурет В. 63).

Тағы бір ерекше деталь – бұл ескерткішке ерекше құндылық беретін алты тау ешкі протомынан тұратын дөңгелек символ. Петроглифтерге өте жақын жерде материалдары хронологиялық жағынан тастардағы бейнелермен сәйкес келетін Майемер 2 қорымы

орналасқан. Бұл екі нысанның да бір мәдени дәстүрге жататынын және бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді.

Согорное петроглифтері (49°12′36.54″ N, 85°22′17.71″ E) өзі аттас ауылдан оңтүстік-батыс бағытта анықталды; бұған қоса жергілікті тұрғындар ауыл маңынан бетінде қашалған бейнесі бар тасты тауып көрсетті. Оның бетінде көрінісі «8» цифрына ұқсас таңба белгіленген: ішкі контурдың бір бөлігі тастың табиғи құрылымымен шартталған, алайда периметрі бойымен қашау сызығы айқын байқалады. Техникасы – қашау; контурында зеңжар жинала бастағаны көрінеді, бұл оның көнелігін меңзейді (Сурет В. 64).

Аққайнар ауылының маңынан петроглифтері бар екі ескерткіш анықталды – Жаманжол және Қансар. Біріншісінде, яғни Жаманжол жырасының тік беткейлерінде қашалған адамдар, арқарлар және бұғылар бейнеленген көпфигуралы сюжеттер басым. Екіншісіне жекелеген таутеке бейнелері басым жергілікті композициялар тән.

Жаманжол (49°15′05.00″ N, 85°54′56.74″ E). Аққайнар ауылынан шамамен 3 км солтүстік-шығыс бағытта, Жаманжол жырасында адам, арқар және бұғы бейнелері түріндегі петроглифтер тіркелді (Сурет В. 65). Суреттер жартас шыңдарының тік беттеріне қашау техникасымен түсірілген; кейбір контурлар мүжілудің әсерінен әлсіреген.

Қансар (49°15′05.00″ N, 85°54′56.74″ E). Аққайнар ауылынан шамамен 2 км солтүстікке және Қансар қорымынан шамамен 1 км солтүстікке қарай орналасқан, жыра беткейінде таутеке бейнелері бар композициялар қашау арқылы түсірілген. Сюжеттер қарапайым, дегенмен жануарлар силуэттерінің көркемдік айқындылығы сақталған (Сурет В. 66).

Белқарағай петроглифтері (49°10′50.27″ N, 85°18′49.07″ E). Белқарағай кентінің маңында аздаған петроглифтер шоғыры анықталды. Бейнелер негізінен зооморфты мотивтермен ұсынылған – бұғы, таутеке және түйе фигуралары; олар қашау техникасымен, қарапайым әрі сызбасыз (схематикалық) контурларда орындалған (Сурет В. 67).

Стан петроглифтері. Стан пунктіндегі фермадан 100 м шығысқа қарай тастардың тік беттерінде петроглифтер кешені тіркелді (Сурет В. 68). Сюжеттері алуан түрлі; негізгі топты қашау арқылы орындалған бұғы мен таутеке бейнелері құрайды. Таңбалық мотивтері де анықталды. Стильдік белгілері бойынша бейнелердің бір бөлігі скиф-сібірлік көркемдік шеңберге (силуэт пен пропорцияларды сипаттаудың ерекшелігі) жатады, сонымен қатар қола дәуіріне тән ертеректегі петроглифтер де бар.

Белгі 1 (49°10′29.80″ N, 85°07′51.44″ E). Композиция П-тәрізді: тік сызықтар көлденең жатқан қосымша сызықпен байланысып, схемалық тұйық контур түзеді; оң жақ

«бағанадан» жоғары қарай иректелген сызық шығады (Сурет В. 69). Беті қоңыр-қызылдау, айқын шөл қабықшасы бар; жазықтығы тік жарықтармен тілімденген, кей жерлері қыналармен жабылған. Қашау сызықтары көрінеді, кей тұстары таяз, бұл жалпы суретті тануды қиындатады.

Майемер петроглифтері аттас ауылдың шетінен (Катонқарағай бағытына шығатын жол) басталып, төбенің биігіне қарай шоғырланады да, әрі қарай жоталар бойымен созылады (Сурет В.70). Негізгі мотивтер қатарын жануарлар бейнелері құрайды – бұғы мен таутеке фигуралары басым, қашау техникасымен орындалған; шартты таңбалық бейнелер де кездеседі.

Белгі 1 (49°10′42.46″ N, 84°59′08.50″ E). Тік тас бетінде қашау арқылы түсірілген тұйық шеңбер белгіленген. Контур сызығының тереңдігі біркелкі емес: кей жерлері контрастылы, кейде тегістеліп әлсірейді (Сурет В. 71). Жазықтың түсі қоңыр-сарғыш, табиғи жарылымдар мен үгіліп түскен іздер бар; ұсақ табиғи қуыстар байқалады. Петроглиф контурлары әлсіз оқылады.

Белгі 2 (49°10′31.28″ N, 84°59′10.87″ E). Тік жазықта қашау арқылы орындалған таңбалық мотив тіркелді: көлденең сызықтан төмен қарай үш параллель тік тармақ түседі. Фигура сызбалық «торға» немесе шартты «m» типтес белгіге ұқсайды (Сурет В. 72). Беті қоңыр-қызылдау реңкті, шөл қабықшасы мен қыналар шоғыры тереңдеп кеткені соншалықты, кей жерлері сурет алаңына кіріп кеткен. Биозақымдану мен мүжілулерге қарамастан, сақталуы қанағаттанарлық: контурлар айқын оқылады.

4.4 Күршім ауданындағы зерттеулер

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында 2024 жылы бұдан әлдеқайда ертеректе ашылған Доланалы, Түлкіне және Мойнақ петроглифтері арасынан жаңа белгілер мен нышандар анықталып, зерттелді. Ал 2025 жылы негізгі зерттеу жұмыстары Қайнар, Қаратай және Қазақстан ауылдарының маңайында, сондай-ақ Шердаяқ (жергілікті тұрғындар арасында «Ресторан» деген атаумен белгілі) және Қойтүбек ескерткіштерінде жүргізілді. Алынған материалдар Күршім ауданындағы жартас өнері ескерткіштерінің таралу ауқымы мен олардың локализациялық ерекшеліктерін нақтылауға мүмкіндік берді (Сурет В. 73).

Доланалы петроглифтері (Сурет В. 74). Қолданыстағы ғылыми әдебиеттерде аттас Доланалы ескерткіштерінің жартас суреттері жиі шатастырылады. Бірінші Доланалы ескерткіші Марқакөл ауданы (Қазақстанның шығысындағы, 1928–1930, 1939–1963 және 1964-1997 жылдары Шығыс Қазақстан облысының құрамында болған әкімшілік-аумақтық бірлік, 2023 жылы 30 тамызда қалалық мәслихаттың шешімімен Марқакөл ауданы

әкімшілік орталығы Марқакөл ауылы болып қайта құрылды) аумағында орналасқан. Ал төменде аталатын екінші ескерткіш Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының аумағында орналасқан. Бұл қателік, өткен ғасырдың аяғында екі ауданның біріктірілуінен туындады.

Бұл ескерткіштегі бейнелер қойтастарға және қара-сұр негізгі тау жыныстарының жақпарларына қашалған. Екі кезеңнің – қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің петроглифтері айқын көрінеді. Ерте темір дәуіріне бұғы мен тау ешкілерінің бейнелері кіреді, олардың кейбіреулері скиф-сібір аң стилінде жасалған.

Доланалы ескерткішінде белгілер мен символдар бедерленген 3 бет анықталды. Бірінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'52.02"N 83°56'23.90"E) көкжиектен 45 градус экспозицияға ие. Бетінде бір белгі бар (Сурет В. 75). Екінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'40.86"N 83°56'20.17"E) тік экспозицияда тұр. Бетінде бір белгі бар (Сурет Б.41), оның текстурасы әрең ажыратылады (Сурет В. 76), дегенмен жер бедерінен ерекшеленіп тұр (Сурет Б.41б). Үшінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'31.63"N 83°56'16.95"E) көлденең жатыр. Бетінде екі белгі бар (Сурет В. 77).

Түлкіне петроглифтері (Сурет В. 78). Ескерткіш Күршім ауданы, Бесжылдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 850 метр жерде, Күршім өзенінің сол жағалауында төбесі тегіс биік төбелерде орналасқан. Бұл төбелердің үстінде жақпар-жақпар болып қатпарлы тау жыныстары көрініп, жалаңаштанып жатыр. Осы ырсиып жатқан қатпар тастардың беттерінде, 1,5–2 шақырым радиуста әртүрлі кезеңдердегі жартас суреттері.

Түлкіне ескерткішінде белгілер мен символдар бедерленген 6 бет анықталып отыр. Бірінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'31.20"N 83°51'59.39"E) көкжиектен 45 градус экспозицияда тұр. Бетінде бір белгі бар (Сурет В. 79). Екінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'30.20"N 83°52'0.72"E) көкжиектен 45 градус экспозицияға ие. Бетінде үш белгі бар (Сурет В. 80). Үшінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'30.69"N 83°52'1.16"E) көлденең жатыр. Бетінде бір белгі бар (Сурет В. 81). Төртінші бет те (WGS1984 координаттары: 48°35'30.62"N 83°52'1.84"E) көлденең жатыр. Бетінде бірнеше белгілер бар (Сурет В. 82). Бетінің бір бөлігіне қазіргі заманғы бүлдіргіштер әдепсіз суреттер салып бүлдірген. Бесінші бет (WGS1984 координаттары: 48°35'30,33"N 83°52'1,56"E) тігінен тұр. Бетінде бір белгі бар (Сурет В. 83). Алтыншы бет те (WGS1984 координаттары: 48°35'29.72"N 83°52'0.54"E) тігінен тұр. Бетінде көптеген бейнелер бар (Сурет В. 84).

Мойнақ петроглифтері (Сурет В. 85). Мойнақ шатқалының петроглифтері Күршім ауданы Бесжылдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде,

Күршім мен Ертіс өзендерінің қосылуынан 30 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Петроглифтер негізгінен бес аласа, үсті тегіс төбелерде шоғырланған.

Петроглифтері бар тастардың жалпы саны 400-ге жуық, бірақ олардың шартты түрде белгіленген топтар арасында таралуы біркелкі емес, бұған табиғи факторлар әсер еткен. Бейнелердің ең көп шоғырлануы – екінші және үшінші топтарға тиесілі. Петроглифтер негізінен тік және көлбеу беттерде қашалған, көлденең беттерде кездесетіндері сирек. Бейнелері бар беттер негізінен оңтүстікке бағытталған, шығыс пен оңтүстік-батысқа қарағаны сирек, солтүстікке қарағаны тіптен аз.

Мойнақ ескерткішінде белгілер мен белгілер бедерленге 5 бет анықталды. Бірінші бет (WGS1984 координаттары: 48°36'47.64"N 83°51'53.10"E) көлденеңінен тұр. Бетінде бір белгі ғана бар (Сурет В. 86). Екінші бет те (WGS1984 координаттары: 48°36'46.79"N 83°51'54.60"E) көлденеңінен жатыр, оның да бетінде бір белгі бар (Сурет В. 87). Үшінші бет (WGS1984 координаттары: 48°36'46.20"N 83°51'56.64"E) тігінен тұр. Онда да бір белгі бар (Сурет В. 88). Төртінші бет (WGS1984 координаттары: 48°36'44.78"N 83°51'56.69"E) көлденең жатыр, бір белгісі бар (Сурет В. 89). Бесінші бет (WGS1984 координаттары: 48°36'40.81"N 83°51'56.46"E) тігінен тұр, көптеген кескіндері бар (Сурет В. 90).

Қазақстан ауылы маңындағы тастан анықталған петроглифтер (48°10′28.89″ N, 85°17′26.10″ E). Қазақстан ауылынан шамамен 2 км солтүстікте, сай ішінде петроглифтері мен таңбалары бар гранитті қойтас тіркелді (Сурет В. 91). Бейнелер тас бетінің көлбеу және тік жақтарына түсірілген. Айта кету керек, бұл тас өз орнында (in situ) емес тәрізді: ол сайдың түбінде жатыр және, шамасы, көктемгі еріген қар сулары мен эрозиялық үдерістердің әсерінен жар қабатының опырылуымен төмен қарай жылжып кеткен. Алғашында ол жыраның жоғарғы жағында орналасқан болуы ықтимал. Тас беті ашық сұр түсті, әлсіз зеңжар басқан.

Белгі 1. Гранит тастың бетінде тік сызық түрінде бейнеленген таңба тіркелді, одан үш көлденең элемент тарайды: жоғарғы және төменгісі ортаңғысынан сәл ұзын. Композиция визуалды тұрғыдан «Е» әрпіне ұқсайды (Сурет В. 92). Техникасы – таяз қашау, сондықтан контурлар әлсіз көрінеді.

Белгі 2. Сол валунда сұлбасы көмескі петроглиф байқалады. Бейне дөңгелек басты, созылыңқы денелі және жоғары көтерілген құйрықты фигураны еске түсіреді; аяқ-қолдары иілген шартты сызықтармен берілген. Ұзындығы шамамен 25–30 см. Контурлар таяз қашалған, бейне табиғи тас бетінде әлсіз байқалады (Сурет В. 93).

Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. «Ресторан» ескерткіші Ақжар ауылына апаратын жол бойындағы қыраттың үстінде орналасқан. Төбенің ұшар басында ашық тас беттерінде бірқатар петроглифтер тіркелді (Сурет В. 94). Бейнелерге жануарлары бар көріністер,

антропоморфтық фигуралар мен көпфигуралы композициялар, сондай-ақ жеке таңбалар кіреді. Бұл кешеннің көпқабатты әрі мазмұндық жағынан бай екенін көрсетеді.

Белгі 1 (48°43′42.68″ N, 83°42′52.58″ E). Қара түсті тас бетінде шеңбер пішінді композициялық таңба бейнеленген: сыртқы контур (кей жері үзіліңкі) кішірек ішкі шеңберді қоршап тұр. Екі контурды радиалды сызықтар байланыстырады – кем дегенде алты «шабақ (спица)» анық байқалады. Композиция дөңгелек немесе күн символына ұқсайды (Сурет В. 95). Типологиялық тұрғыдан бұл белгі радиалды элементтері бар концентрлі шеңберлер тобына жатады. Оның мерзімделуі мен қызметтік түсіндірмесі өңірдегі осыған ұқсас нысандармен салыстыра зерттеуді талап етеді.

Белгі 2 (48°43′42.45″ N, 83°42′52.42″ E). Осы тастың бетінде орталық бөліктен төрт бағытта тарайтын элементтері бар дөңгелек пішінді бейне тіркелді: жоғары, төмен және екі бүйірден. Жоғарғы және төменгі тармақтарының ұштары сәл иілген, орталық бөлігі айқын және тегіс сызықпен сызылған (Сурет В. 96). Петроглиф зеңжар басқан бетке қашау арқылы түсірілген; зеңжарды алып тастаған кезде бейненің контурларын айқындай түсетін ашық контраст пайда болды.

Белгі 3 (48°43′42.55″ N, 83°42′51.00″ E). Тік тас бетінде құрылымы жағынан ұқсас екі бейне қатар орналасқан және айна тәрізді симметриямен берілген. Әрқайсысы үш бөліктен тұрады: жоғарғы бөлігі – дөңгелек, саңырауқұлақ пішінді; төменгі жағында – шағын сопақша фигура; одан әрі созылыңқы, ұштары дөңгеленген бөлік жалғасады. Контурлары айқын, техникасы – зеңжар басқан, өңі қара түсті тас бетін қашау арқылы, тастың беткі қабатын ішінара ала отырып жасалған, бұл композицияға ашық контраст береді (Сурет В. 97). Мүжілулер мен жарықтарға қарамастан, сақталуы қанағаттанарлық.

Белгі 4 (48°43′42.55″ N, 83°42′51.00″ E). Тастың осы бетінен тағы да бұтақталған сызықтары бар ұзынша петроглиф тіркелді. Негізгі элемент – тік сызық, одан әртүрлі ұзындықтағы бұрышты тармақтар тарайды. Жоғарғы жағында мүйіз немесе бұтақ пішінді иілген элемент байқалады, бұл суретке символдық сипат береді (Сурет В. 98). Тас түсі қоңыр-сұр, шөл қабықшасы айқын; қашалған бөлігі негізгі фоннан ашық түсті болуымен ерекшеленеді.

Белгі 5 (48°43′41.30″ N, 83°43′02.89″ E). Тас тақтаның бетінде символикалық және зооморфтық мотивтерді біріктірген күрделі композиция анықталды. Панельдің жоғарғы жағында радиалды сызықтары бар шеңбер бейнеленген – доңғалақ немесе күн символын еске түсіреді. Оның астында мойны, денесі мен аяқтары айқын бөлінген түйе бейнесі орналасқан; оң жағында, шамасы, жылқы пішінді кіші фигура бейнеленген (Сурет В. 99). Тас беті қоңыр түсті, жарықтар мен қыналардың шоғыры байқалады, бірақ бейнелердің контурлары жақсы сақталған.

Зооморфтық және символдық элементтердің бір композицияда ұштасуы ежелгі көшпелілердің жануарлар культі мен күнге табыну символикасын біріктіретін сакралды көрініс бейнелейді.

Биылғы 2025 жылы жүргізілген барлау-зерттеу жұмыстарының қорытындысы. Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандарында жүргізілген археологиялық барлау-зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстан аумағындағы жартас өнері ескерткіштерінің таралу аймағы, морфологиясы және семантикалық ерекшеліктері жөнінде жаңа ғылыми мәліметтер берді.

Заманауи технологиялардың – ұшқышсыз аппараттармен аэрофототүсірілім, фотограмметрия, 3D-модельдер мен ортофотожоспарлар жасаудың – қолданылуы петроглифтер мен таңбаларды жоғары дәлдікпен тіркеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде олардың композициялық құрылымдары мен сақталу деңгейі субмиллиметрлік дәлдікпен құжатталды.

Зерттеу барысында алғаш рет жаңа таңбалы локустар жүйеленіп, ғылыми айналымға енгізілді; бұрын белгісіз петроглифтер аймақтары анықталды, сондай-ақ бұрыннан белгілі кешендердің (Ақбауыр, Арғанаты, Шимайлы, Сағыр, Сарыжон, Майемер, «Ресторан») нақты орналасу координаталары түзетілді.

Далалық бақылаулар нәтижесінде тұрақты бейнелік мотивтер жиынтығы айқындалды: таутеке, арқар, бұғы, түйе, антропоморфтық бейнелер және геометриялық таңбалар (күн белгілері, «шабақты» шеңберлер, ромб пішіндері, таңбатәрізді композициялар). Олардың морфологиялық алуандығы қола дәуірінен бастау алатын және ерте темір дәуірінде дамыған бейнелеу дәстүрлерінің көпқабатты сипатын көрсетеді.

Ойықтар жөніндегі жаңа материалдар ерекше орынды иемденеді. Олар Сарыжон, Ақбауыр, Доланалы және Тарбағатай секілді нысандарда тіркеліп, кешенді талдау нәтижесінде ежелгі көшпелілердің визуалды тіліндегі сакралды- семиотикалық қызмет атқарған архаикалық элементтер ретінде қарастырылды. Бұл ойықтардың кеңістіктік ұйымдасуы, топтық құрылымы, жалғастырушы жүлгелерінің және ғұрыптық алаңдармен байланысының анықталуы олардың культтік тәжірибелер мен символикалық топография құрамына енгенін дәлелдейді. Ойықтар мен кейінгі таңбалық композициялар арасындағы сабақтастық олардың пішіндік және мазмұндық жалғастығын айғақтайды. Бұл Шығыс Қазақстандағы ежелгі қоғамдардың тұрақты визуалды-коммуникативтік дәстүрінің ұзақ уақыт бойы өмір сүргенін көрсетеді. Осылайша, жүргізілген зерттеулер Шығыс Қазақстан жартас өнері ескерткіштерінің картасын кеңейтіп қана қоймай, өңірдің таңбалық-коммуникативтік жүйесінің даму заңдылықтарын, оның ішкі логикасы мен тұрақтылығын, сондай-ақ Еуразиялық мәдени үрдістермен байланысын айқындады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бағдарлама кешенді түрде, толығымен жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижесінде Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңба-белгілерінің археологиялық, семиотикалық және иконографиялық аспектілері алғаш рет біртұтас ғылыми жүйе шеңберінде қарастырылды.

Бағдарлама барысында Шығыс Қазақстанның Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай және Күршім аудандарындағы 36 археологиялық ескерткіш зерттеліп, олардың морфологиялық, семантикалық және кеңістіктік сипаттамалары анықталды. Барлық нысандар WGS-84 координаттар жүйесінде тіркеліп, 3D фотограмметриялық үлгілері жасалды. Ескерткіштерден табылған белгілер мен нышандар типологиялық тұрғыдан жүйеленіп, олардың сакралды, әлеуметтік және мифологиялық мағыналары анықталды.

Жоба шеңберінде «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным» әзірленіп, авторлық куәлікпен тіркелді және көпшілікке қолжетімді етілді. Үш тілдегі (қазақ, орыс, ағылшын) электрондық деректер базасы құрылып, археологиялық ескерткіштер мен таңбалар туралы мәліметтер жүйеленді. Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейде апробацияланып, Түркия, Ресей және Моңғолия ғалымдарымен ғылыми ынтымақтастық орнатылды.

Бағдарлама аясында ғылыми мақалалар ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК және Scopus базасындағы басылымдарда жарық көрді, «Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің белгі жүйесі» атты монографияның қолжазбасы дайындалды. Алынған нәтижелер көне дәуір мәдениетін сандық тұрғыда жаңғыртудың және өңірдің археологиялық мұрасын халықаралық ғылыми айналымға енгізудің маңызды кезеңі болды.

Бағдарламаның ғылыми және әлеуметтік маңызы зор. Ол:

- археологиялық мұраларды сандық тіркеудің жаңа әдістемесін ұсынды;

- белгілер жүйесін мәдени-семиотикалық тұрғыдан талдаудың ғылыми негізін қалыптастырды;

- Қазақ Алтайының археологиялық деректерін еуразиялық кеңістікпен салыстыру арқылы тарихи сабақтастықты айқындады;

- ұлттық мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға, ғылыми кадрларды даярлауға және отандық археологияның әдіснамалық дамуына үлес қосты.

Бағдарламалық жобаны жүзеге асыру ерте темір дәуіріндегі Қазақ Алтайы аумағындағы белгілер жүйесі ежелгі көшпелілердің дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы және сакралдық тәжірибесін бейнелейтін тұтас визуалды кешен екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Негізгі тұжырымдар:

1. Белгілер жай ғана кездейсоқ бейнелер емес, олар тұрақты визуалды-коммуникативтік жүйенің элементтері болып табылады. Олар қасиетті кеңістікті белгілеу құралы, рәсімдік коммуникацияның тәсілі, сәйкестендіру мен биліктің символдық көрінісі ретінде қызмет атқарған.

2. Типологиялық талдау нәтижесінде бірнеше қайталанатын мотивтер айқындалды: күн тәрізді шеңберлер, ойықтар, жәукемдеу көріністері, тотемдік жануарлар, геометриялық белгілер, сондай-ақ таңбаға ұқсас ерте символдар. Әрбір топ белгілі бір функционалдық және идеологиялық жүктемені арқалаған – қорғаушы, рәсімдік немесе әлеуметтік мәртебені білдіруші қызметтер атқарған.

3. Белгілердің орналасуы мен орындалу техникасы олардың рәсімдік сипатта жасалғанын көрсетеді: олар көбіне киелі аймақтарда — жартас бетінде, үңгірлерде, құрбандық алаңдарының маңында орналасқан. Қолданылған техникаларға — оймалау, қашау жатады, трасологиялық әдістерқұрал іздері бар екендігін байқатып отыр.

4. Мифтік құрылым аңшылық көріністерін, жәукемдеу сәттерін, шамандар мен тотемдердің бейнелерін қамтиды. Бұл көріністер әлем құрылысы, уақыт айналымы, рухтар иерархиясы мен билік жайлы ортақ түсініктерді бейнелейді.

5. Визуалды тіл наным-сенімдердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік реттеудің тетігі ретінде қызмет етті: белгілер арқылы рулық тиесіліктер, сакралды құқықтар мен қоғамдағы мәртебе заңдастырылды.

6. Пиктографиялық бейнелерден прототаңбаларға, одан әрі таңбаларға көшу визуалды кодтың біртіндеп дамуын көрсетеді. Бұл жүйе кейінірек түркі дәуіріндегі рулық белгілер жүйесінің негізіне айналды.

Қорытындылай келе, бағдарлама нәтижелері Қазақстан археологиясының жаңа ғылыми кезеңін айқындай отырып, Қазақ Алтайының көне таңбалық жүйесін әлемдік мәдени мұра мәнмәтінінде тануға мүмкіндік берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Пирс Ч.С. Избранные философские произведения. Пер. с англ. / Перевод К. Голубович, К. Чухрукидзе, Т. Дмитриева. - М: Логос, 2000. - 448 с.

2 Лотман Ю.М. Символ в системе культуры / Ю. Лотман // Труды по знаковым системам. 21 (Ученые записки Тартуского университета. Вып. 754). - Тарту: Тартуский государственный университет, 1987. - С. 10-22.

3 Леви-Строс К. Структурная антропология / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. - М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2001. - 512 с.

4 Акишев А. К. Искусство и мифология саков. - Алма-Лта: Наука, 1984. - 176 с.

5 Самашев З. Берел. Отыз алтыншы қорған. = Берел. Тридцать шестой курган. = Berel. Thirty-sixth barrow. - Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2018. - 324 б.

6 Самашев З. Берел. - Алматы: Издательский дом «Таймас». 2011. - 236 с.

7 Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. Образ воина в искусстве населения Казахстана сакского времени // Stratum plus. Археология и культурная антропология. № 3. 2019. - С. 183-214.

8 Горяев В.С. «Сцены соития» и историческая ситуация в степях Евразии// Международная конференция по первобытному искусству. Тезисы докладов. - Кемерово, 1998. - С.147-148.

9 Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса народов Южной Сибири//АСГЭ. Вып.3. - Л., 1961. С.7-31.

10 Самашев З.С. Наскальные изображения Казахстана как исторический источник: Центральной Азии: дис. … док. ист. наук: 07.00.06. - Алматы, 2010. - 345 с.

11 Полидович Ю.Б.Хищник и его жертва: выражение круговорота жизни и смерти средствами скифского зооморфного кода//Структурно-семиотические исследования в археологии. Том 3. - Донецк, 2006. С. 355-398.

12 Кузьмина Е.Е. Скифское искусство как отражение мировоззрения одной из групп индоиранцев // Скифо-сибирский звериный стиль в искусстве народов Евразии. - М., 1976. - С. 52-65.

13 Королькова Е.Ф. Звериный стиль Евразии. Искусство племен Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII-IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. - Спб.: Петербургское востоковедение., 2006. - 272с.

14 Руденко С. И., Руденко Н. М. Искусство скифов Алтая. - М.: ГМИИ, 1949. - 92 с.

15 Артамонов М.И. Сокровища саков. Аму-Дарьинский клад. Алтайские курганы. Минусинские бронзы. Сибирское золото. - М.: «Искусство», 1973. - 280 с.

16 Мартынов А.И. Археология: Учебник / А.И. Мартынов. 5-е изд., перераб. - М.: Высш. шк., 2005. - 447 с.

17 Раевский Д.С. Скифский звериный стиль – символическая знаковая система, предназначенная для описания мироздания // Мировая художественная культура. Древний Египет. Скифский мир: Хрестоматия / Сост. И.А. Химик. - СПб.: Издательство «Лань», 2004. С. 739-761.

18 Переводчикова Е.В. Язык звериных образов. Очерки искусства евразийских степей скифской эпохи. - М.: «Восточная литература». 1994. - 206 с.

19 Алексеев А. Ю. Золото скифских царей из собрания Эрмитажа. - СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 2012. - 272 с.

20 Круглова А.В. Языки и коды в ювелирном искусстве скифского звериного стиля // StudNet, 3 (5) 2020. - С. 508-516. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/yazyki-i-kody-v-yuvelirnom-iskusstve-skifskogo-zverinogo-stilya (дата обращения: 26.10.2025).

21 Schiltz V. Die Skythen und andere Steppenvölker. - München: C.H. Beck, 1994. - 472 s.

22 Тютюгина Н.В. К символике образа оленя в скифо-сибирском зверином стиле: по материалам Филипповского кургана №1. // Искусство Евразии. 2017. №3 (6). - С. 68-87. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/k-simvolike-obraza-olenya-v-skifo-sibirskom-zverinom-stile-po-materialam-filippovskogo-kurgana-1 (дата обращения: 26.10.2025).

23 Сорокин С.С. Изображение оленя на скале вблизи Катон Карагая (КазССР) // АСГЭ. Вып. 28. - Л., 1967. - С. 53–55.

24 Самашев З. Изобразительные памятники бронзового века // Материалы II Международной научной конференции «Кадырбаевские чтения-2010». - Актобе, 2010. - С. 4-33.

25 Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. - Петропавловск: Наука, 1993. - 216 с.

26 Омаров Г.К., Жуматаев С.Р., Бесетаев Б.Б.., Сагындыкова С.Т. Наскальные изображения Восточного Казахстана (по предварительным итогам археологических работ 2012-2019 гг.). - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 32 с.

27 Самашев, С. К. От символа к знаку: камни с лунками Казахского Алтая (из опыта исследований). Археология Казахстана, 2025. № 3 (29). - С. 106-117. https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.106.117.

28 Самашев З. Проблемы изучения наскальных изображений Казахстана // Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан, 2009. №2. - С. 74-85.

29 Самашев, З., Самашев, С. К., Жунисханов, А. С., & Сиражева, Б. А. К вопросу о «знаковом поведении» древнего населения Казахского Алтая: (этюд о зигзагообразных абстракциях на стенах погребальных сооружений и в петроглифах). Археология Казахстана, 2024). № 3 (25). - С. 11-21. https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.11.21.

30 Samashev Z. “Written stones” in the cult-ritual everyday life of paleometal era // World of Great Altay, 2020. № 6 (2). - Pp. 861-888.

31 Трифонов В.А. Дольмены в долине реки Жане // Археологические открытия. 1991–2004 гг. Европейская Россия. Отв. редактор член-корр. РАН Н.А. Макаров. - М.: Институт археологии РАН, 2009. - С. 115-128.

32 Самашев З. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. - Алматы: Наука, 1992. - 288 с.

33 Rozwadowski A., Wołoszyn J.Z. Dances with Zigzags in Toro Muerto, Peru: Geometric Petroglyphs as (Possible) Embodiments of Songs // Cambridge Archaeological Journal, 2024. - Pp. 1-21. https://doi.org/10.1017/S0959774324000064.

34 Купер Дж. Энциклопедия символов. Серия «Символы». Кн. IV. - М.: Изд-во Ассоциации Духовного единения «Золотой век», 1995. - 399 с.

35 Пиотровский. Б.Б. Археология Закавказья с древнейших времён до I тысячелетия до н.э. / Курс лекций. - Л.: ЛГУ. 1949. - 134 с.

36 Флиттнер Н.Д. Культура и искусство Двуречья и соседних стран. - Л.; М.: Искусство. 1958. - 297 с.

37 Пустовалов С.Ж. О росписях на дне катакомб ингульской культуры и о проблемах этносоциальной реконструкции катакомбного общества Северного Причерноморья // Доно-Донецкий регион в эпоху средней и поздней бронзы. - Воронеж: Изд-во Воронежского госуниверситета, 1998. - С. 22-51.

38 Вольная Г.Н. О переднеазиатских и закавказских влияниях в скифо-сибирском зверином стиле в памятниках Предкавказья // Мат-лы 6-го археологического семинара. - Краснодар, 1998. - С. 34-36.

39 Вольная Г.Н. Прикладное искусство населения Притеречья середины I тысячелетия до н.э. - Владикавказ: Иристон, 2002. - 186 с.

40 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Т. I. - Алма-Ата: Өнер, 1986. - 256 с.

41 Шайгозова Ж.Н., Наурзбаева А.Б. Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. - Алматы: ҚазҒЗМИ, 2023. - 320 б.

42 Leon Nina F., Pizarro Ñahui A. Petroglyphs and pictographs: Interpretation of rock art linked to water resources, terraces and astronomy // Kazakhstan Archeology, 2025. № 2 (28). - С. 159-180. https://doi.org/10.52967/akz2025.2.28.159.180.

43 Шевченко Ю.Ю. Первый пещерный христианский храм Восточной Европы эпохи первых готских походов III в. н.э. (по материалам пещерного монастыря Челтер-Коба в Крыму) // МАИАСП, 2014. № 6. - С. 390-416.

44 Шушунова Е.В., Ярцев С.В. К вопросу о типах поминально-погребальных комплексов античного населения Северного Причерноморья // МАИАСП. 2023. № 15. - С. 432-442.

45 Crist, W., Abdullayev, R. Herding with the Hounds: The Game of Fifty-eight Holes in the Abşeron Peninsula // European Journal of Archaeology, 2025. № 28 (1). - С. 61-80. https://doi.org/10.1017/eaa.2024.24.

46 Марсадолов Л.С., Дмитриева Н.В., Иконников В.А. Первые палеоастрономические исследования на Алтае // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе / Под ред. П.К. Дашковского. Вып. 2. - Барнаул: Азбука, 2008. - С. 207-218.

47 Байтенов Э.М. Новые материалы по древнему наследию Тарбагатая // Вестник КазГАСА, 2016. № 3 (61). - С. 5–22.

48 Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху неолита и бронзы (результаты археологических исследований): автореф. дис. … докт. ист. наук. - М., 1970. - 60 с.

49 Самашев З.С. Вкладышевый кинжал эпохи неолита из поселения Усть-Нарым на р. Иртыш // СибСкрипт, 2023. Т. 25. № 6. - С. 735-748.

50 Шмидт И.В. Ромбовидные знаки Черноозерья II и Пегана – орнаментальные инварианты. Попытка обоснования и локализация стиля // КСИА, 2022. Вып. 267. - С. 345-363.

51 Матюшин Г.Н. Мезолит Южного Урала. - М.: Наука, 1976. - 368 с.

52 Акимова Е.В., Вдовин А.С., Макаров Н.П. Пазовые орудия Красноярского археологического района // Древности Приенисейской Сибири / Отв. ред. А.С. Вдовин. Вып. 1. - Красноярск: Красноярский гос. ун-т, 1996. - С. 62-82.

53 Молодин В.И. Памятник Сопка-2 на реке Оми. Культурно-хронологический анализ погребальных комплексов эпохи неолита и раннего металла. Т. 1. - Новосибирск: ИАЭТ СО РАН, 2001. - 128 с.

54 Кубарев В.Д. Чашечные камни Алтая // Материалы по археологии Горного Алтая / Отв. редактор А.С. Суразаков; редактор: Н.В. Екеев, И.П. Эдоков. - Горно-Алтайск, 1986. - С. 68-80.

55 Марьяшев А.Н., Потапов С.А. Камни с чашевидными углублениями из Семиречья // История и археология Семиречья / Отв. ред. Ю.А. Мотов, А.А. Горячев. Алматы: Фонд «XXI век», 1999. - С. 104-109.

56 Сараев В.В. К вопросу о функциональном назначении чашечных камней Жетысу // Религия и система мировоззрений древних и средневековых номадов Евразии / Отв. ред. А. Онгарулы. - Алматы: ИА, 2016. - С. 116-124.

57 Bednarik R.G. 'About Cupules' in Rock // Art Research, 1993 (Nov). Vol. 10 (2). - Pp. 138-139.

58 Bednarik R.G. Cupules // Rock Art Research, 2008. Vol. 25 (1). - Pp. 61-100.

59 Bednarik R.G. A short ethnography of cupules // Mysterious Cup Marks: Proceedings of the First International Cupule Conference (eds R. Querejazu Lewis & R. G. Bednarik), 2010a. - Pp. 109-114.

60 Bednarik R.G. The tribology of cupules // Geological Magazine, 2015. № 152 (4). - Pp. 758-765.

61 Rock Art Glossary: A Multilingual Dictionary, Expanded Second Edition (First Edition 2001) / Ed. by R.G. Bednarik et al. Australian Rock Art Research Association, Inc., - Melbourne, 2010. - 274 p.

62 Bednarik, R.G. The interpretation of cupules // R. Querejazu Lewis and R. G. Bednarik (eds), Mysterious cup marks: proceedings of the First International Cupule Conference, 2010b. - Pp. 67-73.

63 Dankoff R., Kelly J. Mahmûd.el-Kaşğari. Compendium of The Turkic Dialects. - Cambridge: Harvard Üniversitesi Basımevi, 1982. - 416 p.

64 Самашев З. Шимайлы – новое местонахождение петроглифов в Восточном Казахстане // Изобразительные и технологические традиции ранних форм искусства (2). - М.; Кемерово, 2019. Труды САИПИ. Вып. XII. - С. 301-315.

65 Самашев З., Сапашев О., Оралбай Е., Исин А., Толегенов Е., Сайлаубай Е. Памятники монументального искусства Восточного Казахстана (древность и средневековье). - Алматы: ТОО «Археология», 2010. - 216 с.

ҚОСЫМША А.

Ғылыми және ғылыми-танымдық жарияланымдар

2024 жыл

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССБК ұсынған журналдарда жарияланған жарияланымдар тізімі (Q1) – 2*:

1 Самашев, З., Самашев, С. К., Жунисханов, А. С., & Сиражева, Б. А. (2024). К вопросу о «знаковом поведении» древнего населения Казахского Алтая: (этюд о зигзагообразных абстракциях на стенах погребальных сооружений и в петроглифах). Археология Казахстана, (3 (25), 11–21. https://doi.org/10.52967/akz2024.3.25.11.21.

2 Sapashev O. C., Samashev C. K., & Abilbekuly A. (2024). Turkic Symbols and Images of Totemic Animals: From a Semiotic Perspective. Kazakhstan Archeology, 26(4 (26), 359–367. https://doi.org/10.52967/akz2024.4.26.359.367

2025 жыл

Scopus мақалалары (Q1) - 1 (бір):

1. Самашев, С. К. (2025). Символдық бейнеден белгілік жүйеге: Қазақ Алтайының «ойықты» тастары. Қазақстан археологиясы, 29(3 (29), 106–117. https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.106.117

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар - 1 (бір):

1. Sapashev O.S., Samashev S.K. The Tradition of Continuity in State Standards and Weaponry Among the Saka, Xiongnu, and Turks // History of the Homeland, 2025 Vol. 28. Is. 3. Pp. 617-637. DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_617-637.

Халықаралық конференция материалында, оның ішінде 2 (екеуі) шетелдік конференция материалында жарияланған мақалалар - 3 (үш):

1. Самашев С.К., Пушкарев А.А., Половцев М.Ю., Ерланова Ж.Е., Сиражева Б.А. Знаки и символы в изобразительных памятниках Казахского Алтая // Марғұлан оқулары – 2025 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары Алматы қ., 26–28 наурыз 2025 ж. 234-246 бб. https://doi.org/10.52967/3007-6528.2025.234.246.

2. Samashev S.K., Sapashev O.S. Altay'daki Erken Dönem Göçebelerinin Evreni Tanimlama Araci Olarak Kullandiği Sembolik Sistemi // Proceedings Book 12th International Black Sea Coastline Countries Scientific Research Conference September 26-28, 2025 - Trabzon, Türkiye, Pp. 433–453.

3. Sirazheva B. Sign System in The Cultures of the Early Iron Age of the Kazakh Altai // Congress Proceedings Book 17th International Istanbul Scientific Research Congress Proceedings Book September 28-30, 2025 Online & In-Person Participation Zoom & Istanbul, Turkiye. Pp. 398–405.

* Күнтізбелік жоспар бойынша ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын ғылыми басылымдарда 2 (екі) мақала жариялау көзделген, «Қазақстан археологиясы» журналы Scopus-қа да (Q1) және ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын басылымдар тізбесіне де кіреді

ҚОСЫМША Ә

Күнтізбелік жоспар

8

№ 4-КК Бағдарламалық-
нысаналық қаржыландыру
туралы келісімге қосымша
« 4 » сәуір 2025 жыл

Жұмыстың күнтізбелік жоспары

№ р/с	Жұмыстың атауы	Орындалу уақыты		Күтілетін нәтижелер
		басталуы	аяқталуы	
1.	Б.д.д. I мыңжылдықтың басындағы Қазақ Алтайының таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша библиографиялық және мұрағаттық жиналған деректерді жүйелеу	қаңтар	наурыз	Б.д.д. I мыңжылдықтың басындағы Қазақ Алтайының таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштері бойынша негізгі деректер базасын қалыптастыру аяқталады
2.	Түрлі символдық белгілері бар жылжымайтын және жылжымалы ескерткіштерді зерттеу бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау үшін, ежелгі көшпелілердің таңбақолдануына қатысты деректерді жалпылап, түйіндеу жұмыстарын аяқтау	сәуір	маусым	Ежелгі көшпелілердің таңбақолдану ескерткіштеріне қатысты деректер бір ізге түсіріледі, әдістемелік ұсыным әзірленіп «Берел» музей-қорығы сайтына ілінетін болады
3.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің символикалық белгілері мен таңбаларын жинастыру мақсатында далалық зерттеулер жүргізу	шілде	тамыз	Шығыс Қазақстан облысының Ұлан, Тарбағатай, Катонқарағай, Күршім аудандарына археологиялық барлау-зерттеу жұмыстары жүргізіледі
4.	Жоба тақырыбы бойынша ғылыми семинар өткізу	тамыз	тамыз	Жобаны жүзеге асыру қорытындысы бойынша ғылыми семинар ұйымдастырылып,

				өткізіледі
5.	Қазақстаннан тыс жерлердегі таңбақолдану ескерткіштеріне қатысты деректерді жинау мақсатында РФ Барнаул, Кемерово қалаларына іс-сапар	қыркүйек	қазан	Осы уақытқа дейін жүргізіліп келген Шығыс Қазақстан археологиялық экспедицияларының зерттеушілік құрамында болған Алтай мемлекеттік университеті және Кемерево мемлекеттік университеті мамандарының есептік жазбаларымен жұмыс істеу
6.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүрін археологтардың халықаралық конгресінде апробациялау мақсатында Түркияның Стамбул қаласына іс-сапар	қазан	қазан	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүрі археологтардың халықаралық конгресінде баяндама жасау арқылы апробациядан өткізіледі. Конгресс жинағында ғылыми мақала жарық көреді
7.	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің қолжазбасын әзірлеу	қазан	желтоқсан	Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің мәтіні әзірленеді, келешекте басып шығару үшін қолжазба нұсқасы жасалады
8.	Бағдарламаны жүзеге асырудың алдын-ала жинақталған аралық нәтижелерін ғылыми апробациялау	қазан	желтоқсан	Жарияланымдар: 1. Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша

				нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) мақала; 2. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала; 3. Халықаралық конференция материалында 3 (үш), оның ішінде 1 (біреуі) шетелдік конференция материалында мақалалар жарияланады
9.	Жоба бойынша жылдық есепті дайындау және тапсыру	қазан	қараша	ГОСТ 7.32-2017 сәйкес жасалған жұмыс туралы есепті дайындау және жазу

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі

А.Ж. Сыдықов

Орындаушы:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директорының міндетін атқарушы

А.Т. Сарбасов

Келісілді:
Жоба жетекшісі **С. Самашев**

ҚОСЫМША Б.

Қазақ алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным (археологтар үшін)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ

«БЕРЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

археологтар үшін

Әдістемелік ұсыным «BR22082478 Қазақ Алтайының ерте темір дәуірі мәдениеттеріндегі белгілер жүйесі» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасы аясында әзірленген

Жоба жетекшісі:
PhD докторы С.К. Самашев

КАТОНҚАРАҒАЙ ауылы, 2025

УДК 902/904 (574)
ББК 63.4 (5Қаз)
С19

PhD докторы С. К. Самашев
ҚАЗАҚ АЛТАЙЫ ЕЖЕЛГІ КӨШПЕЛІЛЕРІНІҢ БЕЛГІЛЕР ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

ISBN 978-601-12-4862-4

УДК 902(4/9)
ББК 63.4

ISBN

С.Қ. Самашев "Қазақ алтайы ежелгі көшпелілерінің белгілер жүйесін зерттеу бойынша әдістемелік ұсыным" - Катонкарағай "Берел" баспа тобы. 2025 ж - 18 бет

Бұл ұсыным Қазақ Алтайындағы көне көшпелілердің таңбалық жүйесін кешенді, ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыда тиімді зерттеу тәсілдерімен қамтамасыз етуге бағытталған. Отандық және шетелдік ғылыми жетістіктерді, сондай-ақ осы өңірде жүргізілген далалық және камералдық зерттеулердің нақты тәжірибесін ескере отырып әзірленген.

Ерекше назар таңбаларды далалық және камералдық тіркеуге, олардың семантикасы мен мәнмәтінін талдауға, жіктеу мен типтеуге, сондай-ақ олардың көшпелі қоғамдағы әлеуметтік, құқықтық және сакралды қызметтерін интерпретациялауға аударылған.

Әдістемелік ұсыным археология, тарих, этнология салалары бойынша мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің мәдени мұрасы мен таңбалық жүйелеріне қызығушылық танытатын зерттеушілерге арналған.

"Берел" музей-қорығының "01" сәуір 2025 жылғы № 2 ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында қаралып, басылымға ұсынылды

Редактор: ф.ғ.к., О.С. Сапашев,
Рецензенттер: PhD., С.С. Мұргабаев,
PhD., Ш. Сейітханұлы

БК

ISBN

МАЗМҰНЫ

ҚОСЫМША В.

Суреттер



Сурет В 1 – Зерттелген ескерткіштердің ШҚО Ұлан ауданының картасында көрсетілуі

Сурет В 2 – Шөже қорымы, № 5 нысан



Сурет В 3 – Шөже қорымы, № 5 нысан. Оңтүстік-батыс тастақтаның ортофотожоспары: А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері; В – сызбасы бар фототекстурасы



Сурет В 4 – Шөже қорымы, № 5 нысан. Солтүстік-батыс тастақтаның ортофотожоспары: А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері; В – сызбасы бар фототекстурасы

Сурет В 5 – Сарыжон ойықтарының орналасқан жері



Сурет В 6 – Қарымсақ петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары



Сурет В 7 – Қарымсақ петроглифтері. Бірінші тастың беті



Сурет В 8 – Қарымсақ петроглифтері. Екінші тастың беті



Сурет В 9 – Қызылтас петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары



Сурет В 10 – Қызылтас петроглифтері. Бірінші тастың беті. А – фототекстурасы; Б - ҮВК DStretch сүзгісін қолданғандағы фототекстурасы



Сурет В 11 – Сағыр 3 петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары



Сурет В 12 – Сағыр 3 петроглифтері. Бірінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері



Сурет В 13 – Сағыр 3 петроглифтері. Екінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері



Сурет В 14 – Сағыр 3 петроглифтері. Үшінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері

Сурет В 15 – Майтпас шатқалындағы жартас суреттерінің орналасуы

Сурет В 16 – Майтпас. Белгі 1

Сурет В 17 – Майтпас. Белгі 2



Сурет В 18 – Ақбауыр 2 ескерткішіндегі жартас суреттерінің орналасуы

Сурет В 19 – Ақбауыр 2 петроглифтері. Белгі 1

Сурет В 20 – Ақбауыр 2 петроглифтері. Белгі 2

Сурет В 21 – Ақбауыр 2 петроглифтері. Белгі 3

Сурет В 22 – Сағыр ескерткішіндегі жартас суреттерінің орналасуы

Сурет В 23 – Сағыр петроглифтері. Белгі 1

Сурет В 24 – Сағыр петроглифтері. Белгі 2



Сурет В 25 – Сағыр петроглифтері. Белгі 3



Сурет В 26 – Зерттелген ескерткіштердің ШҚО Тарбағатай ауданының картасында көрсетілуі

Сурет В 27 – Арғанаты петроглифтері

Сурет В 28 – Арғанаты петроглифтері

Сурет В 29 – Арғанаты петроглифтері



Сурет В 30 – Арғанаты петроглифтері

Сурет В 31 – Маңырақ петроглифтері

Сурет В 32 – Маңырақ петроглифтері

Сурет В 33 – Маңырақ петроглифтері

Сурет В 34 – Шимайлы-1 петроглифтері. Бейнелері бар тақтатас

Сурет В 35 – Шимайлы-1 петроглифтері. Арбашы мен жаяу садақшының «шайқасы» көрінісі бейнеленген жартас суреті

Сурет В 36 – Шимайлы-1 петроглифтері. Геометриялық өрнектері бар аттар бейнеленген жартас суреті

Сурет В 37 – Сарысу петроглифтерінің орналасуы

Сурет В 38 – Сарысу. Белгі 1

Сурет В 39 – Орта Арғанаты ескерткішіндегі жартас суреттерінің орналасуы



Сурет В 40 – Жаман Арғанаты ескерткішіндегі жартас суреттерінің орналасуы

Сурет В 41 – Жаман Арғанаты. Белгі 1

Сурет В 42 – Жаман Арғанаты. Белгі 2



Сурет В 43 – Шимайлы ескерткішінің топожоспары

Сурет В 44 – Шимайлы. Белгі 1

Сурет В 45 – Шимайлы. Белгі 2

Сурет В 46 – Шимайлы. Белгі 3

Сурет В 47 – Шимайлы. Белгі 4

Сурет В 48 – Шимайлы. Белгі 5

Сурет В 49 – Шимайлы. Белгі 6

Сурет В 50 – Шимайлы. Белгі 7

Сурет В 51 – Шимайлы. Белгі 8

Сурет В 52 – Шимайлы. Белгі 9

Сурет В 53 – Шимайлы. Белгі 10

Сурет В 54 – Шимайлы. Белгі 11

Сурет В 55 – Шимайлы. Белгі 12



Сурет В 56 – Зерттелген ескерткіштердің ШҚО Катонқарағай ауданының картасында көрсетілуі

Сурет В 57 – Жамбыл ауылы маңындағы петроглифтер



Сурет В 58 – Майемер-Таңбалытас петроглифтері

Сурет В 59 – Майемер-Тарлау петроглифтері

Сурет В 60 – Майемер петроглифтері

Сурет В 61 – Майемер-Займке петроглифтері

Сурет В 62 – Майемер петроглифтері



Сурет В 63 – Майемер петроглифтері

Сурет В 64 – Согорное. Белгі 1

Сурет В 65 – Жаманжол петроглифтері

Сурет В 66 – Қансар петроглифтері

Сурет В 67 – Белқарағай петроглифтері

Сурет В 68 – Стан петроглифтерінің орналасуы

Сурет В 69 – Стан. Белгі 1



Сурет В 70 – Майемер петроглифтерінің орналасуы

Сурет В 71 – Майемер. Белгі 1

Сурет В 72 – Майемер. Белгі 2



Сурет В 73 – Зерттелген ескерткіштердің ШҚО Күршім ауданының картасында көрсетілуі



Сурет В 74 – Доланалы петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары



Сурет В 75 – Доланалы петроглифтері. Бірінші тастың беті.



Сурет В 76 – Доланалы петроглифтері. Екінші тастың беті. А – фототекстура; Б – бетінің бедері

Сурет В 77 – Доланалы петроглифтері. Үшінші тастың беті

Сурет В 78 – Түлкіне петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары

Сурет В 79 – Түлкіне петроглифтері. Бірінші тастың беті

Сурет В 80 – Түлкіне петроглифтері. Екінші тастың беті



Сурет В 81 – Түлкіне петроглифтері. Үшінші тастың беті



Сурет В 82 – Түлкіне петроглифтері. Төртінші тастың беті

Сурет В 83 – Түлкіне петроглифтері. Бесінші тастың беті

Сурет В 84 – Түлкіне петроглифтері. Алтыншы тастың беті



Сурет В 85 – Мойнақ петроглифтері. Ескерткіштің ортофотожоспары

Сурет В 86 – Мойнақ петроглифтері. Бірінші тастың беті



Сурет В 87 – Мойнақ петроглифтері. Екінші тастың беті



Сурет В 88 – Мойнақ петроглифтері. Үшінші тастың беті

Сурет В 89 – Мойнақ петроглифтері. Төртінші тастың беті

Сурет В 90 – Мойнақ петроглифтері. Бесінші тастың беті

Сурет В 91 – Қазақстан ауылы маңынан анықталған петроглифті тастың орналасқан жері

Сурет В 92 – Қазақстан ауылы маңынан анықталған петроглифті тас. Белгі 1

Сурет В 93 – Қазақстан ауылы маңынан анықталған петроглифті тас. Белгі 2



Сурет В 94 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткішінің орналасқан жері

Сурет В 95 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. Белгі 1

Сурет В 96 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. Белгі 2

Сурет В 97 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. Белгі 3

Сурет В 98 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. Белгі 4

Сурет В 99 – Шердаяқ («Ресторан») ескерткіші. Белгі 5

Қосымша Г.

Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбақолдану дәстүріне қатысты ғылыми еңбектің қолжазбасы

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Мәдениет комитеті

«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК

Самат Самашев, Ораз Сапашев, Зайнолла Самашев

Қазақ Алтайы ежелгі тұрғындарының таңбалық жүйесі

Катонқарағай ауылы, 2025

Самашев З., Сапашев О., Самашев С. Қазақ Алтайы ежелгі тұрғындарының таңбалық жүйесі. - Катонқарағай ауылы, 2025. – 150 б.
қазақ тілінде

ISBN

Бұл еңбек – Қазақ Алтайының ежелгі және ерте темір дәуірі көшпелілерінің таңба-белгі жүйесін кешенді түрде зерттеуге арналған алғашқы іргелі басылымдардың бірі. Кітапта таңбалардың тарихи қалыптасуы, олардың семантикалық, құқықтық және сакралды қызметтері, сондай-ақ түркі халықтарының мәдени бірегейлігін айқындайтын көрнекі-белгілік жүйе ретіндегі рөлі жан-жақты қарастырылады.

Кітап археологтар, этнологтар, өнертанушылар, тарихшылар, мәдениеттанушылар және түркі өркениетінің таңбалық-символдық мұрасын зерттеушілерге арналған.

Баспаға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған.

Ғылыми редакторы: **Мұрғабаев С.,** доктор Phd

Рецензенттер**:**
Үмітқалиев Ұ., т.ғ.к.
Сейітхан Ш., доктор Phd

ISBN

МАЗМҰНЫ

Сөз басы

Қазақ Алтайы – Еуразия кеңістігіндегі ежелгі өркениеттер мен көшпелі мәдениеттердің тоғысқан бірегей аймағы. Бұл өңірдің археологиялық мұрасы адамзаттың рухани тәжірибесін, оның ішінде таңба-белгілер жүйесін тануда аса маңызды дереккөз болып табылады. Ежелгі таңбалар мен символдар – тек көркем бейнелеу үлгісі ғана емес, көне қоғамдардың дүниетанымдық құрылымын, әлеуметтік қатынастарын және сакралды ұғымдарын бейнелейтін күрделі семиотикалық феномен.

Қолдарыңыздағы бұл еңбек – Қазақ Алтайының ежелгі тұрғындарының таңбалық жүйесін кешенді зерттеуге арналған тұңғыш басылымдардың бірі. Мұнда таңбалардың тарихи қалыптасуы мен семантикалық табиғаты, олардың қоғамдық және сакралды қызметтері, сондай-ақ түркілік өркениет контексіндегі жалғастық мәселелері кеңінен қарастырылады. Еңбекте археологиялық, семиотикалық, этнографиялық және өнертанушылық тәсілдер үйлестіріліп, таңбалар жүйесін пәнаралық тұрғыдан түсіндіру көзделген.

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан аумағындағы ондаған археологиялық нысандарда жүргізілген далалық және камералдық жұмыстардың материалдары пайдаланылды. Таңбалар мен бейнелердің морфологиясы, кеңістіктік орналасуы, семантикалық мәні заманауи сандық технологиялар арқылы тіркеліп, типтік жүйеге түсірілді. Мұның барлығы көне көшпелілердің визуалды-коммуникативтік тәжірибесін жаңа ғылыми деңгейде пайымдауға мүмкіндік берді.

Еңбек ғылыми-әдістемелік және мәдени маңызы жоғары басылым ретінде археологтар мен тарихшыларға, этнологтар мен өнертанушыларға, сондай-ақ түркі өркениетінің таңбалық-символдық мұрасына қызығушылық танытқан барлық оқырмандар қауымына арналады.

КІРІСПЕ

Белгілер жүйесі – көне қоғамдардың мәдениеті мен әлеуметтік құрылымын түсінудегі негізгі тетік болып табылады. Еуразия кеңістігін мекендеген ежелгі халықтардың өмірінде, соның ішінде Қазақ Алтайы өңірінде бұл жүйе ерекше орын алған. Мұнда таңба, өрнек, символ және пиктографиялық бейнелер түрінде көрініс тапқан визуалды кодтар этникалық және ру-тайпалық сәйкестікті білдірумен қатар, сакралды, құқықтық және билік сипатындағы мән-мағыналарға ие болған. Осы тұрғыдан алғанда, таңбалық жүйелерді ежелгі тұрғындардың дүниетанымы, әлеуметтік иерархиясы мен саяси құрылымымен тығыз байланыста дамыған тұрақты әрі құрылымдық семиотикалық жүйе ретінде қарастыруға болады.

Қазақ Алтайы ежелгі таңбалық дәстүрлердің ерекше шоғырланған аймағы ретінде археологиялық және мәдени тұрғыдан зор ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл өңір қола дәуірінен бастап ерте ортағасырларға дейін үздіксіз жалғасқан мәдени сабақтастығымен ерекшеленеді. Тасқа қашалып, ойылып немесе қыналы бояумен түсірілген таңбалар мұндағы көптеген ескерткіштерде жиі кездеседі. Олардың пішіндік және мазмұндық тұрғыдан біріздiлігі ежелгі тұрғындардың әл бастан-ақ күрделі таңбалық жүйелер қалыптастырғанын айғақтайды. Белгілер мен нышандар болса тас мүсіндердің, құлпытастардың, қару-жарақ пен ат әбзелдерінінің, керамикалық бұйымдардың үстіне, сондай-ақ жартастар беттеріне кеңінен бейнеленген.

Қазіргі кезеңде ерте көшпелілердің визуалды-коммуникативтік кодтарын зерттеу пәнаралық тәсілді қолдана отырып қарастыруды қажет етеді. Археология, этнография, семиотика, тарихи антропология, өнертану, мәдениеттану және құқық тарихы секілді ғылым салаларының пәнаралық арнаға тоғысу нәтижесі ежелде өмір сүрген түрлі қоғамдардың таңба мұраларын кешенді түрде талдауға айтарлықтай мүмкіндік береді. Осындай тоғыспалы бағыт арқылы таңбалар жүйесі тек өнертану немесе этникалық

құбылыс ретінде емес, ақпараттық-коммуникативтік, әлеуметтік және сакралды феномен ретінде де қарастырылады.

Назарларыңызға ұсынып отырған еңбек, жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақ Алтайының ежелгі көшпенділеріне тән таңбалық жүйені пәнаралық бағыттағы ғылыми негізде зерделеу үшін қолға алынған болатын. Мұнда таңбаларды далалық және камералдық тіркеу мен құжаттау, олардың семантикалық жүктемесі мен контекстін талдау, типологиясын жүйелеу, әлеуметтік және сакралды (құтсал) қызметтерін интерпретациялау, сондай-ақ тарихи сабақтастығын айқындау әдістері арқылы жүйеленіп ұсынылды.

Еңбек отандық және шетелдік зерттеулердің ғылыми нәтижелеріне, сондай-ақ өңірде жүргізілген археологиялық экспедициялар мен камералдық жұмыстардың тәжірибесіне сүйене отырып дайындалған. Кітап археология, тарих, этнология, мәдениеттану салалары бойынша мамандарға, тілдің таңбалық сипатын зерттейтін мамандарға, сондай-ақ көшпелі өркениеттердің таңба және көрнекі-белгі жүйелерін зерттеуге қызығушылық танытқан оқырмандарымызға арналады.

1 Белгілер жүйесін зерттеудегі археологиялық аспект. Тарихнамалық талдау

1.1 Терминдеу мәселелері

Қазақ Алтайының ежелгі тұрғындарына тән таңба-белгілерді зерттеуді бастамас бұрын, алдымен ұғымдарға қатысты мәндік шектерін нақты айқындап, негізгі терминдердің мағыналарын айқындап алу қажет болды. Жалпы, таңба – көпқырлы мәдени құбылыс. Ол «белгі», «символ», «өрнек» және «стиль» сияқты ұғымдар тоғысында орналасқан. Басты мақсатымыз да осындай әдістемелік ұсыным шеңберінде негізгі түсініктерді пәнаралық тәсілдерге сүйене отырып айқындау.

Белгі мен символ. Белгі – бұл басқа бір нысанды, оның қасиетін немесе арақатынасын алмастыратын не білдіретін, түйсікпен қабылданатын нысан. Белгі – ақпаратты (білімді, хабарды, бейнені) қабылдау, сақтау, өңдеу және жеткізу үшін қолданылатын құрал.

Белгі мынадай сипаттарда көрініс табуы мүмкін: өзге бір нысанның, құбылыстың немесе ұғымның орнына қолданылатын материалдық нысан (жәдігер); адамдардың жеке немесе қоғамдық мәні бар ақпаратты белгілеп, бағалап және жеткізетін мәдениеттің негізгі құралы; символ, көркем бейне, мәдени код сияқты күрделі жүйелердің құрылымдық элементі.

Семиотикада белгі – нақты бір мәнмен (денотатпен) байланысты материалдық тасымалдаушы. Ол сөз, бейне, зат немесе графикалық таңба түрінде көрінуі мүмкін және ақпарат жеткізу құралы ретінде қызмет етеді [Коненко, 2003].

Символ (грек. symbolon – белгі, нышан) – әлеуметтік-мәдени таңба, оның мазмұны тікелей логикалық тәсілмен емес, интуиция арқылы ұғынылатын идеяны білдіреді және толыққанды вербалды (сөздік) жолмен берілуі мүмкін емес.

Символ – мәдениеттегі әмбебап категория, ол заттық бейне мен оның терең мағыналық мазмұнының арасындағы сәйкестік арқылы ашылады.

Символ ұғымы бірнеше мағынада қолданылады: қандай да бір ұғымды, идеяны немесе бейнені шартты түрде білдіретін зат, әрекет және т.б.; белгілі бір идеяны бейнелі түрде жеткізетін көркем образ; нақты бір әлеуметтік топтың мүшелеріне тән танымдық белгіні білдіретін шартты материалдық таңба.

Жасанды пішінделген тілдерде символ – таңбамен баламалас ұғым ретінде қарастырылады.

Мәдениеттегі символ түсінігі күрделі және қосарлы мәндегі сипатқа ие, ол оның белгіден айырмашылығынан көрінеді.

Негізгі айырмашылығы – символ нысанды тікелей көрсетпейді. Белгі заттың өзіне емес, әдетте онымен байланысты абстрактылы мағынаға (немесе бірнеше мағынаға) жалпы реакция тудырғанда таңбаға айналады.

Таңба – ерекше белгілер жүйесі. Таңба – көшпелі қоғамдарда ру-тайпалық тектестікті, меншікті, құқықтық мәртебені және кейде діни-ғұрыптық мағына-мазмұнды білдіретін графикалық таңба. Археологиялық деректерде таңбалар келесі материалдарда кездеседі:

- тас мүсіндер мен ескерткіш ұстын, тақталарда;
- жартастарда (петроглифтер түрінде);
- қола және темір бұйымдарда (қару-жарақ, әшекейлер, тұрмыстық заттар);
- қыш және сүйектен жасалған заттарда; малға басылған таңбаларда;
- мәйітке қоса жерленген заттарда.

Таңба бірнеше қызметті қатар атқарады: идентификациялық (ру, тайпа), ақпараттық (жер иелігі, меншік), коммуникациялық (одақтар, келісімдер), ғұрыптық (билік нышандары, құрбандық белгілері) және құқықтық (жайылым иелену, мұрагерлік, некелік құқықтар) [Рогожинский, 2019: с. 99–121].

Өрнек пен таңбаның арақатынасы. Таңбалар өрнек элементтерімен жиі ұштасып отырады, ол әсіресе сәндік-қолданбалы өнерде көрініс табады. Алайда, олардың арасында түбегейлі айырмашылық бар:

Өрнек – эстетикалық мақсатта қолданылатын, қайталанатын композициялық құрылым.

Таңба – жеке, мағыналық жүктемесі бар ақпараттық таңба. Ол әдетте дара қолданылады және өрнектермен қабыспайды.

Алайда екі құрылымның өзара ұштасуын да көруге болады, мәселен: кейбір таңбалар өрнекке ұқсастырыла бейнеленген жағдайда, сәндік сипатқа ие болады, сондай-ақ өрнектер құрамында да таңба пішіндес элементтердің қайталанып отыруы мүмкін (мысалы, тоқыма немесе зергерлік бұйымдарда).

Стиль және таңбалар жүйесі. Көшпелілер мәдениетіндегі стиль ұғымы – көркемдік-композициялық және семиотикалық белгілердің тұрақты жиынтығын білдіреді. Осы мәнмәтінде аң стилі мен таңбалар жүйесі – бір-біріне параллель дамыған, өзара ықпалдасқан таңбалық құрылымдар.

Аң стилі көбінесе көркемдік-ғұрыптық функцияларды атқарса, таңбалар әлеуметтік-құқықтық және саяси коммуникацияда шешуші рөл ойнады.

Ал енді «таңба» ұғымының нақты анықтамасын бермес бұрын, алдымен оның этимологиясын зерттеп алғанымыз жөн.

«Таңба» сөзінің қай тілден енгендігі, бастапқыда қандай мағынаны бергендігі отандық қана емес, әлемдік таңбатанудың шешімін таппаған, әлі күнге пікірталасқа толы мәселелерінің бірі. Жалпы, түркі халықтарындағы «таңба» сөзінің шығу тегіне қатысты «түркілік» және «моңғолдық» деген тұжырымдар ғалымдар арасында кеңінен қолдау тапқан. Зерттеушілердің кейбірі оларды бөліп-жармай «түркі-моңғолдық» деп те келтіре береді. Түбірі белгісіз болғандықтан, оның үстіне жазылуы мен айтылуында да белгілі бір айырмашылықтардың болуы «таңба» сөзінің шығу тегін әр жерден іздестіруге алып келді. Осы сала бойынша тұшымды зерттеулер жүргізген кейбір ғалымдар сөздің шығу тегін түркілерден тыс жерлерден де іздестіріп байқаған.

Мысалы, бұл терминнің түркі немесе моңғол тілдеріне енуін шумерліктерге дейінгі кезеңмен байланыстыратын [Сулейменов, 2005], грек

тілінен [Соломоник, 1957], парсы тілінен (шығыс иран тілдерінен), араб тілінен [Platts, 1884], қидан тілінен [Бушаков, 1993], алан тілінен [Vernadsky, 1956] енгенін дәлелдеуге талпынған еңбектер бар.

Бұл жерде ерекше тоқтала кететін жайт, ортағасырлық Еуразия даласының таңба-белгілерін зерттеу барысында біз қарастырып отырған мағынасындағы (әрі қазіргі уақытта ғылыми қалыптасқан мәніндегі) «таңба» термині аясына таңба сөзінің осы аумақтан және түркітілдес халықтардың барлығынан кездесетін метатезасы және шығыс-славяндық «тавро» термині де кіреді. Соңғысын бұл қатарға енгізуге В. Дальдің сөздігі негіз бола алады [Толковый словарь..., 1909].

Осылардың негізгі дегендеріне жеке-жеке тоқталар болсақ, О. Сүлейменов тамға сөзінің түп-тамырын көне шумерлік «туп» сөзіне апарып тірейді де, шумерліктер бұл сөзге жаңа мағына берді, сөйтіп шумерліктер арқылы түркілерге жетті деп санайды [Сулейменов, 2005: с. 216].

Э.И. Соломоник болса «тавро» термині Солтүстік Қаратеңіз аумағына гректің «ταύρος» – бұқа сөзі арқылы кірген деп болжайды. В.А. Бушаков оның бұл пікіріне Э.И. Соломониктің болжамы тарихи жағынан болсын, лингвистикалық жағынан болсын қате деп үзілді-кесілді қарсы шығады. Ол М. Фасмердің тавро сөзінің славяндық «товро» нұсқасы түріктің «tuğra» - туғра, яғни сұлтан монограммасын білдіретін сөзінен алынған деп пайымдауы шындыққа жанасады деп санайды [Соломоник, 1957: с. 217]. Ол осы ойын әрі қарай өрбіте отырып, түрік-орыс сөздігінде tuğra сөзі парсы тілінен алынған, ондағы «toğra» сөзіне - яғни билеушінің аты мен дәрежесін көрсететін шифрларды, сондай-ақ патша жарлықтары жазылатын каллиграфиялық жазуды білдіретін сөзге сәйкес келеді деп жазады [Соломоник, 1957: с. 217].

Дегенмен В.А. Бушаков tamğa, tağma сөздерінің гректерден келген болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Ол бірақ бұл терминді гректің тыртық, шор, дақ, таңба, белгі дегенді білдіретін «στίγμα» сөзіне теңестіріп,

шығыс иран тілдеріне кейінірек енген болуы ықтимал деген ой айтады. Ал тағма сөзін көнегректік τάγμα (-ατος) – лава, жасақ, легион, қаулы, жарлық, нұсқау сөздерімен және τάσσω, τάττω – қою, белгілеу, санау, енгізу, анықтау сөздерімен сәйкестендіреді [Бушаков, 1993: с. 18-19].

Таңба сөзінің түп-тамырын араб тілінен іздегендердің қатарына Дж. Платстың еңбегі жатады [Platts, 1884: p. 752]. Ол жоғарыдағы «туғра» сөзін арабтың «тағрат», яғни, итеру, тыққылау, басу, жаншу сөзімен байланыстырып, мысал ретінде арабтың «дағра» - шабуылдау сөзін келтіреді. Бірақ В.А. Бушаков оның да бұл пікірін теріске шығарып, Д. Платстың этимологиясы күмәнді, арабтың туғра сөзі парсы тілінген енген деп жазады [Бушаков, 1993: с. 17]. Оның пікірінше арабтың осыған мәндес сөздері ирандық немесе түркілік ықпалмен диссимиляцияға ұшыраған болуы мүмкін. Осылай дей келе ол славяндық (клеймо) сөзі түркі тілінен енген, ал түркілерге шығысирандық тілдерден келген деген тұжырым жасайды [Бушаков, 1993: с. 18].

В.А. Бушаков әрі қарай: «шығыс славян тіліне түркілерден енген, «меншік белгісі», «таңба», «белгі», тауарға арнайы белгі қойғаны үшін алынатын «ішкі сауда салығы» (орыстың «таможня» сөзі осыдан шыққан) ұғымдарын білдіретін тамға сөзі әлемнің көптеген тілдерінде кездеседі: хотан-сақ тілінде «тамға»; көне түркі тілінде «тамға» (мөр, бедерлеме, магиялық белгі); куман тілінде «тамха» (кепілгер); қырым татарларында «тамға» (таңба, елтаңба, алым-салық, баж); түрікше «дамға» (таңба, белгі, ен, мөр, кеден бітемесі); румын тілінде «данга» (таңба, белгі); албан тілінде «дамке» (таңба, белгі, мөр); халка-моңғол тілінде «тамға» (мөр, таңба, ойын картасындағы тұз); парсы тілінде «тамға» (моңғол хандарының үлкен мөрі, таңба басылған жарлық, белгі); араб тілінде «тамғат» (таңба, белгі)», – деп жазады* (**аудармасы – С. Самашевтікі*) [Бушаков, 1993: с. 18].

Дж. Платтс урду және хинди тілдерінде «тамға» сөзі «тағма» деп аталатынын (айтылуы жағынан түркіменнің «тағма» және қазақтың «таңба» сөзінің ортасындағы) және парсы-түркілік «тамға» сөзі «тағма» сөзінің

метатезі нәтижесінде пайда болғанын айтады. Ол сондай-ақ, бұл сөздің парсының «даг» (жоғарыдағы) және санскриттің «дагда» сөзімен (түбірі «дах» сөзі – жану дегенді білдіреді) [Platts, 1884: p. 18].

Таңба-белгілер түркілер арасында негізінен «таңба», «тамға», «тағма», «дамға» атауымен атауларымен белгілі. Алайда, «таңба» сөзінен бөлек қолданыс аясына қарай «ен», «им», «дақ», «яныш», «туграа», «тевки», «арма», «онгон» деген балама атаулары да бар [Tezcan, 1990]. Түркі халықтарының арасындағы түрлі диалектілері былай болып келеді: қыпшақ тілінде «тамға» (мөр, белгі); шағатай тілінде «тамға» және «тағма» (таңба, дақ); әзірбайжан тілінде «дамға» (нышан, дақ) және ен (нышан); түркімен тілінде «тағма» (таңба, белгі); тәжік тілінде «тамға» (мөр, нышан); қазақ тілінде «таңба» және «ен» (таңба, белгі); қырғыз тілінде «тамга» және «ен» (нышан, таңба); қарақалпақ тілінде «тамға» (таңба, белгі); қарашай-малқар тілінде «тамга» (таңба, белгі, ен); таранчы (диханшылықпен айналысатын ұйғырлар) диалектінде «тамгу» (таңба); ұйғыр, телеуіт, чулым, қазан диалектінде «тамға» (таңба), башқұр тілінде «тамға» (таңба); татар тілінде «тамға» (таңба); өзбек тілінде «тамға» және «ен» (таңба, мөр); хакас тілінде «танма» (таңба); тывалықтардың тілінде «тангма» (таңба); және османдықтардың тілінде «тамға» және «дамға» (кеден заттарына және қағазға басылатын мөр) [Tezcan, 1990: s. 9-10].

Моңғол тілінде бұл сөз ежелгі мәтіндерде де, заманауи диалектілерде де бірдей «тамага» деп жазылады және мөр, штамп мағынасын береді. Түрік зерттеушісі М. Тезжан «тамға» сөзі орыс тіліне де осы мағынасында моңғол дәуірінде XIII ғ. енген болуы мүмкін және қолданылуда деген пікірде. Бұл сөз сауда саласына да енген, сондай-ақ, кейбір орыс зерттеушілері «таможня» сөзі де «тамға» сөзінен шыққан деп санайды [Tezcan, 1990: s. 10].

«Тамға» сөзі парсы тілінде де кездеседі. М. Моллованың «тамға» және «мөр» формасында кездесетін сөздер парсы тіліне әзірбайжан тілінен енген деген пікірде [Tezcan, 1990: s. 10].

Моңғол империясында «тама» термині жаулап алған жерлерінің шекарасын қорғайтын жауынгерлерін білдірген. Бұл терминді Карл Менгес қиданның «күзетші», «нөкер» мағынасындағы «da-ma»/ta-ma сөздерімен салыстырады [Бушаков, 1993: с. 18]. Шамасы моңғол тіліндегі «тама» сөзі гректің лава, жасақ, легион мағынасындағы τάγμα сөзінен шықса керек. Осы етістіктің «нұсқау, бұйрық, сілтеме» мағыналарымен қатар «қосу, жатқызу, бұйыру, анықтау» мәндерін білдіретіндігін де ұмытпау керек, ирандық тегі күмән туғызбаса да олар «тамға/тағма» сөзінің негізгі мағынасына ұқсас болып келеді. Сонымен қатар, гректің «белгі, таңба» мағынасын білдіретін στίγμα сөзі мен «нұсқау, бұйрық, сілтеме» мағынасындағы τάγμα сөздерінің иранның «dāǧ» сөзімен бірігіп кеткен болуы да мүмкін [Бушаков, 1993: с. 19].

XIII ғ. кейін, әсіресе ұйғыр қағанаты мен моңғолдардың билік ету кезеңдерінде «тамға» сөзі сауда мен өндіріске салынатын салықтың атауы есебінде қолданылған. Түрік зерттеушісі М. Тезжан: «Осы тұрғыдан алғанда «тамға» сөзінің қайсысына сәйкес келетінін, дәлірек айтқанда нені білдіретінін нақты анықтау мүмкін емес, осы уақытқа дейін бұл терминнің түрлі мағынасы қалыптасты, сондай-ақ, бұл белгілердің қолданылатын жерлері де әртүрлі болып келеді», – дей отырып, таңба-белгілер қойылатын мынадай 27 жерді атайды: тайпаның ортақ меншігі болып табылатын тастар мен жартастар (қоналқы жерлер, жол қиылыстары, жайылымдар); тайпаға ортақ ірі қара малдардың сол және оң жақтары, ұсақ малдардың мүйіздері, құлақтары, мұрындары, арқалары, құйрықтары немесе бастары; аяқ-табақ, қоржын, қанар, қап, кілем, қалы кілем, киіз, кебенек, құмыра, ыдыс-аяқ тәрізді үй-тұрмыс бұйымдары; үйлердің қабырғалары мен есіктері; адамның қолдары, беті, маңдайы, аяғы, кеудесі; бақсының даңғырасы мен киімдері; сүйектер; құрбандыққа шалынатын малдар; құлпытастар; зираттарға ағаштан жасалып қойылған белгілер; ат-әбзелдері (үзеңгі, ер, ердің қасына байланатын қоржын, қамшы және т.б.); бойтұмарлар, әшекей-бұйымдар; омарталар, қамбалар; тоқыма заттар; мөрлер; мұқабалы және мұқабасыз қолжазбалар; туг, байрақ, ту тәрізді мемлекет рәміздері; отау, шатыр,

сарайлар; жарлық, қаулы, үкім, әл-тамса, алтун-тамға тәрізді мемлекеттік құжаттар; қағаз, мата және теңгелер; қару-жарақтар; мешіт, хан, медресе тәрізді ғимараттар; жүзім тасуға арналған себеттер, таңбалаушы темірлер; мал терілері; үйлену тойы өтетін үйлер, той жалаулары; сауда және алу-сату үшін базарға қойылған әртүрлі заттар. Автор бұл тізімді әрі қарай да жалғастыра беруге болатынын айтады* (**аудармасы – С. Самашевтікі*) [Tezcan, 1990: s. 15-17].

Мысалы, Г. Вернадский «тамға» сөзінің шығу тегі түркілік болуы мүмкін емес, себебі ол «кланға» тиесілі белгі, сондықтан аландардың (осетиндердің) «дамыгче», яғни сенің ұрығың/тегің сөзінен шыққан болуы тиіс дейді [Vernadsky, 1956: p. 188]. З. Гөкалып ежелгі тотемизмнің түпнұсқасы жоғалған тотемінің қалдығы болуы мүмкін деп санайды [Gökalp, 1976].

«Тамға» сөзінің шығу тегіне қатысты тағы бір көзқарас оны Алдыңғы Азия елдеріне апарып тірейді. Олардың пікірінше, «тамкар» немесе «тамгару» сөзі шумер-аккад тілінде «туккар» (саудагер) мағынасында кездеседі. Алайда, олар таңба мен саудагердің арасында қандай байланыс бар екенін ашып көрсетпеген [Hrozny, 1953]. «Туккар» сөзі М. Қашғариде түркілерге ортақ, «саудагер» мағынасын береді деп келтіріледі [Dankoff, Kelly, 1982: p. 99]. Түркілердің «тамға» сөзін «тамла», яғни таму сөзімен ұштастыратын Вамбери, шамасы ұйғыр тіліне жүгінсе керек [Vambery, 1878].

Түрік тілінің этимологиялық сөздігін әзірлеген Б. Керестеджиан «тамға» сөзінің шығу тегі мен бастапқы формасына да тоқтала отырып, оны «тамгак» деп келтіреді. Ол бұны түріктің «таммак» немесе «тамламак» сөздері формасында қарастырады, яғни, «дамламак» (суын сығу) түсінігіне келетіндігін алға тартады [Kerestedjian, 364]. Алайда, М. Тезжан көне түркі жазуларының ешбірінде «тамгак» немесе «тамкак» сөздері кездеспейтіндігін айтады [Tezcan, 1990: s. 12].

Кейбір ғалымдар «тамға» сөзінің Шығыс түріктердің тілінде «тагма» деп айтылатындығын негізге ала отырып, бұл күні бүгінге дейін Анадолыда

қолданылып жүрген «күйдіру» сөзімен байланысты және «тагма» сөзі «тамға» сөзіне метатезаның ықпалынан ауысып тұр дегенді айтады [Tezcan, 1990: s. 12]. Таңбаның қарапайым белгілердің көмегімен жасалғандығын және тірі жан иесі таңба бола алмайтындығын алға тартқан Ж.П. Роукс «тамға» сөзі алғаш рет қолданылған X ғ. бері бастапқы мағынасынан өзгеріске ұшыраған туралы пікірмен келісетіндігін білдіреді, сондай-ақ, «тағ» және «ма» сөздерінен тұратын метатез «тамға» сөзінің этимологиясы деген болжамға қосылады. Оның ойынша «тағ» етістігі жануарға таңба басу дегенді білдіреді [Tezcan, 1990: s. 12].

Оғыздардың 24 руында таңбаның пайда болуын қарастырған Х. Вари оның екі себебі туралы айтады: біріншісі, айтулы тұлғалардың бірі дүние салған кезде көне түркі дәстүрі бойынша жерлеу рәсіміне қатысушылар өздерінің осы жиынға қатысқандығын немесе өз шекаралары туралы шешімдерін таңбаларын қалдыру арқылы көрсеткен; екіншісі, маңызды қоналқы жерлерді немесе жол айрықтарды көрсеткен [Koşay: 1984].

Таңбаның шығу тегі туралы пікір білдірген К. Миршан таңба қалыптастыру үшін кейбір түрік әріптері біріктірілген, сондай-ақ, бұл таңбалардан да жаңа әріптер шыққан деп санайды. Сонымен қатар, құлпытастардағы таңбалар оларға пішін беру үшін қойылған деген ой айтады [Mirşan: 108].

Э. Есин таңбаның жазуға айналу кезеңдерін былай түсіндіреді: «Көне мотивтерге геральдикалық (онгунға қатысты) немесе тотемдік (ата-тек онгунымен байланысты) мағына берудің нәтижесінде шыққан, одан кейін рудың немесе жеке адамның таңбасы болған (оңайлатылған бейне түрінде), сосын фонограммаға (бір дыбысты білдіретін пиктограммаға) айналған, ең соңында әріп түріне енген» [Esin: 1978].

А. Инан болса өте ерте дәуірлерде адамдардың есімінің орнына тайпа таңбалары мен нышандары қолданылған деп санайды. Адам аты мен міністі атының арасында бір байланыс бар деген ой айтады. Міністі аты болмаған кісі адам санатына қосылмаған. Ол замандарда тайпалар ат-есімдердің

орнына таңба-нышандар қолданған болса керек дейді. Адам есімі әулеттер мен тайпалар институты ыдырап жеке меншік пайда болғаннан бастап маңыздырақ бола түскен. Бір кездері «ат» сөзі құрбандық үшін ұрылған таңба, нышан дегенді білдірсе керек [İnan: 1987].

Таңбаның тағы бір түсіндірмесі түркілердің құрбандыққа таңба басылған жануарды шалу деген діни наным-сенімімен байланысты болып келеді. Инанның берген дерегінше, түркілер бала асырап алған кезде белгілі бір жөн-жоралғылар өткізіліп, құрбандық шалынған. Қазақтар мен қырғыздар құрбандыққа «бозқасқа», яғни маңдайында қасқасы бар жылқы шалған. Маңдайында ерекше белгісі бар хайуан әруақтардың ілтипатына, разылығына бөленген деп саналған.

Көне түркі дәстүрлерін ұстанатын якуттарда да таңбаның рөлі зор болған. Потаниннің келтіруінше, бай адамға қызметші болған Бөрдей пышағын алып шығып, саусағын кесіп қан шығарып қайың ағашының қабығына өз таңбасын салған.

Таңбаның жазумен байланысты болуы себепті кейбір ғалымдар таңбаның жазудан бұрын пайда болғандығын мойындайды. Себебі Американың, Африканың бағзы замандардағы тәрізді тайпалық өмір кешіп жатқан халықтары жазу білмесе де, таңбадан хабардар. Археологиялық қазбалардан да таңбалар көптеп табылып жатады. Сол себепті таңба жазу мен әріптерден бұрын пайда болған. А.Р. Ялгин Анадолыдан кездестіріп, басқалармен салыстырған таңбаларын әріптер емес белгі, нышандар деп таниды және таңбаның түп-тамырында аңшы культі жатыр деп санайды [Yalgın, 1943].

Ал таңба сөзінің анықтамасына келер болсақ, бұл саладағы зерттеулер белгілі бір деңгейге жетті деуге болады. Алайда ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстарын тілдік, саяси және т.б. түрлі себептермен бір-бірімен байланысу мүмкіндігінсіз атқарғандықтан пікір қайшылықтары көбейе түсті және ортақ әдіснама қалыптастырылмады. Заманауи ғылыми ортада өзекті болып отырған негізгі ғылыми тұжырымдарға талдау жасамас бұрын алдымен

«таңба» сөзінің ортағасырлық түпдеректеріне және түркілік ортада әр халықтың тілдік-мәдени ерекшеліктеріне қарай үндестік заңына және метатезаға байланысты түрленуіне тоқталып өткенді жөн көрдік.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «таңба» сөзінің анықтамасы – дақ, белгі, ен, мөр деп келтірілген [Қазақ дәстүрлі мәдениетінің..., 1997]. Ал Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде тіл мамандары С.Е. Маловқа сілтеме жасай отырып «таңба» сөзінің осындағы «tamγa» және «tamqa» сөздеріне сәйкес келетіндігі және қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың үндестік ықпалына қарай ауысып қалыптасқандығы туралы жазады. Сондай-ақ, тамғаның дамга болып «т» мен «д» дыбыстарының орын алмасуы және тағма болып та кездесуі метатезалық құбылыс деп атап өтеді [Ысқақов, 1966].

Таңба сөзінің қазіргі уақытта түркі халықтарының басым көпшілігіне ортақ мағынасы – малға салынатын жеке меншік белгісі саналады. Оны С.Г. Кляшторный былай деп келтіреді: «Орталық Азияның көшпелі тайпаларында таңбалардың пайда болуы мен семантикалық эволюциясы малды жекеменшікте ұстау институтының тууы және дамуымен байланысты болды. Түркі тілдерінің көпшілігіндегі бұл сөздің мағынасы – «малға салынатын таңба, жеке меншіктің белгісі» [Кляшторный, 1980]. Ол сілтеме жасап отырған В.В. Радловтың Түркі сөйленістерінің сөздігі тәжірибесінде «тамка - 𐰚𐰣𐰴𐰇» сөзі жеке меншік белгісі деп [Радлов, 1905: с. 1003-1004] және Л. Будаговтың Түрік-татар сөйленістерінің салыстырмалы сөздігінде «тамга» сөзі жылқыға және басқа да жануарларға қыздырылған темірмен басылатын таңба деп түсіндірілген.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» шығармасында (XI ғ.) «белгі», «мөр» мағынасында беріледі [Uygur, 2020]. Бұл жөнінде түрік зерттеушісі М. Тезжан түркілер «таңба» сөзін мөр мағынасында да қолданған болуы мүмкін, себебі, М. Қашғари еңбегінің мәтінінде де бұл сөз «сұлтан мөрі» сөз тіркесі түрінде кездеседі дейді. Тағы да М. Тезжанның пікіріне жүгінетін болсақ, таңба сөзінің кең таралуына моңғолдардың XIII ғ. Шыңғыс ханның

кезінде бүкіл Азияны жаулап алуы себепші болған. Ол Б. Өгелге сілтеме жасай отырып, бұл кезеңде таңбаның ат таңба (қызыл таңба), алтын таңба, көк таңба және қара таңба тәрізді күрделі пішіндері пайда болғаны, ал алтын мен қызыл түстердің билеушілерге тиесілі екендігі туралы айтады. Ал Осман империясында таңба сөзі салық мағынасында қолданылды дейді [Tezcan, 2010: p. 375].

Осы айтылғандардың негізінде, ортағасырларда, яғни Ұлы дала белдеуінде салт атты көшпелілердің нағыз дәуірлеп тұрған тұсында таңба – бір жағынан ұтқырлық пен жеңістің кепілі, әрі көшпелілердің сенімді серігі, жеңсік азығы, негізгі капиталы болған жылқы малына салыну арқылы жеке меншік пен биліктің, ықпал етудің символына айналып, олар иелік еткен және ықпалдастықта болған аймақтарда тез таралған деп тұжырым келтіруге негіз бар.

С.А. Яценко мен А.Е. Рогожинский О. Перен, Г. Вернадскийлерге сілтеме жасай отырып «таңба» терминінің шығу тегі түркілік екенімен келіспейтіндер де бар екендігін атап өтеді [Яценко, 2001: с. 10].

О. Перен өз мақаласында Дж. Клаусон мен Г. Дёрфердің пікірін теріске шығарып, таңбалардың не үшін қолданылатынын есепке алар болсақ метатезисті ескере отырып гректің tagma сөзінен шыққаны көңілге қонымдырақ көрінеді дейді. Сонымен қатар, егер бұл тұжырым расталатын болса онда таңбаны «салық салу», «таксономия» және «маркалау» тәрізді терминдердің (және функциялардың) семантикалық «шоқжұлдызына» алып келетін еді деп қосады. Ол келтіріп отырған гректің tagma сөзінің мән-мағынасына жарлық, бұйрық, нақты құн, төлем; жауынгерлер жасағы; орден, шен; жолдың немесе кірпіштер қатарының орналасу тәртібі; функция немесе ереже кіреді [Perrin, 2010: p. 26].

О. Переннің пікірінше таңбаны және оның алуан түрлі көрініс табуын - өзара анық байланысқан тілдік емес көне белгілердің кеңінен қолданылған белгіленуі деп тануға болады. Сондай-ақ, арнаулы әдебиеттерде бұл термин әдетте белгілердің бірқатар дәстүрлі жүйелерінде (мысалы әулеттік таңба, үй

жануарларына салынатын белгілер, әскери айырым белгілері, ақша белгілері және т.б.) шығыс еуропалық немесе азиялық таңбаларға қатысты қолданылады деп келтіреді және аталған жүйелерде қолданылатын белгілерді жалпы функцияларына қарай жіктеуге болады деп жазады. Оның ойынша таңбаның нақты дәйектелген анықтамасын беру мүмкін емес [Perrin, 2010: p. 26].

О. Перен таңба функциялық жағынан алғанда түрліше қолданылды, аумақты, адамдарды, жануарларды немесе бұйымдарды сәйкестендіру үшін салынды дейді. Олар бір-бірімен байланысты бола отырып билік қатынастарын, туыстық және меншік қатынастарын реттеу үшін қолданылғанын айтады. Дамыған формасында олар әлеуметтік-қоғамдық институттардың ажырамас бөлігі болып табылған деп санайды. Жазуы болмаған кездің өзінде таңбаны қолдану жүйелі түрде іс жүргізу, салық салу, валютаны стандарттау, мүліктік құқық бойынша өндіріс, әскери ұйымдастыру салаларын жүргізуге мүмкіндік берді деп жазады. Осылайша таңбаларды адамзат іс-әрекетін белгілі бір сәйкестікті көрсете отырып үйлестіру үшін қолданылатын кәдімгі белгілер деп тануды ұсынады [Perrin, 2010: p. 26].

Жоғарыда келтірілгендерден байқағанымыз таңбаның негізгі әлеуметтік табиғаты анықталмаған, түркі лексикасында таңба сөзі оның ішкі мән-мағынасына сәйкес келетіндігі ескерілмеген, арасалмағы қандай екені ажыратылмаған күйінше қалған.

Дж. Клаусон tamga сөзі бастапқыда түркі тілдерінде таңба немесе меншік белгісі дегенді білдірген, кейін моңғол тіліне tamaga болып енген деп келтіреді. Ол сондай-ақ парсы тілін қоса алғандағы басқа тілдерге кірме сөз ретінде түрленіп енген деген тұжырымға келеді [Clauson, 1972].

Түрік таңбатанушысы М. Тезжан болса Г. Дёрфердің түркілік «там» түбірінің бірнеше вариациясына талдау жасағанын келтіре отырып, олардың ішінде ауғандық taghma түрінің де бар екендігін атап өтеді және де Дж.

Клаусон түркімендік tagma нұсқасын береді деп жазады [Tezcan, 2010: p. 376; 155].

М. Тезжан сондай-ақ түркінің таңба терминінің жоғарыда аталған гректің tagma сөзімен әлдебір байланысы болуы мүмкін дейді және Ф. Альтхеймнің қолдау көрсеткеніне қарамастан Вернадскийдің сөздің түбірін аландықтардан іздеуі мүлдем қисынға келмейді деп жазады [Tezcan, 2010: p. 376]. Ол бұл пікірінің астына О. Переннен алынды деп келтіргендіктен бұл оның көзқарасын білдіре ме, жоқ әлде жай ғана сілтеме келтірген түрі ме, ол жағын ұқпадық.

Г. Вернадскийдің елдің бәрі жаппай қарсы шыққан пікіріне кеңінен тоқталар болсақ, ол өзінің «Тамға сөзінің шығу тегіне қатысты ескертпе» мақаласында бұл сөздің көне түркілік формасы «tamγa» және «tamqa», моңғол тілінде «tamaqa», Осман түріктерінде «tamga», ал қазіргі түріктерде «damga» деп келтіреді. Бұл сөз орыс тіліне моңғол шапқыншылығы кезінде XIII ғасырда "tamga» формасында енді деп жазады. Ол сондай-ақ өзінің тамға сөзі мен түркінің әулет сөзі арасынан байланыс іздегенін, бірақ таба алмағандығын жазады. Сол себепті тамға түріктің сөзі емес, бұл сөз оларға «ру» түсінігімен байланысты болған тілден енген деп санайтындығын, оның ойынша бұл алан тілі екендігін жеткізеді [Vernadsky, 1956 Vernadsky, 1956, p. 188]. Ал «damygha» және Вернадскийдің пікірінше оның түбірі болып саналатын «myg» сөздері нені білдіретіндігін жоғарыда атап өттік.

М. Тезжан қазіргі түрік тілінде damga сөзі көбіне мөртабан/мөр, таңба, бедер деген мәнге ие, ал арнаулы әдебиеттерде түрлі эмблемаларды, белгілерді, айырым белгілерін білдіру үшін кең мағынасында қолданылады, зерттеу еңбектерінде мәнмәтініне қарай ағылшын тіліне түрліше аударыла береді дей отырып, түркілік және моңғолдық ортада ғасырлар бойы қолданып келген таңба терминінің аясына мыналарды біріктіреді: 1) орхон жазбалары; 2) бітіг; 3) нышан; 4) ту; 5) тиын; 6) белгі; 7) туғра (сұлтанның мөрі); 8) мөр; 9) шатыр; 10) пайза; 11) түрік және моңғол салық

жинаушылары (Баскак, Даругачи); 12) түрік күнтізбесіндегі он екі хайуанатпен байланысты дүниелер [Tezcan, 2010: p. 382].

Ал С.А. Яценко қазіргі уақытта tamga түркі терминімен келтіріліп жүрген иран халықтарының әулеттік-жанұялық белгілерін парсы шайыры Фирдоусидің «Шахнама» жырында «нышан», қазіргі тәжіктерде nison, ал еврей сарматтарында – осетиндерде – «дакк» көне терминімен беріледі деп жазады [Яценко, 2001: с. 4].

Соңғы жылдары таңба сөзіне анықтама беруге тырысқан зерттеушілердің қатары артты. Бұл туралы маңызы жағынан Орталық Азия ғана емес, әлемдік таңбатану бойынша іргелі еңбектердің бірі саналатын «Исламға дейінгі Орталық Азияның таңбалары» атты ұжымдық монографияның авторлары: «дегенмен олар әлдебір нақты территорияны, халықты немесе туыстас халықтар тобын зерттеумен айналысқандықтан аймақтың немесе уақыттың ерекшеліктеріне, сондай-ақ қолда бар (көбіне үзік-созық болып келген) этнографиялық және тарихи мәліметтерге иек артты»* *(*аудармасы - автордыкі*), – дей келе әрі қарай түрлі мысалдар келтіреді [Яценко, Рогожинский, 2019: с. 18]. Сондай-ақ, таңбаның барша адамзатқа немесе планетаның қандай да бір үлкен бөлігінің бүкіл тарихына ортақ емес, Орта Азияның батыс бөлігіндегі нақты бір аймақтың, нақты бір тарихи кезеңіне ғана қатысты анықтамасын ғана ұсына алатындықтарын жеткізеді [Яценко, Рогожинский, 2019: с. 19].

Осы тұрғыдан алғанда А.Е. Рогожинский өз тарапынан анағұрлым батылдық танытып Қазақстан және Орталық азияның ежелгі, ортағасырлық және қазіргі таңбатануы мәнмәтінінде таңбаның мынадай базалық дефинициясын ұсынады: таңба – сәйкестендіру белгісі, ол өзін көрсетушінің нақты бір әлеуметтік топқа (руға, тайпаға, сословиеге, билеуші әулетке) жататындығын куәландырады және де осы топ мүшелерінің корпоративтік және жеке мүдделерін қорғайтын кәдімгі құқықтың ұжымдық субъекті ретінде танылады* (**аудармасы – С. Самашевтікі*) [Рогжинский, 2019: с. 101].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келгенде біз, «таңба» сөзіне келесідей бес түрлі анықтама бере аламыз:

1) сәйкестік белгісі, яғни таңба иесінің белгілі бір әулетке, руға, тайпаға немесе мемлекетке мүше екендігін білдіретін белгі;

2) меншік белгісі, яғни таңба қойылған жер немесе су көздері, үй жануарлары, жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктер, үй-тұрмыстық бұйымдар мен шаруашылық құралдары, қару-жарақ, ат-әбзелдері және т.б. нақты бір адамның/әулеттің/қауымдастықтың меншігі екендігін білдіретін белгі;

3) киені білдіретін белгі, яғни бұл ескерткіштің немесе жер-судың жергілікті тұрғындар үшін киелі екендігін білдіретін белгі, сондай-ақ бұл топқа аластау мақсатында жерге, затқа немесе денеге түсірілетін белгілерді де жатқызуға болады;

4) ескерткіш белгі, яғни зиратқа немесе әлдебір мемлекеттік маңызы бар іс-шара өткен орынға қойылатын белгі;

5) адамның әлеуметтік дәрежесін білдіретін белгі, яғни тұлғаның дәрежесін көтеру немесе түсіру үшін денеге әдейі түсірілетін белгі.

Әрине алдағы тарауларда осының барлығын мейілінше тарқатып көрсетуге тырыстық, бірақ бір нәрсе анық – өзгермелі уақыт пен тарих кім-кімге де таңбаның әмбебап анықтамасын жасауға мүмкіндік бермейді.

1.2 Археологиялық таңбаларды талдау және сандық тіркеу әдістемесі

Археологиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі – ежелгі қоғамдардың визуалды-коммуникативтік тәжірибесін айқындайтын таңбаларды кешенді талдау және дәл сандық тіркеу. Таңба – ақпаратты бейнелеудің, сақтаудың және жеткізудің әмбебап формасы, сондықтан ол археологиялық контексті тануда негізгі дерек көздерінің бірі болып саналады. Таңбаларды тек техникалық тұрғыдан тіркеу жеткіліксіз; оларды мәдени және семиотикалық тұрғыдан түсіндіру, мағыналық құрылымын ашу, қолданылу кеңістігі мен уақытын анықтау қажет. Бұл бағытта археологияда үш өзара толықтыратын әдістемелік тәсіл кешенді түрде қолданылады: құрылымдық-семиотикалық, мәнмәтіндік және салыстырмалы-типологиялық.

Құрылымдық-семиотикалық тәсіл. Құрылымдық-семиотикалық тәсіл таңбаны өзге таңбалар жүйесінің элементі ретінде қарастырып, оның ішкі заңдылықтарын, семантикалық құрылымын және синтаксистік байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің басты қағидаты – таңбаның мәні оның жеке пішінінде емес, сол жүйедегі басқа таңбалармен қатынасы арқылы айқындалады. Демек, таңба – белгілі бір «тілдің» элементі, ал бұл тіл өз кезегінде қоғамның дүниетанымдық және әлеуметтік құрылымын бейнелейді.

Құрылымдық талдау барысында таңбалардың формасы, симметриясы, геометриялық үйлесімі мен композициясы зерттеледі. Оппозициялық жұптар (мысалы, ашық пен жабық пішіндер, түзу мен иілген сызықтар, толық және үзік бейнелер) анықталып, олардың жүйелік мәні сарапталады. Мұндай оппозициялар таңбалар иерархиясын айқындауға және олардың мәдени семантикасын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, таңбалардың құрылымдық тұрақтылығы мен вариациялары талданады. Бұл тәсіл арқылы бір архетиптен тараған «таңбалар әулетін» реконструкциялау, олардың эволюциясын және кеңістіктік-уақыттық таралуын бақылау мүмкіндігі туады. Мысалы, Алтай мен Жетісу

өңірлеріндегі ұқсас геометриялық таңбалардың пішіндік және сызықтық сәйкестіктері олардың ортақ мәдени негізден шыққанын көрсетеді.

Құрылымдық-семиотикалық әдіс таңбалардың ішкі логикасын, формалық тұрақтылығын, рәміздік кодтарын ашуға бағытталғандықтан, ол археологиялық таңбаларды тек көрнекі бейне ретінде емес, мәдени коммуникацияның дербес жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Мәнмәтіндік тәсіл. Мәнмәтіндік талдау таңбаның мағынасын оны қоршаған мәдени, әлеуметтік және археологиялық орта арқылы ашуға бағытталған. Бұл тәсіл бойынша таңба – өз бетінше дербес объект емес, белгілі бір кеңістік пен уақытқа тән мәдени іс-әрекеттің өнімі. Сондықтан зерттеу барысында таңбаның нені бейнелегенінен гөрі, оның *қайда, қалай,* және *қандай жағдайда* түсірілгені маңызды.

Біріншіден, таңбаның табылған орны – интерпретацияның басты факторы. Мысалы, таңба жерлеу құрылымында болса, ол сакралды немесе әлеуметтік сипаттағы белгі болуы ықтимал; ал қоныс орнынан табылса, тұрмыстық немесе шаруашылық мәнге ие болуы мүмкін. Екіншіден, таңбаның тасымалдаушы материалы мен бетінің сипаты да маңызды. Тастың өңделген немесе табиғи болуы, оның беткі бедерінің ерекшелігі – сурет салу тәсілін және оның мақсатты бағытталуын айқындайды.

Үшіншіден, таңбаның мәнмәтініне байланысты оның қасында орналасқан өзге белгілер, петроглифтер немесе заттық элементтер қарастырылады. Жануар бейнелерімен, геометриялық өрнектермен немесе руналық символдармен қатар орналасқан таңбалар біртұтас сакралды композицияның бөлігі болуы мүмкін. Осылайша, мәнмәтіндік тәсіл таңбаны кең мәдени және ғұрыптық жүйенің құрамдас элементі ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Бұл әдіс жерлеу және ғұрыптық ескерткіштерді интерпретациялауда айрықша тиімді. Жерленушінің әлеуметтік мәртебесі, қабір құрылымы, ілеспе бұйымдар мен құрбандық нысандары таңба мағынасын айқындауға көмектеседі. Ал петроглифтік кешендерді зерттегенде – көршілес

бейнелердің бағыты, биіктігі, жарыққа қатынасы сияқты факторлар ескеріледі. Мұндай кешенді мәнмәтіндік талдау таңбаның бастапқы қызметін және оның мәдени рөлін нақтылауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-типологиялық тәсіл. Салыстырмалы-типологиялық тәсіл таңбаларды сыртқы белгілері мен пішіндік құрылымына қарай жүйелеп, ұқсас формалармен аймақаралық және хронологиялық салыстыру жүргізуге бағытталған. Бұл тәсілдің басты мақсаты – типологиялық қатарлар құру арқылы таңбалардың эволюциясын, таралу ареалын және мәдени сабақтастығын анықтау.

Таңбалар алдымен морфологиялық және геометриялық сипаттары бойынша жіктеледі: шеңбер, крест, үшбұрыш, спираль, сызықтық және аралас түрлер. Кейін олардың орындалу техникасы, сызықтың тереңдігі мен бағыты, симметрия дәрежесі ескеріледі. Осы параметрлер негізінде типологиялық тор жасалып, әр таңба белгілі бір категорияға енгізіледі.

Мысалы, Шығыс Қазақстанда табылған белгілі бір белгіні Тува, Минусин аңғары немесе Жетісу аумағындағы ұқсас пішіндермен салыстыру оның мәдени туыстығын немесе ықпал ету арналарының бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай салыстырулар тарихи трансформация үдерісін, мәдени диффузияны және аймақаралық байланыстарды ашуға септігін тигізеді.

Салыстырмалы-типологиялық талдау таңбаларды тарихи уақыт пен кеңістік тұрғысынан салыстыра қарауға, олардың біртұтас еуразиялық таңбалық жүйедегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Кешенді тәсіл және пәнаралық байланыс. Археологиялық тәжірибеде ең нәтижелі тәсіл – жоғарыда аталған үш бағыттың синтезі. Кешенді талдау құрылымдық-семиотикалық әдіспен таңбаның пішіндік «тілін» айқындауға, мәнмәтіндік тәсілмен оның мәдени контекстін анықтауға, ал типологиялық тұрғыдан оның еуразиялық ауқымдағы орнын көрсетуге мүмкіндік береді.

Мұндай көпқырлы әдістеме әсіресе жазу жүйесі қалыптаспаған қоғамдардың материалдық мұраларын зерттеуде тиімді. Ол ру-тайпалық

құрылымдарды реконструкциялауға, сакралды рәміздердің әлеуметтік қызметін талдауға және көршілес өңірлер арасындағы мәдени өзара ықпалды дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Далалық тіркеу кезеңі. Визуалды белгілерді зерттеудің ең жауапты сатысы – олардың далалық анықталуы мен тіркелуі. Дәл осы кезеңдегі қателіктер кейінгі интерпретацияға теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан далалық жұмыстар нақты әдістемелік ережелерге сүйеніп жүргізілуі тиіс.

Далалық кезеңнің негізгі міндеттері: таңбаларды анықтау, сипаттау, координаттарын белгілеу, фототіркеу және бастапқы жіктеу.

Анықтау және сипаттау. Таңбалар археологиялық және сәулеттік нысандарда, петроглифтік беттерде, құлпытастарда, тұрмыстық және салттық бұйымдарда көзбен шолу арқылы анықталады. Әрбір белгіге қатысты оның орналасуы, биіктігі, беттің сипаты, ілеспе элементтері (жануар бейнелері, өрнектер, жазулар) жазылады.

*Фототіркеу***.** Фототүсірілім үш деңгейде жүзеге асады: жалпы көрініс (ескерткіштің тұтастай көрінісі), ортаңғы жоспар (таңбаның мәнмәтіні) және макротүсірілім (таңбаның өзі). Әр кадрда масштабтық шкала мен солтүстікті көрсететін бағдарша міндетті түрде болуы керек. Күрделі рельефтер мен нашар сақталған таңбалар үшін көлбеу жарықпен және әртүрлі экспозициялармен түсірілім жүргізіледі.

Фотограмметрия және 3D тіркеу. Күрделі немесе тозған беттер үшін Agisoft Metashape, RealityCapture сияқты бағдарламалар арқылы үш өлшемді модельдеу әдісі қолданылады. 3D үлгілер таңбаның морфологиясын нақты көрсетуге, оның тозу дәрежесін бағалауға және кейінгі виртуалды реконструкция жасауға мүмкіндік береді.

Сызба және трассировка. Таңбаның контурлық бейнесі калька арқылы немесе цифрлық құрылғылар көмегімен (мысалы, планшет пен стилус арқылы) түсіріледі. Векторлық трассировка кезінде сызықтардың тереңдігі, бағыты, тозу дәрежесі мен өңделу тәсілі белгіленеді. Координаттар мен масштабтық көрсеткіштер міндетті түрде жазылады.

GPS-тіркеу. Әрбір нысанның нақты географиялық координаттары WGS-84 жүйесінде тіркеліп, биіктік белгісі, экспозициясы және ландшафтық сипаттамасы қосымша жазылады.

Далалық хаттама. Әр таңбаға жеке хаттама толтырылады. Онда нысанның коды, тіркеу күні, координаттар, тасымалдаушы материалы, таңбаның сипаттамасы, сақталу жағдайы және бастапқы интерпретациясы қамтылады.

Камералдық өңдеу және талдау кезеңі. Камералдық кезеңде жиналған материалдар сандық форматқа көшіріліп, жүйеленеді және талданады. Бұл кезең үш негізгі бағытта жүргізіледі: графикалық өңдеу, типтеу және мәнмәтіндік талдау.

Графикалық өңдеу. Барлық фотосуреттер мен сызбалар сканерленіп, векторлық форматта қайта трассирленеді. CorelDRAW, Adobe Illustrator немесе Inkscape секілді бағдарламалар таңбаның контурын нақтылауға және масштабын сақтауға мүмкіндік береді. 3D модель негізінде екінші рет трассировка жасалып, таңба типологиялық каталогпен салыстырылады.

Типтеу және классификация. Таңбалар бірнеше өлшем бойынша сараланады: геометриялық пішіні, күрделілік деңгейі, орындалу техникасы, аймақтық және мәдени ұқсастықтары, функционалдық сипаттары. Арнайы типологиялық тор құрылады, онда таңба коды, пішіні, аналогтары және болжамды функциясы тіркеледі.

Мәнмәтіндік және пәнаралық талдау. Таңбаның орналасуы, жапсарлас бейнелер мен археологиялық қабаттар, бірге табылған артефактілер мен этнографиялық деректер салыстырыла талданады. Пәнаралық тұрғыдан тарихи, лингвистикалық және этнографиялық мәліметтерді қолдану интерпретацияны нақтылай түседі.

Сандық каталогтау және деректер базасын қалыптастыру. Қазіргі археологияда визуалды ақпараттың көлемі ұлғайған сайын, оны құрылымдау мен сақтау үшін сандық деректер базасын жасау аса өзекті болып отыр. Мұндай каталогтау таңбалар туралы мәліметтерді орталықтандырылған

түрде жинауға, әртүрлі зерттеушілер арасындағы мәлімет алмасуды жеңілдетуге және кең ауқымды салыстырмалы талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді.

Каталогтаудың мақсаттары:

- таңбалар туралы ақпаратты бірыңғай базаға шоғырландыру;
- деректердің қолжетімділігін арттыру және көп пайдаланушыға мүмкіндік беру;
- таңбалардың аймақтық және хронологиялық таралуын бақылау;
- морфологиялық және статистикалық талдау жүргізу;
- кеңістіктік байланыстарды картографиялық жолмен бейнелеу.

Негізгі бірліктер мен өрістер: Әр таңба келесі параметрлермен сипатталады: бірегей идентификатор (мысалы, ALT-BER-2025-003), тасымалдаушы түрі, материалы, өлшемдері, түсіру тәсілі, пішіні, ілеспе бейнелер, мәнмәтін, орналасуы, аналогтары, интерпретациясы және тіркеуші тұлға туралы мәлімет.

Бағдарламалық шешімдер: Алғашқы жүйелеу үшін Excel немесе Google Sheets қолдануға болады; реляциялық құрылым үшін MS Access немесе LibreOffice Base тиімді. FileMaker визуалды деректермен жұмыс істеуге ыңғайлы, ал QGIS таңбалардың географиялық таралуын көрсетуге мүмкіндік береді. Zotero немесе Tropy секілді қосымшалар фото және 3D материалдарды архивтеу үшін ұсынылады.

IT мамандарының қатысуымен деректерді енгізу және іздеу модулі бар онлайн-каталог платформасын жасау – келешектегі перспективалық бағыттардың бірі.

Визуализация және талдау. Жиналған деректер негізінде типологиялық және кеңістіктік кластерлеу, визуалды корреляция, статистикалық есептер мен тақырыптық карталар құрастыру мүмкін. Мұндай визуалды талдау мәдени динамика мен тарихи сабақтастықты айқындауға септігін тигізеді.

Стандарттау және үйлесімділік. Халықаралық жобалармен үйлесімді болу үшін бірыңғай метадеректер құрылымы, кодтау жүйесі мен файл

пішімдері сақталуы тиіс. Суреттер JPG, PNG, TIFF форматтарында, ал 3D үлгілер glTF, OBJ, STL форматтарында сақталады; мәліметтер CSV, JSON немесе XML форматында экспортталады.

Этикалық және техникалық қағидаттар. Археологиялық нысандармен жұмыс кезінде барлық әрекет қолданыстағы заңнама мен ғылыми этика талаптарына сай жүргізілуі қажет. Таңбаларды қайта қашау, бояу, химиялық тазалау немесе өзге де механикалық әсер етуге қатаң тыйым салынады. Жиналған материалдарды жариялау кезінде дереккөздер мен авторлық құқықтар міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Көптілді зерттеу топтарында (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) терминологиялық үйлесімділікті сақтау маңызды.

Археологиялық таңбаларды интерпретациялау мен сандық тіркеу әдістемесі – ежелгі қоғамдардың визуалды мәдениетін зерттеудің іргелі негізі. Құрылымдық, мәнмәтіндік және типологиялық тәсілдердің синтезі таңбалық жүйелердің ішкі логикасын, мәдени қызметін және тарихи динамикасын айқындауға мүмкіндік береді. Ал сандық каталогтау мен 3D-модельдеу әдістері бұл материалдарды заманауи ғылыми айналымға енгізіп, оларды пәнаралық талдау мен халықаралық салыстырулар үшін қолжетімді етеді. Осылайша, таңбаларды зерттеу мен тіркеудің бірізді әдістемесі Қазақ Алтайы сияқты өңірлердің археологиялық мұрасын жаңа деңгейде танып-білуге жол ашады.

2 Қазақ Алтайы ежелгі тұрғындарының таңбалары мен символдарының тарихи-мәдени мәнмәтіні (б.з.д. I мыңжылдық)

Географиялық және мәдени кеңістік. Қазақ Алтайы – Орталық Азия кеңістігіндегі ерте көшпелілердің мәдени түрлену үдерістерінің тоғысқан басты аймақтарының бірі [Самашев, Ермолаева, Кущ, 2008: с. 8]. Бұл өңірге Ертістің жоғарғы ағысы, Тарбағатайдың баурайы, Оңтүстік Алтай жоталары мен Ұлан сілемдері кіреді. Географиялық орналасу ерекшеліктері арқылы аталмыш аймақ түрлі табиғи-мәдени орталарды – далалық, орманды-дала және биік таулы өңірлерді – біріктіріп тұрған байланыс торабы қызметін атқарды.

Көне заманда бұл кеңістікте сауда және көші-қон жолдары қиылысып, әртүрлі этномәдени қауымдастықтар арасында материалдық және рухани алмасудың қарқынды жүруіне жағдай жасады. Табиғи ортаның (аңғарлар, асулар, өзендер) күрделі құрылымы халықтың дүниетанымдық жүйесіне, ғұрыптық-мифтік практикасына тікелей ықпал етіп, кеңістікті тек шаруашылық мақсаттағы аймақ емес, киелі мәнге ие нышандармен көмкерілген сакралды құрылым ретінде қабылдауға негіз болды.

Көшпелі мал шаруашылығына көшу және оның идеологиялық салдары. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Қазақ Алтайында өмір сүрген қауымдастықтардың әлеуметтік-экономикалық құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алды. Отырықшы-егіншілік пен энеолиттік бақташылықтан көшпелі мал шаруашылығына көшу нәтижесінде қоғамның әлеуметтік стратификациясы күшейіп, әскери-әкімшілік элита мен сакрализованған билеуші топтар қалыптасты.

Бұл түрлену көшпелілердің кеңістікпен қарым-қатынасында да сапалық өзгерістерге әкелді: енді кеңістік иелену нысаны емес, қозғалыс пен бағыттың (тропеиканың) динамикалық өрісі ретінде қабылдана бастады.

Аталған дүниетанымдық өзгерістер бейнелеу өнерінде де айқын көрініс тапты. Бұрынғы аналық бастау, құнарлылық, эротикалық рәміздер екінші кезекке ығыстырылып, олардың орнын аңшылық, шайқас, жыртқыш

аңдардың шабуылы секілді қозғалысқа толы сюжеттер басты. Бұл көркемдік бағдардың өзгеруі таңбалық жүйенің де бағыт-бағдарын өзгертті: көлденең (аграрлы) бағдардан тігінен-иерархиялық (әскери-көшпелілік) бағытқа ойысты.

Киелі кеңістік құрылымы және тау культі. Ерте темір дәуірі кезеңіндегі Алтай тұрғындарының дүниетанымында таулар ерекше сакралды рөл атқарған. Таулар мен шыңдар космогониялық модельде жоғары әлеммен байланыстырушы нүктелер ретінде қарастырылып, «дүниенің өзегі» (axis mundi) функциясын атқарған [Акишев, 1984: с. 20–23, 72].

Бұл тұжырымды петроглифтік кешендердің орналасу сипаты дәлелдей түседі: мысалы, Ақбауыр, Сартымбет секілді ескерткіштер күрделі рельефтік және визуалды доминантты аймақтарға қашалған. Бұл олардың ғұрыптық, сакралды функция атқарғанын білдіреді.

Осы мәнмәтінде қарастырған кезде, тастарға немесе жартастарға салынған таңбалар тек белгі қою емес, ежелгі адамдар таңба-белгілер арқылы әлемге қасиетті мағына беріп, оны өзгертуге немесе реттеуге тырысқандығының көрінісі болып табылады. Яғни, бұл – әлемге ықпал етудің ғұрыптық әрекеті болған.

Мифтік жүйе, тотемизм және аңдық стиль. Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріндегі мифтік санасы тотемдік бейнелер жүйесімен сипатталады. Бұғы, таутеке, құзғын, қасқыр, жыртқыш аңдар бейнесі тек жануарлар дүниесінің өкілдері ретінде ғана емес, символикалық мән-мағынасы бар сакралды кейіпкерлер ретінде көрінді.

Осы мәнмәтінде «аң стилі» (скиф-сібір бейнелеу өнері) – тек сәнді пішіндер жүйесі емес, сондай-ақ мифтерді, шежірелерді, шамандық тәжірибені жеткізетін визуалды тіл болып табылады.

Көптеген петроглифтік композицияларда жыртқыш аңның өз жемтігін жәукемдеу көріністері мифтік екіжақтылықты/дуальдылықты, құрбандықты немесе билік пен күш қатынастарын білдіретін визуалды код ретінде қызмет атқарады.

Әлеуметтік стратификация және мәртебелік таңбалар. Қарастырылып отырған кезеңдегі көшпелі қоғамдарда әлеуметтік иерархияның қалыптасуы айқын аңғарылады. Бұл феномен археологиялық материалдардан – әртүрлі деңгейдегі қорған құрылыстары, «патшалық» артефактілер, символикалық рәміздер – көрініс тапқан.

Таңбалар жүйесінде де әлеуметтік стратификация көрініс береді. Белгілі бір рәміздер мен сарындар ақсүйек, әскери немесе діни тап өкілдерін білдіретін мәртебелік белгілер ретінде қолданылған.

Мәселен, сүйек материалдарынан жасалған оюлы бұйымдар, қола белдік жиынтықтарындағы немесе қару-жарақтағы ерекше өрнектер, сирек кездесетін композициялар (қос бұғы, аңдар тайталасы) – бұлар әлеуметтік мәртебені визуалды түрде заңдастыру құралы болған [Самашев, 2018: с. 318–323].

Космологиялық құрылым және кеңістік бейнесі. Қазақ Алтайының ерте темір дәуіріндегі тұрғындары үшін кеңістік тек табиғи орта ретінде емес, космологиялық құрылым ретіндегі күрделі мағыналық деңгейге ие болды.

Кеңістік үш деңгейлі модельде бейнеленді [Самашев, 2011: с. 38]:

- жоғарғы әлем – аспан символдары (күн, құстар);
- ортаңғы әлем – адамдар, аңдар, аңшылық көріністері;
- төменгі әлем – жыландар, жыртқыштар және «ойық» типтес белгілер.

Бұл құрылым петроглифтердің кеңістіктегі орналасуынан, композициялық шешімдерінен көрініс тапқан. Таңбалар мен бейнелер арасындағы иерархиялық құрылым дүниетанымдық кодты жеткізудің архетиптік пішіні ретінде қызмет еткен. Сонымен қатар, жекелеген сюжеттер мен символдар арқылы кеңістік тәртібі белгіленіп, сәйкесті белгілер визуалды жүйеге енгізілген.

Белгілер жүйесі – дүниетанымның көрінісі. Қазақ Алтайының ескерткіштерінде тіркелген белгілер – кездейсоқ немесе тек сәндік элементтер емес. Олар тұтастай алғанда, уақыт пен кеңістікті қабылдау, қоғам құрылымы, сенім жүйесі, адам мен киелі әлем арасындағы қатынас

сияқты дүниетанымның негізгі қағидаларын бейнелейтін күрделі визуалды-коммуникативтік жүйені құрайды.

Белгілердің қасиетті нүктелерде (тауларда, үңгірлерде, ғибадат орындарында) орналасуы, олардың қайталануы мен композициялық байланысы – өзіндік ережелері, символдық кодтары мен функциялары бар тұрақты «белгілер тілінің» бар екенін аңғартады. Бұл ерте темір дәуірі мәдениеттеріне тән бейнелі ойлау жүйесі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Белгілердің негізгі түрлері мен қызметтері. Ескерткіштер материалдарын талдау негізінде келесі белгі түрлерін және олардың интерпретациялық функцияларын бөліп көрсетуге болады:

Белгі түрі	**Мысалдары мен пішіндері**	**Болжамды қызметі/ функциясы**
Күн бейнелері	Нүктелі шеңберлер, шеңбер ішіндегі крест, сәулелі розеткалар	Күнтізбелік, астральды-киелі
Ойықтар (нүктелі шұңқырлар)	Тастың бетіне түсірілген көп нүктелер	Құрбандық, есеп, рухтармен байланыс
Жәукемдеу көріністері	Жыртқыш пен құрбан, аңдар шайқасы	Мифология, билік пен құрбандық нышаны
Тотемдік жануарлар	Бұғы, тауешкі, бүркіт, гриф, қасқыр	Рулық символика, тұмар, ритуалдық мән
Антропоморфтар	Мүйізді адам, қолын жайған адам	Шаман, жауынгер, киелі бейне
Геометриялық, айқыш түрлері	Зигзагтар, ромбтар, үштағандар	Кеңістік нышаны, күнтізбелік жүйе
Прототаңбалар	Қарапайым белгілер: дөңгелек, үшбұрыш,	Рулық не жеке таңбалар

Бұл белгілер жеке дара емес, кешенді түрде әрекет етеді – әр элемент белгілі бір мағыналық жүктемеге ие күрделі композициялар түзеді. Әсіресе аңшылық, құрбандық, жұтылу секілді әрекет көріністері маңызды.

Мифтік сюжеттер мен визуалды баяндау. Ескерткіштерде тіркелген негізгі бейнелік мотивтер:

- Жәукемдеу көріністері (жыртқыштың құрбанды жұлмалауы) – құрбандық, соғыс, инициация рәсімі мен сакралдық тәртіпті бейнелейтін метафора. Бұл – қирату арқылы жаңғыру идеясының көрінісі.

- Бұғы не марал бейнесі – скиф-сақ аң стиліндегі ең тұрақты бейне. Әлемдер арасындағы делдал, күн рухының көрінісі, қайта туу символы ретінде түсіндіріледі.

- Бүркіт пен гриф – аспан күштері, жауынгердің немесе ата-бабаның рухын білдіруі мүмкін.

- Мүйіз және мүйізді адам – шамандық эмблема, сакралды түрлену мен рухани байланыс белгісі ретінде қарастырылады.

Осы көріністер арқылы мифология жазбаша мәтін түрінде емес, символикалық мағына жүктелген бейнелі эпос ретінде бейнеленеді.

Идеология және билік: белгілердің заңдастыру құралы ретіндегі рөлі. Қасиетті нысандарда, сүйек бұйымдарында, қару мен әшекейлерде бейнеленген белгілер мифтік бейнелеумен қатар, билікті идеялық заңдастыру функциясын да атқаруы мүмкін.

Мысалдар:

- Сүйек бұйымдардығы элиталық оюлар (мысалы, Берел қорғандарынан табылған) – шамандардың немесе әскери ақсүйектердің регалиясы болуы мүмкін.

- Ғибадат орындарына кіреберістегі тастардағы белгілер – киелі кеңістіктің шекарасын айқындайтын қорғаушы символдар.

- Қару ұстаған антропоморф бейнелері – харизматикалық көсемдіктің ерте визуалды коды.

Осылайша, визуалды белгілер жүйесі тек ғұрыптық емес, әлеуметтік-коммуникативтік құрал ретінде де жұмыс істеп, мәртебе мен бірегейлікті нығайтқан.

Кеңістік пен уақыт құрылымдары. Кейбір белгілер кеңістік координаттарын (шекаралар, дүниенің төрт бұрышы, киелі орталықтар) немесе уақыттық циклдерді (күн символдары, торлар, сәулелі шеңберлер) бейнелейді. Бұл белгілер арқылы ежелгі адамдар әлемді көрнекі үлгілер арқылы реттеуге тырысқанын көруге болады.

Кеңістік-уақыттық құрылымның мүмкін элементтері:

- шеңбер – әлемнің үлігісі;

- айқыш – дүниенің төрт бұрышы;

- шеңбер бойынша орналасқан ойықтар – ритуалдық есеп, күнтізбелік сипаты болуы да мүмкін;

- сызықтық композициялар – жол, шеру, өтпелі кезең нышаны.

Белгілер тек символ ғана емес, әлемді қабылдаудың визуалды сызбасы ретінде қызмет еткен. Сол арқылы көшпелілер өз өмір сүруін космологиялық тәртіпке сәйкестендірген.

Сабақтастық пен түрленіс: протобелгіден таңбаға дейін. Кейбір ескерткіштерде визуалды сарындардың эволюциясы көрінеді:

- бейберекет пиктограммалардан – реттелген композицияларға;

- қайталанатын белгілерден – тұрақты таңба тәріздес пішіндерге дейін.

Бұл протобелгілерді (сәулелі шеңбер, үштаған, қос ойық) кейінгі дәуірдегі таңба мәдениетінің бастамасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Түркі кезеңіндегі таңбақолдану дәстүрі осы ежелгі көрнекі кодтарға негізделіп дамыған.

Яғни, таңба – рудың белгісі ғана емес, сонымен қатар ғарыштық жүйе мен ритуалмен сабақтасқан терең тарихи-мәдени құбылыс.

Темір дәуірінің бейнелеу өнеріндегі образдық жүйені талдау: символика, мифология және идеологиялық кодтар. Б.з.д. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Еуразия далаларында көшпелі мал шаруашылығына көшу, ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуы мен әскери өмір салтына көшкен әлеуметтік құрылымдардың дамуына байланысты терең әлеуметтік-экономикалық және мәдени түрленістер орын алады. Бұл өзгерістер дүниетанымның негіздерін қозғайды және жаңа әлеуметтік рөлдер, діни түсініктер мен ұжымдық мифтер көрініс тапқан мәдениеттің визуалды тіліне әсер етеді.

Бұл дәуірдің негізгі көркем образдары отырықшы-егіншілік өмір салтының архаикалық модельдерінен көшпелі, мобилді, жауынгерлік қауымның мәдениетіне қарай идеологиялық қайта бағдарлану аясында

қалыптасады. Бұрынғы таңбалық жүйелердің орнына жаңа бейнелер келеді: эротика, құнарлылық пен күнге табыну сюжеттері жойылып, олардың орнын қақтығыстар, зорлық-зомбылық және қозғалыс көріністері басады [Горяев, 1998: с. 148]. Визуалды репертуар батыр жауынгерлердің, жыртқыштардың, қуатты әрі шапшаң жануарлардың және әртүрлі жануарлардың қасиеттерін біріктіретін синкреттік тіршілік иелерінің бейнелерінен тұрады. Бұл образдар – күш, жеңіс, билік пен рухани медиативтіліктің кодталған символдары.

Жаңа мәдени парадигмада *жауынгер тұлғасы* – қаруланған, қорғалған, идеалданған қауым өкілі – ерекше маңызға ие болады. Бұл бейне батыр-баба идеясының көрінісіне айналып, баяндаудың өзегіне айналады. Сонымен қатар жылқы образы да айрықша семантикалық жүк арқалайды. Ол шапшаңдықтың, құрбандықтың және әлемдер арасындағы делдалдықтың символы – күнмен байланысқан қасиетті жануар ретінде қабылданады. Алайда, қоғамдағы маңызды рөліне қарамастан, салт аттыға табыну зооморфтық бейнелермен салыстырғанда екінші дәрежелі сипатқа ие болады, себебі жануарлар нышаны ұжымдық мифологияда әлдеқайда терең әрі көпқабатты мәнге ие [Грязнов, 1961: с. 7-31].

Көшпелі әлемнің өзіндік эмблемасына айналған ақбөкен мен марал бейнесі визуалды символдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл бейне құрбандық, тазалық, жарық және әлемдік тәртіп идеяларымен байланыстырылады. Оның мүйізі тек күш пен биліктің белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар әлем ағашы, көкке шығатын саты және абыздық инициациямен байланысты күн-ғарыштық символ ретінде де түсіндіріледі. Бұл элементтер культтік атрибутикада – бақсылардың бас киімдерінде, жылқы бетперделерінде, жерлеу әшекейлерінде және басқа да сакралды нысандарда кеңінен қолданылады. Бұл бейне сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі салаларына – көмкеру, аппликация, шекіме, ою арқылы еніп, тек эстетикалық емес, сакралды міндет атқарған [Самашев, 2010: с. 252].

Жануарлардың шайқас мотивтері, жыртқыштардың шөпқоректі аңдарға шабуылы, сондай-ақ тең дәрежелі жануарлардың символикалық

жекпе-жегі (мысалы, түйелер, қабандар, аюлар) кең таралып, дуализм, табиғат айналымы, мезгілдердің алмасуы, өмір мен өлімнің күресі секілді тұжырымдамаларды бейнелейді [Полидович, 2006: с. 355]. Мұндай көріністерді мифтік көзқарастар тұрғысынан – жаратылыс туралы космогониялық акт, немесе құрбандық шалу рәсімі ретінде түсіндіруге болады. Бұл мәнмәтінде жыртқыш тек зорлық символы ғана емес, сонымен бірге киелі құбылыстың құралы – өту, қайта туу және әлемдік тәртіпті қалпына келтіру құралы ретінде көрінеді.

Кейбір көркем композициялар символдық мәннің өте жоғары деңгейімен ерекшеленеді: жануарлар бейнелерімен қатар бұрамалар, шиыршықтар мен басқа да белгілер кездесіп, олар аспанмен байланыс немесе таңдаулылықтың белгілері ретінде түсіндіріледі [Кузьмина, 1976: с. 62]. Тотемизмнен бастап күнге табыну мен аспан күнтізбелеріне дейінгі әртүрлі интерпретациялар мифопоэтикалық ойлаудың көпқабаттылығы мен иконографиялық жүйелердің күрделілігін көрсетеді. Кейбір зерттеушілер «жәукемдеу» сюжеттерін көктемгі күн мен түн теңелуінің метафорасы немесе зодиак дәуірлерінің ауысуы ретінде түсіндіре отырып, Таяу Шығыс дәстүрлерінің ықпалы туралы да айтады [Королькова, 2006: с. 129–130].

Құс, тұяқты, жыртқыш және жорғалаушылардың қасиеттерін біріктіретін қиял-ғажайып тіршілік иелері бейнесі мифтік шиеленісті арттырып, мағыналық белгісіздік аймақтарын – әлемдердің түйісуін, күй-кешулердің өзгеруін, өтпелі пішіндер бейнелейді. Бұл бейнелер абыздар мен бақсылар культімен байланысты, олардың киімдері мен рәсімдері әлем құрылымын шағын түрде қайталап, ғарыш деңгейлері арасында тік қозғалысты білдіреді.

Осылайша, ерте темір дәуірінің көркем мұрасы көшпелі қоғамдағы социомәдени өзгерістерден туындаған визуалды ойлаудың терең түрленісін көрсетеді. Ол дүниенің, биліктің, уақыттың, өмір мен өлімнің мәнін бейнелейтін, символдық мазмұнға бай, көпқабатты образдар жүйесін қалыптастырды. Бұл визуалды конструкциялар тек сәндік элемент немесе

баяндау құралы ғана емес, сонымен бірге қасиетті білімді, ұжымдық жадыны және этномәдени бірегейлікті кодтаудың және жеткізудің құралы ретінде қызмет етті.

Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілер мәдениетінде түс ерекше рөл атқарған. Ол сакралды-символикалық түсініктер жүйесінің маңызды бөлігі ретінде дүниетанымдық, идеологиялық және визуалды-коммуникативтік қызмет атқарды. Жерлеу рәсімдерінде, киім-кешекте, әшекей бұйымдар мен билік нышандарында қолданылған түстер әлемнің құрылымы мен киелі мағыналар иерархиясын бейнеледі [Акишев, 1984: с. 127–145; Самашев, 2011: с. 156].

Қызыл мен алтын: өмір мен биліктің, күннің түстері. Есік кешеніндегідей, Қазақ Алтайының Шілікті, Берел және Елеке сазы сияқты негізгі ескерткіштері – сақ ақсүйектері мен билеушілерінің «патшалық» қорғандары – қызыл, алтын және сары реңктердің басымдығымен ерекшеленеді. Қызыл түс – ежелден өмір қуатының, қан мен күннің жылуының символы. Жерлеу барысында охра немесе киноварь себу, қару-жарақ пен ат әбзелдерін қызғылт түспен бояу эстетикалық емес, ритуалдық мәнге ие болған: қызыл түс тірілер мен рухтар әлемін жалғаушы, қайта туу мен қорғау нышаны саналған.

Алтын түс қызылдың мағынасын күшейтіп, биліктің күндік табиғатын бейнелеген. Шілікті мен Берел ескерткіштеріндегі алтынмен қапталған әбзелдер, ат әшекейлері мен қару-жарақ бөлшектері – аспаннан дарыған нұр мен күштің белгісі. Қызыл мен алтынның үйлесімі жер мен көктің, өмір мен өлімнің, материалдық пен киелінің тепе-теңдігін көрсеткен.

Көк пен көгілдір: аспан мен руханилықтың белгілері. Сакралды түстер қатарында көк және көгілдір реңктердің орны ерекше. Берел мен Елеке сазы ескерткіштеріндегі әшекейлер мен сәндік бұйымдарда кездесетін ақық тастар мен эмальдар аспанмен, сумен және рухани тазарумен байланысты болған. Көшпелілердің мифтік дүниетанымында көк аспан – ата-бабалар мен тәңірлік

рухтардың мекені. Сондықтан көгілдір түс билеушінің көктен жаратылған тектілігін және оның руының киелі мәртебесін білдірген.

Сары және күміс түстер: жарық пен тазалықтың нышандары. Сары түс – алтынның «інісі», күн сәулесінің, береке мен қуаттың символы. Күміс пен ақ түстер ай жарығын, биік таулардың тазалығын және «жарық әлемге» тән киелі тазалықты бейнелеген. Берел қорғандарында күміс және ақшыл металл инкрустациялар мен әбзел бөліктері кездеседі, олар аспандық және қорғаушы сипатта болған.

Түс – белгілер жүйесінің элементі. Осылайша, түс ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениетінде тек сәндік емес, мағыналық белгінің қызметін атқарған.

- Қызыл мен алтын – күндік өмір күші мен биліктің нышаны;
- Көк пен ақық түстес – аспан мен рухани әлемнің көрінісі;
- Сары мен күміс – жарық, тазалық және үйлесім идеяларының бейнесі.

Бұл түстер жүйесі дүниенің тік құрылымын бейнелеген: қызыл мен алтын – жер мен күндік өмір саласы; көк пен көгілдір – аспандық кеңістік; ақ пен күміс – аралық, сакралды деңгей. Шілікті, Берел және Елеке сазы материалдарындағы осындай түстік үйлесім ежелгі көшпелілердің космологиялық моделінің бар екенін көрсетеді, мұнда түс дүниенің тәртібін, биліктің заңдылығын және адам мен киелі әлемнің байланысын білдіретін коммуникативтік құралға айналған.

Жалпы алғанда, бұл түстік код – ерте темір дәуіріндегі белгілер жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол бір жағынан Еуразия кеңістігіне ортақ, екінші жағынан Қазақ Алтайының мәдени дәстүріне тән бірегей символдық жүйені қалыптастырған.

2.1 Таңба-белгілердің қалыптасуы, эволюциясы

Еуразия белдеуіндегі ежелгі халықтар мәдениетінде таңбалық формалардың пайда болуы мен ерте дамуы археологиялық және мәдени-тарихи ғылымдағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы онжылдықтарда жинақталған материалдар белгінің ақпаратты бекіту мен жеткізудің құралы ретінде ұғынылу үдерістері тас дәуірінен бастау алатынын көрсетеді. Сол кезде адам табиғи нысандарға, тұрмыстық және ғұрыптық заттарға символикалық мағына бере бастаған. Алайда палеолит пен неолит дәуірлерінде қоғамдық институттардың дамымауы, әлеуметтік жіктелудің әлсіздігі және рулық-тайпалық ұйымдардың тұрақты формаларының болмауы бұл құбылыстарды кейінгі әлеуметтік-коммуникативтік мағынадағы «таңба пайдалану» жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік бермейді.

Қола дәуірінде таңбалар туралы күрделі әрі тармақталған түсініктер жүйесі қалыптасып, ол сакралды-ритуалдық тәжірибелерден бастап, шаруашылық-құқықтық нысандарға дейінгі кең ауқымды қамтыды. Бұл кезеңде белгілер мен символдар киелі-магиялық салада жетекші рөл атқарды: олармен қасиетті орындар, құрбандық шалу алаңдары, табиғи нысандар, культтік бұйымдар мен жерлеу құрылыстары белгіленді. Таңбалық қызметтің дамуы қоғамдық қатынастардың күрделенуімен, билік пен меншік институттарының қалыптасуымен, қолөнер мен сауда байланыстарының өсуімен, сондай-ақ мәдени-аймақтық қатынастар мен көші-қонның жандануымен тығыз байланысты болды. Осындай алғышарттар тұрақты визуалды-таңбалық тәжірибелердің қалыптасуына, кейінірек ру-тайпалық және аумақтық таңба жүйелерінің — яғни «таңбалардың» — негізін қалауға мүмкіндік берді [Самашев, 2010: с. 4–33].

Энеолит дәуірінің Қазақстандағы мәдениеттері бұл үрдістің алғашқы белгілерін байқатады. Мәселен, Ботай мәдениетінің бейнелеу дәстүрінде геометриялық таңбалар – үшбұрыштар, ромбтар, торлар, ирек сызықтар – сүйек пен тас бұйымдарға түсірілген. Мұндай мотивтер Шығыс Қазақстандағы Ақбауыр үңгіріндегі белгілермен тікелей параллель болады.

В.Ф. Зайберттің пікірінше, бұл құбылыс Урал-Ертіс аралығындағы тұрғындардың мифологиялық түсініктерінің ортақтығын және олардың дүниетанымдық кеңістігінің бірлігін дәлелдейді [Зайберт, 1993: с. 84].

Қола дәуіріне жататын символдық сипаттағы бейнелер қатары жетерлік: кресттер, шеңберлер, спицалы дөңгелектер, свастикалар, шиыршық формалар, торлар мен ойықтар. Олардың таралу аймағы Қазақстандағы жартас суреттерінің барлық дерлік ошақтарын қамтиды. Хронологиялық тұрғыдан күрделі болғанымен, бұл таңбалар жиынтығы күн мен әлемнің үйлесімділігін, циклдік уақыт пен қайта жаңғыру идеяларын бейнелейтін тұрақты солярлық-космологиялық символизмді көрсетеді. Әсіресе Сарыкөл жазығындағы жерлеу құрылыстарының тақталарында байқалған тор және торкөз түріндегі композициялар ерекше назар аударарлық: олар әлемнің құрылымы мен ғарыштық тәртіп туралы күрделі семантикалық түсініктерді білдіреді [Омаров, Жуматаев, Бесетаев, Сагындыкова, 2020].

Сонымен қатар, бірқатар қасиетті нысандарда табылған тостағанша тәрізді ойықтар – «ойықтар» (cupules) зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырады. Олардың жүйелі орналасуы мен қайталануы әдейі, ғұрыптық мәнмен қашалғанын аңғартады. Мұндай объектілер Ақбауыр, Доланалы сияқты киелі орындардан да белгілі, бұл олардың киелі мақсатта қолданылған кең мәдени дәстүрге жататынын дәлелдейді [Самашев, 2025: с. 106–117].

Қола дәуірінің таңбалық жүйесі контексінде зооморфтық бейнелер де айрықша мәнге ие. Мүйізді жануарлардың үштігі – бұқа, бұғы және ешкі/таутеке – сол кезеңнің көркем әрі символикалық репертуарының семантикалық өзегін құрайды. Бұл бейнелер күш, құнарлылық, өмір мен өлімнің айналымы жайындағы түсініктерді бейнелеген. Сонымен бірге, жыртқыш аңдар мен құстардың суреттері дүниенің космогониялық және мифологиялық бейнесін толықтырды [Самашев, 2009: с. 74–85].

Қола дәуіріндегі таңбалық дәстүрдің дамуын айқындайтын маңызды жаңалықтардың бірі – Ақбауыр кешеніне жақын орналасқан Шөже қорымы.

Мұндағы жерлеу камераларының бірінің гранит тақталарында ирек сызықты белгілер анықталған. Олар, шамасы, жерлеу рәсімімен және арғы дүниеге өту ритуалымен байланысты болып, сол дәуір халқының кеңістік пен ғарыш жөніндегі түсініктерін білдірген. Мұндай белгілердің ұқсастары Еуразияның басқа аймақтарында да кездеседі, бұл олардың дүниетанымдық жүйесінің ортақ элементтерін айқындайды [Самашев З., Самашев С., Жунисханов, Сиражева, 2024: с. 11–21].

Соңғы жылдардағы аса маңызды табыстардың қатарына Ұлан ауданындағы Сарыжон жерінен табылған ірі ғұрыптық тасты жатқызуға болады. Оның бетінде үш жүзден астам тостағанша тәрізді ойықтар бар. Алдын ала болжам богйынша қола дәуіріне жатқызылатын бұл ерекше ескерткіш өңірдің киелі мәдениетінде прототаңбалық және күнтізбелік-ғұрыптық тәжірибелердің қалыптасқанын дәлелдейді. Ойықтардың жүйелі орналасуы мен олардың Ақбауыр, Доланалы, Жетісу, Алтай және Шығыс Еуропа нұсқаларымен ұқсастығы Сарыжонды Еуразиядағы символдық ойықтарды (cupules) рәсімдік-коммуникативтік мақсатта пайдаланудың маңызды буыны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай кешендер визуалды-таңбалық коммуникацияның қалыптасуының ерте кезеңін көрсетіп, сакралды символдардан кейінгі дәуір көшпелілеріне тән ұйымдасқан белгілік жүйелерге көшу үдерісін бейнелейді.

Осылайша, Қазақ Алтайы аумағынан жиналған археологиялық деректер қола дәуірін нағыз таңбалық жүйенің қалыптасу уақыты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде бейберекет сакралды белгілерден кең мағыналы, саналы түрде ұйымдастырылған таңбалық-коммуникативтік формаларға – кеңістік пен меншікті, қасиетті орынды белгілеу тәсілдеріне көшу жүзеге асты. Мұндай үдерістер ерте темір дәуірі көшпелілерінің таңба пайдалану дәстүрінің алғышартына айналып, ежелгі номадтар мәдениетінің көрнекі іргетасын қалады.

2.2 Аң стилі – Қазақ Алтайы ежелгі тұрғындарының ерекше таңбалық-коммуникативтік жүйесі

Еуразия далаларының тарихындағы бір жарым мыңжылдықты қамтыған кең кезең – б.з.д. I м.ж. б.з. I м.ж. басына дейін – бірегей көркемдік жүйенің өркендеуімен ерекшеленеді. Бұл жүйе ғылымда «аң стилі» деген атауға ие болды. Ол тек сәндік-әшекейлік бағыт қана емес, көшпелілердің дүниетанымын, әлеуметтік құрылымын, сакралды және тұрмыстық болмысты бейнелейтін визуалды тілдің ерекше түрі ретінде қызмет атқарды. Көшпелі халықтардың көпшілігінде жазу болмаған жағдайда бұл стиль эстетикалық қана емес, ақпараттық, идентификациялық, тіпті құқықтық құралға айналды. Археологиялық, тарихи-мәдени және семиотикалық деректер аң стилінің далалық қоғамдардың күнделікті және ғұрыптық өміріне терең енгенін көрсетеді. Әшекейлерде, қару-жарақта, ат әбзелдерінде, бас киімдер мен ғұрыптық бұйымдарда, әсіресе жартастағы бейнелер мен тас мүсіндерде (оның ішінде атақты бұғытастарда) бұл стиль кеңінен көрініс тапты. Осы жәдігерлерде зооморфтық кодтар арқылы әлемді жүйелеудің көрінісі байқалады [10, с. 137].

Аң стилінің басты мотивтеріне жыртқыштар, тұяқтылар, құстар және мифтік тіршілік иелерінің бейнелері жатады. Бұл бейнелерде ерекше атрибуттар – тырнақ, мүйіз, тұмсық, көз және бұлшық еттер – айрықша бөлініп көрсетіледі. Зооморфтық кескіндер қалыптасқан канондарға сай стильдендірілген: денесін дөңгелек етіп бүккен аң, «ұшып бара жатқан» бұғы, қанатын жайған құс. Мұндай бейнелер – мағынасы орныққан символдардан құралған өзіндік визуалды мәтіндер, күш пен киенің, әлеуметтік дәреженің таңбалары, бойтұмарлар ретінде қарастырылады [Самашев, 2010: с. 137–138].

Бұл таңбалық-коммуникативтік жүйенің өзегінде мифопоэтикалық дүниетанымдағы әлемдік ағаш ұғымы негізінде қалыптасқан үш әлем туралы түсінік жатыр. Жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлемдер символикалық тұрғыдан тиісінше құстар, шөпқоректілер мен жыртқыштар арқылы

бейнеленеді. Бұл үштік жүйе тек мифологиядан емес, нақты жәдігерлерден – бас киімдерден, қару-жарақтың сабынан, белдіктерден, жартастағы композициялардан да көрінеді.

Өнердің осы таңбалық-символдық табиғатын түсіну біртіндеп қалыптасты. XX ғасырдың ортасында-ақ С.И. Руденко Пазырық қорғандарын зерттей отырып, жануарлар айқасы көріністері өмір мен өлімнің, жарық пен түнектің қарама-қарсылығын бейнелейтінін, ал зооморфтық бейнелер апотропейлік және тотемдік қызмет атқаратынын атап өтті. Оның пайымдауынша, Алтай өнері жай әшекей емес, әрбір аң қасиетті күштің иесі саналатын дуалистік дүниетанымның көрінісі еді [Руденко С., Руденко Н., 1949: с. 77]. М.И. Артамонов пен А.И. Мартынов бұл тұжырымды дамыта келе, аң стилін ғалам мен әлеуметтік иерархия туралы түсініктерді бейнелейтін әмбебап символдық жүйе ретінде қарастырды [Артамонов, 1973: с. 235; Мартынов, 2005: с. 294–301].

Ғылыми түсініктің дамуына ерекше үлес қосқан Д.С. Раевский аң стилін ғарыш құрылымын бейнелейтін көрнекі тәсіл деп таныды. Онда жыртқыш, тұяқты және құс бейнелері үш әлем деңгейін – жерасты, жер және аспан кеңістіктерін – білдіреді. Скиф өнеріне тән «жәукемдеу» көріністерін ол құрбандық пен ғарыштық жаңару идеясын бейнелейтін символ ретінде қарастырды, ал жануарлардың тұрақты қимыл-позалары мифологиялық заңдылықтарға бағынған таңбалар жүйесі ретінде түсіндірілді [Раевский, 2004: с. 739–761]. Е.В. Переводчикова бұл көзқарасты тереңдетіп, аң стилін «жануарлар бейнелерінің тілі» деп атады – онда композицияның әрбір элементі, сызық пен қалыптың өзі таңба қызметін атқарады. Ол бұл өнердің өзіндік «лексикасы» мен «грамматикасы» бар екенін, мифологиялық идеялар формалар мен ырғақ арқылы жеткізілетінін атап көрсетті [Переводчикова, 1994: с. 16, 26, 65].

А.К. Ақышев пен А.Ю. Алексеев еңбектерінде бұл жүйенің билік құрылымымен және сакралды дүниетаныммен байланысы айқындалды. Патшалық регалиялар мен элитаға тән бұйымдардағы зооморфтық бейнелер

діни нанымдармен қатар биліктің заңдастырылуын да бейнелеп, қоғамның космологиялық иерархиясын көрсетеді [Акишев, 1984: с. 147; Алексеев, 2012: с. 27–28].

А.В. Круглова мен В. Шильц сынды зерттеушілер – аң стилін семиотикалық жүйенің ішкі заңдылықтарына бағынған визуалды-коммуникативтік код ретінде сипаттайды. В. Шильцтің пікірінше, дала өнері тілдің барлық белгілеріне ие: өзіндік «сөздігі» бар пішіндер, «синтаксисі» бар қалыптар және композицияның қатаң заңдары, олардың барлығы мағыналық тұтастықты қамтамасыз етеді [Круглова, 2020: с. 508–516; Schiltz, 1994: с. 3–81].

Н.В. Тютюгина бұл тұжырымға жаңа космологиялық қыр қосты: ол бұғы бейнесін Поляр жұлдызымен және Үлкен мен Кіші Аю шоқжұлдыздарымен байланыстырды. Оның пайымдауынша, бұғы – аспан осін және мәңгі қозғалысты бейнелейтін астральды символ, яғни ғалам құрылымының көрінісі. Бұл тұрғыда аң стилі одан да терең мағынаға ие болады: ол жерлік дүниені ғана емес, ғарыш ырғақтарын өнер арқылы бейнелеудің тәсіліне айналады [Тютюгина, 2017: с. 68–87].

Осылайша, тарихи-археологиялық ғылымда аң стилінің эстетикалық, сакралды және космологиялық бастауларды біріктіретін таңбалық жүйе ретіндегі тұтас түсінігі қалыптасты. Мұнда көркем пішін адам, табиғат және құдайлар әлемі арасындағы коммуникация құралына айналады. Бұл өнер Қазақ Алтайының ежелгі көшпелілері үшін әлемді түсінудің ерекше тәсілі болды – сөзсіз тіл, онда жануар бейнелері өмір мен өлімді, билік пен қамқорлықты, жер мен аспанды, адам мен ғаламды бейнелейтін әмбебап ұғымдарды жеткізді.

Шығыс Қазақстандағы өтпелі кезең мен ерте сақ дәуіріне жататын петроглифтер – Мойнақ, Зевакино, Майемер сынды кешендері – аңдық стильдің осы зооморфтық жүйесін бейнелейтін маңызды дереккөздер болып табылады. Осы ескерткіштерде жиі кездесетін «құс тәрізді» немесе «тұмсықты бұғы» бейнесі зерттеушілер тарапынан жоғарғы әлемнің

эмблемасы әрі үш әлем арасындағы байланысты жүзеге асыратын шамандық рух иесі ретінде қарастырылады. Мүйізсіздігі, мойын мен тұмсықтың ұзартылып берілуі, көздің орнитоморфтық бейнеленуі – бұл бейненің сакралдық сипатын көрсетеді. Жыртқыш аңдардың шөпқоректілерді бас салып шайнап жатқан көріністері әлемнің космогоникалық құрылымы мен дуалистік табиғатын бейнелейді: бұл – тәртіп пен хаостың, жақсылық пен зұлымдықтың мәңгілік күресі. Мұндай бинарлық оппозиция тек жартастағы бейнелерде ғана емес, қолданбалы өнерде – қола мен темірден жасалған ақинақтарда, гориттерде, ауыздық әшекейлерінде және төс әшекейлерінде де кездеседі [Самашев, 2010: с. 252–255].

Берел мәдениетінің орта кезеңіне (б.з.д. IV–III ғғ.) жататын реалистік және өрнектелген-стильдендірілген жануар бейнелері символикалықтан ғұрыптық-көркемдік функцияға өту процесін көрсетеді. Бұл кезеңде бейнелердің сыртқы пішіні қарапайымдалып, композициялар қолданбалы сипат ала бастағанымен, кодтық мән-мағынасы сақталып қалады. Спиральды бұраулар, жолақтар, үшбұрышты өрнектер көшпелілер мәдени шеңберінде ұғынылатын танымал элементтер болып қала береді [Сорокин, 1967: с. 53–55].

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, қару-жарақтардағы бейнелерді кешенді түрде талдау аса маңызды. Қанжарда, балтада, шекпенде және горитте бейнеленген зооморфтық фигуралар – жыртқыш құстар, грифондар, мысық тектестер – затқа магиялық сипат дарытып, иесіне күш, ептілік, шабуылшылдық қасиеттерін телиді. Сағырдан табылған соғыс көрінісі бейнеленген ерекше композиция қару асыну тәсілдерін, қалқан пішінін және жаяу жауынгерлердің шайқас тактикасын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жауынгердің бейнесін және әскери салттарды қалпына келтіру үшін жабдық жабдық элементтері – қорамсақ, горит, белдік, мүйізді немесе қауырсынды бас киімдер, тұрмыстық және ғұрыптық әшекейлер де назарда болуы керек. Олардың петроглифтік иконографиялық талдауы

арқылы көне салт-дәстүрдің реалистік тәсілден символикалыққа, ал кейін қайтадан нақты сипатқа өту үрдістерін кезең мен аймақ ерекшелігіне байланысты бақылауға болады.

Осылайша, аң стилі – жай ғана көркемдік бағыт емес, тұтас таңбалық-коммуникативтік жүйе. Жазудың жоқтығына қарамастан, бұл жүйе көшпелі қоғамда әлеуметтік, сакралдық, құқықтық ақпаратты тасымалдаудың қуатты құралына айналды. Зооморфтық бейнелер арқылы руға, әскери сословиеге, шамандық культке және киелі білімге қатыстылық білдірілді. Қазақ Алтайы аумағында жұмыс істейтін археолог үшін аң стилі таңбалар жүйесі ретінде ұғыну – бейнелерді сипаттаудан олардың мағынасын ашуға, яғни көшпелілердің дүниетанымын, құндылықтар жүйесін және символикалық бағдарларын қайта құруға мүмкіндік береді. Сондықтан аң стиліне жататын нысандарды зерттеу – тек жәдігерлерді тіркеу ғана емес, бүкіл бір өркениеттің визуалды тілінің құпиясын ашатын үдеріс болып табылады.

Осы кітапқа арқау болып отырған ғылыми мәселені зерттеу барысында Алтай тұрғындарының мәдениетін зерттеудегі семиотикалық көзқарастарды айналып өте алмаймыз. Белгілік және символдық жүйелер ақпаратты біріктіруде, сақтауда және беруде маңызды рөл атқарады. Алтайдың ежелгі көшпелілерінің мәдениетін зерттеудегі семиотикалық көзқарас оны әлеуметтік нормалық, эстетикалық, этикалық және басқа да ұғымдар, идеялар мен мағыналар жүйесін қамтитын мәдени «мәтіннің» бір түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, яғни оларды белгілер мен таңбалар түрінде білдірудің әртүрлі тәсілдері деп айтуға болады.

Семиотикалық көзқарастың негізгі принциптері Ч.С. Пирс, Ч.У. Моррис, У.Эко, Б.В. Григорьев, Л.Ф. Чертов (белгі семиотикасы), Ф. де Соссюр (табиғи тіл семиотикасы), Ю.М. Лотман, П.Н. Богатырев, Р.Барт (мәдениет семиотикасы) еңбектерінде қарастырылып дамытылған [Щеброва, 2022]. Семиотикалық әдіс мәдениеттің тұтастығын талдауға ғана емес, оның осы тұтастықты құрайтын құрылымдық элементтерін анықтау мен сараптауға да қолданылады. Семитоиканың жалпы ережелеріне сәйкес,

ақпарат беретін хабарламалар мәтін түрінде көрініс тапқан жүйелер деп саналады; бұл хабарламалар өзара тығыз байланысқан және кодтық жүйелерге сйкес құрылымдалған болып келеді; хабарламаның берілу түрі мен тәсілі берілген мәдениетте қолданылатын мәтінмәнге және кодтарға байланысты болады. Ю.М. Лотман мен Б.А. Успенскийдің анықтамасы бойынша белгіге және белгілікке қатынас мәдениеттің негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады [Лотман, Успенский, 1971]. Семиотика қағидаттарына сәйкес Алтайдың ежелгі көшпелілерін қоршаған ортаның барлық элементтерін, мейлі ол табиғи ландшафттар немесе ыдыс-аяқ пен киім-кешек, қару-жарақ болсын, ортақ «әлем бейнесін» жасайтын белгілер жүйесі ретінде қарастыруға болады. Дүниенің бейнесін құрайтын бұл идеялар сөздердің мағынасына еніп, адамның дүниені қабылдауына бейсаналық түрде әсер етеді. Дүниетанымдық көзқарастарды зерттеу белгілі бір тіл мен мәдениет үшін маңызды негізгі идеяларды көрсететін түйінді ұғымдарды сараптаумен байланысты болып келеді.

Семиотикалық тәсілдің элементтерін Алтайда жұмыс істеген алғашқы ғалымдардың зерттеулерінде кездестіруге болады, өйткені олар аң стилінің өнерін егжей-тегжейлі сипаттауға ғана емес, оның мәні мен шығу тегін түсіндіруге де ұмтылды. XVIII-XX ғғ. ғалымдар Д.Г. Мессершмидт [Мессершмидт, 2021], Г.Ф. Миллер [Миллер, 1886; 1999], П.С. Паллас [Паллас, 1786], Г.И. Спасский [Спасский, 1817], В.В. Радлов [Радлов, 1894] бұл өнерді белсенді түрде зерттеп, оның маңызын ашуға тырысты. Мысалы, академик Б.Н. Граков 1940 жылдары скиф өнеріндегі екі көркемдік бағытты анықтады: геометриялық және аң стилі [Граков, 1947]. Сондай-ақ ол б.д.д. IV-III ғғ. Солтүстік Қаратеңіз аймағы скифтерінің әскери ақсүйектерінің, әсіресе патшалардың қару-жарағы мен сауыт-сайманын безендіруде аң стилі кеңінен қолданылғанын атап өтті. Б.Н. Граковтың еңбектері аң стилінде жасалған заттардың көмегімен жауынгерлердің мәртебесін білдіру дәстүрін анықтаудағы алғашқы қадам болды [Граков, 1971].

Кейінгі онжылдықтарда Б.Н. Граковтың идеялары оның ізбасарлары мен студенттерінің, мысалы, Е.Е. Кузьмина [Кузьмина, 1979], Д.С. Раевский [Раевский, 1984; 1985], А.М. Хазанов [Хазанов, 1976] және т.б. ғылыми тұжырымдамаларының қалыптасуына әсер етті. Аң стилін зерттеудегі семиотикалық көзқарас 1970 жылдардан бастап екі бағытта дамыды: семантикалық және құрылымдық-семиотикалық. Бірінші бағыт аң стилі өнеріндегі жеке бейнелердің мән-мағынасына көңіл бөлсе, екіншісі семиотикалық аспектілерге негізделген ежелгі Алтай көшпелілерінің дүниетанымының үлгісін ұсынды.

Кейінгі зерттеушілер М.П. Грязнов [Грязнов, 1950], С.И. Руденко [Руденко, 1960], М.И. Артамонов [Артамонов, 1973], В.Д. Кубарев [Кубарев, 1979] және т.б. аң стилі өнеріндегі жеке бейнелердің мағыналары мен семантикасын белсенді түрде талдай бастады. Бұл бейнелерді түсіндіру үшін олар Геродот, Страбон мәтіндерін, ежелгі қытай жылнамаларын, сондай-ақ алтай этнографиялық материалдарын, эпикалық шығармаларды пайдаланды.

Мысалы, М.И. Артамонов скиф мәдениетіндегі аң стилінің әртүрлі вариацияларын анықтап, әртүрлі тарихи кезеңдердегі аң стилі өнерінің мәнінің өзгеруіне назар аударды. М.И. Артамонов Еуразия даласының аумағындағы скиф аң стилінің әртүрлі нұсқаларын зерттеп, бірнеше қызықты аспектілерін анықтады. Бұл стильде адам бейнелерінің жоқтығын және қабан, ешкі, бұлан, қошқар және жыртқыш құстар сияқты жануарлардың санының шектеулі екенін атап өтті. Оның пайымдауынша жолбарыс пен қасқырдың бейнелері әсіресе кеңінен қолданылды, сонымен қатар фантастикалық аңдардың жергілікті нұсқалары болды. М.И. Артамонов аң стилінің динамикасын зерттеу барысында б.д.д. V ғ. ежелгі көшпенділер арасында әскери күш идеялары басым болды деп келтіреді. Бұл жануарлардың динамикалық және мәнерлі бейнелерінде және жануарлар арасындағы шайқастарды бейнелейтін композициялардың көбеюінен көрінді [Артамонов, 1973].

Алтайдың ежелгі көшпенділерінің мәдениетіндегі жануарлар бейнелерінің семантикасына зерттеушілердің қызығушылығы 1980 жылдары арта түсті. Скиф мәдениетіндегі бұғы бейнесіне ерекше назар аударылып, көптеген зерттеушілер В.Д. Кубарев [Кубарев, 1979], В.С. Ольховский [Ольховский, 1989], Г.Л. Евдокимов [Ольховский, Евдокимов, 1994], Д.Г. Савинов [Савинов, 1994], Н.Л. Членова [Членова, 1984], М.Е. Килуновская [Килуновская, 1987], Вл.А. Семенов [Семенов, 1994] пен К.В. Юматов [Юматов, 1998] өз еңбектерін осы тақырыпқа арнады.

Ғалымдар жүргізген зерттеулердің нәтижелерінен Алтайдың ежелгі көшпелілерінің мәдениетінде, әлеуметтік-идеологиялық жүйесінде, қоғамдық өмірінде елеулі өзгерістер орын алып, әскери бағытқа ауысқаны белгілі болды. Мысалы, В.Н. Добжанский [Добжанский, 1990] бұғылар өз мәдениетінде пазырық мәдениетін жеткізушілер арасында кездесетін мифологиялық тұлғаны ғана емес, сонымен бірге әскери бауырластық үшін тотем қызметін атқарғанын жазады. Ғажайып қанатты жыртқыш грифонның бейнесі Л.Л. Баркова [Баркова, 1985; 1995], Е.В. Переводчикова [Переводчикова, 1994], С.И. Руденко [Руденко, 1960] бастаған көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Н.В. Полосмак [Полосьмак, 2001], бұл бейне Алтайдың ежелгі көшпенділерінің мәдениетінде шешуші рөл атқарды десе, Ю.В. Фролов және О.И. Чекрыжовалардың [Фролов, Чекрыжова, 1999] пікірінше б.д.д. V ғасырдан бастап грифон көсемдердің әскери ерлігінің басты белгісіне айналады саналады.

Жүзеге асырылып жатқан жобаның алғышарттары осы мәселе бойынша іргелес аймақ – Саян-Алтайда ресейлік ғалымдар жүргізген ұзақ мерзімді жүйелі зерттеулердің нәтижелерін қамтиды. Бұл жобалар бойынша жұмыс ерте темір дәуіріндегі таңба пайдалану ескерткіштерінің ізденіс сипаттамаларын іс жүзінде анықтауға, таңба тәрізді белгілердің типологиясын және олардың хронологиясын жасауға мүмкіндік берді.

Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің таңбатәріздес белгілерді қолдануын іздестірудің келешегі ол жерден анықталған ескерткіштерге

тәуелді, оларды зерттеу бар мәселелерді шешуге көмектеседі. Бағдарламаның осы бөлімін зерттеуге арқау болған З.Самашевтың жетекшілігімен жүргізілген ерте темір дәуірінің таңбатәріздес белгілер мен нышандар салынған ескерткіштерін зерттеу жұмыстары [Самашев, Сапашев, Оралбай, Төлегенов, Исин, Сайлаубай, 2010; Қазақ өнері, 2013]. Бұл зерттеу еуразиялық орманды-далалы және таулы зоналарының таңба тәрізді белгілерін зерттеуде тың жаңалықтар ашуға және ежелгі халықтың өмір салтын қайта жаңғыртуға, осы бағыттағы зерттеулердің жаңа парағын ашуға мүмкіндік береді деп болжанып отыр.

2.3 Алтайдағы ерте темір дәуірі петроглифтері арасындағы таңба-белгілер (2024 жылғы далалық зерттеулер негізінде)

Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) төрт облысында жартастағы өнер нысандарына кешенді сандық зерттеу жүргізіліп, ерте темір дәуірінің 12 ескерткіші қамтылды (сурет 1). Жұмыстың ерекшелігі белгілер мен символдар табылған жартас өнері нысандарының 22 бетін (яғни, тас бетін) егжей-тегжейлі сандық фотосуретке түсіруден тұрды. Озық технологияларды қолдану деректерді жазу және құжаттау дәлдігін айтарлықтай жақсартты, бұл өз кезегінде жартас өнері мен оның мәдени мәнмәтінін тереңірек және жан-жақты талдауды жаңа белестерге көтереді.

Бұл ескерткіштер жартас суреттерінің, жеке тас мүсіндердің, қорғанды ансамбльдердің және ғұрыптық әрекеттердің (құрбан шалатын орындар, ғұрыптық тастар, ойықтар) үйлесімінен тұрады.

Ескерткіштерді таңдаудың өлшемдері:

- белгілер мен символдық бейнелердің болуы;
- жарияланған немесе авторлық далалық деректердің бар болуы;
- географиялық репрезентативтілік пен хронологиялық сәйкестік.

Бетінде белгілері мен нышандары бар жартас өнері туындыларын жоғары дәлдікпен құжаттау үшін екі деңгейден тұратын түсіру техникасы жасалды:

1) ескерткіштің бойынан анықталған барлық таңба-белгілерді толық қамту үшін петроглифтер орналасқан аумақты әуеден түсіру;

2) таңбалары мен белгілері бар жартас беттерін фотограмметрия технологиясын қолданып түсіру. Бұндай түсірілімнің нәтижесінде жартас бетіндегі бейнелердің егжей-тегжейлілігі жоғары (ажыратылымдығы 0,8-0,2 мм), фототекстуралы 3D үлгілері алынды.

Түсірілімнің аталған екі түрі де Leica TCR407 сандық тахеометрінің көмегімен орындалған геодезиялық түсірудің арқасында бір координаттар жүйесіне біріктірілді. Барлық түсірілімдер халықаралық UTM координаттар жүйесіне (WGS1984) келтірілді.



Сурет 1 – ШҚО ежелгі тұрғындарының таңба-белгілері (жартас суреттері) бар ескерткіштері

Петроглифтер орналасқан аумақтың аэрофототүсірілімі DJI Phantom 4 Pro V2 UAV ҰҰА көмегімен140-180 м биіктікте жүргізілді, қабаттастыру – түсіру сызықтары бойынша кемінде 80%, ал сызықтар арасында 60% құрады. Аэрофототүсірілім деректерін өңдеу Agisoft Metashape бағдарламалық құралының көмегімен жүзеге асырылды. Аэрофототүсірілім деректерін өңдеу әдістемесінің толық сипаттамасы, петроглифтері бар беттердің 3D үлгілерін құру әдістемесімен біріктірілетін болады, өйткені оларды өңдеудің негізгі кезеңдері өте ұқсас болып келеді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ажыратылымы 4-10 см/пиксель болатын ортофотокарталар алынды.

Белгілері мен таңбалары бар жартас беттері фотограмметрия технологиясын қолдана отырып, Canon EOS 650 сандық камерасы арқылы фотосуреттер арасында кемінде 80% қабаттасудың болуын қамтамасыз ету арқылы суретке түсірілді. Фотосуреттерді сақтау үшін RAW пішімі қолданылды, өйткені ол ешқандай қысусыз максималды сапаға ие. Үш өлшемді беттік үлгілерді байланыстыру үшін лазерлік принтерде алдын ала басып шығарылған 12 биттік дөңгелек маркалар. Түсірілім мәліметтерін өңдеу Agisoft Metashape бағдарламалық құралының көмегімен атқарылды. Нәтижесінде текстурасының ажыратымдылығы да осы шамалас болып келетін, 0,8-ден 0,2 мм-ге дейінгі ажыратылымға ие 3D бетінің модельдері алынды.

Аэрофототүсірілім деректерін өңдеу және беттердің 3D үлгісін Agisoft Metashape бағдарламалық құралында құрастыру әдістемесі келесі қадамдардан тұрады:

1) Фотосуреттер стандартты өлшемдер арқылы тураланды. Нәтижесінде салыстырмалы координаттар және түсіру позицияларының басқа да өлшемдері есептеліп, беттік байланыс нүктелері алынды.

2) 3D көріністі маркерлер арқылы байланыстыру. Аэрофототүсірілім үшін маркерлер қолдан орналастырылды. Аэрофотосуреттердегі маркерлердің дұрыс орналасуы үшін Беттік байланыстыру нүктелерін пайдаланып үлгі құру және Маркерлерді бастапқы іздеу үшін

ортофотожоспар құру процедуралары орындалды. Петроглифтері бар беттерді түсіру үшін 12 биттік маркаларды іздеу автоматты түрде жүргізілді және қажет болған жағдайда қолмен түзетілді. Маркер координаталарын жүктеу мәтіндік файлдан автоматты түрде жүзеге асырылды. Түсіру орындарының координаталары «Камераларды оңтайландыру» құралының көмегімен реттелді.

3) Нүктелік бұлт стандартты параметрлермен құрастырылды. Ажыратымдылықты таңдаған кезде 0,8-ден 0,2 мм-ге дейінгі кеңістіктік ажыратылымға сәйкес келетін «орташа сапа» параметрі пайдаланылды.

4) Үлгі нүктелік бұлт деректерін пайдаланып стандартты өлшемдермен құрастырылды.

5) Петроглифтері бар беттерді суретке түсіру үшін арнайы текстура құрылды, ол кейін ортофотожоспарын жасау үшін ракурс таңдау мақсатында жүргізілді.

6) Аэрофототүсірілім деректері үшін ортофотожоспар құру, тиісті аймақты таңдай отырып, UTM координаттар жүйесінде (WGS1984) жоғарыдан, географиялық проекцияда жүргізілді.

7) Петроглифтері бар беттерді суретке түсір барысында сызбалардың контурлары текстурада нашар ажыратылатын жағдайлар туындар болса, олардың рельефін көрсету үшін үшін ЖЖСҮҚ (жергілікті жердің сандық үлгісін құру) жүргізілді.

Алынған мәліметтердің орналасуы (ортофотожоспарлар, ЖЖСҮҚ суреттері, спутниктік суреттер және т.б.) Quantum GIS (QGIS) бағдарламалық жасақтамасында жүргізілді. Бағдарламада кеңістіктік деректерді өңдеу және визуализациялау үшін әртүрлі модульдер қолданылды: QuickMapServices, OSMinfo, Mask және т. б.

Түсі мен рельефі нашар көрсетілген петроглифтер Dstretch бағдарламалық құралында (Android үшін) өңделді. Dstretch (Decorrelation stretch) – бұл жартас суреттерінің фотосуреттерін өңдеуге мүмкіндік беретін бағдарлама, осылайша тотығып кеткен, оқылмайтын және адамның көзіне

көрінбейтін бөлшектер көрінеді. Бұл бағдарлама ең алдымен бояумен (жоса және т.б.) салынған петроглифтерді анықтауға арналған, бірақ кейде ол тас бетіне қашалған жартас суреттерге де қолданылады.

Ұлан ауданынан анықталған ескерткіштер

Қарымсақ петроглифтері Жартастағы суреттер Бестерек ауылынан батысқа қарай 3,5 шақырым қашықтықтан табылып отыр. Сызбалар үздіксіз бедерлеу техникасы арқылы жасалған және тігінен 1 шақырымға созылып жатқан тау жыныстарына салынған. Бейнелердің тақырыбы алуан түрлі, негізінен тау текелердің бейнелері берілген, сонымен қатар жылқылардың, жыртқыштардың, түйелердің бейнелері де кездеседі. Сюжеттік көріністердің ішінде жабайы аңдарды аулау сахнасы ерекше көзге түседі.

Қарымсақ ескерткішінде белгілер мен белгілер табылған екі бет (тас беті) анықталды. Бірінші бет тік экспозицияда тұр. Екі элемент бедерленген – белгі және адамның бейнесі (сурет 2).

Екінші тастың беті де тік экспозицияда. Оның бетінде бейнелер көп, белгілер саны – 3 белгі (сурет 3).





Сурет 2 – Қарымсақ петроглифтері. Бірінші тастың беті



Сурет 3 – Қарымсақ петроглифтері. Екінші тастың беті

Қызылтас петроглифтері. Қызылтас ауылынан 300 м солтүстік-шығысқа қарай, Ұранқай өзенінің оң жағалауында тік және көлденең жазықтықта 1,5 шақырым қашықтықтан бетінде жартас суреттері бар 50-ге жуық тас табылды. Негізгі бөлігін адамдар мен жануарлар бейнелері құрайды. Көптеген көріністердің ішінде төмен түсірген қолдарында қалыңдау дөңгелек бірдеңелері бар бірнеше адамды бейнелейтін, түсіндірілуі қиын композициялар бар. Адамдардың айналасында жылқы мен ешкі бейнеленген. Бәлкім, бұл көріністерде ғұрыптық киім киген адамдардың культтік әрекеттері бейнеленсе керек, олардың мағынасы қазіргі уақытта түсініксіз.

Бейнелердің екінші тобының орындалу техникасында айырмашылықтар бар екендігін атап өткен жөн. Көп жағдайда бейнелер үздіксіз бедерлеу техникасы арқылы салынған, бірақ бұл топта контурлық түрі басым. Осы контурлық техникада мүйізсіз екі бұқа, адам және мүйіздері тармақталған бұғы бейнеленген. Бұл суреттер ерте темір дәуіріне жатады.

Қызылтас ескерткішінде белгілер мен сиволдары бар бір бет анықталды. Ол көлденең жатыр. Онда бір белгі бар (сурет 4).



Сурет 4 – Қызылтас петроглифтері. Бірінші тастың беті. А – фототекстурасы; Б - YBK DStretch сүзгісін қолданғандағы фототекстурасы

Сағыр 3 петроглифтері. Сағыр ауылынан солтүстікке қарай 500 м жерде, аттас өзеннің жағасында, Сағыр шатқалындағы көлденең жазықтықтан жартас суреттері табылған. Бейнелері бар тастар шағын топтарда 3 шақырымды бойлай орналасқан. Олардың ішінде жануарлар мен адамдардың шынайы бейнелерімен толтырылған бірнеше үлкен «жайма», яғни ірі тақтатастар айрықша көрінеді. Арасындағы ерекше құндысы екі жекпе-жек көрінісі.

Сағыр 3 ескерткішінде белгілер мен символдар салынған үш бет анықталды. Бірінші бет (сурет 5).



Сурет 5 – Сағыр 3 петроглифтері. Бірінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері

Екінші бет те көлденең жатыр. Оның да бетінде тек бір белгі байқалады (Сурет Б.19).



Сурет 6– Сағыр 3 петроглифтері. Екінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері

Үшінші бет тігінен тұр. Бетінде көптеген суреттер бар (сурет 7).



Сурет 7 – Сағыр 3 петроглифтері. Үшінші тастың бедері. А – фототекстурасы; Б – бетінің бедері

Тарбағатай ауданынан анықталған ескерткіштер.

Бұл жерде ерекше тоқтала кететін бір жайт – жүргізіліп отырған ғылыми жоба әзірленіп жатқан уақытта Шимайлы ескерткіші орналасқан жер әкімшілік-территориялық жағынан Тарбағатай ауданының құрамына кіретін. Бірақ қазіргі уақытта Абай облысының құрамына бөлініп берілді. Бірақ бұл ескерткіш Алтай-Тарбағатай мәдени-тарихи белдеуінде жатқандықтан оны алып тастамай, мәнмәтін тұтастығы үшін бұрынғыша қалдыруды жөн көрдік.

Арғанаты петроглифтері теңіз деңгейінен 1011 м биіктікте орналасқан. Тарбағатай өңірінде Құйған ауылынан солтүстік-шығысқа қарай шамамен 5–6 шақырым жерде, қыстау маңында және тау етегінен шамамен 300 м жерде тегіс беткейдегі гранитті жартастың батыс жағында

петроглифтер қашалған (сурет 8–11). Суреттер негізінен аңшылық көріністермен байланысты. Мұнда мүйізі спираль тәріздене ширатылған арқар бейнелері, садақпен аң аулау, иттерді жабайы аңдарға салу көріністері бар. Көрші тастарда да антропоморфтық фигуралар, тау ешкілері мен жылқылардың бейнелері бар.

Сурет 8 – Арғанаты петроглифтері

Сурет 9 – Арғанаты петроглифтері

Сурет 10 – Арғанаты петроглифтері

Сурет 11 – Арғанаты петроглифтері

Ескерткіштің орналасқан жері – Ласты өзенінің бойында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан тау сілемі. Бұл аумақ «Жақсы Арғанаты» және «Жаман Арғанаты» болып бөлінеді. Жергілікті тұрғындар оларды «Басқы Арғанаты», «Ортаңғы Арғанаты», «Аяққы Арғанаты» деп те атайды. М.Қашқари сөздігінде Арғанаты тау жотасының атауы «арғу» және «қанат» сөздерінің бірігуінен шыққан [Dankoff, Kelly, 1982].

Маңырақ петроглифтері теңіз деңгейінен 872 м биіктікте орналасқан. Маңырақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырымдай жерде Шілікті алқабына апаратын жолдың сол жағында орналасқан төбеден жартастағы суреттер, оның ішінде көне түркі белгілері табылды.

Ерте темір дәуірінің нышандары аң стилінде жасалған жануарлар бейнелерімен, сондай-ақ антропоморфтық фигуралармен және салт аттылар бейнелерімен берілген (сурет 12). Бұл бейнелер сол кездегі көркем мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктерін көрсетеді.

Сурет 12– Маңырақ петроглифтері

Археологиялық ескерткіш мерзімделуі бойынша көпқатпарлы. Тастарда эрозия мен тозудың айқын белгілері бар: олардың бетінде жарықтар мен қыналар шөгінділері байқалады. Бұл факторлар петроглифтерді дәл түсіндіруді айтарлықтай қиындатқан табиғи жағдайлардың ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді. Бұл факторлар табиғи жағдайлардың ұзақ мерзімді әсерін көрсетеді, бұл петроглифтерді дәл түсіндіруді едәуір қиындатады

Шимайлы петроглифтері – тоғыздан астам петрголифтер шоғырланған орыннан және Молдажар шатқалындағы қола дәуірі қорымынан тұратын жартас суреттері кешені. Ықшамаудан аумағында шегінде жоғары патинацияланған негізгі тау жыныстары жақпарланып шығып тұрған бірнеше төбешіктер бар. Жалпы мұндай төбенің тоғыздан астам белгілі, ал кейбірінің өз аты бар. Соның бірі – жергілікті халық арасында Сардоңғал деген атпен белгілі ең биік төбе. Бірегей петроглифтердің ең көп саны осында шоғырланған және бұл кешен Шимайлы-I деп белгіленген (сурет 13–15).

Сурет 13 – Шимайлы-1 петроглифтері. Бейнелері бар тақтатас

Сурет 14 – Шимайлы-1 петроглифтері. Арбашы мен жаяу садақшының «шайқасы» көрінісі бейнеленген жартас суреті

Сурет 15 – Шимайлы-1 петроглифтері. Геометриялық өрнектері бар аттар бейнеленген жартас суреті

Шимайлы-I шоқысының биіктігі теңіз деңгейінен 1363 м биіктікте орналасқан. Жартастағы суреттер кей жағдайда тамырлар түзетін түпкі тау жыныстарының беткейлеріне, сондай-ақ жекелеген жартастарға, әсіресе төбе беткейлеріне салынған. Бұл петроглифтерді бірнеше топқа бөлуге болады. Ерте көшпелілер тарихының ең ерте кезеңі құстұмсық, көздері үлкен және аяқтары қысқа бұғылардың бейнелері арқылы көрініс тапқан. Сондай-ақ, мүйіздері әсем безендірілген, тұяғының ұшымен әдемі тұрғандығымен ерекшеленетін, реалистік аң стилінде жасалған фигуралар да бар. Сонымен қатар, петроглифтер арасында көнетүркілік аналогтарынан стилі жағынан айтарлықтай ерекшеленетін салт атты шабандоздардың бейнелері кездеседі. Бұл бейнелер «ғұн-сармат заманына» жатады [Самашев, 2019]. Бұл жылқы аяқтарының желіс үстінде емес, шабыс кезіндегі бейнеленуімен расталады. Бұл төрт аяғын тең тастаған жорғаның жүрісін еске түсіреді.

Катонқарағай ауданынан анықталған ескерткіштер

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданында көне белгілері мен символдары бар екі археологиялық нысанға: Жамбыл және Майемер ауылдарының маңында орналасқан петроглифтерге қосымша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жамбыл ауылы маңындағы петроглифтер теңіз деңгейінен 1030 метр биіктікте орналасқан. Алдыңғы зерттеушілер оларды Шығыс Қазақстан Қарағай ауданы Жамбыл ауылының солтүстік шетінде деп тіркеген. Олар Жамбыл I қорымына жататын екі үлкен қорғанның жанында орналасқан. Скиф-сақ дәуіріне жататын бұл петроглифтер ірі түйіршікті жартастарға қашалған, бірақ тас бетінің кедір-бұдырлығына байланысты олардың сақталуы айтарлықтай нашарлаған (сурет 16). Бейнелер арасында бұғы фигуралары артқа лақтырылған массивті, тармақталған мүйіздерімен және үлдірлі, кей жерлерінде сақиналанған белгілермен безендірілген денелерімен ерекшеленеді.

Сондай-ақ скиф-сібір аң стилінде жасалған тау ешкілерінің бейнелері де кездеседі.

Сурет 16 – Жамбыл ауылы маңындағы петроглифтер

Майемер петроглифтері – Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданында орналасқан бірегей археологиялық кешен. Ескерткіштер Майемер ауылының шығыс және оңтүстік шетінде орналасқан. Жуырда жүргізілген археологиялық экспедиция кезінде осы кешенге кіретін төрт ескерткіштің координаттары нақтыланды: 1) Майемер-Таңбалытас; 2) Майемер-Тарлау; 3) Майемер; 4) Майемер-заимке (сурет 17–20).

Сурет 17 – Майемер-Таңбалытас петроглифтері

Сурет 18 – Майемер-Тарлау петроглифтері

Сурет 19 – Майемер петроглифтері

Сурет 20 – Майемер-Займке петроглифтері

Майемер кешенінің ескерткіштерін зерттеу 1997 жылдан бері жүргізілуде [Самашев, Сапашев, Оралбай, Исин, Толегенов, Сайлаубай, 2010] және бұл археологиялық орын сақ мәдениетін зерттеуде басты рөл атқарады. Кешеннің маңыздылығы ежелгі сақ тайпаларының символдарын, діни нанымдарын және шаруашылық қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін көптеген петроглифтердің және басқа да археологиялық артефактілердің болуымен түсіндіріледі. Майемер ескерткіштерін одан әрі зерттеу Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі мәдени-тарихи бейнесін қалпына келтіру үшін ерекше маңызға ие.

Майемер петроглифтерінің басты ерекшелігі – барлық бейнелер басқа тарихи дәуірлердің қоспаларынсыз тек ерте және дамыған сақ дәуіріне жатады. Әсіресе, Орталық Азияға тән «бұғы тастарының» стилі мен техникасында жасалған құстұмсық тәрізді тұмсығы бар бұғы фигуралары қызықты. Бұл стиль сол кездегі көшпелі халықтардың өнеріне тән.

Әсіресе, Шілікті мен Жалаулыдан табылған алтын әшекейлерде, сондай-ақ Жетісудағы Ешкіөлмес петроглифтерінде кездесетін бейнелерге ұқсас келген, басын артқа қаратқан қыран бейнесі (сурет 21) ерекше назар аудартады. Сонымен қатар, тұяғының ұшымен тұрған, шоқтығы үшбұрыш, көзі дөңгелек және мүйізді әсемделген бұғы фигуралары көркемдік талғампаздығымен ерекшеленеді (сурет 22).

Сурет 21 – Майемер петроглифтері



Сурет 22 – Майемер петроглифтері

Тағы бір ерекше деталь – бұл ескерткішке ерекше құндылық беретін алты тау ешкі протомынан тұратын дөңгелек символ. Петроглифтерге өте жақын жерде материалдары хронологиялық жағынан тастардағы бейнелермен сәйкес келетін Майемер 2 қорымы орналасқан. Бұл екі нысанның да бір мәдени дәстүрге жататынын және бір-бірімен байланысты екенін көрсетеді.

Күршім ауданынан анықталған ескерткіштер

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында орналасқан, ертеректе ашылған Доланалы, Түлкіне және Мойнақ петроглифтері арасынан белгілер мен нышандар анықталып, зерттелді.

Доланалы петроглифтері. Қолданыстағы ғылыми әдебиеттерде аттас Доланалы ескерткіштерінің жартас суреттері жиі шатастырылады. Бірінші Доланалы ескерткіші [Самашев, 1992] Марқакөл ауданы (Қазақстанның шығысындағы, 1928–1930, 1939–1963 және 1964-1997 жылдары Шығыс Қазақстан облысының құрамында болған әкімшілік-аумақтық бірлік, 2023 жылы 30 тамызда қалалық мәслихаттың шешімімен Марқакөл ауданы әкімшілік орталығы Марқакөл ауылы болып қайта құрылды) аумағында орналасқан. Ал төменде аталатын екінші ескерткіш Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының аумағында орналасқан. Бұл қателік, өткен ғасырдың аяғында екі ауданның біріктірілуінен туындады.

Бұл ескерткіштегі бейнелер қойтастарға және қара-сұр негізгі тау жыныстарының жақпарларына қашалған. Екі кезеңнің – қола дәуірі мен ерте темір дәуірінің петроглифтері айқын көрінеді. Ерте темір дәуіріне бұғы мен тау ешкілерінің бейнелері кіреді, олардың кейбіреулері скиф-сібір аң стилінде жасалған.

Доланалы ескерткішінде белгілер мен символдар бедерленген 3 бет анықталды. Бірінші бет көкжиектен 45 градус экспозицияға ие. Бетінде бір белгі бар (сурет 23). Екінші бет тік экспозицияда тұр. Бетінде бір белгі бар (сурет 24), оның текстурасы әрең ажыратылады (сурет 24а), дегенмен жер

бедерінен ерекшеленіп тұр (сурет 24б). Үшінші бет көлденең жатыр. Бетінде екі белгі бар (сурет 25).

Сурет 23 – Доланалы петроглифтері. Бірінші тастың беті



Сурет 24 – Доланалы петроглифтері. Екінші тастың беті. А – фототекстура; Б – бетінің бедері



Сурет 25 – Доланалы петроглифтері. Үшінші тастың беті

Түлкіне петроглифтері. Ескерткіш Күршім ауданы, Бесжылдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 850 метр жерде, Күршім өзенінің сол

жағалауында төбесі тегіс биік төбелерде орналасқан. Бұл төбелердің үстінде жақпар-жақпар болып қатпарлы тау жыныстары көрініп, жалаңаштанып жатыр. Осы ырсиып жатқан қатпар тастардың беттерінде, 1,5–2 шақырым радиуста әртүрлі кезеңдердегі жартас суреттері [Самашев, Чжан, Боковенко, Мургабаев, 2011].

Түлкіне ескерткішінде белгілер мен символдар бедерленген 6 бет анықталып отыр. Бірінші бет көкжиектен 45 градус экспозицияда тұр. Бетінде бір белгі бар (сурет 26). Екінші бет көкжиектен 45 градус экспозицияға ие. Бетінде үш белгі бар (сурет 27). Үшінші бет көлденең жатыр. Бетінде бір белгі бар (сурет 28). Төртінші бет те көлденең жатыр. Бетінде бірнеше белгілер бар (сурет 29). Бетінің бір бөлігіне қазіргі заманғы бүлдіргіштер әдепсіз суреттер салып бүлдірген. Бесінші бет тігінен тұр. Бетінде бір белгі бар (сурет 30). Алтыншы бет те тігінен тұр. Бетінде көптеген бейнелер бар (сурет 31).



Сурет 26 – Түлкіне петроглифтері. Бірінші тастың беті

Сурет 27 – Түлкіне петроглифтері. Екінші тастың беті



Сурет 28 – Түлкіне петроглифтері. Үшінші тастың беті



Сурет 29 – Түлкіне петроглифтері. Төртінші тастың беті

Сурет 30 – Түлкіне петроглифтері. Бесінші тастың беті

Сурет 31 – Түлкіне петроглифтері. Алтыншы тастың беті

Мойнақ петроглифтері. Мойнақ шатқалының петроглифтері Күршім ауданы, Бесжылдық ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 2 шақырым жерде, Күршім мен Ертіс өзендерінің қосылуынан 30 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Петроглифтер негізгінен бес аласа, үсті тегіс төбелерде шоғырланған.

Петроглифтері бар тастардың жалпы саны 400-ге жуық, бірақ олардың шартты түрде белгіленген топтар арасында таралуы біркелкі емес, бұған табиғи факторлар әсер еткен. Бейнелердің ең көп шоғырлануы – екінші және үшінші топтарға тиесілі. Петроглифтер негізінен тік және көлбеу беттерде қашалған, көлденең беттерде кездесетіндері сирек. Бейнелері бар беттер негізінен оңтүстікке бағытталған, шығыс пен оңтүстік-батысқа қарағаны сирек, солтүстікке қарағаны тіптен аз.

Мойнақ ескерткішінде белгілер мен белгілер бедерленге 5 бет анықталды. Бірінші бет көлденеңінен тұр. Бетінде бір белгі ғана бар (сурет 32). Екінші бет те көлденеңінен жатыр, оның да бетінде бір белгі бар (сурет 33). Үшінші бет тігінен тұр. Онда да бір белгі бар (сурет 34). Төртінші бет көлденең жатыр, бір белгісі бар (сурет 35). Бесінші бет тігінен тұр, көптеген кескіндері бар (сурет 36).

Сурет 32 – Мойнақ петроглифтері. Бірінші тастың беті



Сурет 33 – Мойнақ петроглифтері. Екінші тастың беті



Сурет 34 – Мойнақ петроглифтері. Үшінші тастың беті



Сурет 35 – Мойнақ петроглифтері. Төртінші тастың беті

Сурет 36 – Мойнақ петроглифтері. Бесінші тастың беті

Далалық зерттеулер барысында анықталған таңба-белгілердің *пішіндері, техникасы және орналасуы төмендегідей:*

Өлшемдер	**Сипаттама**
Белгілердің пішіндері	шеңберлер, айқыштар, иректер, антропоморфтар, жануарлар, ойықтар, таңба тәрізді бейнелер
Негізгі сарындар/мотивтер	күнге табыну белгілері, жәукемдеу көріністері, тотемдер, шамандық бейнелер
Техникасы	қашау, сызу, ішінара – гравировка немесе бояу
Материалдары	тас (тақтатас, гранит)
Орналасуы	Жартастарда, үңгірлерде және қорғандардың, киелі орындардың, құрбандық аймақтарының шеңберінде
Қызметтік/функционалдық аймақтары	Ғұрыптық, мемориалдық, ру-тайпалық, сакралды
Хронологиялық ауқымы	Б.д.д. I мыңжылдықтың басы (ілеспе материалдар мен ұқсастықтар негізінде)

Осы анықталған ерте темір дәуірі петроглифтеріндегі бейнелер мен сюжеттерге келер болсақ, б.д.д. I мыңжылдықтың басында Еуразияның далалық бөлігін мекен еткен халықтардың көпшілігі жаңа шаруашылық-мәдени типке, яғни көшпелі мал шаруашылығына ауысуы барысында, сондай-ақ әртүрлі ерте мемлекеттік құрылымдардың және соларға сәйкес қоғамдық-саяси, әскери институттардың және басқа да бірлестіктердің пайда болуы кезінде дүниетанымдық бағытар мен идеологиялық ұстанымдар да ауысты, оларды барлық жаңашылдыққа қарай бейімдеп қана қоймай, ежелгі көшпелілердің көпсатылы қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтарының қажеттіліктерін өтейтіндей етіп икемдеді. Әлбетте бұл құбылыс бейнелеу ескерткіштерінен көрініс тапты. Ерте темір дәуірінің жартас суреттерінің бір ерекшелігі сонда, ежелгі адамдардың қажеттіліктері мен талаптарына толығымен сәйкес келетін жерлердің барлығы қола дәуірінде-ақ «игеріліп» қойған болатын. Ал біз қарастырып отырған кезеңнің суретшілері өз туындыларын шағын-шағын жерлерге ғана, кей кездері ежелгі суреттердің үстін бастырып та салуға мәжбүр болғандығы байқалады.

Ерте темір дәуірінде қоғамның жауынгерлік динамизмінің позитивті парадигмаларына барабар жаңа жартас суреті мотивтері қалыптасты. Мысалы, қола дәуірінде кең таралған жабайы бұқа-турдың, арба сүйреген бұқалардың, кейбір күн мотивтерінің және т.б. бейнелері кейінге шегінеді, өйткені бұған ежелгі дәуірдің өнері мен идеологиясына арқау болған жүйе мен мифопоэтикалық түсініктер өзгеріске ұшырайды. Эротикалық сипаттағы сүйікті сюжеттер жоғалады; олардың орнын азаптау, шайқас және т.б. көріністер иемденеді, бір зерттеуші атап өткендей, «либидоның» «мортидоға» ауыстырылады [Горяев, 1998: с. 148]. Көп фигуралы композициялар саны күрт азайды, ұрыс сипатындағы аз байланысты сюжеттер басым бола бастайды, сонымен қатар біртұтас, бірақ динамизмі мен экспрессиясы, сондай-ақ жануарлар фигурасын орындау шеберлігі (олардың ішінде) - бүркіттің, жолбарыстың және синкретикалық жануарлардың бейнесі - тигрогрифон және т.б.) артады, олар бірте-бірте жаңа дәуір бейнелеу өнерінің кейбір зооморфтық кодтарына айналады.

Пантеондағы негізгі орынды Еуразиядағы скиф-сақ тайпаларының сәндік-қолданбалы өнерінде тұяқтыларды азаптау және мифтік полиморфты тіршілік иелерімен күресу арқылы өздерінің ерекше қасиеттерін көрсететін жүйрік, епті, күшті және айбатты жануарлар ала бастайды. Алайда жартас өнеріндегі бұл сюжеттер қатты әрі біртегіс емес жартас бетінде мұндай идеяларды техникалық жүзеге асырудың қиындығына байланысты жиі кездесе бермейді.

Петроглифтердегі қасқыр бейнесінің иконографиялық сипаттамасы – аузы ақсиған, танауы делдиген, азу тістері ақсиған, ұзын сүйір құлақты жыртқыш аң болып келеді. Ол үнемі жемтігін, негізінен тұяқтыларды аңдиды. Антропоморфтық образдар да күшті трансформацияға ұшырайды, бұрынғы, барлық ғұрыптық мистерияларға қатысатын мифтік кейіпкердің (бақсының, абыздың, жасанып алған кейіпкердің, эротикалық кейіпкерлердің және т.б.) орнына батыр бабаның, жауынгердің келбеті қалыптасады. Сақ дәуіріндегі антропоморфтық тұлғалардың бейнелері арасында айқын

фалофорлар жоқ және жалпы эротикалық тақырыптар бұл дәуір өнеріне тән емес.

Қазақстанның жартас өнерінде ара-тұра болса да, скиф-сақ дәуіріне тән қорғаныс сауыттары мен әскери құрал-жабдықтарын тағынған, жақыннан және алыстан ұрыс салу әртүрлі қаруларының әр түрімен қаруланған еркек жауынгердің бейнесі кездеседі. Ежелгі жазба дәстүрде сақталған соғыс пен қару құдайы (Ареске ұқсас) культі ол кезде бүкіл Еуразияда болған және кескіндеме ескерткіштерінде көрініс тапқан болуы мүмкін, бірақ петроглифтердің арасынан ажыратып алу әзірше мүмкін болмай отыр. Сонымен бірге көшпелі халықтардың ауызша ақындық шығармашылығының сан алуан бағыттары дамып, батырлық эпос дүниеге келді деп саналады [Грязнов, 1961: с. 7-31].

Ерте темір дәуіріндегі жылқы бейнесі бұрынғы үнді-ирандық пантеонындағы құрбандық жануарының рөлін жоғалтпастан, күннің символына, сол дәуірдегі қаһарман жауынгердің серігіне айналады. Жылқы (түйе, бұғы) бейнелеріне тән ерекшелік – олардың өлшемдерін шамадан тыс үлкен етіп бейнелеу болып табылады, кейде үш немесе одан да көп метрге жетеді.

Салт аттының бейнесі мәдени-идеологиялық құндылықтар жүйесінен біртіндеп өз орнын ала бастайды, бірақ осы дәуір бойына жартас өнеріндегі бұл монолитті бейне қандай да бір себептермен басқа (әсіресе зооморфтық) мотивтерді ығыстырмайды және басымдыққа ие болмайды. Бұл жалпы скиф-сақ бейнелеу өнерінің шифрлау дәрежесінің жоғарылауымен және басқа да көптеген белгілерді білдіретін бейнелердің символизмімен түсіндірілсе керек, яғни жартас өнеріндегі сал атты культі басқа формада, жасырын түрде берілген болуы да мүмкін.

Сол кездегі адамдардың маңайындағы барлық жануарлардың ішінен, скиф-сақ мәдени ортасында бұғы бейнесі алдыңғы орынға шығады, шамасы, олардың тазалық пен тектілік қасиеттеріне жоғары мән берілген болса керек. Бұл бейне көшпелі қауымдардың әр түрлі даму кезеңдерінде әртүрлі кейіпте

көрініс тапқанымен, өзінің негізгі мазмұндық элементтерін сақтаған болып келеді. Әсіресе, бұғы мүйіздеріне ерекше символдық мән берілді; олар діни қызметкерлердің (бақсылардың, абыздардың және т.б.) бас киімдерін, билеушілердің салтанатты және жерлеу аттарының бетперделерін, киелі нысандарды безендіріп тұрды. Зерттеушілер оның тотемдік мәніне көптен көңіл бөлген, «saka» этнонимі көне иран тілінің диалектісінде бұғы дегенді білдіреді. Пазырық ескерткіштерінің өнер туындыларынан мысық, жыртқыш құс, жылқы, грифон, тау ешкі және т.б. бейнелердің мазмұндық элементтерін біріктіру арқылы идеалды фантастикалық жаратылыс жасау талпынысы болғаны барынша айқын көрінеді. Мұндағы үстемдік әрине, марал бейнесіне берілген. Мұндай қиял-ғажайып жаратылыс иесінің жартастағы бейнесін әзірше тек бір жерден, Тепсейден ғана білеміз [Советова, 2005: с. 61].

Енисейдегі жартастағы бұғы фигуралары бар бір көрініс ті талдай отырып Н.А. Боковенко, бұл шығармада скиф суретшісі бұл жануарды құрбандыққа шалудың әр түрлі кезеңдерін, қасиетті жануарға ғұрыптық тұзақ құрудан, ұстаудан, құрбандыққа дайындықтан бастап және осы актіні жүзеге асыру сәтіне дейін бейнелей алған деген пікір білдірген [Боковенко, 2000: с. 11-19]. Жартастардағы және көркем металдан жасалған бұйымдардағы «жатқан», «ұшатын» немесе тұяқтарының ұшымен тұрған көптеген бұғы бейнелерін («пуанта» киіп тұрған) бірқатар зерттеушілер құрбандық шалуға дайындалған деп түсіндіреді, бірақ бұлардың барлығы визуалды аллегориялардан, бейненің мәнерлілігін арттыратын тәсілдерден басқа ештеңе емес деген де пікір бар [Паульс, 2000: с. 176-177]. «Тұяғының ұшымен тұрған» бұғылардың (сонымен қатар жылқылар, тау ешкілері және т.б.) көптеген бейнелері, соның ішінде Бұқтырмадан табылған қола айнада келтірілген классикалық үлгілері үнді-ирандық пантеон құдайларының үлесіндегі құрандықты бейнелейді делінгенімен, шын мәнінде, олардың сырыққа ілінген терілерін бейнелеуі де мүмкін. Д.А.Мачинский мен Л.С. Марсадолов осы бұйымға қатысты ерекше пікір білдіргендігі белігілі [Самашев, 2010: с. 252].

3 Таңбаларды тарихи-мәдени сабақтастық парадигмасы тұрғысынан талдау

3.1 Алтайдағы түркі таңбалары: мәселенің зерттелуі

Алтай тау жүйелерін бойлай мекен еткен ортағасырлық халықтардың таңба-белгілерін зерттеу XIX ғ. Г.И. Спасский, М.А. Кастрен, Н.А. Костров, Е.Ф. Корчаков, И.П. Кузнецов, Д.А. Клеменц, Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцевтердің ғылыми экспедицияларынан, А.В. Адрианов, Н.Ф. Катанов, И.Т. Савенков, С.А. Токарев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінен бастау алады [Тюлюш, 2016]. XX ғасырда кеңестік археолог-этнографтардың ебектерімен толыға түскен бұл тақырып қазақстандық зерттеушілер үшін жабық мәселелердің бірі болғандығы айтылып жүр [Рогожинский, 2016]. Соңғы жиырма-отыз жылда таңбаларды зерттеуге ден қоюшылардың саны біртіндеп артып, бүгінде осы сала бойынша деректер мен зерттеу еңбектері едәуір қордаланып қалды. Оның үстіне әрбір жаңа маусымда ел аумағынан бұрын белгісіз болып келген ескерткіштер ашылуда. Бұл жағдай зерттеушіден қолда бар, ғылыми айналымға енгізілген материалдарды жүйелеп, аралық түйін жасап отыруды талап етеді.

Алтайдың ертеортағасырлық таңбалары стелаларда, жерлеу орындарынан табылған заттарда, петроглифтер орналасқан жерлерде (соның ішінде суретте бейнеленген жылқының сауырында) кездеседі [Кубарев, 2005]. А.Е. Рогожинский мен Д.В. Черемисин бұл тізімді толықтыра келіп, «тасымалды бұйымдардағы» және «жылжымайтын ескерткіштердегі» деп екі санатқа бөледі [Рогожинский, Черемисин, 2019].

Әзірше Алтайдағы түркі таңбаларының шығу тегін жеке-дара қарастырған зерттеу еңбегін кездестірмедік. Зерттеу еңбектерінде ғылыми айналымдағы түркі таңбаларының дені Алтай өңірінен жан-жаққа таралғаны туралы ғана пікірлер бар. Бүгінде зерттеушілердің көпшілігі түркі таңбаларының шығу тегін емес, тек «таңба» сөзінің ғана шығу тегін қарастыру үстінде [Тишин, 2015] десек қателеспейміз. Осы орайда

түркітанушы А.К. Қайыржановтың сын-ескертпелері назар аударуға тұрарлық [Каиржанов, 2014].

Алтайдағы түркі таңбаларының түрлерін зерттеу мәселесі де әркелкі атқарылуда. Бір зерттеушілер жеке бір ескерткіштегі таңбаларды өз ішінде түрге бөліп қарастырса [Кубарев, 2018], екіншілері Алтай түркілеріне тән деп саналатын таңбалардың барлығын алдымен жинақтап алып барып түрлі топтарға бөлумен шұғылдануда. Бұл әлі де болса бірыңғай әдістеменің қалыптаспағандығының көрінісі. Ал жекелей алғанда Қазақстан археологиясы мен тарихына қатысты айтар болсақ, бұл үрдіс таңбаларды зерттеу мәселесінде нақты бір ғылыми мақсаттың, айқын бағыт-бағдардың жоқтығын көрсетеді. Мәселе тек зерттеушінің ғылыми қызығушылығы, таңдап алған тақырыбы төңірегінде ғана қарастырылатындықтан нәтижесі де соған сай әркелкі болып келеді.

Алтай түркілеріне тән таңбалардың таралу аймағына қатысты айтар болсақ, ғалымдардың пікірлері өзара сәйкесіп жатпаса да, айтарлықтай алшақтық жоқ. Алтайдағы түркі таңбаларының түсіндірілуіне тоқталар болсақ, И.Л. Кызласов ертеортағасырлық таңбаларды ақсүйек отбасылардың геральдикалық белгілері ретінде қарастырса [Кызласов, 2003], зерттеушілердің басым көпшілігі бұл пікірмен келіспей, оларды рулық-тайпалық белгілер деп таниды. И.В. Кормушин негізгі таңбаларға қосақтала салынған айырым (диакретті) элементтері рудың өз ішіндегі бөліністерін көрсетеді деп санайды [Кормушин, 1997]. Бірақ оның бұл ойының дұрыстығына Г.В. Кубарев күмән келтіреді [Кубарев, 2018: с. 38]. Біздіңше И.В. Кормушиннің бұл пікірін жекелеген «энциклопедиялық» ескерткіштердегі таңбаларға сәйкес келмейді деп түбегейлі жоққа шығара салуға болмайды. Керісінше оны дамытып, не себепті және қандай әлеуметтік ортада осылай жасалғанын анықтай түсу қажет.

Алтайдағы түркі таңбаларының семантикасы да жеке-дара қарастырылмаған тақырыптардың бірі. Жалпы, таңба тақырыбын зерттеушілердің көпшілігі олардың семантикасы туралы жақ ашпай кететін

жағдайлар жиі кездеседі. Оның басты себебі әлі күнге ортақ әдістеменің қалыптаспауы болса керек. Сондай-ақ, бұның себептері таңбаларды жүйелі түрде зерттеу мәселесі енді ғана қарқын алып жатқандығында, зерттеушілердің тәжірибесінің аздығында, деректік негіздің әркелкілігінде, әсіресе Қазақстан аумағындағы ескерткіштердің біркелкі зерттелмеуінде деп түсінген жөн.

Тағы бір назар аударатын жайт – Шыңжаң Алтайындағы ортағасырлық таңбалар туралы деректердің қол жетімділігі мәселесі. Ғылыми айналымда жүрген мәліметтерді зерттеушілер негізінен Қытайдың қолжетімді жазба деректерінен алғандығы байқалады [Тишин, 2018]. Ал археологиялық ескерткіштерінен табылған таңбалар туралы деректі ғылыми еңбек дегеннен гөрі, ғылыми-танымдық ақпарат деуге келеді [Жұмабайұлы, 2008]. Бұл мәселенің шешімін алдағы уақытта халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастырып, соған қытайлық әріптестерді тарту арқылы шешуге болады деп санаймыз.

Осы тақырыптағы ғылыми еңбектерді талдау барысында ғалымдар көбіне Алтай түркілерінің таңбаларын Байкалдан Каспийге дейінгі аралықтағы таңбалар жүйесімен бірлікте қарастырып, басты назарды өзара ұқсастықтар мен айырмашылықтарға аударып, негізінен зерттеліп отырған уақыт пен аумақ үшін ортақ белгілерді анықтаумен шұғылданса, алыс-жақын шетелдік ғалымдар нақты бір ескерткіштегі таңбаларды түбегейлі зерттеп, олардың негізгі түрлерін, хронологиясын, этносаяси түсіндірілімін жасауға көбірек көңіл бөлетіні байқалды. Қорытындылай келгенде айтарымыз, заманауи археологиялық зерттеулерде Қазақ Алтайы, Саян-Алтай (немесе Алтай-Саян), Монғол Алтайы, Шыңжаң Алтайы деп шартты түрде төрт ауданға бөлініп қарастырылып жүрген ортағасырлық таңбалар жүйесін «Алтайдағы түркі таңбалары» деген ортақ атауға біріктіріп, осы бағыттағы зерттеулерді бір ізге түсіріп, ортақ ғылыми мақсат қойып, ортақ әдістемелер жасайтын уақыт келді деп санаймыз.

3.2 Түркі таңбалары мен тотемдік жануарлар бейнелері: семиотика тұрғысынан

Орта Азияның өзенаралық кеңістігі мен Қазақ даласында қола дәуірінен бастап XX ғасырдың басына дейін нышан, белгі немесе таңба деп аталатын тұлғалық белгілерді қолдану дәстүрі қалыптасып, дамыды. Бұл таңбалар алғашында руға немесе қауымға тиесілілікті білдіру мақсатында пайдаланылған. Антикалық және ерте ортағасыр кезеңінде жазудың таралуымен бірге мұндай белгілердің маңызы сақталып қана қоймай, саяси, шаруашылық, діни және тұрмыстық өмірдің түрлі салаларында кеңінен қолданылды. Аймақтың әр түкпірінен табылған таңбақолдану ескерткіштері бұл ерекше коммуникациялық жүйенің гүлденген кезеңін айғақтайды. Ол түрлі мәдениеттер мен халықтар арасында біріктірудің символына айналған [Яценко, Рогожинский 2019: 10–11].

Түркі таңбалары – жай ғана рулық немесе жеке меншік белгілерінен әлдеқайда терең мәнге ие күрделі символдық жүйе. Олар тек тектік немесе қауымдық тиесілілікті білдіріп қана қоймай, мифологиялық, діни және әлеуметтік мазмұнды қамтиды, сондай-ақ магиялық және қорғаушы қызмет атқарады.

Бұл жүйеде ежелгі түркілердің тотемдік жануарларының бейнелері маңызды орын алады. Мысалы, бөрі, бүркіт, бұғы және түйе бейнелері түркі мәдениетінде әрі денотативтік (нақты нысанды бейнелеу), әрі коннотативтік (биліктің, күштің немесе қамқорлықтың нышаны) мәнге ие. Мәселен, бөрі түркі мифологиясында күш пен ерліктің, сондай-ақ бөріден тарау туралы аңыздың символы болып табылады. Бүркіт – рухани өрлеу мен даналықтың, әрі рухтар әлемімен байланыстың белгісі.

Осындай бейнелер мен рәміздер таңбалық жүйеде ғана емес, сонымен қатар көркем өнерде, атап айтқанда, XIII ғасырдағы Селжүк мемлекетінің нышанында да өз көрінісін тапқан.

Қазіргі семиотикада түркі таңбалары көрнекі символдарды, мифологиялық мәндерді және әлеуметтік қызметтерді біріктіретін мәдени

кодтар ретінде қарастырылады. Олар тек идентификациялық емес, сонымен қатар перформативтік қызмет атқарады, яғни өздерінің символдық қуаты арқылы айналадағы әлемге ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, таңбалар жүйесі – түркі мәдениетінің діни, әлеуметтік және магиялық қырларын тоғыстырған күрделі құрылым болып табылады.

Отандық таңбатану ғылымында «белгі», «символ» және «таңба» ұғымдарына қатысты біртұтас анықтама қалыптаспаған. Қазіргі ғылыми дискурста бұл терминдер көпмағыналы және пәнаралық сипатқа ие, яғни олар әртүрлі нысандар мен құбылыстарды білдіреді және олардың мәні көбіне сыртқы пішінінен тікелей туындамайтын шартты мағынамен анықталады. Дегенмен, таңбатану контексінде белгі, символ немесе таңба арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, олардың барлығы ерекше ақпаратты қамтитын нақты бейнелер ретінде қарастырылады. Мұндай бейнелердің негізгі қызметі – ақпаратты жасау, ерекшелеу және жеткізу, бұл олардың шартты табиғатын айқындайды. Семиотика аясында белгіге, символға және таңбаға нақты анықтама беру үшін алдымен осы мәселенің теориялық-ұғымдық негіздерін қысқаша қарастыру қажет.

Ю.М. Лотманның пайымдауынша, белгілер – ұжымдық жадта сақталған мәтіндер мен сюжеттердің ықшамдалған мнемоникалық бағдарламалары болып табылады. Ал символдар болса, өз бойында ауқымды әрі мазмұнды мәтіндерді жинақталған түрде сақтай алу қабілетіне ие [Лотман, 2002: 213]. Осы тұрғыдан алғанда, таңбаның “қамту өрісі” шектеулі, себебі ол көбіне рудың, тайпаның немесе әулеттің меншігін білдіретін ежелгі нышан ретінде қызмет атқарған.

Семиотика ғылымы салыстырмалы түрде жас сала болғанымен (оған жүз жылдан сәл аса уақыт өтті), оның философиялық тамыры тереңде жатыр, өйткені белгі мен символдың табиғаты мен мәні жайлы ой-толғаныстар адамзат тарихында мыңдаған жылдар бойы жүргізіліп келген. Алғаш рет белгі ұғымына ғылыми тұрғыда талдау жасағандар – стоиктер деп есептеледі.

Стоикалық философия бойынша, белгі екіжақты табиғатқа ие: оның материалдық жағы – білдіретін, ал идеалдық жағы – білдірілетін [Античные теории языка..., 1936: 26].

Белгінің материалдық қыры физикалық тұрғыдан қабылданады, ал оның мазмұны нақты объектінің өзі емес, сол объектіні бейнелейтін ұғымдық түсінік болып табылады. Мысалы, Е.А. Ахохова «Балалар» деген жол белгісін мысалға келтіріп, бұл белгінің нақты балаларды емес, олардың пайда болуы мүмкін деген идеяны білдіретінін айтады [Ахохова 2007: 10].

Стоиктер белгінің мазмұны материалдық емес екенін ерекше атап көрсеткен, оны «түсінілетін» (ақылмен ұғынылатын) құбылыс ретінде сипаттап, материалдық «қабылданатын» нысандардан ажыратып көрсеткен.

Белгінің ежелгі формуласында – «бір нәрсе басқа бір нәрсенің орнына жүреді» (aliquid stat pro aliquo) – оның мәні ықшам түрде берілген. Бұл түсінік кейін семиотика ғылымының негізін қалаушылардың бірі Чарльз Сандерс Пирс тарапынан нақтырақ тұжырымдалған [Пирс, 2000: 176–181]. Ол белгіні санаға сыртқы болмыстың белгілі бір элементі туралы ақпарат жеткізуші құрал ретінде анықтайды.

Пирс бойынша: нысан – белгінің нені білдіретіні; мағына (signification) – белгінің не туралы хабар беретіндігі; интерпретанта – белгінің санада туғызатын ойы немесе түсінігі.

Кейін Чарльз Моррис бұл құрылымға төртінші элемент – интерпретаторды қосты. Оның пікірінше, белгі шынайы мәнінде белгі болу үшін міндетті түрде біреудің тарапынан түсіндіріліп, ұғынылуы қажет [Моррис, 1983: 39].

Осылайша, белгі екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады:

- сыртқы – материалдық қабық,

- ішкі – мазмұндық мән.

Бұл тұтастық стоиктердің формуласында айқын көрініс тапқан және оны кейін Аврелий Августин «Signum = signans + signatum» түрінде дамытқан [Иванова, Степанцов, 2009].

Аталған қағида Фердинанд де Соссюрдің классикалық әрі бүгінге дейін кеңінен қолданылып келе жатқан белгі анықтамасының негізін қалады [Соссюр, 1998: 63].

Қазіргі кезеңде Л.Л. Федорова белгіні қолдану жағдайын қарапайым үлгіде сипаттап, онда субъект X белгіні (Y) объектіні (Z) білдіру үшін қолданады деген схема ұсынған [Федорова, 2020: 19].

Символ ұғымына келсек, оны Ю.М. Лотман ішкі, өзіне-өзі жеткілікті мәнге ие және айқын шекарасы бар мәтін ретінде анықтайды. Мұндай шекара символды оны қоршаған семиотикалық кеңістіктен ажыратуға мүмкіндік береді. Лотман бұл белгіні символ болудың басты шарты деп есептеп, оған ерекше назар аударады. Оның пайымдауынша, символдар мәтіндерді, сюжеттік құрылымдарды және өзге де семиотикалық бірліктерді бір мәдени аймақтан екіншісіне тасымалдай алады, сонымен қатар мәдени контекспен өзара әрекеттесіп, оның ықпалына ұшырай отырып, өз кезегінде оған әсер етеді [Лотман, 2002: 213].

Символ белгілі бір мәдени қабатпен шектелмейді, ол мәдениетті вертикаль бағытта бойлай өтіп, өткен мен болашақты байланыстыратын құрылымдық дәнекер қызметін атқарады. Символ туралы мәдени жад әрдайым оның мәтіндік емес ортасындағы жадтан әлдеқайда көне болып саналады.

Ал таңба өз кезегінде идентификация және әлеуметтік саралау қызметін атқаратын ерекше белгі түрі болып табылады. Тарихи семиотика тұрғысынан таңбалар руға, тайпаға немесе қауымға тиесілілікті білдіретін визуалды маркерлер ретінде қолданылады. Сонымен қатар олар қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымы, маңызды тарихи оқиғалар мен мәдени дәстүрлер туралы ақпарат тасымалдаушы қызметін де орындайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, келесі қорытындыларды жасауға болады. Белгі, таңба және символ – белгілі бір бейне арқылы тарихи ақпаратты «кодтайтын», яғни маңызды тарихи оқиғалар, үдерістер мен бірегейліктер туралы деректі визуалды түрде жеткізетін және сақтайтын

элементтер болып табылады. Бұл бейнелер тарихты түсіндіру мен қабылдауда маңызды рөл атқарады, себебі олар күрделі тарихи құбылыстарды көрнекі және ұғынықты символдық бейнеге айналдырады.

Белгілер тарихи ақпаратты визуалды бейнелер арқылы кодтайды. Олар маңызды оқиғалар мен деректерді бейнелейтін нысандар түрінде көрініс табады. Мысалы, монеталар мен медальдардағы бейнелер – тарихи тұлғалар мен елеулі оқиғаларды көрнекі түрде жеткізетін белгілер.

Таңбалар – белгілі бір топқа, руға немесе қауымға тиесілілікті білдіретін символдар. Олар көбінесе мемлекеттің негізі қаланған сәттермен немесе саяси маңызы бар оқиғалармен байланыстырылады. Сонымен қатар, таңбалар өз дәуіріндегі рулық-тайпалық құрылым мен әлеуметтік-саяси жүйе туралы ақпарат береді.

Символдар абстрактілі идеяларды немесе маңызды тарихи кезеңдерді жалпылама бейне түрінде кодтайды. Мысалы, ту, елтаңба, эмблема сияқты нышандар тұтас халықтың немесе дәуірдің белгісіне айналып, ұлттық бірегейлік пен тарихи жадының көрінісін береді. Осылайша, визуалды белгілер арқылы тарихи ақпарат бейнелер түрінде «кодталып» беріледі, ал бұл бейнелер тарих контексінде түсіндіруге және ұғынуға болатын мағыналық дереккөзге айналады.

Таңбатану саласында терминологиялық біріздендіруді қамтамасыз ету және олардың тарихи-мәдени контексте атқаратын рөлін тереңірек зерттеу болашақтағы маңызды ғылыми міндет болып табылады.

Қазақстан мен оған шектес аймақтарда тіркелген таңбаға ұқсас белгілер екі түрлі ескерткіш типінде кездеседі: жылжымалы заттарда (қолданбалы бұйымдар, қару-жарақ, керамика, әшекейлер және т.б.), жылжымайтын археологиялық және сәулеттік нысандарда (мемориалдық және культтік құрылыстар – стелалар, балбалдар, құлпытастар, ғибадатханалар, сондай-ақ жартастарда). Белгілердің басым бөлігі дәл осы жылжымайтын ескерткіштерде анықталған. Әсіресе, петроглифтік кешендер мен киелі орындарда, сондай-ақ тұрақты қоныстар маңында немесе «Таңбалытас» деп

аталатын таңбалар жинақталған аймақтарда жиі ұшырасады [Рогожинский, 2019: 101].

Осы деректердің негізінде мынадай заңды сұрақ туындайды: зерттеуші семиотикалық тұрғыдан қарағанда, мұның қайсысын белгі, қайсысын символ, ал қайсысын таңба деп анықтай/ажырата алады?

Қазіргі семиотика белгінің бірнеше негізгі қасиеттерін айқындайды. Белгі – бұл мағынасы бар, сыртқы объект туралы ақпаратты жеткізетін, мәліметті сақтау мен таратуға арналған, сондай-ақ адресат болған жағдайда өзге белгілер жүйесінде қызмет атқаратын элемент. Белгінің мәні белгілі бір контексте тұрақты, ал оның шекарасы айқын, бұл өзге белгілерден ажыратуға мүмкіндік береді. Белгінің пішіні өзгеруі мүмкін, бірақ ол денотатпен байланысы шартты болғанымен, танымдық тұрғыдан танылатын сипатқа ие болып қала береді. Белгінің физикалық сипаты оның қабылдау арнасын анықтайды [Ахохова, 2007: 10].

Бастапқы тіркеу кезеңінде осы анықтамаға сәйкес келетін барлық белгілер «белгі» ретінде құжатталады. Ал олардың тарихи контексті анықталған соң, оларды «символ» немесе «таңба» категориясына жатқызуға болады.

Айта кету керек, символдық белгілерді екі топқа бөлуге болады:

Мәңгілік – ұзақ тарихи кезеңдер бойы мағыналық тұрақтылығын сақтаған белгілер;

Уақытша – тарихи немесе саяси контекстпен шектелген, өз мәнін белгілі бір дәуірмен бірге жоғалтатын белгілер.

Мысалы, Еуразия халықтарының таңбалық мәдениетінде қола дәуірінен этнографиялық кезеңге дейін үздіксіз кездесетін ирек сызықтар (зигзагтар) – олардың дүниетанымдық жүйесін бейнелейтін «мәңгілік» символдар болып саналады [Самашев З., Самашев С., Жунисханов, Сиражева, 2024: 16–20]. Ал түргештердің монеталарында бейнеленген түргеш таңбасы  уақытша символ, өйткені ол Түргеш қағанаты ыдыраганнан кейін өз символдық маңызын жоғалтқан.

Түйіскен қос үшбұрыш түріндегі белгі Оралбай  және Ешкіөлмес  ескерткіштерінен, сондай-ақ Ресей Алтайы  [Рогожинский, Черемисин, 2019: 363] мен Болгария аумағынан  [Западный Тюркский каганат, 2013: 407] белгілі. Бұл таңбаның ежелгі ұқсастарының бірі Гордион мөрлерінен табылған (сурет 37) [Dusinberre, 2005: 82].

Аталған белгі – бір-бірімен түйіскен екі үшбұрыштан құралған геометриялық пішін, оның символдық мәні әзірге толық айқындалмаған.



Сурет 37 – Мөр таңбасы. Гордион, Түркия

Қазақстан аумағында бұл белгі әзірге «белгі» ретінде ғана қарастырылады, себебі ол ортағасырлық этностардың таңбаларының ішінде, соның ішінде қазақ руларының таңбалары мен өңірдің ортағасырлық мемлекеттерінің рәміздері арасында кездеспейді. Мұндай ұқсастықтардың болмауы түйіскен қос үшбұрышты белгінің Қазақстанның мәдени-тарихи контексінде жергілікті мәнге ие болмағанын аңғартады. Сонымен бірге бұл белгі қарашай-балқар халқының ако, айсандыр және батырбий тайпаларының таңбасы ретінде белгілі [Gömeç, 2024: 691]. Оның Білге қаған ескерткішіндегі қорымнан, сондай-ақ Гордионның римдік қабатындағы мөрлер арасынан табылуы бұл нышанның Еуразияның әртүрлі өңірлерінде кең тараған символдық мәнге ие болғанын көрсетеді.

Мұндай ұқсастықтар тайпалық көші-қондармен немесе мәдени байланыстармен байланысты болуы ықтимал және бұл құбылысты келешекте тереңдетіп зерттеу қажет.

Қарашай-балқар тайпаларындағы бұл белгінің символдық мәні оның рулық таңба ретінде қолданылуымен дәлелденеді. Бұл өз кезегінде тұрақты мәдени дәстүрдің сақталғанын көрсетеді. Ал Қазақстанда, керісінше, бұл таңбаның жекелеген археологиялық ескерткіштерден табылуына қарамастан, жергілікті таңбалық жүйеге енбеуі оның қолданылу дәстүрінің болмағанын аңғартады. Сол сияқты жағдай «қағандық таңбаға» да қатысты. Этникалық атаулармен нақты байланысы дәлелденген барлық белгілер – таңба ретінде танылады. Семиотикалық тұрғыдан алғанда, бұл — белгіні таңба ретінде танудың негізгі өлшемі.

Семиотикада символ көбіне шифрланған мәтін ретінде қарастырылады және мұндай мәтін әрдайым өз контекстіне тәуелді. Символ мен оның интерпретаторының арасында контекст міндетті түрде болады, себебі символ өз мағынасын тек нақты мәдени, тарихи, әлеуметтік және тілдік ортада ғана иеленеді.

Контекст ескерілмеген жағдайда, символды дұрыс түсінбеу қаупі туындайды, өйткені бір символ әртүрлі мәдениеттер мен жағдайларда түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Сондықтан контекст – символ мен оның интерпретациясын байланыстыратын негізгі дәнекер.

Бұл тұжырымды жапон ғалымы Т. Осава да растайды. Ол түркі дәуіріне тән Моңғолиядағы тас мүсіндерді зерттей отырып, монументтердегі таңбалардың қайтыс болған немесе құрметтелетін тұлғалардың белгілері емес, керісінше, жазулардың, эпитафиялардың және өзге де тарихи мәтіндердің авторларына немесе олардың тиесілілігіне нұсқайтынын атап өткен. [Osawa, 2010: 341; 大澤 孝 2015].

«Таңба» санатынан «сыймайтын», бірақ мағыналық және символдық тұрғыдан кем түспейтін келесі белгі тобына көне түркілердің тотемдік жануарларының бейнелері жатады. Бұл бейнелер түркі халықтарының

маңызды мифологиялық және діни түсініктерін бейнелейді. Тотемизм сенім жүйесі ретінде түркі тайпалары арасында кең таралған, әрбір ру немесе тайпа өзіне тән тотемдік символдарға ие болған. Мұндай таңбалар жануарларды жай бейнелеп қана қоймай, түркілер үшін аса маңызды мәдени және діни ұғымдарды – қамқорлық, күш-қуат, ата-баба рухтарымен байланыс және қоршаған дүниенің киелі қырларын да білдірген.

Бұғының символдық мәні. Бұғы – көне түркілердің басты символдық белгілерінің бірі болған. Бұл құбылыс этнонимия мен мифологияда айқын көрініс тапқан. Тан әулетінің жылнамаларында (VII–VIII ғғ.) теле тайпасы және оның Пугу атты ұрпағы туралы мәліметтер кездеседі, бұл атау хакас дәстүрінде «Пуг'алар аалы» («Пугу ұлысы») түрінде сақталған. Зерттеушілердің пікірінше, саха (якут) этнонимі де «бұғы» мағынасындағы saga сөзімен байланысты болуы ықтимал [Бакиров, 2017].

Археологиялық ескерткіштер – петроглифтер, жартастағы жазбалар және бұғы тастары – бұғы культінің көнелігін дәлелдейді. Ол солярлық және құнарлылыққа қатысты наным-түсініктермен байланыстырылған. Бұғының тарамдалған мүйіздері күннің сәулесін және аспандағы қозғалысын бейнелеген. Түркі мифологиясында бұғы әлемдер арасындағы дәнекер ретінде қабылданған, ол табиғат рухтарымен байланысты қамтамасыз еткен. Бұғы мүйіздерінің бейнелері ауыл шаруашылық құралдары мен ғұрыптық заттарды әшекейлеуде де қолданылған.

Бұғы нышаны Еуразияның түрлі мәдениеттерінің өнерінде терең орныққан. Сармат және хетт дәстүрлерінде бұғы мүйіздері күнмен ұштастырылған. Мысалы, бір сарматтық бейнеде бұғының тарамдалған мүйіздері күннің сәулесін нышандаса, ал хетттердің күн дискілерінде бұғы мүйізді бұқаның арасына орналастырылып, күн мен айдың өзара байланысын бейнелейді (сурет 38–40).

Сурет 38 – Б.д.д.V-IV ғғ. көшпелі сарматтардың филиппов қорғанынан табылған бұғы.

Сурет: Ораз Сапашев

Сурет 39 – Қоладан жасалған хет бұғысы. Сурет: Ораз Сапашев

Сурет 40 – Аладжахуюк маңындағы қорғаннан табылған Хеттердің қола күн символы, Чорум.

Сурет: Ораз Сапашев

Бөрі символы. Бөрі – түркі мифологиясындағы ең көне әрі қасиетті нышандардың бірі. Ол күш пен ерліктің, еркіндік пен қорғаныштың бейнесі ретінде қабылданған. Ежелгі хунну мен түркі аңыздарында бөрі туралы миф жиі ұшырасады: аңыз бойынша, жараланған баланы құртқа асырап алып, оның ұрпағынан ұлы түркі тайпалары тараған. Бұл миф бөріні аналық қамқорлықтың, ұрпақтың сақталуы мен рудың қорғаушы рухының символына айналдырды.

Түркі дүниетанымында Бозқұрт (Көк бөрі) – Ұлы Тәңірдің елшісі, аспаннан түскен киелі жануар. Оның бейнесі халықтың тектілігін, тәуелсіздігін және рухының мәңгілігін білдіреді. Бозбөрі түркі тайпаларының шығу тегін, олардың аспанмен байланысын және Тәңірдің қорғауындағы халық ретіндегі мәртебесін бейнелейді.

Әскери дәстүрде бөрі образы батырлықтың, көсемдік пен еркін рухтың нышаны болған. Бөрі басы бар ту мен жауынгерлік белгілер ержүректік пен ұйымшылдықтың рәмізіне айналды. Осылайша, бөрі символы түркілердің рухани мәдениетінде ұлттың мәңгілігі мен бірлігінің көрінісі ретінде орнықты.

Бүркіт символы. Бүркіт – түркі мәдениетіндегі ең көне және қасиетті нышандардың бірі. Ол рухани көтерілу, құдірет пен тәңірлік күш, сондай-ақ қорғаушы рух ұғымдарымен тығыз байланысты. Көне түркі дүниетанымында бүркіт аспан әлемінің иесі, Тәңірдің елшісі ретінде қабылданған. Оның биікке самғауы – рухтың еркіндігін, ал өткір көзі мен қуатты тырнағы – биліктің, батырлық пен көрегендіктің символы болған.

Селжүк мемлекеті дәуірінде бүркіттің бейнесі биліктің ресми рәмізіне айналды. Ол теңгелерде, қала қақпаларында, мешіттер мен кесенелердің әшекейінде бейнеленіп, патшалық күш пен тәңірлік қорғаудың белгісі ретінде қолданылды.

Екі басты бүркіт бейнесі ерекше мәнге ие: оның төмен қарай тік түсірілген қос қанаты мен екі басы жер мен көктің үстінен билік жүргізуді, яғни екі дүниенің – материалдық және рухани әлемнің тұтастығын білдірді [Халитова, Халитов 2013: 110].

Осылайша, бүркіт түркі өркениетінде аспан мен билік, ерлік пен тектілік, қорғау мен тәңірлік күштің символына айналған.

Барыс символы. Барыс немесе қар барысы – түркі халықтарының мифологиялық және мәдени дүниетанымындағы ең айбынды нышандардың бірі. Ол күш пен ептіліктің, батырлық пен ержүректіліктің бейнесі болып саналады. Бұл таңбалық символ жауынгер тайпалардың ұранына айналып, билік пен жерді қорғау құқығын білдірген. Көне түркі жауынгерлерінің қалқандарында, сауыттарында және қару-жарақтарында бейнеленген барыс олардың әлеуметтік мәртебесін, тайпа игі тектерінің ерекше міндетін – ел мен ұрпақтың амандығын қорғауды – айқындаған.

Түркілердің таңбалық белгілері көпқабатты семиотикалық құрылымға ие болды. Олардың денотативтік мағынасы нақты нысандар мен жануарларды бейнелесе, коннотативтік деңгейі билік, күш, Тәңірдің қамқорлығы және ру-тайпалық бірегейлік туралы түсініктерді қамтыды. Осы тұрғыдан, бұғы, бөрі, бүркіт және барыс бейнелері түркілердің рухани әрі әлеуметтік идеалдарын бейнелеп, дәстүр сабақтастығын қамтамасыз етті.

Мұндай таңбалар сакралды сипатқа ие болып, адамдар мен ата-баба рухтарының арасындағы дәнекер қызметін атқарды. Олар мифологиялық дүниетанымды нығайтып, табиғатпен үйлесімділікті бейнеледі.

Осылайша, тотемдік жануарлардың символдық белгілері түркі мәдениетінде шешуші рөл атқарып, рухани сенім мен қоғамдық құрылымның тұтастығын біріктірді. Бұл белгілер ғасырлар бойы өз мәнін жоғалтпай, Еуразияның ежелгі халықтарының көркемдік және ғұрыптық дәстүрлеріне зор ықпал етті.

Қорытындылай келе, мәдени артефактілерді түсіну мен интерпретациялау мәселесі күрделі әрі көпқырлы үдеріс болып табылады. Кез келген мәдени құбылысты таңбалар арқылы жасалған және түсінуді қажет ететін мәтін ретінде қарастыруға болады. Мұндай танымдық үдеріс мәтіннің мағынасын ашу мен оны қабылдаушының мәдени контексімен салыстыра пайымдауды қамтиды.

Мәдени мәтіндер ешқашан оқшау күйде өмір сүрмейді және қабылданбайды – олар әрдайым өзге құбылыстармен өзара байланыста, ортақ мәдени кеңістіктің бөлігі ретінде көрініс табады. Осы себепті «таза» мағынаны бөліп алу қиын, себебі ол әрдайым контекстуалдық жағдайлармен анықталады. Бұл тұрғыда феноменологияның негізгі міндеті – құбылыстардың мәнін сананың қабылдауындағы көрінісі арқылы зерттеу.

Жаңа мәдени мәнмәтінге енген сайын бегілер мен таңбалар жаңа мағыналарға ие болады. Уақыт өте келе мәдениетті түсіну тәсілдері өзгеріп, жәдігерлердің талдануы да әр кезеңнің дүниетанымына сай түрленіп отырады. Демек, мәдени мұра мен таңбалық жүйелердің мәні бір ғана «дұрыс» түсіндіруге сыймайды.

Мәдени құндылықтар уақыт ағымында жаңаша мағынаға толығып, қоғамның рухани сұранысына сай қайта жаңғырып отырады. Осылайша, олар мәдени жадтың белсенді элементтері ретінде тарихта өмір сүруін жалғастырып, жаңа дәуірлердің рухани контексінде өзектіленеді.

3.3 Қазақтардың мәдени коды

Қазіргі кезеңде әлемдік дүниетанымның трансформациясы мен ұлттық мәдениеттердің бірегейлігін, өзіндік болмысын айқындайтын жаңа парадигмалардың қалыптасуына байланысты халықтың шығармашылық дәстүрлерін зерттеуге деген қызығушылық ерекше өзектілікке ие болып отыр. Халықтық көркем шығармашылық тілі дербес бейнелеу жүйесі ретінде этностардың тұрмыстық тәжірибелерінде өмір сүретін әлеуметтік-мәдени тәжірибе мен ұлттық бейнелеу мәдениетінің дәстүрлерін айқын көрсетеді.

Осы тұрғыда символдық-графикалық бейне тілі қазақ халқының дәстүрлі халықтық өнеріндегі және мәдениетінде қалыптасқан көркем канондар мен құндылық бағдарларды бейнелейтін маңызды идентификатор қызметін атқарады. Таңбалар, белгілер мен ою-өрнектерді ұлттық код ретінде символдық-графикалық модельдеу тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады, өйткені бұл бейнелеу тілі әр дәуірдің көркем мәдениетін айқындайтын эстетикалық маркерлер жүйесіне негізделген.

Белгілі болғандай, таңбалық символиканың алғашқы формалары ежелгі тас дәуірінде-ақ пайда болып, эволюциялық даму барысында жазудың, білім мен өнердің, ғылым мен ақпараттық-коммуникативтік жүйелердің графикалық негізіне айналды. Қазіргі заманда символикалық функциялардың біршама жоғалуына қарамастан, символдық-графикалық тіл халықтық көркем шығармашылықтағы түрлі этникалық топтардың семиотикалық дәстүрлерін, әлеуметтік-мәдени тәжірибесін және көркемдік өзіндік ерекшелігін бейнелеуге мүмкіндік береді.

Бұл таңбалардың графикалық бейнелері эволюциялық өзгерістер нәтижесінде өзіндік бейнелеу стилистикасын қалыптастырды. Таңбалардың мұндай стилистикасын символдық модельдеу қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымдық мәдениетінің нысандарын тануға және айқындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, рулық таңбалардың символдық жүйелері мәдени жадының маңызды құралы ретінде халық мәдениетінің өзіндік ерекшелігін бейнелей

отырып, көркемдік-эстетикалық және дүниетанымдық дәстүрлерінен сыр шертеді. Олар этникалық бірегейлікті сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде шешуші рөл атқарады.

Т.В. Лазутина атап өткендей, халықтық көркем шығармашылық тілі ерекше этносоциалдық дүниетаныммен, яғни «спецификалық мәдени кодпен» айқындалады [Лазутина, 2015: 208]. Халықтық өнер дәстүрлері, әсіресе ою-өрнек өнері, символдық-графикалық модельдеу бейнесінің ерекшеліктерін неғұрлым айқын түрде бейнелеп, халықтардың социомәдени тәжірибесіне тән идеалдар мен құндылық бағдарларын, ұлттық идеяларды ашып көрсетеді.

Таңбалау өнерінің символдық тілі түрлі халықтардың тәжірибелерінде өзінің бейнелеу стилистикасының айрықша ерекшелігін айқын көрсетеді. Бұл, әсіресе, композициялық модельдеу тек таңбалық символдар негізінде құрылған жағдайда да байқалады. Осыған байланысты таңбалар, белгілер мен символдардың бейнелеу мәдениетінің маңызы тек декоративтік сипатпен шектелмейді; ол белгілі бір бейнені символизациялауға жағдай туғызады. Мұндай бейнелер ұлттық ерекшеліктерді айшықтай отырып, дүниетанымдық таңбалар мен символдарды «символдар палитрасына» айналдырады. Бұл палитра, өз кезегінде, қазақ халқының тұтас дүниетанымдық бейнесін құрайды.

Көптеген халықтардың, соның ішінде түркі халықтарының таңбалары жиналып, зерттеліп, қорытындыланып, әртүрлі мамандар тарапынан тарих пен мәдениетті және тіл білімінің семиотикасы мен тілдің таңбалық сипатын айқындайтын салаларда барысында зерттелініп келеді. Таңбаларға арналған кешенді зерттеудлердің ішінде көптеген көшпелі өмір сүрген түркі халықтарының мәдениеті аясында олардың таңбалары мен белгілеріне көңіл бөлінген. Таңбаларға арналған зерттеулермен қатар, таңба деректеріне жалпы тарихи, этнографиялық, өнертану зерттеулерінде жеке сюжеттер ретінде айтып өтіледі, алайда журналдар мен газеттердегі шағын мақалалар мен жазбаларды есепке алмағанда, түркі таңбалары жөнінде – олардың пайда

болуы, өмірдің түрлі салаларында қолданылуы жөнінде біртұтас көрініс қалыптасқан жоқ. Қазақ таңбалары мен өзге де туысқан халықтардың таңбалары арасындағы өзара ықпал, ұқсастық пен айырмашылық себептері және басқа да көптеген мәселелер тағы да терең зерттей түсуді талап етеді.

Тарихи тұрғыдан түркі тайпаларының таңбалары туралы алғашқы деректер VII–VIII ғасырларға жататын Қытай шежірешілеріне тиесілі. Демек бұл таңбалар дәл сол кезеңдердің өзінде ертеден қалыптасып, халық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналғандығының айғағы. Қазақ таңбаларының шығу тегін түсіндіру мәні мен мағыналық жүктемесі тарапынан өте күрделі, ерекше зейін мен түйсікті талап етеді. Тамырына үңіліе болсақ, XIX ғасырдың соңында түркі орхон-енисей руникалық жазбаларының ашылуы зерттеушілердің түркі таңбаларына деген қызығушылығын едәуір арттырды. Бұл қызығушылықты дат тілтанушысы Вильгельм Людвиг Петер Томсеннің мәтіндерді шешу барысындағы әріптік таңбаларды дешифровка жасауда қолданған әдістері де күшейтті. Символдық тұрғыдан алғанда, ол ең алғаш шешкен сөз «tangri» – тәңір (тәңрі – аспан, құдай; «тәңрі» сөзі қазіргі уақытқа дейін әр түрлі діндегі түркі халықтарында «жаратушы» сөзінің синонимі ретінде қолданылады) болғанының өзіндік мәні зор.

Еуразия көшпенділері арасындағы таңба белгілерінің таралу аймағын қарастырғанда, түркі жалықтары мекендейтін Саян-Алтаймен қатар, қаншама ғасырлар бойы қазақтар мекендеп өтырған қазақ, орыс, қытай, сонғол Алтайының өңірлерін жеке тарихи-мәдени аймақ ретінде бөліп көрсету қажет. Бұл аймақта бүгінгі күнге дейін меншік белгісі ретіндегі құқықтық таңбаларды қолдану дәстүрін сақталып келеді. Қазіргі уақытта осы бағытта біршама ғылыми еңбектер мен жарияланымдар жинақталған. Солардың ішінде зерттеушілердің назарына хакас, алтай, қазақ және тувалық таңба жүйелерінің жекелеген үлгілері іліккен. Алайда Алтай халықтарының таңба мәдениеті туралы арнайы кешенді ғылыми еңбектер жоқ. Сонымен бірге, бұл

өңірдегі таңбалардың символдық мағынасы мен семантикалық мәнін пәнаралық байланыста талдау да жеткіліксіз зерттелген.

Таңбалар, белгілер мен ою-өрнектердің дәстүрлі бейнелеу өнері жүйесіндегі символизация үдерісі халықтық көркем және жазба шығармашылық тарихында бекітілген канондық символикалық-графикалық бейнелер түрінде ерекшеленетін визуалды ақпаратты өзіндік күйінде сақтау қағидасына негізделеді. Дәстүрлі халық шығармашылығының тілі семиотикалық сипатқа ие болғандықтан, ол этникалық кодтық ақпараттың құндылық-мағыналық моделін жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай ақпаратты игеру «тарихи даму барысындағы әлеуметтік құрылымдардың негізгі негіздерін түсінуге жақындатады».

Кез келген мәдениет дәстүрлерінде ұлттық кодтың айқын формалары қалыптасқан, олар түркі этностарының дүниетанымдық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін бейнелейді. Сол этностар қазақ халқының негізін қалаған. Қазақ халқының дәстүрлі халықтық шығармашылығы тұрғысынан таңбалар, белгілер мен ою-өрнектердің символдық-графикалық модельденуін зерттеу үшін этникалық символдық-белгілік форманың қызметін сақтап қалған кодтар ерекше маңызды. Бұған кілемдер мен сырмақтардағы бейнелер, өрнектелген тоқымалар (кестелер), қару-жарақ пен зергерлік бұйымдардағы өрнектер, меншіктік таңба-белгілер (таңбалар), алтын жіппен кестелеу өнері (оқалау) сияқты нысандар жатады.

Қазақ халқының дәстүрлі көркем шығармашылығында жиі қолданылатын таңбалық кешендерді талдай отырып, мынаны атап өту қажет: қазақ бейнелеу өнері дәстүрлі түрде екі негізгі түрге бөлінеді — өсімдік тектес арабескалар (олар ою-өрнектерде көрініс табады) және геометриялық өрнектер (олар көбінесе рулық таңбалардың бейнелерін сипаттайды). Қазақ мәдениетінде ең кең таралған түрлердің бірі – геометриялық ою-өрнек.

Таңбалар жазба өнерінің семиотикалық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде әртүрлі этникалық мәдениеттердегі «дүниетанымдық түсініктерді, құндылық бағдарларын, әдет-ғұрыптар мен әлемді қабылдау ерекшеліктерін»

бейнелейді. Осыған байланысты символикалық-таңбалардың ақпарат жеткізудің әмбебап құрал ретінде рөл атқаратыны ерекше назарға алынуы тиіс. Қазақ халқының халықтық мәдениетінде қолданылатын таңбалық және ою-өрнектік символдар алуан түрлі. Олардың қатарына шеңбер, шаршы, үшбұрыш, крест, ромб сынды қарапайым геометриялық белгілер жатады.

Дегенмен, дәл осы қарапайым графикалық таңбалар дәстүрлі көркем мәдениет жүйесінде идеялық-дүниетанымдық және символикалық-эстетикалық ұғымдарды бейнелеудің «көркемдік-образдық құралдарының жиынтығын» құрайды.

Осылайша, таңбалардың пішіндерін айқындау халықтың символикалық-эстетикалық түсініктеріне негізделеді, оның өзегінде ежелгі түркілердің бірегей дәстүрлі мәдениеті жатыр. Қазақтардың мәдени кодында қалыптасқан символдық-графикалық шығармашылық тілін қарастырғанда, оның әлеуметтік-мәдени көп қызметтілігі (полифункционалдылығы) ерекше назар аударарлық. Басқаша айтқанда, бейнелеу тілі қазақ халқының дәстүрлі этнографиясының – әдет-ғұрыптарының, құндылық бағдарларының, дүниетанымдық түсініктерінің, әлемді тану көзқарастарының – толық мазмұнын жеткізудің және таратудың құралына айналады.

Графикалық модельдеу тілі антикалық дәуірде пайда болған және қазіргі халық шығармашылығы жүйесінде символдық-абстрактылы белгілер түрінде өмір сүріп келеді. Бұл белгілер өз кезегінде этномәдени маркерлер жүйесін құрайды.

Символикалық идеографиялық бейнелер әрқашан қоғамның әлеуметтік-мәдени қызметінің эволюциялық үдерістерінде маңызды рөл атқарған. Таңбалар мен символдар жазудың, өнердің, білім мен тәрбиенің пайда болуына түрткі болды және бүгінгі күнге дейін жаңа этномәдени мағыналар мен құндылықтарға қол жеткізудің тәсілі ретінде қазіргі дүниетаныммен өзара байланыста. Адамзат қоғамының даму үдерісі символдың даму тарихынан ажырағысыз.

Мәселенің өзектілігі ұлттық мәдениеттің әлеуметтік-символикалық бейнелерін рухани дамуды басқару мен этникалық бірегейлікті сақтау үдерістерінің визуалды формасы ретінде қарастыру қажеттілігімен айқындалады.

Символдық кодты тарихи-мәдени тұрғыда ұлттық феномен ретінде зерттеу мен дешифровкалау қазақ қоғамының рухани даму тәжірибесін айқындауға, таңбалық-графикалық бейнелер арқылы көрші мәдениеттермен өзара байланыс сипатын ашуға, қазіргі таңда бар таңбалар, белгілерге қатысты зерттеулерді ұлттық мәдениет пен тарих контексінде жалпылау мен жүйелеу қажеттілігін өзектендіруге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, кейбір түркі халықтары бүгінгі күнге дейін рулық тиесілікті білдіретін сакралды таңбаға – таңбаға құрметпен қарауды сақтап келеді. Сондықтан қазақ таңбалары мен ою-өрнектерінің графикалық, мәдени және семиотикалық табиғатын зерттеу өзекті болып табылады.

Қазақ мемлекеттілігін нығайту үшін өзге тарихи мәселелермен қатар, ғалымдардың назарын халықтың бейсанасында және дүниетанымдық қабылдау деңгейінде сақталған, рулық таңбалардың, ұлттық ерекшелік ретінде көрініс тапқан осы әлеуметтік-мәдени феноменге аудару қажеттілігі туындады.

Таңбалардың символдық идеографиялық бейнелері қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени қызметінің эволюциялық үдерістерінде әрдайым маңызды рөл атқарып келді. Символдар, белгілер мен таңбалар жазудың, өнердің, білім мен тәрбиенің қалыптасуына түрткі болды және бүгінгі таңда да қазақ халқының әлемдік кеңістіктегі қазіргі дүниетанымымен, жаңа этномәдени мәндер мен құндылықтарға қол жеткізудің тәсілі ретінде тығыз байланыста.

Қазіргі қазақ қоғамының даму үдерісі рулық таңбаларда, белгілер мен ою-өрнектерде кристалданған ұлттық кодтың даму тарихымен ажырағысыз байланысты.

Таңбалар, белгілердің дүниетанымдық мазмұны мен олардың символдық мәні. Таңбалар, белгілер мен ою-өрнектердің бейнелік жүйесі

қазақ халқының дүниетанымдық түсініктерінің негізінде қалыптасқан және ата-бабаларынан – сақтардан, ғұндардан, көне түркілерден – мұра болып қалған ғаламның құрылымы туралы ақпаратты бейнелі түрде жеткізеді. Бұл таңбалар мен символдар өз табиғаты жағынан рухани және әлеуметтік мәдениет жүйесінде жинақталған ұжымдық тәжірибенің көрінісі болып табылады.

Қазақ дүниетанымында таңбалар мен ою-өрнектер нақты философиялық және космогониялық мазмұнға ие. Мәселен, *шеңбер бейнесі* – алдымен күннің, мәңгілік үйлесімділіктің, әлем мен аспанның біртұтастығының белгісі, ол көне түркі түсінігіндегі *«Көк Тәңірі»* ұғымымен тікелей байланысты. *Сызық бейнесі* – қозғалысты, көшпелі өмір салтын, кеңістікті игеру идеясын білдіреді. *Үшбұрыш бейнесі* даналық пен рухани кемелдіктің символы ретінде қабылданады. *Ирек таңбалар* – су мен шексіз кеңістікті *Мүйізге ұқсас өрнектер* – құнарлылық пен өсіп-өнудің, *шаршы* – жердегі өмір мен кеңістіктің төр тарапын, теңдігінің белгісі болып саналады.

Осы аталған графикалық таңбалар мен символдар қазақтардың әлеуметтік және рухани өмірінде маңызды семиотикалық қызмет атқарған. Олар тек сәндік элемент ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік коммуникация мен мәдени жадының көрінісі ретінде де қарастырылған.

Таңбалар, белгілердің символдық-графикалық пішіндері қазақтардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің барлық салаларына еніп, этникалық идеалдар мен мәдени мағыналардың мазмұнын ашатын бірегей бейнелеу құралына айналды. Этникалық мәдениеттің рухани философиясын бейнелей отырып, символикалық-графикалық образдар семиотикалық құрылым ретінде әлеуметтік тұрғыдан маңызды ақпаратты жеткізеді және дәстүрлі көркем шығармашылықтың мазмұндық өзегін құрайды.

Қазақ халқының дәстүрлі семиотикалық жүйесінде ерекше құрметтелетін таңбалардің бірі – *«қарға тұмсық»* (вороний клюв) үшбұрыш таңбасы. Бұл бейне ежелден бері тіл-көзден сақтау сияқты сакралды

мағынаға ие болған және тұмар қызметін атқарған. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде *рулық таңбалар* ерекше маңызға ие. Олар адам мен қауымның белгілі бір тектік, генеалогиялық шығу тегіне жататындығын білдіретін белгілік жүйе ретінде қызмет етеді.

Дәстүрлі бейнелеу мәдениетінің тағы бір маңызды элементі – *«қошқар мүйіз»* өрнегінің таңбасы. Бұл символ түркі халықтарының мифологиялық және көркемдік санасында молшылық пен берекенің, тіршіліктің және өмірдің белгісі болып саналады. Аталған графикалық бейне қазақтардың киіз бұйымдарында, әсіресе сырмақтарда жиі кездеседі. Дәстүрлі канондық қағидаларға сай, бұл өрнектер сырмақтың орталық бөлігінде орналасады және жалпы композицияны толықтыратын қосымша графикалық элементтермен – *«су өрнек»* (толқынды сызықтар) секілді белгілермен безендіріледі. Сонымен қатар, қазақ қолөнерінде кең тараған басқа да бейнелік элементтер – жапырақша таңбалар, крест түріндегі таңбалар, свастика және шеңбер пішіндері – барлығы да сакралды және мәдени-эстетикалық мазмұнға ие.

Бұл бейнелік құрылымдардың басты функциясы – этномәдени эстетикалық ұстанымдар мен талғамдарды жеткізу болып табылады. Осындай таңбалардың графикалық бейнелері мазмұны жағынан, «рационалды-логикалық» символикаға айналған.

Дәстүрлі көркем мәдениет – семиотикалық жүйе, ол «таңбалар мен символдардың жиынтығы» ретінде қызмет етеді және осы арқылы халық шығармашылығының ерекше жүйесін қалыптастырады. Бұл жүйеге алтын жіппен кестелеу өнері, зергерлік іс, қару-жарақ жасау, ши тоқу секілді қолөнер салалары кіреді. Осындай шығармашылық дәстүрлер этнографиялық «мәтіндер» ретінде ұлт мәдениетінің көрінісін береді.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде ең танымал халықтық қолөнер түрлерінің бірі – ши тоқу, яғни өрнекті қамыс төсеніштерді жасау болып табылады. Шидің символдық-графикалық стилін талдай отырып, сондай-ақ «терме алаша» сияқты бұйымдарды зерттеу барысында қазақтардың геометриялық

таңбалары өрнектер ретінде кеңінен қолданғанын байқауға болады. Мұндай бейнелер қазақ мазарларының қабырғаларында, құлпытастарда және басқа да діни-сәулеттік құрылыстарда жиі кездеседі. Бұл дәстүр қазақ көркемдік тілінің ұстамдылық пен үйлесімділік қағидатына, асыра безендіруден аулақ болуға, бейнелеу құралдарының қарапайымдылығы мен нақтылығын сақтауға бағытталғанын дәлелдейді.

Осындай ерекше құрылыстар мен тұрмыстық заттардағы өрнектердің композициялық құрылымының жинақылығы олардың орындалу техникасымен айқындалды. Бұл техникада бейненің құрылымдық шешімі тек геометриялық немесе геометрияландырылған сипатта болуы мүмкін еді.

Ежелгі дәуірлердің графикалық таңбалық мәдениетін семиотикалық тұрғыдан қарастырған зерттеушілер таңбалау өнерінің мүмкіндіктерін тек әртүрлі заттарды безендіруші элемент ретінде шектемей, оған бейнелік-символикалық құрал ретіндегі маңызды рөл береді.

Қазақтың ою-өрнек өнерінде қолданылатын таңбалары мен символдары пішіндері жағынан әр алуан және дәстүрлі мәдениеттің барлық құрылымдарында кездеседі. Осыған байланысты атап өту қажет, антикалық өнердің таңбалық-символикалық тілі кейіннен жазу, бейнелеу өнері, сәулет, қолөнер, ғылым және басқа да мәдени салалардың графикалық негізіне айналды.

Қазақ халқының дәстүрлі көркем мәдениетінде қалыптасқан таңбалық жүйе – этностың дүниетанымдық болмысы мен рухани-мәдени тәжірибесін айқындайтын ерекше феномен. Таңбалар, белгілер мен ою-өрнектер ғасырлар бойы халықтың рухани дамуы мен мәдени жадының бейнелік нышандарына айналып, этникалық кодтың негізгі элементтерін құрады. Бұл жүйе ұлттық мәдениеттің тарихи сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, ұлттың эстетикалық идеалдары мен әлеуметтік құрылымының айнасы ретінде қызмет етеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, қазақ халқының таңба мәдениеті – этностың семиотикалық ойлау жүйесін, дүниетанымдық моделін және

көркемдік коммуникациясын бейнелейтін ақпараттық жүйе. Таңбалар мен белгілер – ата-бабаларымыздың әлем мен адам, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімділікті тану және бейнелеу тәсілдерінің көрінісі.

Таңбалар алғашында рулық-меншік белгілері мен сакралды қызмет атқарса да, кейіннен әлеуметтік-коммуникативтік, мәдени-танымдық және эстетикалық функцияларды да иеленді. Осы тұрғыдан алғанда, таңбалық мәдениет – қазақ халқының тарихи дамуының барлық кезеңдерінде ақпаратты сақтаудың, берудің және жаңғыртудың тұрақты семиотикалық формасы ретінде қарастырылады.

Таңбаларды символдық-графикалық модельдеу тілі қазақ халқының рухани әлемін танытудың ерекше формасы болып табылады. Ол этностың мәдени кодын, әлеуметтік жадысын және тарихи тәжірибесін визуалды бейнелер арқылы жеткізеді. Таңбалар мен ою-өрнектердің құрылымдық жүйесі халықтың эстетикалық талғамы мен дүниетанымдық ұстанымдарының көрінісі ретінде мәдени-рухани интеграцияның маңызды құралына айналды.

Қазақ мәдениетінің кодтық жүйесінде әрбір таңба мен символ – белгілі бір мағыналық кеңістікті білдіретін «мәдени мәтін» ретінде түсіндіріледі. Бұл таңбалар мен белгілер ұлттың әлеуметтік болмысындағы тарихи жадты сақтаушы және этникалық сәйкестікті нығайтушы қызмет атқарады.

Сондықтан да, қазіргі кезеңде таңбалар мен ою-өрнектердің семиотикалық табиғатын, олардың тарихи және эстетикалық мәнін зерттеу – ұлттық мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртудың өзекті бағыты болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, символдық-графикалық тіл – қазақ халқының мәдени генетикалық жадының құрамдас бөлігі және этномәдени сабақтастықтың басты құралы. Таңбалар, белгілер мен ою-өрнектер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан дүниетанымдық мазмұн этностың өзіндік болмысын айқындап, ұлттың рухани тұтастығын сақтауға ықпал етеді.

Демек, қазақ халқының таңбалық жүйесін зерттеу тек тарихи немесе этнографиялық міндет емес, ол — мәдениеттану, семиотика, өнертану және антропология тоғысындағы кешенді ғылыми бағыт болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер болашақта ұлттық бейнелеу мәдениетінің даму заңдылықтарын, көркем ойлау жүйесінің ерекшеліктерін және дәстүрлі көркем формалардың қазіргі мәдени кеңістіктегі трансформациясын анықтауға мүмкіндік береді.

Мұндай зерттеу барысында қазақ таңбаларының мән-мағынасын анықтай түсу үшін хакас, алтай, және тувалықтардың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмыстық ғұрыптарындағы ортақ және ерекше белгілеріне назар аударуға да мүмкіндік туады. Таңба – қазіргі өмірден біртіндеп алыстап бара жатқан Алтайдың тарихи-мәдени мұрасы. Сондықтан Қазақстан мен Қырғызстан, Хакасия, Алтай және Тува ғалымдарының бірлескен түрде таңба мәдениетін зерттеу жөніндегі пікірлер мен жобалар ортаға шығады.

Осыған байланысты бұл еңбекте шашыраңқы мәліметтерді жүйелеу, ең кең таралған және таңбаралдың ішіндегі ерекше түрлерін анықтау, олардың мәні мен мағынасын ашу, сондай-ақ Алтайды мекендейтін халықтарда пайда болуы және дамуы уақытын айқындау міндеті қойылды. Таңбаларға арналған жарияланымдар пайда болған күннен бастап-ақ түркі таңбаларының шығу тегі туралы мәселе ғылыми ортада маңызды зерттеудермен қатар көптеген пікірталастарды да тудырып келеді, нәтижесінде айтылған түрлі гипотезалар мен болжамдар төмендегі мәселелер төңірегінде өрбиді:

1. Бұл кең таралған белгілер ежелгі түркілер қолданған руникалық жазудың бейнесі бола ала ма?

2. Руникалық жазуды жасау барысында түркілерге таныс таңба бейнелері пайдаланылды ма?

3. Таңбалар табиғи-тарихи дамудың нәтижесінде өздігінен пайда болды ма?

Сібірді зерттеуші Г.И. Спасский [Спасский, 1817], фин тілтанушысы М.А. Кастрен және венгр түркологы Г. Вамбери Енисей маңындағы жартас

жазбалары мен сібір татарларының рулық таңбалары арасындағы ұқсастықтарға әл бастан-ақ назар аударған. Бұл болжамдарды Н.А. Аристов қорытып, «ежелден келе жатқан рулық таңбалар кейінірек Орхон-Енисей әліпбиінде әріптер ретінде қолданылған» деген пікір айтқан. Бұл гипотезаны кейін Н.Г. Малицкий де қолдаған.

Осыған ұқсас пікірді В.Ф. Каховский де ұстанып, Орхон-Енисей жазуындағы кейбір руналар хунндық таңбалардан шыққан, ал олар өз кезегінде ежелгі чуваш таңбаларына дейін апаратын «көпір» қызметін атқарады деп санаған. Оның пікірінше, чуваш таңбаларында Орхон-Енисей әліпбиінің барлық дерлік әріптерінің және олардың нұсқаларының прототиптері бар.

Алайда бұл жорамалдарды П.М. Мелиоранский мен Д.Н. Соколов қатаң сынға алып, түркі руникалық белгілері таңбалардың емес, арамей жазуының ықпалымен жасалған деп есептеген [Соколов 1904:17]. В. Томсен де руникалық белгілердің семит-пехлеви жазуына ұқсастығын атап өткен болатын. П.М. Мелиоранский кейбір арамей әріптерінің формасы ежелгі түркі әліпбиін жасаушыларға таныс рулық таңбалардың геометриялық ықпалы арқылы қалыптасқан болуы мүмкін деген де болжам айтқан [Мелиоранский, 1900].

Кейінгі зерттеулер нәтижесінде әріптік жазу идеясы мен оның үлгісі батыс көршілері – Орта Азиядағы ирантілдес, арамей текті алфавиттерді пайдаланған халықтардан түріктерге жеткені анықталды. Ең ықтималлы да – соғды әліпбиі.

Бірақ белгілі қазақ түркологы А.С. Аманжолов бұл пікірмен келіспей, түркі руникалық жазуының соғдылық негізі бар деген тұжырым дәлелсіз деп санаған және түркі руникалық әліпбиі ешбір белгілі Жерорта теңізі жазуынан шықпаған, өз алдына қалыптасқан жазу жүйесі деп есептеген. XIX ғасырдың соңында Орхон-Енисей белгілері табылғаннан кейін көптеген ғалымдар ежелгі түркілердің руникалық жазуы әртүрлі түркі халықтарының таңбаларында бүгінге дейін сақталған деп санады. Татар ғалымдарының

ішінде бұл пікірді филология ғылымдарының докторы, Қазан университетінің профессоры Вахит Хаков ұстанған. Ол таңбаны VI–IX ғасырларда түркі халықтары қолданған руникалық жазудың тікелей мұрагері деп санаған. Ғалым көне түркі жазба ескерткіштері мен далалық этнографиялық материалдарды кешенді зерттеу нәтижесінде, қазақ таңбаларының графикалық стилистикасы Еуразиялық кеңістіктегі көне түркі таңбаларынан бастау алып, «көне түріктердің әріптік әліпбиінің негізін қалаған» деген болжам ұсынған [Аманжолов, 2019: 159].

Таңбаларды қолданудың әлеуметтанулық және мәдени қырларына назар аударсақ, мұрагерлік меншікті білдіретін «таңба» таңбалары айқын графикалық символикаға ие болып, жылқы мен малға ен салуда, үй тұрмысындағы бұйымдарда, қару-жарақта, мөрлі сақиналарда, сондай-ақ әулеттік тулар мен байрақтарда, қабіртас стелаларында бейнеленген. Таңбалық белгілердің графикалық нышаны қарапайым сипатта болған. Көп жағдайда олар қарапайым геометриялық пішіндерден – шеңбер, айқыш, қос тіс, үш тіс, бұрыш және зодиак белгілеріне ұқсас өзге символдардан тұрды [Символы, знаки, эмблемы..., 2004: 66–73].

Таңбалардың ою-өрнектік және графикалық бейнелерінің символизмі халықтың көркемдік дәстүрлерінде бекітілген этномәдени семиотикалық мәндер мен идеялардың сақталғандығын дәлелдейді. В. Тэрнердің атап өткендей, «айқыш, лотос, жарты ай, кеме сияқты ұлы діни символдық формалар сырттай қарағанда қарапайым, бірақ олардың мәні тұтас теологиялық жүйелерді қамтиды» [Тэрнер, 1983: 15]. Осы себептен, дәстүрлі халық өнерінің символдық-графикалық тілі қазіргі кезеңге дейін өркениеттік өзара ықпалдастық феномені ретінде, халықтардың дүниетанымдық және идеялық-эмоционалдық түсініктерінің кодтық ақпараттық коммуникаторы болып қызмет етіп келеді.

Семиотикалық тәсілді символдық-графикалық модельдеу тілі арқылы жасалған көркемдік құбылыстарды талдауда қолдана отырып, біз кабардин және балқар халықтарының дәстүрлі қолөнер шығармашылығындағы

құндылық бағдарларын анықтауға тырыстық. Бұл бағдарлар – этностардың өзіндік сақталуы мен дамуының әлемдік өркениеттік кеңістіктегі іргетасы болып табылады.

Таңбалар, өрнектер мен белгілердің дәстүрлі бейнелерін талдау барысында символжасамдық үдерістердің кешенді негіздемесі қажет екені анықталды, яғни абстрактілі графикалық бейнелерді «ауыспалы мағынамен» қамтамасыз ету процесі. Көрсетілген абстрактілі таңбалар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, эстетикалық канондар жүйесінде орныққан графикалық символдарға айналады. Осылайша, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі символдық-графикалық модельдеу тілі – эстетикалық және дүниетанымдық ақпаратты кодталған түрде жеткізетін, халықтың ұзақмерзімді мәдени жадындағы семиотикалық түсініктердің идентификаторы ретінде қызмет атқарады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан графикалық символжасам тілі бүгінгі таңда да өзінің этноинтеграциялық қызметін сақтап отыр. Ол мәдени жадының сабақтастығын паш етіп, халықтардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін ұлттық код түрінде келесі ұрпаққа жеткізеді.

Шынында да, таңбалар мен руникалық жазуларды визуалды салыстырғанда олардың арасындағы ұқсастық айқын байқалады, бұл олардың генетикалық және семантикалық бірлігін көрсетуі әбден мүмкін.

Біздің пікірімізше, руникалық әліпби басқа халықтардың жетістіктерінің әсерін жоққа шығармай, негізінен түркілердің өз шыармашылығының нәтижесі болып табылады. Ғұндар арасында таңбалардың жаңа дәуірге дейін болғанын және түркілердің VIII ғасырда руникалық жазуды қолданғанын ескерсек, таңба тек руникалық жазудың көрінісі болды деуге болмайды. Демек, руникалық жазудан бұрын пайда болған рулық таңбалар түркілердің жазу жүйесін жасауда белгілі бір рөл атқарған болуы ықтимал, ал ежелгі түркілердің таңба суреттерінің символдық-мағыналық табиғаты Орхон-Енисей руникалық белгілерінің бастауы болған деуге негіз бар.

Сакралдық сипатқа ие таңбалардың графикалық стилистикасы белгілі бір рухани құндылықтар мен идеялардың көрінісін бейнелеуге бағытталған және ол сол мәдениеттің философиялық жүйесіне әсер ететін визуалды форма ретінде танылады. Осыған байланысты, таңбалардың бейнелеу стилистикасы жиі күрделі каллиграфиялық пішінге ие болып, онда түрлі ою-өрнек элементтері, айқыштар, бесбұрышты жұлдыздар, үшбұрыштар, жарты айлар және басқа да символдар кездескен.

Бейнелік таңбалық символика адамзаттың ең көне дәуірлерінде, яғни алғашқы адамдар өз ойларын нақты мәні жоқ қарапайым таңбалар арқылы бейнелей бастаған кезеңде пайда болды. Кейін бұл бейнелер идеографиялық формаға айналып, олардың нақты мағынасын қазіргі уақытқа дейін анықтау қиын болып отыр.

Ғалымдардың пікірінше, түркілердің алғашқы таңбалары – «таңбалар» сақ дәуірінде, біздің дәуірімізге дейінгі кезеңдерде пайда болған. Ал түркі дәуірінен бастап, таңбалар тұрмыстық өмірдің ажырамас бөлігіне айналып, оларды тұрмыстық бұйымдарға, мал денесіне меншік белгісі ретінде, тулар мен байрақтарға, сондай-ақ қабіртастарға қашап салу дәстүрі кеңінен таралған.

Адамның таңба мен ою-өрнек жасау үрдісі, әдетте, кез келген шығармашылық үдерістің міндетті құрамдас бөлігі болып табылатын интуитивті ойлауға негізделген. Дала халықтарының дәстүрі мен заңдарына сәйкес, «рулық таңбаның пішінін өзгертуге тыйым салынып», тек «оның түрін сәл ғана өзгертуді» рұқсат еткендіктен, белгілі бір руға қосылған шеберге рудың таңбасын жасау үшін, сөзсіз, негізгі таңбалық белгінің мағыналық жүктемесі жөнінде терең білім қажет болған.

Ежелгі дәуірлерден бері таңба-таңбалар түркі халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің ескерткіші ретінде, дәстүрлі мәдениет формалары мен олардың шығармашылығы туралы тарихи деректердің шынайы тасымалдаушылары болып келеді. Бұл символдық бейнелер,

өздерінің мағыналық жалпылауына қарай, ұлттық жадтағы мәдени мәнін айқындайды.

Мәдениеттің өмір сүруінің түйінді мәндерін білдіретін символдар өткен дәуірлердің басты белгілерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениеттердің идеалдары мен рухани құндылықтарына қатысты тарихи түсініктерді де жеткізеді. Бабаларымыздың дәстүрлі символдық бейнелері бүгінде де мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықта маңызды рөл атқарып, әлемдік мәдениеттегі құндылық бағдарларының ұлттық кодтық катализаторы қызметін атқарып отыр.

Бейнелік символдық формалар – шығармашылық қызметті ұйымдастырудың тәсілі ретінде – қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өмірінің түрлі салаларына еніп, Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі ұлттық бейнесінің көркем-мағыналық құрамдас бөлігіне әсер етеді.

Дәл осы дәстүрлі символдық көру концепциясы XIX–XX ғасырларда қазақ даласын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып, қазақ халқының этнографиясын, этнологиясын, мәдениетін және тілін кәсіби тұрғыда зерттеуге зор ықпал етті.

Символдық формалар ұлттық код ретінде бір шығармашылық жүйеден екіншісіне өтеді де, жаңа Қазақстан бейнесінің көркем-эстетикалық мазмұны мен мәдени мәніне тікелей әсер етеді.

Бүгінде таңбалардың, ұлттық символдар мен ою-өрнектердің әлеуметтік-мәдени маңызын айқындай отырып, өнер теоретиктері бұл таңбалардан шығармашылық ұғымдардың кодтық интерпретациясымен астасқан, біздің санамызда жасырын жатқан бейнелік идеялардың ерекше тасымалдаушысы, сақтаушысы және таратушысы ретіндегі мәнді көреді.

Дәл осы бейнелі-мағыналық компоненттер таңба-таңбалар мен ою-өрнектердің көркемдік жүйелерін ассоциативті қабылдаумен байланыстырды және қазақ халқының қазіргі символдық бейнесінің мәдени әрі ұлттық коды ретінде қалыптастырды.

Түркілердің өздері таңбалардың пайда болуын ұлы қолбасшылардың есімімен байланыстыруға тырысқан, бұл жөнінде аңыз әңгімелер сақталған. Таңбалардың алғаш рет хунн халқы арасында олардың көсемі Мөде (Модэ) бұйрығымен мал мен басқа да меншікті белгілеу үшін енгізілгені айтылады. Өкінішке қарай, қазіргі таңда сол таңбалардың бейнелерін табу әзірге мүмкін болмай отыр.

Осындай дәстүр түркі-монғол мәдениетінде маңызды тарихи оқиғаларды аты аңызға айналған тұлғалармен байланыстыру дәстүрінің – жалғасын тапқанын көреміз. Белгілі аңыздар бойынша, Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғыс хан 15 түркі тайпасы мен руының көсемдеріне таңба, құс, ағаш және ұран берген. Таңба алғандар қатарында әйгілі түркі тайпалары қият, найман, қыпшақ, керей, қоңырат, үйсін және басқалары бар. Кейін бұл атаулар башқұрт, ноғай, қырғыз, қазақ, өзбек, қырым татарлары және басқа да түркі халықтарының рулық-тайпалық бөліністерінде кездеседі. Бұл аңыз түркі таңбаларының тегінің көнеден келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдей түседі.

Революцияға дейінгі ғылыми еңбектердің ішінде ерекше қызығушылық тудыратыны – И.Т. Савенковтың зерттеуі. Ол орта Енисей алабының көптеген таңбалары бар көне жартас суреттеріне арналған.Өте көп бейнелерді зерттеген ғалым олардың әртүрлі уақытта, мәдени дамудың түрлі сатыларында тұрған, бірақ шаруашылық түрлері ұқсас болған әртүрлі халықтарда пайда болғанын жазған.

Оглахты тауларындағы (Хакасия) суреттермен, белгілермен, таңбалармен негізінен Л.Р. Кызласов пен Н.В. Леонтьев айналысты. Хакастың жартас суреттерінің мазмұнын салыстырмалы түрде талдау олардың екі топқа бөлінетінін анықтады: антропоморфты бет-бейнелер мен таңбалар. Авторлардың пікірінше, бірінші топтың суреттері энеолит дәуірінде, ал екіншісі — Жаңа заманда жасалған [Кызласов, Леонтьев, 1980: 84].

XIX ғасырдағы хакас рулық және отбасылық таңбаларын зерттеуді С.А. Токарев жалғастырды. Ол Бельтыр және Сагай әкімшілік руларына тиесілі таңба нұсқаларының әртүрлі түрлерін жинай алды.

Тарихшы К.Г. Копкоев өз еңбектерінде сагайлық Чеменевтер, қызылдық Барашевтер және качиндік Баиновтарда бірдей таңбалардың болуы хакастардың рулық топтарының өз ата-бабалары – енисейлік қырғыздардан шыққанын дәлелдейтінін нанымды көрсетті.

Хакастардың жауынгер қырғыздардан тарағандығы туралы мәселе кейінірек профессор В.Я. Бутанаевтың арнайы зерттеуімен расталды. Бұған қоса, ол хакас сеоктарының арасында көптеген таңба белгілерін сипаттап, жинап үлгерді. Оның «Хонгораяның дала заңдары» атты кітабында меншік құқығының далалық жүйесі қарастырылады, онда таңба басты құқықтық белгі ретінде көрінеді.

Автор келтірген бір қызықты мысал – таңбаға қатысты тыйым: «Хонгорлық аңшылардың заңы бойынша, ешкім де таңба салынған аюды өлтіруге құқылы болмаған, тіпті аң иесі, оның інін тапқан адам қайтыс болса да».

Қырғыз ғалымы, профессор О. Қаратаевтың Тува, Хакасия және Алтайға жасаған экспедициясы да жергілікті тайпалардың тянь-шаньдық қырғыздармен генетикалық байланысы бар екенін көрсетті. Автор Саяно-Алтай түркілерінің этномәдени байланыстарын таңба жүйесін қолдану негізінде дәлелдей алды [Каратаев, 2003].

Тувалық таңбалармен Н.Ф. Катановтан кейін тарихшы В.И. Дулов айналысып, зерттеу нәтижелерін «XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Туваның әлеуметтік-экономикалық тарихы» атты еңбегінде жариялады.

Ресей этнографы С.И. Вайнштейн мен тувалық зерттеуші В. Даржаа да тувалық таңбалар жөніндегі зерттеулерді жалғастырды.

Бұл салада С.Ч. Донгактың ғылыми еңбегі ерекше назар аударарлық. Автор тувалық рулық таңбаларда тек түркілік емес, сонымен қатар

моңғолдық ықпалдың да бар екенін айқындаған. Этнографтың байқауынша, бұған «алага» (балға), «напчы» (жапырақ), «хаалга» (есік), «ай» (ай, ай белгісі) сияқты таңбалар жатады.

Біздің далалық материалдарымыз да бұл деректі растады.

Алтай зерттеушілерінің бұл бағыттағы еңбектері де айтарлықтай қызығушылық тудырады. Батыс Моңғолия, қалмақ және алтай халықтарының этнонимдері мен таңбаларын салыстырмалы түрде талдауда С.С. Суразаков атындағы Алтаистика институтының ғылыми экспедициясы үлкен рөл атқарды. Зерттеу нәтижелері Батыс Моңғолия халықтарының таңбалары мен алтайлықтардың таңбалары арасында ұқсастық бар екенін көрсетті.

Мысалы, «жебелі садақ», «саракай», «қаз», «чорго» (түтін шығатын түтік), «тоскуур» (ағаш науа), «қой мүйізі», «шеңбер» және тағы басқа таңбалар сол қатарға жатады.

Жоғарыда атап өткен алдайды мекендейтін халықтардың кешенді мәдениетіндегі таңбалық жүйесінің ажырамас бөлігі – қазақтардың рулық, тайпалық және әлеуметтік таңбаларын ортақ алаңда зерттеу түркі таңбаларының сипатын одан әрі нақтылай түсетіні даусыз. Негізінде қазақ рулық-тайпалық және әлеуметтік таңбаларын зерттеу екі ғасырдан астам уақыттар бері қарастырылып келеді. Оның ұйнары ретінде XVIII ғасырдың соңында, яғни 1785–1790 жылдары капитан И.Г. Андреевтің Орта жүз қазақтарының аз ғана таңбалық сериясын тіркеуін алуға болады. Дегенмен, оның әйгілі қолжазбасы — *«Орта орда қырғыз-қайсақтарының сипаттамасы»* – жарыққа тек ширек ғасыр бұрын ғана шықты [Андреев 1998: 46].

Қазақтардың Жаңа дәуірдегі рулық белгілерінің алғашқы жарияланған бейнелері А.И. Лёвшиннің 1832 жылы жарық көрген *«Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы. 3-бөлім»* атты еңбегінде кездеседі. Онда автор «қырғыз-қазақтар қолтаңба мен мөр орнына қолданатын таңбаларын моңғолдардан алған, ал моңғолдар оларды Орта

Азияда ғана емес, тіпті Үндістанға дейін таратқан» деп жазады [Левшин, 1832: 135]. Алайда А.И. Левшин таңбалардың пішіні, қалыптасуы мен сабақтастығын арнайы зерттемеген. Ол тек «әр рудың өзіне тән таңбасы бар, ол қолтаңба мен елтаңба орнына жүреді, малға немесе басқа мүлікке таңба басу кезінде қолданылады» деп атап өтеді [Левшин, 1832: 134].

Л.Л. Мейердің *«Орынбор генерал-губернаторлығының қырғыз даласы»* (1865) атты еңбегінде таңбалар «қырғыз руларына хан Тәуке берген малға басатын белгілер» ретінде түсіндіріледі [Мейер, 1865: 405]. Сол сияқты И.М. Казанцев те (1867) таңбаларды «Шыңғыс хан руларға малға, заттарға және құжаттарға белгі ретінде берген» деп жазады [Казанцев 1867: 213].

Г.Н. Потанин 1876–1877 жылдары Солтүстік-Батыс Моңғолияға жасаған сапары барысында жаңа рулық таңбаларды жинақтап, ешқандай түсіндірме бермей жариялаған [Потанин, 1881]. Бұл кезеңдегі зерттеулер көбіне этнографиялық сипатта болды: таңбалар далалық жағдайда тіркеліп, олардың негізгі қызметі — малға таңба басу және қолтаңба орнына қолдану деп сипатталды.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 28.10.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.10.2024.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

ҚАЗАҚСТАН
АРХЕОЛОГИЯСЫ

№ 3 (29)

2025

ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ № 3 (29) 2025
ISSN 2663-6794
e-ISSN 2789-4525

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (Алматы қ., Қазақстан)

Редакция, баспа-құрылтайшының мекен жайы:

050010 Алматы қаласы, Достық даңғылы, 44
Телефон: (727) 272 06 89
E-mail: arheologiakazahstana@gmail.com

Журналдың арнайы сайты: archeokz.kz

Журнал 2018 жылдың 26 сәуірінен бастап шығады. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 2011 жылғы 14 қарашадағы № 12108-Ж куәлігі берілген

Басылым ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған іргелі ғылыми зерттеулер бағдарламасы, ЖТН BR20280993 аясында жүзеге асырылды

Жылына 4 рет шығады

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

АРХЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ – ВОПРОСЫ АРХЕОЛОГИИ

ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР – ПОЛЕВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

УДК 902.904 (574)
МРНТИ 03. 41.91

https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.106.117

Символдық бейнеден белгілік жүйеге: Қазақ Алтайындағы «ойықты» тастарды зерттеу тәжірибесі

© 2025 ж. Самашев С.Қ.

Keywords: cupules, symbolic signs, proto-sign system, Bronze Age, Early Iron Age

Түйін сөздер: ойықтар, символдық белгілер, прото-белгілер жүйесі, қола дәуірі, ерте темір дәуірі

Ключевые слова: лунки, символические знаки, протознаковая система, бронзовый век, ранний железный век

Samat Samashev[1]
[1]PhD, State Historical and Cultural Museum-Reserve "Berel", village Zhambyl, Katon-Karagay district, East Kazakhstan region, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-3450-3629 E-mail: ssamashev@gmail.com

From Symbol to Sign: Cupules on Stones of the Kazakh Altai
(Based on Research Experience)

For the first time, on the Saryzhon hill (Kazakh Altai), a unique object has been recorded: a stone whose surface is covered with more than 300 cup-shaped depressions. Provisionally dated to the Bronze Age, this stone is a rare find for the archaeology of Kazakhstan. Its structure and the arrangement of the cupules suggest the existence of a special calendrical-ritual practice, reflecting the origins of the visual-symbolic tradition of the region's ancient nomads. Similar depressions are also known from the sanctuaries of Akbauyr, Dolanaly, and other regions. Comparison of these sites makes it possible to regard them as a proto-symbolic foundation from which systems of tamgas, pictograms, and petroglyphic scenes could have developed at a later time. The systematic nature and morphology of the cupules in a sacred context indicate their intentional character: they were deliberately made and apparently served specific functions. Comparison with analogies from Altai, Zhetysu, the Tien Shan, and Eastern Europe demonstrates the existence of a broad Eurasian tradition of employing such marks in the sacred sphere. Their frequent presence on cult-related objects underlines their importance in the culture of the early inhabitants of the steppe. Like other monuments of the pre-literate era, stones with cupules offer the possibility of reconstructing early communicative codes, which later transformed into the archaic sign systems of nomadic societies.

Source of funding: The work was carried out within the framework of program-targeted funding by the Committee of Culture of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan for 2023–2025 (Project IRN BR22082478).

For citation: Samashev, S. 2025. From Symbol to Sign: Cupules on Stones of the Kazakh Altai (Based on Research Experience). *Kazakhstan Archeology* 3 (29), 106–117 (in Kazakh).

DOI: 10.52967/akz2025.3.29.106.117

Самат Қайроллаұлы Самашев[1]
[1]PhD, «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылы (Қазақстан)

Символдық бейнеден белгілік жүйеге: Қазақ Алтайының «ойықты» тастары

Мақалада Қазақ Алтайындағы Сарыжон жотасынан табылған, бетінде 300-ден астам тостағанша тәрізді ойықтар қашалған тас ерекше нысан ретінде сипатталған. Алдын ала болжам бойынша, қола дәуіріне жататын бұл ескерткіш Қазақстан археологиясы үшін бірегей олжа. Ескерткіштің құрылымы мен бетіндегі ойықтарының орналасу тәртібі Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің визуалды-символикалық дәстүрлерінің бастауында тұрған ерекше күнтізбелік-ғұрыптық тәжірибенің болғанын меңзейді. Ұқсас ойықтар осы өңірдегі

Ақбауыр, Доланалы тәрізді киелі орындардан және басқа да аймақтардан белгілі. Бұл ескерткіштерді салыстырмалы тұрғыда қарастыру ойықтардың кейінгі дәуірлерде қалыптасқан таңба, пиктограмма және петроглифтік сюжеттер тәрізді белгілер жүйесіне түпнегіз болған деп пайымдауға мүмкіндік береді. Ойықтардың жүйелілігі мен сакралды кеңістіктегі морфологиясы олардың арнайы жасалғанын және нақты қызметтік мәнге ие екенін көрсетеді. Алтай, Жетісу, Тянь-Шань және Шығыс Еуропадағы ұқсас нысандармен салыстыру мұндай белгілердің Еуразия кеңістігінде кең таралған ғұрыптық тәжірибенің бір бөлігі болғанын дәлелдейді. Олар культтік сипаттағы бұйымдарда жиі кездескендіктен, дала кеңістігін мекен еткен көне қауымдардың мәдениетінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Жазу пайда болғанға дейінгі дәуірдің басқа да археологиялық ескерткіштері сияқты, ойықты тастар да көшпелі қоғамдардың таңбалық жүйесіне айналған ежелгі коммуникативтік кодтарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023–2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде, ЖТН № BR22082478 жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме үшін: Самашев С.Қ. Символдық бейнеден белгілік жүйеге: Қазақ Алтайының «ойықты» тастары. *Қазақстан археологиясы.* 2025. № 3 (29).106–117-бб.

DOI: 10.52967/akz2025.3.29.?106.117

Самат Кайроллаевич Самашев[1]

[1]PhD, Государственный историко-культурный музей-заповедник «Берел», с. Жамбыл, Катонкарагайский р-н, Восточно-Казахстанская обл., Казахстан

От символа к знаку: камни с лунками Казахского Алтая
(из опыта исследований)

В статье представлен уникальный объект, выявленный на сопке Сарыжон (Казахский Алтай): камень, поверхность которого покрыта более чем 300 чашевидными углублениями. Предварительно датируемый эпохой бронзы, этот камень является редкой находкой для археологии Казахстана. Его структура и расположение углублений наводят на мысль о существовании особой календарно-ритуальной практики, отражающей истоки визуально-символической традиции древних кочевников региона. Подобные углубления известны также в святилищах Акбауыр, Доланалы и других регионах. Сравнение этих памятников позволяет рассматривать их как протознаковую основу, из которой в более позднее время могли развиться системы тамг, пиктограмм и петроглифических сюжетов. Системность и морфология углублений в сакральном контексте указывают на их осмысленный характер: они были нанесены целенаправленно и, по-видимому, выполняли определённые функции. Сопоставление с аналогами Алтая, Жетысу, Тянь-Шаня и Восточной Европы демонстрирует существование широкой евразийской традиции использования подобных знаков в сакральной сфере. Их частое присутствие на предметах культового назначения подчёркивает значимость в культуре ранних обитателей степного пространства. Подобно другим памятникам дописьменной эпохи, камни с лунками открывают возможность реконструировать ранние коммуникативные коды, которые в дальнейшем трансформировались в архаические знаковые системы кочевых обществ.

Источник финансирования: Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан на 2023–2025 гг., ИРН проекта № BR22082478.

Для цитирования: Самашев С.К. От символа к знаку: камни с лунками Казахского Алтая (из опыта исследований). *Археология Казахстана.* 2025. № 3 (29). С. 106–117 (на каз. яз.).

DOI: 10.52967/akz2025.3.29.106.117

1 Кіріспе

Соңғы онжылдықтағы археологиялық зерттеулер көрсеткендей, ойық тәрізді шұңқырлар әлемнің түкпір-түкпірінен анықталуда. Көлемі әрқилы бұл ойықтардың адам қолымен жасалғаны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Дегенмен, олардың шығу тегі мен қолданылу мақсатына қатысты көзқарастар әртүрлі болып келеді. Зерттеушілердің бір бөлігі бұл құрылымдарды су ресурстарымен, жағалау жүйелерімен, астрономиялық білімдермен және сұйықтық құю рәсімдерімен

байланыстырады [Leon, Pizarro 2025: 159–180; Шевченко 2014:; Шушунова, Ярцев 2023], ал енді бірқатары оларды ежелгі ойын тақтасы ретінде қарастырады [Crist, Abdullayev 2025: 61–80].

Осындай ескерткіштердің бірі 2025 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бестерек ауылы маңындағы Сарыжон жотасында жүргізілген далалық зерттеулер барысында анықталды (1-сур.). Бұл нысан – куб пішінді ірі тас, оның үстінен 300-ден астам тостағанша тәрізді ойық тіркелді. Ойықтар қойтастың жоғарғы бетінде рет-ретімен орналасқан және олардың табиғи жолмен пайда болмағаны анықталды. Керісінше, бұл – қасиетті-символикалық мазмұнға ие, арнайы жасалған бейнелеу туындысы. Ойықтардың композициясы, оларды жалғайтын жүлгелердің болуы,

1-сур. Сарыжон ескерткішінің Қазақстан картасында орналасуы. Құрастырған: Максим Половцев
Fig. 1. Location of Saryzhon on the map of Kazakhstan. Compiled by: Maxim Polovtsev
Рис. 1. Сарыжон на карте Казахстана. Составитель: Максим Половцев

сондай-ақ тастың бетінде байқалған өңдеу іздері бұл ескерткіштің белгілі бір наным-сенімдік рәсімдер аясында пайдаланылғанын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер оның қола дәуіріндегі культтік-ғұрыптық жүйеде визуалды код қызметін атқарғанын аңғартады.

Ғылымда ойықтардың ерте кезеңдерге тән екендігі жөнінде орныққан пікір бар. Алайда олардың семантикалық және символикалық жүктемесін тек осы хронологиялық шеңбермен шектеу орынсыз. Оларды көне дәуірден бастау алатын, кейінгі тарихи кезеңдерде – соның ішінде ерте

темір дәуірінде дамып, түрленген, Қазақ Алтайы көшпелілерінің белгілер жүйесінде көрініс тапқан архаикалық визуалды тіл элементтері ретінде қарастыруға негіз бар.

Қазіргі археологияда көне ескерткіштердің осы типін зерттеуге деген қызығушылықтың артып отырғанын ескерсек, Сарыжон ойықтарының маңызы тек Қазақстан археологиясы үшін ғана емес, әлемдік археология ғылымы үшін де аса жоғары екендігі даусыз.

2 Материалдар мен әдістер

Символдық ойықтарды зерттеу Қазақ Алтайы ерте көшпелілерінің визуалды жүйесінің алғашқы белгілерін түсіну үшін археология, технология, семиотика және салыстырмалы-тарих сияқты әртүрлі ғылыми әдістерді біріктіруді қажет етті. Мұндай кешенді тәсіл нысанның табиғатымен байланысты болды: ойық тәрізді шұңқырлар ежелгі адамдар қалдырған қарапайым із ғана емес, сонымен қатар мағыналық жүк арқалаған символдық белгілер еді. Сондықтан оларды тек археологиялық дерек ретінде ғана емес, кең мәдени-рухани мәнмәтінде қарастыру маңызды болды.

Зерттеу барысында мынадай заманауи әдістер қолданылды: GPS-геолокация мен картографиялау арқылы әрбір ойықтың орны белгіленіп, WGS-84 жүйесінде арнайы картаға түсірілді, бұл деректер Қазақ Алтайы ескерткіштерінің бірыңғай сандық базасына енгізілді. Әртүрлі жарық режимінде фототүсірілім, 3D-фотограмметрия, DStretch пен поляризациялық сүзгілерді пайдалану көзге көрінбейтін ұсақ белгілерді анықтауға мүмкіндік берді. Соның арқасында қойтас пен жартас бетінің толық сандық үлгілері жасалып, кейінгі морфометриялық талдауларға жол ашылды. Бұған қоса суретін сызу мен контурын түсіру сынды дәстүрлі әдістер ойықтарды петроглифтермен және басқа бейнелермен салыстыруға мүмкіндік берді.

Ойықтардың орналасқан жері де көп нәрсені аңғартты: Сартынбет пен Ақбауырда олар үңгірлер мен ғұрыптық алаңдардың жанынан табылып, біртұтас семиотикалық кешен құраса, Доланалы мен Тарбағатайда шоқылардың етегінде немесе су көздерінің маңында кездеседі. Бұл табиғи орындардың ежелгі тұрғындар үшін ерекше мәнге ие болғанын көрсетіп, ойықтардың діни-ғұрыптық іс-әрекеттермен тығыз байланысты болғанын дәлелдейді.

Кейде ойықтар топтаса орналасып, сызық, шеңбер немесе топ түрінде көрініп, кеңістікті қабылдауда ырғақтылық пен реттелген құрылым тудырған. Олар күн бейнелерімен, құрбандық көріністерімен және жануар бейнелерімен қатар кездесіп, кеңірек символдық жүйенің бір бөлігі болғанын көрсетті. Ерте кезеңнің өзінде бинарлық, гантель тәрізді немесе көзге ұқсас композициялар байқалып, кейін петроглиф өнерінде жалғасын тапты, бұл символдық кодтардың дамуы мен сабақтастығын аңғартты.

Ойықтар тек физикалық шұңқыр емес, алғашқы визуалды белгілер жүйесін құрайтын элементтер ретінде де қарастырылды. Ю.М. Лотманның «визуалды синтаксис» тұжырымдамасына сәйкес, қарапайым таңбалар біртіндеп күрделеніп, тұтас мағыналық жүйеге айналады, сондықтан ойықтар қайталанатын, белгілі бір үлгіге бағынған және мағыналық әлеуетке ие алғашқы «дәндер» ретінде қабылданды. Олар діни қызметтен бөлек, күнтізбелік немесе санау құралы ретінде, сондай-ақ оқиғалар мен нысандарды есте сақтаудың таңбасы ретінде қолданылған болуы мүмкін.

Шығыс Қазақстандағы ойықтар Еуразияның басқа өңірлеріндегі ұқсас ескерткіштермен салыстырылды: Алтайдағы Калбак-Таш кешенінде олар петроглифтермен және діни ғұрыптарға байланысты заттармен қатар кездессе, Жетісу мен Тянь-Шаньда ғұрыптық алаңдардан құрбандық заттарымен бірге табылды, ал Шығыс Еуропадағы қола және ерте темір дәуірінің культтік тастарында да осындай ойықтардың болғаны белгілі. Бұл дәстүрдің ежелден бар екенін және әртүрлі мәдениеттерде ұзақ уақыт сақталғанын дәлелдейді.

Ойықтардың мерзімі де анықталды: Ақбауыр III қонысының мәдени қабаттарынан алынған радиокөміртекті мерзімдеме деректері (б.д.д. шамамен 1600 ж.) олардың қола дәуірімен байланысын дәлелдейді. Сонымен қатар Усть-Нарымнан табылған неолит дәуіріне жататын екі ойығы бар сүйек қанжар бұл дәстүрдің одан да ерте кезеңде басталғанын айғақтайды. Демек, ойықтарды жасау дәстүрі неолиттен ерте темір дәуіріне дейін жалғасқан, яғни ол ежелгі қауымдардың мәдени-рухани өмірінде маңызды рөл атқарған.

Осындай әртүрлі ғылыми әдістерді қатар қолдану ойық тәрізді шұңқырлардың жай ғана тасқа ойылған із емес, ерте қоғамдардың діни рәсімдерінде маңызды орын алған жүйелі семиотикалық құрылымдар екенін айқындап берді. Сол себепті оларды Қазақ Алтайын мекендеген ежелгі халықтың алғашқы визуалды тілінің негізін құрайтын элементтер деп атауға болады.

3 Нәтижелер

Шығыс Қазақстандағы бірқатар ескерткіштерден шұңқыр тәрізді символдық белгілер – ойықтар табылып отыр. Олардың пішіні, орналасуы және мән-мағынасы әртүрлі. Ең танымал орындардың бірі – Өскемен қаласынан 50 шақырым оңтүстікте орналасқан Сартынбет. Бұл – гранит жотадағы табиғи жарық, уақыт өте келе эрозияға ұшыраған. Бірқатар астроархеологтар оны ежелгі бақылау орны деп санаған. Алайда өлшеулер шығыс-батыс бағыты бойынша шамамен 5° ауытқуды көрсеткен. Сонымен қатар үңгір қабырғасында кейінгі кезеңге жататын ақ дақтар байқалады. Бұған қарамастан, дәл осы жерде астрономиялық маңызды күндерде бағыттарды анықтауға арналған арнайы нүктелер ретінде түсіндірілетін ойықтар бар [Марсадолов и др. 2008: 209–210].

Ақбауыр үңгірі ежелгі жазбаларымен және минералдық бояумен салынған суреттерімен танымал киелі орын ретінде белгілі, сондай-ақ мұнда көптеген ойықтар да шоғырланған. Олар тау етегіндегі жұрнақ беттерінде де, жекелеген стелаларда да кездеседі. Мәселен, бірінші тау жұрнағында диаметрі 3–4 см-ге дейін, тереңдігі шамамен 1 см болатын, мұқият қашалып, тегістелген ойықтар сақталған. Олар тік, көлбеу және көлденең беттерде жеке-дара немесе шағын топ түрінде орналасқан. Осы тау жұрнағының жанындағы ірі стелада көлемдірек, тостаған тәріздес ойықтар қашалған. Екінші тау жұрнағында жануар бейнелері бар петроглифтерден бөлек, тегіс шыңында айқын ойықтар да байқалады. Ал оның етегінде қазіргі уақытта зерттеліп жатқан Ақбауыр III қонысы орналасқан. Сондай-ақ осы ескерткіштер кешеніне кварцты қоршаулар да кіреді (2-сур.). Радиокөміртекті мерзім бойынша қоныс шамамен 3385±31 жыл бұрынғы дәуірге жатады. Бұл дерек ойықтардың бір бөлігін қола дәуірінің соңына жатқызуға мүмкіндік береді. Үңгірдің өз ішінде де бұрын белгісіз бірнеше ойық анықталған. Сондықтан біз петроглифтер мен ойықтарды осы мерзімге сүйене отырып талдап, олардың қола дәуірінің соңғы кезеңінде өмір сүрген адамдардың бейнелеу қызметінің жемісі деген тәуекелді болжам жасаймыз.

Қалжыр өзені бойындағы Доланалы жазығында үш көпфигуралы композиция анықталған. Солардың ішінде ерекше санатқа жататыны – қойтастар мен жартастардағы тостаған пішінді ойықтар. Олар кейде жеке, кейде топтасқан, ал кейбірі жүлгелер арқылы өзара жалғасқан түрде кездеседі. Бұл ойықтарды ғұрыптық-діни рәсімнің элементтері ретінде түсіндіруге болады. Сонымен қатар ірі ойықтардың бір бөлігі металл дәуіріне дейін жасалып, кейінгі кезеңдерде де жалғасын тапқан болуы әбден мүмкін.

Тарбағатай өңірінде тостаған пішінді ойықтар ашық қойтастарда да, жартас беттерінде де кездеседі [Байтенов 2016: 5–22]. Ерекше назар аударатын нысан – Оралбайдағы жартас қырындағы тігінен бағытталған пішіні мінсіз дөңгелек болып келген терең ойық. Бұл ойық аспан денесін немесе аспан күмбезін бейнелеген болуы мүмкін.



2-сур. Сарыжон ойықтарының Ақбауыр ескерткіштер жүйесіндегі орналасуы:
1 – Ақбауыр үңгірі; 2 – әр жерінде ойықтары бар бірінші тау жұрнағы;
3 – тостаған тәрізді ірі ойықтары бар ауыр стела; 4 – шыңында ойықтары бар екінші тау жұрнағы;
5 – Ақбауыр III қонысы; 6 – Сарыжон; 7 – кварцты қоршау (a – үңгір, b – ойықтары бар тастар,
c – қоныстар, d – кварцты қоршау). Орындаған: Максим Половцев

Fig. 2. The Location of the Saryzhon Cupules within the Akbauyr Monument System:
1 – Akbauyr grotto; 2 – the first outcrop with cupules scattered in various places;
3 – massive stele with large cup-shaped cupules; 4 – the second outcrop with cupules on its flat top;
5 – Akbauyr III settlement; 6 – Saryzhon; 7 – quartz chambers (a – grotto, b – stones with cupules,
c – settlements, d – quartz chambers). Performer: Maxim Polovtsev

Рис. 2. Месторасположение лунок Сарыжона в системе памятников Акбауыр:
1 – грот Акбауыр; 2 – первый останец с лунками, расположенными в разных местах;
3 – массивная стела с крупными чашевидными лунками; 4 – второй останец с лунками на плоской вершине;
5 – поселение Акбауыр III ; 6 – Сарыжон; 7 – кварцевая ограда (a – грот, b – камни с лунками,
c – поселения, d – кварцевая ограда). Исполнитель: Максим Половцев

Усть-Нарым қонысының неолиттік қабатындағы жерлеуден табылған сүйек қыстырмалы қанжардың саптарындағы ойықтардың бейнелерін де осы құбылыс аясында қарастыруға болады [Черников 1970: 7; Самашев 2023:]. Мұнда екі ойық жүлге арқылы қосылған, бұл шамасы, өмірлік немесе табиғи циклдің басы мен соңын білдірсе керек, сондай-ақ бинарлық оппозициялар жөніндегі мифтік-ғұрыптық түсініктер кешенін бейнелеген деп санаймыз. Бұл сарынның параллельдері

Қазақстанның қола дәуіріндегі петроглифтерде кездесетін гантель пішінді және көз пішінді бейнелерде байқалады, олар көбінде құрбандық жануарлары немесе адамдар бейнеленген культтік көріністерге енгізілген. Ұқсас өрнектік элементтер Пеган, Черноозерье II, Оленеостровский ескерткішінен және мезолит пен неолиттің басқа да бірқатар кешендерінен табылған сүйек қанжарлары мен саңылаулы құралдарда тіркелген, зерттеушілер оларды өрнектік мәтін ретінде талдаған [Шмидт 2022; Матюшин 1976: 273–275; Акимова и др. 1996: 67–68; Молодин 2001: 51].

Биылғы зерттеулер барысында осы тектес, ерекше маңызды жаңа нысан табылды. Ол – Бестерек ауылы маңындағы Сарыжон жотасының етегіндегі куб пішінді тас (3-сур.). Оның беті өңделген, ал жоғарғы қырында ондаған ойық бар (4-сур.). Олардың орналасу жүйесі «тіркескен ыдыстарды» еске салады. Ойықтардың саны белгілі бір циклдік құбылыстармен немесе сандық мәндермен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан бұл тасты күнтізбелік-ғұрыптық тәжірибенің бөлігі ретінде қарастырып, құнарлылық және су культімен байланыстыруға негіз бар.

3-сур. Сарыжон жотасының етегіндегі тас бетіндегі ойықтар, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Бестерек ауылының маңайы. Фотосурет: Зайнолла Самашевтікі

Fig. 3. Cupules on the stone at the foot of the Saryzhon Hill, near Besterik village, Ulan district, East Kazakhstan region. Photo: Zainolla Samashev

Рис. 3. Лунки на камне у подножия сопки Сарыжон, близ с. Бестерек, Уланский р-н, ВКО. Фото: Зайнолла Самашев

Ойықтардың құрбандыққа арналған жануарлардың бейнелерінің жанында орналасуы, сондай-ақ олардың стелаларда, қойтастарда және жартас беттерінде жүйелі түрде қолданылуы олардың қасиетті мәнін айқындайды. Зерттеушілердің басым көпшілігі бұл белгілерді құнарлылық культімен, құрбандық шалу идеясымен, ата-бабаларды қастерлеумен, су стихиясымен және өзге де ғұрыптық түсініктермен байланыстырып түсіндіреді [Кубарев 1986; Марьяшев, Потапов 1999; Сараев 2016: 124; Байтенов 2016: 8]. Осылайша, шұңқыр тәрізді символдық ойықтар бейнелеу мен ғұрыптық рәсімнің маңызды элементін құрайды. Олар ең алдымен қола дәуіріне тән болғанымен, кейінгі кезеңдерде де өз жалғасын тапқан.



4-сур. Сарыжон жотасының етегіндегі ойықтары бар тастың графикалық калькасы.
Орындаған: Максим Половцев

Fig. 4. Stone with cupules at the foot of Saryzhon Hill. Trace drawing.
Performer: Maxim Polovtsev

Рис. 4. Камень с лунками у подножия сопки Сарыжон. Прорисовка.
Исполнитель: Максим Половцев

4 Талқылау

Ойықтар ең ежелгі өнер түрлерінің бірі болып саналады. Олар Антарктидадан басқа барлық құрлықтардан табылған және тас дәуірінің үш кезеңінде – палеолитте, мезолитте және неолитте жасалып, тарихи дәуірге дейін жеткен. Қазіргі халықаралық археологиялық жарияланымдарда қолданылып жүрген «cupule» терминін белгілі австриялық археолог Роберт Г. Беднарик 1993 жылы енгізген [Bednarik 1993: 138–139]. Оның айтуынша ойықтар әлемде кең таралғанына қарамастан ең аз зерттелген және ең түсініксіз петроглиф түрі болып саналады [Bednarik 2008: 62]. «Оларды салудың нақты мақсаты әлі күнге белгісіз» дей келе, олардың мағынасына қатысты кейбір этнографиялық деректер бар екендігін атап өтеді [Bednarik 2010a]. Сондай-ақ ойықтар төрттік кезеңдегі көптеген адамзат қоғамдарының экзограммалық дәстүрлерінде – ең көне мәдениеттерден бастап XX ғасырға дейін тіркелгендігін келтіреді [Bednarik 2015: 758].

Жалпы мағынада cupule (ағылш. тілінде «кьюпьюл» деп айтылады, «капу́л» емес) термині шағын тостағанша пішінді белгіге, құрылымға немесе ағзаға қатысты қолданылады. Бұл сөз кейінгі латын тіліндегі cūpula – «шағын бөшке» сөзінен шыққан. Ол келесі тілдерге былайша аударылады: французша – cupule, немісше – kupule, итальянша – copella, орысша – чашевидное углубление, испанша – cúpula [Bednarik 2008: 61–62]. Р.Г. Беднарик пен әріптестерінің пайымдауынша, ойықтың (cupule) анықтамасы мынадай: «перкуссия әдісімен жасалған, көлденең немесе тік бетте кездесетін жартылай шар тәрізді петроглиф [Rock Art Glossary 2010: 274]. Бұл анықтама үш негізгі өлшемді қамтиды. Біріншіден, ойық петроглиф ретінде адам қолымен жасалуы тиіс. Мұны табиғи жолмен пайда болуы мүмкін барлық ықтимал нұсқаларды жоққа шығару арқылы анықтауға болады. Екіншіден, ол көптеген соққы нәтижесінде пайда болуы қажет. Егер ойықтың беті ауа райының әсерінен қатты бүлінбеген болса, онда жыныс түйіршіктері немесе кристалдары перкуссия іздерін көрсетуі тиіс. Мұндай іздерге сынған немесе уатылған бөлшектер, микроскоппен анықталатын соққы нүктелері бар раковина тәрізді сынықтар, кристалдардың ішкі жарылулары және беттің көгерген іздері жатады. Ал өте жұмсақ жыныстарда өңдеу іздерінің қатарында айқын макроскопиялық құрал таңбалары кездесуі мүмкін. Үшіншіден, ойық петроглиф ретінде әдейі жасалған болуы шарт. Ол күнделікті тұрмыста емес, символдық мақсатта қолданылған. Дегенмен кей жағдайларда оны жасау барысында күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолдану мақсаттарының да әсері болуы ықтимал [Bednarik 2008: 70]. Осылайша, ойықтар тек қана техникалық әрекеттің ізі емес, сонымен бірге мәдени және символикалық мәнге ие ерекше белгілер болып саналады.

Роберт Г. Беднарик ойықтарды талдау/түсіндірудің сан алуан нұсқаларын он бір негізгі топқа бөліп, сакралдықтан бастап тұрмыстық мақсаттарға дейінгі деп жүйелеп көрсетеді және бұл құбылысты әмбебап түсіндірудің мүмкін еместігін атап өтеді [Bednarik 2010b: 67–69].

Оның пікірінше, ойықтың шын мәнінде нағыз ойық екенін анықтау үшін алдымен оның табиғи жолмен пайда болу мүмкіндігін жоққа шығару қажет. Табиғатта қолмен жасалғанға ұқсайтын әртүрлі пішіндер кездеседі: мысалы, шұқыршақтар (potholes) – су мен тас қозғалысының әсерінен пайда болған ойықтар; литологиялық ойықтар – құмтастағы кернеулі деформациялардың нәтижесі; эрозиялық түзілістер – гнамаллар (gnammas) немесе тафондар (tafones); сондай-ақ құмтаста кездесетін көлемді дөңгелек ойықтар (opferkessel, sname). Мұндай табиғи құбылыстар сырттай ойықтарға ұқсайды, бірақ оларды ойықтармен теңестіруге болмайды [Bednarik 2008: 64].

Тағы да Р.Г. Беднариктің пікіріне сүйенсек, тастың бетінде кездесетін барлық шұңқырларды ойықтар деп санауға болмайды. Олардың ішінде шығу тегі мен қызметі жағынан өзгеше антропогендік пішіндер бар және оларды жеке қарастыру қажет. Бұған тағамды немесе бояуды өңдеуге арналған диірмен тастары мен келілер; ойындармен байланысты ойықтар; дыбыс шығару

мақсатында жасалған литофондық тесіктер; қашау және өңдеу іздері; жануарлар мен адамдардың іздерін бейнелейтін ойықтар; сондай-ақ қазіргі замандағы техникалық тесіктер жатады. Бұл нысандардың әрқайсысының өзіндік қызметі мен мәдени мәні болғандықтан, олар нағыз ойықтар қатарына жатпайды. Ойық толығымен бейшаруашылық (символдық) болуы үшін оның жасалуында ешқандай тәжірибелік мүдде болмауы тиіс [Bednarik 2008: 62–70].

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ Алтайының ежелгі тұрғындары қалдырған ескерткіштерден, әсіресе Сарыжоннан анықталып отырған ойықтарды, шын мәнінде «cupule» ұғымының анықтамасына толық сәйкес келетін тың археологиялық жаңалық ретінде қарастыруға негіз бар.

5 Қорытынды

Шығыс Қазақстан ескерткіштерінде кездесетін шұңқыр тәрізді ойықтар қола дәуірі мәдениетінің киелі элементі ғана емес, сонымен қатар Қазақ Алтайының ерте көшпелілері қолданған бейнелеу тілінің бастауын құрайды. Мұндай ойықтардың белгілі бір ретпен жасалуы, жиі қайталануы және күрделі бейнелермен қатар кездесуі олардың жай ғана әшекей бедер емес, арнайы мағынасы бар таңбалық жүйенің алғашқы нышандары болғанын көрсетеді.

Бұл ойықтар мен кейінгі дәуірлерде қалыптасқан таңбалардың арасындағы ұқсастықтар көшпелілер дүниетанымындағы дәстүр сабақтастығының болғанын дәлелдейді. Бұл дәстүр киелілік, табиғи циклдер мен қауымдық бірлік идеяларына негізделген. Сол себепті ойықтарды зерттеу ежелгі адамдардың алғашқы жазу, шартты белгі және таңбалық жүйелерді қалай қалыптастырғанын түсінуге мүмкіндік береді.

Осындай ескерткіштердің ішінде айрықша мәнге ие нысан – Сарыжон жотасында орналасқан, бетінде үш жүзден астам ойығы бар қойтас. Оның құрылымына қарағанда ойықтар белгілі бір тәртіппен орналастырылған, ал кейбірін жалғап тұрған жүлгелер бар. Бұл олардың кездейсоқ қашалған бедер емес, нақты мақсатқа арналған құрал болғанын айғақтайды. Зерттеушілер мұндай ойықтарды күнтізбелік-ғұрыптық құрал ретінде түсіндіреді: олар табиғат құбылыстарын, маусымдық өзгерістерді қадағалау үшін және құнарлылық пен ылғалға байланысты рәсімдерде пайдаланылған болуы ықтимал. Сонымен бірге бұл тас қауым үшін қасиетті белгі әрі ортақ тарихты сақтаушы қызметін де атқарған.

Осыған орай Сарыжондағы ойықтарды қарапайым бейнелер емес, адам мен табиғат және қасиетті кеңістік арасындағы байланысты бейнелеген ерекше таңбалық жүйе ретінде қарастыруға болады. Оның басты қызметі – ғұрыптық әрекеттерді ұйымдастыру, уақыт пен кеңістікке киелі сипат беру. Бұл ескерткішті ерте көшпелілердің алғашқы визуалды жүйелерінің қалыптасуын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды дереккөз деп есептейміз.

Алғыс. Автор осы зерттеулерді жүргізу барысында көмек көрсеткен З. Самашевқа және М.Ю. Половцевке өз алғысын білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

1 *Акимова Е.В., Вдовин А.С., Макаров Н.П.* Пазовые орудия Красноярского археологического района // Древности Приенисейской Сибири / Отв. ред. А.С. Вдовин. Вып. 1. Красноярск: Красноярский гос. ун-т, 1996. С. 62–82.

2 *Байтенов Э.М.* Новые материалы по древнему наследию Тарбагатая // Вестник КазГАСА. 2016. № 3 (61). С. 5–22.

3 *Кубарев В.Д.* Чашечные камни Алтая // Материалы по археологии Горного Алтая / Отв. редактор А.С. Суразаков; редактор: Н.В. Екеев, И.П. Эдоков. Горно-Алтайск, 1986. С. 68–80.

4 *Марсадолов Л.С., Дмитриева Н.В., Иконников В.А.* Первые палеоастрономические исследования на Алтае // Мировоззрение населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе / Под ред. П.К. Дашковского. Вып. 2. Барнаул: Азбука, 2008. С. 207–218.
5 *Марьяшев А.Н., Потапов С.А.* Камни с чашевидными углублениями из Семиречья // История и археология Семиречья / Отв. ред. Ю.А. Мотов, А.А. Горячев. Алматы: Фонд «XXI век», 1999. С. 104–109.
6 *Матюшин Г.Н.* Мезолит Южного Урала. М.: Наука, 1976. 368 с.
7 *Молодин В.И.* Памятник Сопка-2 на реке Оми. Культурно-хронологический анализ погребальных комплексов эпохи неолита и раннего металла. Т. 1. Новосибирск: ИАЭТ СО РАН, 2001. 128 с.
8 *Самашев З.С.* Вкладышевый кинжал эпохи неолита из поселения Усть-Нарым на р. Иртыш // СибСкрипт. 2023. Т. 25. № 6. С. 735–748.
9 *Сараев В.В.* К вопросу о функциональном назначении чашечных камней Жетысу // Религия и система мировоззрений древних и средневековых номадов Евразии / Отв. ред. А. Онгарулы. Алматы: ИА, 2016. С. 116–124.
10 *Черников С.С.* Восточный Казахстан в эпоху неолита и бронзы (результаты археологических исследований): автореф. дис. … докт. ист. наук. М., 1970. 60 с.
11 *Шевченко Ю.Ю.* Первый пещерный христианский храм Восточной Европы эпохи первых готских походов III в. н.э. (по материалам пещерного монастыря Челтер-Коба в Крыму) // МАИАСП. 2014. № 6. С. 390–416.
12 *Шмидт И.В.* Ромбовидные знаки Черноозерья II и Пегана – орнаментальные инварианты. Попытка обоснования и локализация стиля // КСИА. 2022. Вып. 267. С. 345–363.
13 *Шушунова Е.В., Ярцев С.В.* К вопросу о типах поминально-погребальных комплексов античного населения Северного Причерноморья // МАИАСП. 2023. № 15. С. 432–442.
14 *Bednarik R.G.* ‘About Cupules’ in Rock // Art Research. 1993 (Nov). Vol. 10 (2). Pp. 138–139.
15 *Bednarik R.G.* Cupules // Rock Art Research. 2008. Vol. 25 (1). Pp. 61–100.
16 *Bednarik R.G.* A short ethnography of cupules // Mysterious Cup Marks: Proceedings of the First International Cupule Conference / Eds. R. Querejazu Lewis & R. G. Bednarik. 2010a. Pp. 109–114.
17 *Bednarik R.G.* The interpretation of cupules // Mysterious cup marks: proceedings of the First International Cupule Conference / Eds. R. Querejazu Lewis & R. G. Bednarik. 2010b. Pp. 67–73.
18 *Bednarik R.G.* The tribology of cupules // Geological Magazine. 2015. 152 (4). Pp. 758–765.
19 *Crist W., Abdullayev R.* Herding with the Hounds: The Game of Fifty-eight Holes in the Abşeron Peninsula // European Journal of Archaeology. 2025. No. 28 (1). Pp. 61–80.
20 *Leon Nina F., Pizarro Ñahui A.* Petroglyphs and pictographs: Interpretation of rock art linked to water resources, terraces and astronomy // Kazakhstan Archeology. 2025. No. 2 (28). Pp. 159–180.
21 Rock Art Glossary: A Multilingual Dictionary, Expanded Second Edition (First Edition 2001) / Ed. by R.G. Bednarik et al. Australian Rock Art Research Association, Inc., Melbourne, 2010. 274 p.

REFERENCES

1 Akimova, E. V., Vdovin, A. S., Makarov, N. P. 1996. In: Vdovin, A. S. (ed.). *Drevnosti Prieniseyskoy Sibiri (Antiquities of the Yenisei Siberia)*. Issue 1. Krasnoyarsk: Krasnoyarsk State University, 62–82 (in Russian).
2 Baitenov, E. M. 2016. In *Vestnik Kazakhskoi golovnoi arkhitekturno-stroitelnoi akademii (Bulletin of Kazakh Leading Academy of Architecture and Construction)* 3 (61), 5–22 (in Russian).
3 Kubarev, V. D. 1986. In: Surazakov, A. S. (ed.). *Materialy po arkheologii Gornogo Altaya (Materials on the Archaeology of the Altai Mountains)*. Gorno-Altaisk: Gorno-Altaisk State University, 68–80 (in Russian).
4 Marsadolov, L. S., Dmitrieva, N. V., Ikonnikov, V. A. 2008. In: Dashkovskiy, P. K. (ed.). *Mirovozzrenie naseleniya Yuzhnoy Sibiri i Tsentralnoy Azii v istoricheskoy retrospektive (Worldview of the population of Southern Siberia and Central Asia in historical retrospective)*. Issue 2, Barnaul: “Azbuka” Publ., 207–218 (in Russian).
5 Maryashev, A. N., Potapov, S. A. 1999. In: Motov, Yu. A., Goryachev, A. A. (eds.). *Istoriya i arkheologiya Semirech’ya (History and Archaeology of Semirechye).* Almaty: Fond “XXI vek”, 104–109 (in Russian).
6 Matyushin, G. N. 1976. *Mezolit Yuzhnogo Urala (Mesolithic of the Southern Urals)*. Moscow: “Nauka” Publ. (in Russian).

7 Molodin, V. I. 2001. *Pamyatnik Sopka-2 na reke Omi. Kulturno-khronologicheskiy analiz pogrebalnykh kompleksov epokhi neolita i rannego metalla (The site Sopka-2 on the Om River: Cultural-chronological analysis of burial complexes of the Neolithic and Early Metal Age).* Vol. 1. Novosibirsk: Institute of Archaeology and Ethnography SB RAS (in Russian).
8 Samashev, Z. S. 2023. In *SibScript* 25 (6), 735–748 (in Russian).
9 Saraev, V. V. 2016. In: Onggaruly, A. (ed.). *Religiya i sistema mirovozzrenii drevnikh i srednevekovykh nomadov Evrazii (Religion and worldview system of the ancient and medieval nomads of Eurasia)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 116–124 (in Russian).
10 Chernikov, S. S. 1970. *Vostochnyi Kazakhstan v epokhu neolita i bronzy (rezultaty arkheologicheskikh issledovanii) (East Kazakhstan in the Neolithic and Bronze Age: Results of archaeological studies).* Abstract of doctoral dissertation. Moscow (in Russian).
11 Shevchenko, Yu. Yu. 2014. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 6, 390–416 (in Russian).
12 Shmidt, I. V. 2022. In *Kratkie soobshcheniya Instituta arkheologii (Brief Communications of the Institute of Archaeology)* 267, 345–363 (in Russian).
13 Shushunova, E. V., Yartsev, S. V. 2023. In *Materialy po arkheologii i istorii antichnogo i srednevekovogo Prichernomor'ya (Proceedings in Archaeology and History of Ancient and Medieval Black Sea Region)* 15, 432–442 (in Russian).
14 Bednarik, R. G. 1993. In *Rock Art Research* 10 (2), 138–139 (in English).
15 Bednarik, R. G. 2008. In *Rock Art Research* 25 (1), 61–100 (in English).
16 Bednarik, R. G. 2010a. In: Querejazu, Lewis R., Bednarik, R. G. (eds). *Mysterious Cup Marks: Proceedings of the First International Cupule Conference*. Pp. 109–114 (in English).
17 Bednarik, R. G. 2010b. In: Querejazu, Lewis R., Bednarik, R. G. (eds). *Mysterious Cup Marks: Proceedings of the First International Cupule Conference*. Pp. 67–73 (in English).
18 Bednarik, R. G. 2015. In *Geological Magazine* 152 (4), 758–765 (in English).
19 Crist, W., Abdullayev, R. 2025. In *European Journal of Archaeology* 28 (1), 61–80 (in English).
20 Leon Nina, F., Pizarro Ñahui, A. 2025. In *Kazakhstan Archeology* 2 (28), 159–180 (in English).
21 Bednarik, R. G. (ed.) et al. 2010. *Rock Art Glossary: A Multilingual Dictionary*, Expanded Second Edition. Australian Rock Art Research Association, Inc., Melbourne (in English, Arabic, Chinese, French, German, Greek, Italian, Portuguese, Russian and Spanish).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 04.09.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 19.09.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 21.09.2025.

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (3)

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 617-637
Journal homepage:
https://otan.history.iie.kz

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_617-637

THE TRADITION OF CONTINUITY IN STATE STANDARDS AND WEAPONRY AMONG THE SAKA, XIONGNU, AND TURKS

Oraz S. Sapashev[1], Samat K. Samashev[2]

[1]Istanbul University (Balabanağa Mahallesi Ordu Cad, Laleli Cd. No:6, 34134 Fatih, İstanbul, Türkiye)
candidate of philological sciences, professor
https://orcid.org/0000-0001-7143-9123. E-mail: sapashevo@gmail.com

[2]State Historical and Cultural Museum-Reserve "Berel" (village Zhambyl, 070908, Katon-Karagay district, East Kazakhstan region, Kazakhstan).
PhD, leading researcher
https://orcid.org/0000-0003-3450-3629. E-mail: ssamashev@gmail.com

Abstract. The article examines the socio-political organization and military system of the nomadic peoples of Central Asia — the Saka, Huns, and Turks — within the framework of military democracy. It highlights the continuity of standards, weaponry, and symbolic attributes of power, from totems and sacralized rulers to the visual systems of steppe states. *Introduction.* The history of Eurasian nomads reflects a synthesis of military force, symbolic authority, and spiritual beliefs. People's assemblies, the cult of rulers, the military aristocracy, and rituals shaped stable institutions of statehood. Standards and arms embodied cosmological principles, endowing governance and war with sacred meaning. *Purpose and Objectives.* The study aims to trace the continuity in the symbolism of standards and weaponry among the Saka, Huns, and Turks, and to assess their role in state formation. Specific objectives include analyzing military democracy, sacralization of power, the decimal military system, and the symbolic role of arms and standards as visual codes of identity. *Materials and Methods.* An interdisciplinary approach is applied, combining archaeological, historical, iconographic, and semiotic analysis. Comparative-historical and structural-functional methods are integrated with cultural-anthropological perspectives. Archaeological finds, texts, ethnographic parallels, and iconographic sources allow reconstruction of hierarchy, rituals, and power symbols. *Results.* Continuity in weapons, tactics, and standards is evident. The horse, saddle, and stirrup ensured strategic mobility. Standards (*tuğ*) functioned as sacred emblems uniting warriors and legitimizing authority. Weapons, including cultic swords and spears, had both practical and symbolic significance. Visual motives — eagles, lions, griffins — carried sacral meaning, reinforcing identity and cohesion. *Conclusions.* Military democracy and the symbolism of power among the Saka, Huns, and Turks formed a shared steppe model rooted in military organization, sacralized rulership, and visual continuity. These elements shaped collective memory, cultural identity, and the philosophy of power. Further study of sacralized arms and standards is vital for understanding nomadic statehood in Eurasia.

Key words: Tamgas, Turks, Huns, Saka, military standards, symbolism of power, totems, sacralization, steppe states

Acknowledgements. The work was carried out within the framework of program-targeted funding of the Committee of Culture of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan for the 2023–2025, IRN of the Project BR22082478.
For citation: Sapashev O.S., Samashev S.K. Tradition of Continuity in State Standards and Weaponry of the Saka, Xiongnu, and Turks // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 3. Pp. 617-637. [in English].
DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_617-637

САҚТАР, ҒҰНДАР МЕН ТҮРІКТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШТАНДАРТТАРЫ МЕН ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ораз Сапашұлы Сапашев[1], Самат Қайроллаұлы Самашев[2]

[1]Ыстанбұл университеті (34134 Түркия, Ыстанбұл қаласы, Фатих ауданы, Балабанаға махалласы, Орду көшесі, Лалели көшесі, №6)
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
https://orcid.org/0000-0001-7143-9123. E-mail: sapashevo@gmail.com

[2]«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы (070908 Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Жамбыл ауылы)
PhD, жетекші ғылыми қызметкер.
https://orcid.org/0000-0003-3450-3629. E-mail: ssamashev@gmail.com

Аннотация. Бұл мақала Орталық Азияның сақ, ғұн және түрік халықтарының әлеуметтік-саяси ұйымы мен әскери құрылымын әскери-демократиялық жүйе тұрғысынан талдауға арналған. Негізгі назар – мемлекеттік ту-штандарттардағы, қару-жарақтағы және билік атрибуттарындағы дәстүр сабақтастығына, тотемдер мен билеушілерді киелеуден бастап, көшпелі мемлекеттердің визуалды жүйесіне дейін бағытталған. *Кіріспе.* Еуразия даласы қоғамдарының тарихы әскери қуат, билік рәміздері және рухани нанымдардың ерекше тоғысын көрсетеді. Халық жиналысы, көсем культі, әскери аристократия және салт-жоралғылар мемлекет институттарының тұрақты негізін құрады. Штандарттар, қару-жарақ пен билік белгілері ғарыштық және мифопоэтикалық дүниетанымды бейнелеп, мемлекеттік құрылым мен әскери ұйымға киелі мән берді. *Мақсат пен міндеттер.* Зерттеудің мақсаты – сақтар, ғұндар және түріктердегі қару-жарақ пен штандарттар символикасындағы дәстүр сабақтастығын анықтап, олардың мемлекеттіліктің қалыптасуындағы рөлін ашу. Міндеттерге әскери демократияны, биліктің сакрализациясын, ондық әскери жүйені және қару мен штандарттардың рәміздік қызметін талдау кіреді. *Материалдар мен әдістер.* Жұмыста археологиялық, тарихи, иконографиялық және семиотикалық талдау үйлестірілген. Салыстырмалы-тарихи және құрылымдық-функционалдық тәсілдер этнографиялық параллельдермен толықтырылады. *Нәтижелер.* Көшпелі қоғамдардың әскери тактикасы мен қаруланыында дәстүр жалғастығы айқындалды. Жылқы, ер-тоқым мен үзеңгі жылжымалы әскердің негізін құрады. «Ту» штандарттары жауынгерлерді біріктіретін әрі билікті киелейтін нышан болды. Қасиетті қарулар – қылыш, найзалар – тек тұрмыстық емес, рәміздік мәнге ие еді. Қыран, арыстан, грифон бейнелері қоғамды топтастыратын сакралды белгілерге айналды. *Қорытынды.* Әскери демократия мен билік рәміздері сақтар, ғұндар мен түріктердің ортақ мемлекеттік моделін құрап, тарихи жад пен мәдени сәйкестікті бекітті. Зерттеу қару мен штандарттарды сакрализациялаудың Еуразия көшпелі мемлекеттерін жан-жақты түсінудегі маңызын атап өтеді.

Түйін сөздер: Таңбалар, түркілер, ғұндар, сақтар, әскери ту-штандарттар, билік нышандары, тотемдер, киелендіру, дала мемлекеттері
Алғыс. Жұмыс Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023–2025 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы бойынша жасалған, жобаның ЖТН-і № BR22082478.
Дәйексөз үшін: Сапашев О.С., Самашев С.К. Сақтар, ғұндар мен түріктердің мемлекеттік ту-штандарттары мен қару-жарақтарындағы дәстүр сабақтастығы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 617-637-б. [Ағыл.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_617-637

ТРАДИЦИЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ШТАНДАРТОВ И ВООРУЖЕНИЙ САКОВ, ГУННОВ И ТЮРКОВ

Ораз Сапашевич Сапашев[1], *Самат Кайроллаевич Самашев*[2]

[1]Стамбульский университет
(34134, Турция, г. Стамбул, район Фатих, квартал Балабанага, ул. Орду, ул. Лалели, д. 6)
Кандидат филологических наук, профессор
https://orcid.org/0000-0001-7143-9123. E-mail: sapashevo@gmail.com

[2]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Берел»
(070908 Казахстан, Восточно-Казахстанская обл., Катон-Карагайский р-н, с. Жамбыл)
PhD, ведущий научный сотрудник
https://orcid.org/0000-0003-3450-3629. E-mail: ssamashev@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена исследованию социально-политической организации и военного устройства кочевых народов Центральной Азии – саков, гуннов и тюрков – через призму военно-демократического строя. В центре внимания – преемственность государственных штандартов, вооружений и символических атрибутов власти, от тотемов и сакрализации правителей до развития визуальной системы степных государств. *Введение.* История кочевых обществ Евразийской степи демонстрирует уникальное сочетание военной мощи, символики власти и духовных представлений. Народное собрание, культ вождя, военная аристократия и ритуальная практика сформировали устойчивые институты степных государств. Штандарты, вооружение и атрибуты власти отражали космологические и мифопоэтические основания, придавая сакральный смысл государственности и военной организации. *Цель и задачи.* Основная цель исследования – выявить традиции преемственности в символике штандартов и вооружений саков, гуннов и тюрков и их значение для становления государственности. Автор ставит задачи проанализировать военную демократию, сакрализацию власти, развитие десятичной системы военной организации и символическое значение оружия и штандартов как визуальных кодов идентичности и власти. *Материалы и методы.* В работе применяются междисциплинарный и системный подходы, включающие археологический, исторический, иконографический и философско-семиотический анализ. Используются сравнительно-исторический метод, структурно-функциональный анализ и культурно-антропологический подход. Базой служат археологические находки, письменные источники, этнографические параллели и иконографические материалы, что позволяет реконструировать социальную стратификацию, ритуальные практики и символику власти. *Результаты.* Исследование выявляет преемственность вооружения, военных тактик и штандартов кочевых обществ. Лошадь, седло и стремя стали ключевыми элементами мобильной армии. Штандарты «ту» выступали сакральными символами, объединяющими воинов и сакрализующими власть. Символика оружия, включая мечи и копья культового назначения, выполняла не только утилитарные, но и знаковые функции. Показано, что визуальные знаки – орлы, львы, грифоны – имели сакральное значение, формировали коллективное сознание и сплачивали общество. *Выводы.* Военная демократия и символика власти у саков, гуннов и тюрков представляют собой общую модель степных государств, основанную на военной организации, сакрализации правителя и преемственности визуально-коммуникативных практик. Эти элементы формировали историческую память, культурную идентичность и философию власти номадов. Статья подчеркивает значимость дальнейшего изучения сакрализации вооружений и штандартов для комплексного понимания феномена кочевых государств Евразии.

Ключевые слова: Тамги, тюрки, гунны, саки, военные штандарты, символика власти, тотемы, сакрализация, степные государства

Благодарность. Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан на 2023–2025 гг., ИРН проекта № BR22082478.

Для цитирования: Сапашев О.С., Самашев С.К. Традиция преемственности государственных штандартов и вооружений саков, гуннов и тюрков // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 617-637. [на англ.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_617-637

Introduction. The history of ancient nomadic peoples of Central Asia, such as the Huns, Scythians (Sakas), and Turks, is replete with vivid examples of military prowess, cultural development, and complex governance systems. These peoples left a rich legacy, particularly in the realms of weaponry and the organization of their societies and states based on military democracy. This form of governance, characteristic of early nomadic societies, placed the military elite at the forefront of leadership. Authority in such societies was grounded in personal valor, the prestige of the leader (king), and decisions made by military assemblies (councils of elders or nobility). This system preceded the emergence of subsequent centralized states in the Eurasian space.

In traditional historiography, nomadic state formations are often considered ephemeral. However, a comparison of the duration of centralized nomadic states with that of sedentary societies reveals that their lifespans were nearly equivalent. Moreover, nomadic societies often exhibited greater consolidation than their sedentary counterparts. The military history of nomadic peoples in ancient and medieval times held not only pan-Eurasian but also global significance [Zhumadil, 2014: 3].

The universalism in conceptualizing the king as the center of the world in archaic societies illustrates the development of the concept of kingship. This idea was later reinforced by the monarchical state apparatus. In military-democratic, early-state societies, the ideology of investiture is characterized by "mythological absolutism" and often undergoes minimal changes at the level of corresponding texts and attributes when transitioning into a state system; societal institutions "matured" to align with this ideology [Akishev, 1984: 70].

The social structure of the Saka tribes, based on military democracy, elevated the role of ordinary community members and diminished the aristocracy's monopoly on military affairs. Economically more advanced than their sedentary agricultural and pastoral neighbors, even ordinary Saka warriors played a significant role in addressing political issues. The foundation for this participation was the people's assembly. The communal structure granted all full-fledged community members the right to periodically convene to discuss internal and external state matters. This political system can be described as direct democracy, as community members directly participated in decision-making without intermediaries. This system was termed military democracy because only armed men – warriors – were considered full-fledged community members. Some sources also mention women warriors, and despite the patriarchal structure of Saka society, women enjoyed significant rights. They participated in wars alongside men and could even serve as supreme leaders.

